

У 2008
24145




**ХАН
ОРАДСЫ**
VIII - XVIII
ТҮРКІ ҚАБАНДЫРЫ
ҚАЗАҚ ХАНДАРЫНЫҢ
ОРАДСЫ
ЕСКЕРТКІШ МЕМЛЕКЕТ
ҚОРҒАУЫНДА
ПАМЯТНИК ОХРАНЯЕТСЯ
ГОСУДАРСТВОМ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ҰЛЫТАУ



*Алғашқы қадамның дұрыс
басталмауы – кейінгі мың қадамның
қате болуына ұрындырмақ,*

Фан Хуа,
қытайдың атақты тарихшысы



КР
КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ
№ 00097000

)))
))))))



Қуаныш Ахметов

ҰЛЫТАУ



“ФОЛИАНТ” БАСПАСЫ
АСТАНА-2006

Құрметті оқырмандар!

Ұлы Дала — Қазақ даласы адамзат баласы жаралғаннан бері қилы-қилы заманалардың, әлемдік тарихтың өзегіне айналған небір айтулы оқиғалардың отаны болған кең байтақ кеңістік. Жұмыр жердегі құрлықтың 1,8 пайызынан артық көлемін алып жатқан бүгінгі Қазақстан Республикасының осынау құтты қонысы — бұдан талай мыңдаған жыл бұрын қазақ этносын қалыптастырған бабаларымыз қазіргі қазақ атты әлем таныған мемлекеттің негізін қалап отырған, әлемдік өркениетте өзіндік ерекшелігі, салт-дәстүрі мен таным-тағылымы бар халықты талбесікте тербетіп, атқа қондырған ұлтымыздың ақ отауын тігіп кеткен алтын аймақ.


Ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы азаттықты аңсады, армандады. Күні кешегі Желтоқсан оқиғасына дейін қазақтың тәуелсіздік үшін алыспай өткен кезеңі жоқ. Басталу мерзімін Қазақ хандығын құрған қайраткер бабаларымыз Керей мен Жәнібектің Моғолстан билеушісі Есен-Бұғымен бірлесіп, сонау 1460 жылы жерімізге басып кірген ойрат-жоңғарларға берген соққысынан бастап есептесек, тек қана жоңғар басқыншы-

ларымен үш жүз жыл соғысқан екенбіз. Оған тарих тораптарында таңбаланып қалған басқа да сыртқы жаулармен елдің бірлігі мен атамекеннің азаттығы үшін болған үлкенді-кішілі шайқастарды қоссақ, онда халқымыздың өмірі шынында да аласапыран майдан даласында өлім мен өмірдің арасында өткендігіне көзіміз жетеді.

Біз — ғұмыры аттың жалында, түйенің қомында өткен, тарихы қанмен жазылған халықпыз. Сондықтан осы шежіренің басты кейіпкерлері — елім деп еңіреген ерлердің еңбегін де, есімдерін де бір сәтке есімізден шығармауға тиіспіз.

Ата-бабаларымыз мұра етіп қалдырған осынау Ұлы Даланың әрбір сынық сүйемі біз үшін жанымыздан да қымбат. Қазаққа қазақ жерінен құнды, қазақ жерінен көркем ештеңе жоқ. Өйткені біз ұлт ретінде де осы шалқар кеңістік, байтақ аймақ — Ұлы Даламен біте қайнасып қалыптастық, бірге жаралдық...

Алтай мен Атыраудың, Жайық пен Жетісудың, Есілкөл мен Гүлстанның арасын алып жатқан Қазақ елінде тарихымен таң қалдырар, табиғатымен тамсандырар жота-



лы жерлер, өнегелі өлкелер, айтулы аудандар жетіп артылады. Ұшы-қиыры жоқ, ана шетінен мына шетіне ұшқан құстың қанаты талатын Атамекеніміздің бедерлі бейнесімен, кемел келбетімен, тұғырлы тұлғасымен бүгінгі тәуелсіз еліміздің төл перзенттерін барынша кеңірек таныстыру — кезек күттірмейтін күрделі мәселеге айналғанын өмірдің өзі көрсетіп отыр...

Осыған орай Астана қаласындағы "Фоллиант" баспасы Қазақстан Республикасының бірқатар айтулы аудандарының тарихы негізінде атамекеніміздің біртұтас келбетін қалың оқырманға таныстыру мақсатында "Менің Отаным — Қазақстан" атты өлкетану тақырыбындағы көркем безендірілген кітаптар сериясын шығаруды қолға алды.

Бұл жобаның беташар томы оқырманды Жошы ұлысы керегесін керген, Алтын Орда алғашқы астанасын орналастырған, Дешті Қыпшақ мемлекеті мен Қазақ хандығы шаңырағын көтерген ежелгі Ұлытау өңірінің айрықша бай шежіресіне бойлатады деп ойлаймыз.

Осы сериядағы әрбір кітап еліміздің бір қиырының тұрғындарын екінші бір өңірдегі ел мен жердің тарихымен таныстырып, табиғатымен табыстырып, "Менің Отаным — Қазақстан" деген жүрекжарды мақтаныш сезіміне бөлейтін маңыз бен мәнге ие болады деп сенеміз.

Оқырманға жоралы жол, қайырлы қадам, ақ сапар болғай.

Ақылдастар алқасы





**Төрегелді Шарманов,
академик**

*Төл тарихымыздың тұңғығынан сусында-
масақ, бүгінгі тіршілігімізді түсіндіре алмай,
болашағымызды болжай алмай қалуымыз
мүмкін.*

*Адамзат тарихында ауыздан ауызға аңыз
болып тарап, ұрпақтан ұрпаққа жеткен
мағлұматтарды да, сан ғасырлар бұрын тас-
қа қашалып жазылған деректерді де екішеп-
елеп, салыстыра зерттеп жүрген ғалымдар
шындықтың түбірін іздейді. Сондықтан қа-
зақ этносының, қазақ елінің тарихына терең
бойлағысы келген адам ұлтымыздың ұясы —
Ұлытауға, жезді жазиралардың жоталысы —
Жезқазғанға соқпай өте алмайды.*

*Қатпары қазынаға толы, көне замандар-
дан үзілмей жалғасып келе жатқан қайна-
ған өмір, өркен жайған өнер, мәуелі мәдени-
ет пен өрелі өркениеттің ошағы болған бұл
аймақ осы өңірде өмір сүрген көшпелі халық-
тың сан ықылым заманнан бергі тарихи
Отаны болып қалыптасқан. Әу баста қазақ
этносын құраған, кейіннен Жошы ұлысының,
Алтын Орданың, Қазақ хандығының негізін
қалаған көптеген ежелгі ру-тайпалар же-
рінің асты кен-қазынаға толы, үсті төрт
түлікті өсіруге қолайлы осы өңірді айбарлы
атамекеніне айналдырғаны — арайлы ақи-
қат.*

*Біздің дәуірімізге дейінгі V ғасырдан жет-
кен Геродот жазбаларында кездесетін бүгін-
гі Ұлытауымыздың тек ұлылыққа тән тари-
хи ұлы құбылыстардың куәсі болуы арқылы
ғана Ұлы тау атанғаны — шұғылалы әрі шы-
райлы шындық.*

Ауыл ақсақалдарының аңыз әңгімелерін естіп, қиялышыл балалық шағымда Ұлытаудың жақпар тастарына өрмелеп ойнап жүріп, оның ұлылығын жете сезінбесем де, "бұл менің тауым" деген санамдағы мызғымас Сеніммен өстім.

Жаратушымыз қазағымызға Алатауды, Көкшетауды, Мұғалжарды, Қаратауды және т.б. тауларды сыйға тартқанда, әрбір қазақ "бұл менің тауым" деп өссін, биіктіктерді бағындырып, ұлылыққа ұмтылып, сұлулыққа сұқтанып ғұмыр кешсін деген болар.

"Менің Ұлытауым" дегізген мендегі сезім себепсіз емес. Қазақтың бүкіл хандары құтты қонысы қылған Ұлытаудағы "Хан Орда-сынан" екі шақырым жердегі Қараталда біздің қыстағымыз бар. Ұлытаудан шыға берісте, Әмір Темір тасқа қашап ұрпаққа қалдырған "Алтын шоқыға" барар жолда, сегіз шақырымдай жерде менің бабам Жаңбыршының қатарындағы таулардың ең биігі саналатын тауы тұр. Сол өңірде аталарымыздың қорымы жатыр. Әліппені алғаш ашып, тай жалынан тартып үзеңгіге аяқ салған жерім Әулиетау етегінде. Пионер лагерімізден де Едігетау көрініп тұратын. Жаз болса, жидек теріп, тау-тасты кезіп кететінбіз, сосын барып тау етегіндегі көлге шомылатынбыз. Бір жағы — дала, бір жағы — тау, ортада — көл. Осы бір ғажайып үйлесім: көкжиекке шақырған жазықтық, көкке көтерген биіктік, тереңіне сүңгіткен мөлдірлік — біздің балалық шағымызға Ұлытаудың ұсынған сыйы еді.

Медициналық институтты бітіріп келіп Әулиетаудың етегіндегі ауылымызда Күлзия екеуіміз дәрігер болып жұмыс істедік. Сол жерде ұлымыз Алмаз дүниеге келді. Оның санасына "бұл сенің тауың, осында ата-бабаң жатыр, бұл жер — құдіретті күш ұялаған жер", — деп сіңіргеніме сенімдімін.

Осы секілді тағысын тағы жаза берсем, кейбіреулердің "жеке басқа қатысты жалаң деректер кімге керек" деуі де мүмкін. Керек. Тарихқа керек. Тарихнама сол жеке тағдырлардың бір-біріне әсер етуінен, өзара үйлесімінен, қақтығысуынан, қосылуынан, бөлінуінен, саны сапаға, сапасы санға айналуынан тұратын процестерді қағазға тізіп, талдап жазып, ұрпаққа жеткізуден тұрады.

Бодандықта жүріп, жасқаншақ тірлікпен күн кешіп, тарихи шындықты білсек те, айтарымызды айта алмай өскен буыннан туған ұрпақ түгіл, бүгін ғана дүниеге келген шөберемнің бүкіл ғұмырына тағылым беретін, санасын суаратын терең тамырдың ұшы осы Ұлы Даламның кіндігі — Ұлытауымның қасиетті тарихынан бастау алатынын ұғындырып, ұлттың рухын көтеретін, жан-жүрегіңді туған жерге деген мөлдір махаббатқа, шынайы сезімге бөлейтін, мәні мен маңызына баға жетпес қолдарыңыздағы еңбекті дүниеге әкелген авторға ұлы бабалардың шарапатты, шапағатты нұры жаусын деймін.

Қазақстанның інжу-маржаны Ұлытау қандай керемет! Мұғалжар қандай ғажап!..
Бұлардың бәрі-байтақ даладағы қорықтар, жай ғана дамудың орталықтары емес, этностардың өсіп-өну орталықтары, "киелі орындардың" ең бір құдіреттілері.


П. Н. Савицкий



ҰЛЫТАУ -
ЭТНОС КІНДІГІ,
ҰЛТ ҰЯСЫ







Абыз тау, аңыз тау

Ұлытау – Ұлы Даладағы қазақ этносының қалыптасу тарихымен мейлінше терең байланысқан аймақ. Көшпенділер мәдениеті жайлы: "Көшпенділер өз кезегінде дүниеге шалбар мен ертоқымды алып келді. Осы аса маңызды "өнертапқыштық жаңалықтардың" екеуі де көшпенділер әлемінде жасалғаны ешқандай күмән тудырмайтын ақиқат. Бұл "өнертапқыштық жаңалықтар" кез келген данышпандық секілді өте қарапайым.

Ойымызды былай деп түйіндеуге болады: тарихи түп-түбіріне үнілсек, көшпенділер бүкіл әлемдегі, жер бетіндегі адамзат атаулының бұттарын жапқызған және кезі келгенде атқа мінгізген", – деп (1.212*) кесімді пікір айтқан еуразиялық қозғалыс манифестінің авторы, аса ірі гуманист-ғалым П.Н.Савицкий 1957 жылы эмиграциядан Л.Н.Гумилевке жолдаған хатында Ұлытау құдіретіне мынандай баға береді: "Тарихтың кейбір кезеңдерінде қазақтың сулы, нулы "қоян жон" қырқаларының да (биіктігі 1500 метрге дейін және одан жоғарырақ; мысалы, Қызыларай жоталары – 1559 м) этностардың өсіп дамыған ордасы болғандығына ешқандай күмән жоқ. Бұл – қазіргі Қарағанды маңы. "Қоян жон" жоталар "чудтардың" құжынаған тасқа ойып салған суреттеріне толы, бұл этностың ұзақ әрі күрделі тарихи жолдан өткендігін көрсетеді. Ал, Сіз болсаңыз, өзіңіздің "Алтайдан Карпатқа дейін" деген сөзіңізбен оның "киелі орын" екендігін жоққа шығарып отырсыз...

Қазақстанның інжу-маржаны Ұлытау қандай керемет! Мұғалжар қандай ғажап!..

* Жақша ішіндегі сандардың біріншісі сілтеме жасалған шығарманың осы кітаптың соңында берілген тізімдегі рет санын, ал екіншісі сол еңбектің тиісті бетін көрсетеді.

Бұлардың бәрі – байтақ даладағы қорықтар, жай ғана дамудың орталықтары емес, этностардың өсіп-өну орталықтары, "киелі орындардың" ең бір құдіреттілері" (1.210).

Ұлытаудың адамзат тарихындағы орны туралы бұдан артық, бұдан орнықты, бұдан терең айту мүмкін емес, және мұндай батыл баға қай кезде берілген десеңізші! П.Н.Савицкий жасаған осы тұңғыш тұжырымды қанымызға сіңген желікпен желпіне таратсақ, Ұлытау қазақ ұлтының ұрықтан-шаранаға, шаранадан-сәбиге, сәбиден-алыпқа айналып, атқа қонып, "мен қазақпын" деп айдай әлемге жар салған, бір сызықтың бойында жатқан үш нүктесінің (Қызыларай, Ұлытау, Мұғалжар) дәл географиялық кіндігі. Басқаша айтсақ, Ұлытау – ұлтымыздың ұясы!

Осы тұста әңгіме арқауынан сәл ауытқып, кеңес дәуірінде ғылыми еңбектері түгіл, есімін атауға тыйым салынған Петр Николаевич Савицкий туралы қысқаша болса да айта кеткеннің артықтығы болмас. Савицкий 1895 жылы туған. Большевиктер жасаған революцияны қабылдамағандар қатарында 1917 жылы шетелге эмиграцияға кеткен. Еуразиялық концепцияның манифесті болып саналатын 1921 жылы Софияда жарық көрген "Шығысқа бетбұрыс. Сезіну мен жаңғыру. Еуразиялық ерекшеліктерді мойындау" атты еңбектің негізгі авторларының бірі. 1921 жылдан бастап Савицкий Праганың жоғары оқу орындарында лекциялар оқыған. Шетелде оның "Орыс тарихына геополитикалық көзқарас" (1927 ж.), "Ресей – ерекше географиялық әлем" (1928 ж.), "Монғол дәуірінің иірімдері" (1962 ж.) және тағы да басқа көптеген ғылыми-зерттеу еңбектері жарық көрген. Ол Чехословакия социалистік елге айналғаннан кейін де абақты дәмін



біраз татқан. Л.Н.Гумилевпен сырттай танысып, 1956 жылдан бастап хат арқылы (олардың жалпы саны жүзден астам) үзбей байланысып, ой бөлісіп тұрған. Еуропада жүріп, Ұлытаудың адамзат әлемінің ықылым замандардан бері дамып, жетіліп, өсіп өркендеген ордасы екендігін ескермей кетпе деп, Гумилевке сәлем жолдаған.


Еуразиялық концепцияның атасы, бас идеологы П.Н.Савицкий 1968 жылы Прагада қайтыс болып, сонда жерленген. Бүкіл өмірі қуғын мен сүргінде өткен ғұламаның артында қалған мол мұра Ресейде 1991 жылдан, Кеңес үкіметі құлағаннан бері ғана жарық көре бастады. Оның іргелі зерттеулері топтастырылған "Континент Евразия" атты кітабы 1997 жылы Мәскеудегі "Аграф" баспасынан не бары 5000 данамен ғана басылып шықты.

Ұлытау – ежелгі қоныс, ескі жұрт. Ол бүгінде қазақ деген дүние жүзіне белгілі ұлттың табысқан төбесі, ұйысқан іргесі. Кешегі Керей мен Жәнібектің Әбілқайырдан еншісін бөліп, жүректерінде жауынгерлік жалын әлі де болса өше қоймаған елін ертіп, Ұлытауды бетке алып жөңкіле көшуінде жүрегінді соғысынан жаңылдырып, сай-сүйегінді сырқыратар терең сыр, күрделі құпия жатыр. Бұл – кейбіреулер айтып та, жазып та жүргендей тек қана ағайын арасындағы алауыздықтан туындаған құбылыс емес. Бұл – тарих тұғырындағы туы жығылған Алтын Орданың түтінін аңсау, бұл – ежелгі ескі жұрттың жұрнағын сағыну, бұл – дүниенің тең жартысын құзырына қаратқан кешегі кемел мемлекеттің киесін қастерлеу, бұл – Кетбұғы, Едіге, Тоқтамыс сияқты арыстандарымыздың айбарына бас иію, аруағына сыйыну, тұлғасына табыну, келбетін көксеу...

Қазақтың соңғы ханы Кенесары Алла деп атқа қонғанда ордасын Ұлытауға бекерден-бекер тіккен жоқ. Оны да ежелгі жұртқа жетелеген осы күдірет, осы кие, осы күш, осы қасиет, осы тылсым, осы сиқыр...

Бүгінгі күнге ертегі-аныз деңгейінде жеткен көптеген оқиғалар сол кезеңде әлі де іздері көмескіленбеген тарихи шындық


еді. Ұрпақ санасына ұялап қалған ата-бабаларымыздың елдік кескіні, ерлік дәстүрі жадта жаңғырып, жүректі жандырып, бірте-бірте орасан жойқын қозғаушы күшке айналды. Жаратылыста алыс жолдың азабына, сол сапарда қырылған-жойылғанына қарамай, толғақты сәті келгенде жөңкіле жүзіп, мұхиттан мұхит асып, өзі өсіп-өнген теңізіне жетіп, уылдырық шашатын



балықтар бар. Өйткені ұрпағының жетіліп-бекінуіне тек сол теңіздің ғана суының құрамы қолайлы, жағдайы жайлы. Қазақ ұлты үшін Ұлытау – осындай айдын.

Мемлекет – саяси-әлеуметтік құрылым, ал этнос болса, одан көп бұрын дүниеге келеді. Сак, сармат, скиф, массагет, ғұн, қыпшақ, оғыз деп атайық, бірақ арғы бабаларымыздың этногенетикалық жағынан өсіп, дамудың мыңдаған жылдарға созылған, ұзақ жолынан өтіп, жекедара қазақ хандығының шаңырағын көтеріп, уығын шанышқанға дейінгі заманда да Ұлытау – этностың кіндігі, Ұлы Ордасы болған. Тарихтың атасы атанған грек шежірешісі Геродоттың біздің дәуірімізге дейінгі 431-424 жылдар аралығында жазған тоғыз кітаптан тұратын "Тарих" атты түбегейлі еңбегінде бұдан 2600 жылдай бұрын Алтайдан Атырауға дейінгі байтақ даланы жайлаған алып ел – массагеттердің (сактардың) падишасы Тұмар (Томирис) ханымның Вавилон мен Месопотамияны жайпап өтіп, массагеттерге қарай жорық жолына шыққан Азия әміршісі атанған Кирді Сырдарияның Арал теңізіне құяр сағасынан өткізіп алып, сол тұстан үш күншілік жердегі алқапта жер жастандырғаны баяндалады.

Оқиға былай болған: Қайтыс болған күйеуінің орнына оның Тұмар атты әйелі



массагеттерге патша болады. Кир жесір қалған әйелге құдаларды аттандырып, өзінің оған үйленгісі келетіндігін білдіреді. Алайда Кирге өзі емес, массагеттердің тағы мен байлығы, жері мен жауынгер елі керек екенін сезген Тұмар оның ниетін қабыл алмай, құдаларды кері қайтарып жібереді. Пасық қулығы іске аспай қалған Кир массагеттерге қарсы ашық жорыққа аттанады. Сырдарияның жағасына жетіп, көпір салып өзеннен өтіп, Тұмар ханымның әскерімен соғысуға алдын-ала келісілген майдан алаңына тоқтайды.


Сол жерде көптеген мал сойылады, ет пісіріледі. Басқа да неше түрлі жеңсік астардың түрлері және көл-көсір жүзім шарабы жеткізіледі. Кир содан соң әскерінің ішіндегі ең нашар дегендерін осы жерде

қалдырып, өзі негізгі күштерімен кері қарай кетіп, бірнеше қырдың астында бой тасалап күтіп тұрады.

Массагеттер жасағының үштен біріндейі Кир қалдырған топқа шабуыл жасап, парсылардың тас-талқанын шығарып, қырып салады. Басқыншылардың шатырында дайын тұрған асты көрген олар жеңістерін тойлауға кіріседі. Шарап буындарына түсіп масайып, жаппай ұйқыға кеткен массагеттерді қайта оралған Кир әскері қырып-жойып, қалғандарын тұтқынға алады. Тұтқынға түскендердің ішінде Тұмар ханымның ұлы массагет жасағының қолбасшысы Спаргапис те болады.

Қанды оқиғаның хабары жеткен Тұмар ханым Кирге елші аттандырып, оған: "аман-есен тұрғаныңда ұлымды босатып,

Тау бөктеріндегі қорғандар



келген жолыңмен кері қайт" деген талап қояды. Егер қанқұмарлығына салып, соғыспақ райынан қайтпаса, онда қызыл қанға тойғызатынын ант етіп айтады. Кир құлақ аспайды. Екі арада Тұмардың мастығы тараған ұлы Спаргапис масқара болғанына намыстанып өзін-өзі өлтіреді.

Массагеттер қолын мәні мен маңызы мол шешуші шайқасқа Тұмар ханымның өзі бастап шығады. Жан алып, жан беріскен ұзаққа созылған ұрыста парсы әскерінің тоз-тозы шығып, жеңіліске ұшырайды. Еліне жиырма тоғыз жыл патша болған Кирдің өзі де ажал құшады. Үлкен сабаны адам қанына толтырған Тұмар ханым Кирдің басын соған батырып тұрып: "Сенің қан ішкің келіп еді ғой, парсылардың патшасы! Мен саған бейбітшілікпен еліңе қайт, әйтпесе қанға тойғызамын дегенмін, енді сол антымды орындап, қанмен шөлінді қандырып жатырмын", – деген екен (2.90-94).


Тарихи және географиялық жағынан қарпайым зерделеудің өзі-ақ ұрыс алаңы бүгінгі Ұлытау өңірінде болғандығын және ұлы жорыққа Тұмар ханым осы Ұлытау төңірегінен аттанғандығын көрсетеді. Осылай деп тұжырым жасаудың тағы бір себебі – Ұлытау қойнауының мысқа бай

екендігінде жатыр. Геродот "Тарихында": "Массагеттердің өмір сүру үрдістері де, киім киістері де скифтердікіне ұқсас. Олар жаяу сапқа тұрып немесе атқа мініп соғысады. Ұрыс қарулары садақ, найза, айбалтадан тұрады. Олардың барлық қару-жарақтары мен дүние-мүліктері мыс пен алтыннан жасалған. Найза мен жебе ұштары, айбалталары мыстан соғылған, ал бас киімдері, белдіктері және кіселері алтынмен әшекейленген. Олар сондай-ақ астындағы аттарының денелерін мыс қалқандармен қорғайды. Ал, жүген, өмілдірік сияқты ат әбзелдерін саф алтын әшекейлер қондырып, әсемдейді... Ол жақтың алтыны мен мысында есеп жоқ", – деп массагеттердің мыс пен алтынды өз тұрмыстарында жаппай қолданатындығы жайлы нақты баяндап өтеді.

Кітаптың кіріспесінде: "бағзы заман оқиғалары уақыт өткен сайын көмескіленіп, эллиндер мен жателдіктердің адам танданарлық ұлы істері, әсіресе олардың бір-бірімен жүргізген соғыстары ұмытылып кетпесін деп, осы деректерді сұрастырып-сұрыптап, жинақтап жаздым", – деген Геродоттың өзі тиісті бағасын беріп отырғандай, осы аса құнды еңбек арқылы біз бүгінде қазақ этносының негізін қала-



Сақ көсемі жерленген орынға қорған тұрғызу жұмыстары осылай жүргізілген



ған тайпалар туралы баға жетпес мәліметтерге ие болып отырмыз.

Француздың аса көрнекті тарихшысы А.Тьери: "Агтила (Еділ) – есімі адамзат тарихындағы ұлы қолбасшылар Александр Македонский мен Юрий Цезарьлардың қатарынан ойып орын алады", – деп бағалаған ғұн патшасы Еділдің бүгінгі Италия, Алмания, Греция, Румыния, Венгрия халықтары мекендейтін батыс бағытқа жасаған жойқын жеңімпаз жорықтары V ғасырда осы түркі тектілердің ұлт болып ұйыған өлкесі, киелі кіндігі – Ұлытау төңірегінен басталған (3.356).

Ұлы қолбасшы Шыңғысханның бүгінгі қазақ даласындағы тұңғыш күрделі шайқасы Ұлытаумен жапсарлас жатқан аймақта өтті. "1216 жылы Ырғыз өзенінің бойында меркіттердің тас-талқанын шығарған монғолдар Хорезмшахтың жасағының күтпеген шабуылына ұшырады", – деп жазады ғұлама ғалым Лев Николаевич Гумилев (4.118).

Хорезм патшасының әскерін талқандаған Шыңғыс 1223 жылы үлкен ұлы Жошыны жаулап алған қыпшақ даласын басқару үшін 4 мың әскермен Ұлытауда қалдырды (5.109). Міне, сол кезден бастап Ұлытау – ұлан-байтақ Жошы ұлысының саяси-әлеуметтік, сауда-экономикалық орталығы болды. Жошы қайтыс болғаннан

кейін жаулап алынған шалқар кеңістік – Ақ Орда, Көк Орда және Шағатай ұлыстарына бөлінген кезде, оның үлкен ұлы Орда Ежен Сырдариядан Саян тауларына дейінгі аймақты қамтитын Көк Орданы осы Ұлытаудан басқарды (6.103).


Ұлытаудың бір шоқысының басында фәниде бір-бірімен алысып, арпалысып өткен Едіге мен Тоқтамыс қатар жатыр. Халқымыздың қабырғалы қайраткері Асанқайғының да қабірі осы Ұлытауда (7.154).

Тұмар, Еділ, Едіге, Тоқтамыс тарих теңізінің толқынын сан теңселткен осынау Ұлы Даланың кіндігі – Ұлытауда Азияның арыстаны атанған Ақсақ Темір де ат шалдырған. "Темір Ұлытауға келгенде алдымен сол тауға көтеріліп, ұшы-қиыры жоқ көкжасыл жалпақ даланы рахаттана көзімен сүзіп, ұзақ тұрды. Содан соң әскеріне тас жинатып, бір тәуліктің ішінде ғаламат зор шоқы үйдірді. Бармағынан бал тамған шеберлер осындай салтанатты оқиғаның өткен күнін тас бетіне қашап жазып, ғасырлар бойы өшпейтін белгі қалдырды", – деп жазады ұлы қолбасшының сарай тарихшысы Шарафадин Әли Йезди "Темірдің жеңістері туралы жылнама" атты еңбегінде (8.167).

XX ғасырдағы қазақ ғұламасы Қаныш Сәтбаев Ұлытаудағы Алтыншоқының басынан тапқан бұл тас сол заманның аса құнды жәдігері ретінде қазір Санкт-Петербургтегі Эрмитажда сақтаулы тұр. Онда Тұранның сұлтаны Темірдің жүз мың әскермен Тоқтамыс ханмен соғысуға бара жатып, Ұлытауға аялдағаны жайлы жазылған. Міне, осылайша Шарафадин Әли Йезди жазбаларындағы дерекке Сәтбаев тапқан тас бұлтартпас дәлел болды.

Иә, Ұлытау өңірінің сонау тарих тұңғиығынан тартылған терең тамырлары Қазақ хандығы шаңырақ көтергеннен бергі қилы-қилы кезендерде де үзілмей, жалғасын тауып отырды.

Кез келген мемлекет бір орталықтан, бір нүктеден басқарылуға тиіс. Сондықтан астанасыз ел болмайды. Бұл – дәлелдеуді қажет етпейтін қалыптасқан қағида, бүгінгі тілмен айтқанда – аксиома. Осындай



Алтыншоқыдан табылған Әмір Темірдің 1391 жылғы жорығы жайлы жазуы бар тас

айырықша мәртебе Түркістанға бұйырды. Дегенмен көшпенділер әлеміне ғана тән тағы бір ерекшелік бар. Қанға сіңген касиет бойынша ондай елдің ханы да көшпенді. Мейлі, мың жерден хан болсын, ол үшін салқын сарайда жатып сімірген қымыздың қызуы әлсіз, көшеде мінген сәйгүлік мәстекке тең, серуен қызығы мәнсіз. Қыс айларының жөні бір бөлек, ал жазда қазақтың қай ханы да ордасын салқын сабатты, шалқар шалғынды, сулы-нулы жазира жайлауға тікті. Бұл қай жер еді десек, оның да жауабы белгілі. Ол Шыңғысхан шеруі-

не дейін-ақ қойнауынан асыл металдар өндіріліп, дүниенің төрт құбыласына тегіс жөнелтіліп келген (9.82), кешегі Алтын Орда дәуірінде ұлыс астанасы Орда-Базар қаласы орналасқан (10.221) – Ұлытау өңірі, Ұлы Даланың кіндігі.

Қазақтың шежіре сөзінде де, сан қилы тарихи деректерде де бұл тұжырымды бекітер мәліметтер мол. Оларды аз десек, ұрпақтан-ұрпаққа жоғалмай жеткен, қазақтың Керей мен Жәнібектен бастап, Әбілқайыр – Абылайханға дейінгі хандарының тулары желбіреген, қабырғасы құласа да,




қасиетін жоғалтпаған киелі қонысы – "Хан Ордасы" тарихымыздың тура жолдан тайдырмас тірі куәсіндей болып, Ұлытау сілемдерінің, Ұлытау жықпылдарының саялы бір бөктерінде жатыр.

...Қастерлі мекен, қасиетті қоныс – Ұлытаудың телегей теңіздей тарихының бүгінгі ұрпаққа белгілісі оның бір ғана тамшысына татыр ма екен?! П.Н.Савицкийдің Л.Н.Гумилевке жазған хаттарындағы тосын тұжырымдар бізге бұл мәселе бойынша тарихшы-ғалымдарымызға сілтенген сара бағыт секілді болып көрінеді. Алайда тәуелсіз ел атанып, қолымыздан кісен, аузымыздан қақпақ алынғалы да аз жылдар өткен жоқ. П.Савицкий мен Л.Гумилевтер кара жердің құшағына кетті, өкінішке қарай, олардың ізін басып, ісін жалғастырып жатқан ешкім көрінбейді...

"Кешегі келенсіз күндерде бабадан қалған сөзден жанылып, бағзыдан қалған ізден адасып қала жаздаппыз... Қасиетті орыннан қалғаны Ұлытау мен Ордабасы. Бауырында бабалардан қалған із әлі сайрап жатыр. Басында бабалар дауысы әлі саңқылдап естіліп тұр. Енді сөзден жанылып, ізден адасар еш ретіміз жоқ", – деп Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жеріне жеткізіп айтқан сөзі осы еңбекті өміргі әкелуге бел буғызғанын да ретті сәтінде ашып айтқанымыз орынды шығар.

Қазақ хандығын, жалпы ұлт тарихын зерттеген ғалымдарымыздың ешқайсысы Ұлытау төңірегіндегі әр дәуірдегі оқиғаларды атап өткен жоқ. Аттап өту де мүмкін емес. Өйткені Ұлытау – ұлт шежіресі тұнып тұрған, танабында тарихтан таңба қалған өлке. Солтүстігі Есіл-Нұра-Теріс-аққан атыраптарымен, оңтүстігі Бетпақтың шөл даласымен, шығысы Сарысу-Атасу алқабымен, ал батысы Арал-Қарақұм-Ырғыз аймағымен шектес-шекаралас тарихи Ұлытау өңірі қазақ этносының пайда болуында қандай мән-маңызға ие болса, кейіннен қазақ хандығының қалыптасуында да одан бір мысқал да кем емес мағынаға ие болып, мемлекеттің іргелі саяси орталығына айналды. Академик Қ.И.Сәт-

ӨЛКЕТАНУ ӨРІСІ



Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (1835-1865)

Ұлытау-Жезқазған өңіріне сапар шегіп, Алаша хан мазары, Жұбан ана кесенесі, Аяққамыр күмбезі секілді сәулет ескерткіштеріне сипаттама берген. Ер Едіге, Қойлыбай бақсы, Байғозы, Жаулыбай және Оразымбет (Оразай) батырлар жайлы құнды тарихи деректер қалдырған.



баев бұл туралы: "Қазақтардың ертедегі саяси орталығы Ұлытауда болғандығын осы өңірдегі мәдениеттің материалдық ескерткіштері дәлелдейді", – деп тиянақты тұжырым жасайды (11.46).

Ұлытау – адамзат тарихымен, оның ішінде, әсіресе түркі дүниесі тарихымен біте қайнасқан бірегей мекендердің бірі, солардың ішіндегі ең бір еңселісі, ең бір қастерлісі, қасиеттісі, киелісі. Оның бастапқы атын өзгертіп Ұлытау аталуының өзінде үлкен мағына мен мән жатыр.


Бұл тау Ұлытау деген мәртебелі атты қашан алған? Талайларды ойландырып-толғандырған осы сұрақтың нақты жауабын табу бүгінгі уақытқа дейін күн тәртібінен түскен жоқ. Жорамал да, болжам да көп. XII-XIII ғасырларда оның бұрынғы аты мен бүгінгі атауы араб-парсы жылнамашы-тарихшы ғалымдарының еңбекте-

рінде қатар қолданылуына қарағанда таудың атының өзгеруі осы заман мұғдарына сай келетін секілді.

Атақты парсы тарихшысы Әбу Саид Гардизидің XI ғасырда жазған "Зайн-әлахбар" ("Баяндау көркі") атты бүгінгі тарихшылар үшін аса маңызды еңбегінде Ертіс жағалауынан Сібір даласы мен Алтай тауларына дейінгі кеңістікті жайлаған түркі тайпаларының бірі – қимақтарға апаратын жол жағдайы өте тиянақты баяндалған (12). Ұлытау жайлы бізге белгілі ең көне дерек осы еңбекте келтірілген. Ол былай деп жазыпты: "Қимақтарға шығатын жол жайлы айтсақ, әуелі Фарабтан Жаңа қонысқа барасың; сол Жаңа қоныстан қимақ еліне қарай жүргенде, жолда өзен кездеседі, одан өткен соң алдыңнан бұйра-бұйра құм шығады; түркілер оны Уюкман деп атайды. Әрі қарай Сокук өзеніне жетесің; одан өткеннен кейін тұзды сорларды басып өтесің. Әрі қарай Кендіртағы тауы басталады. Жолаушылар өзенді жағалай өскен қалың шөп, жайқалған ну тоғайдың ішімен жүріп отырып, биік тауға, өзеннің бастауына жетеді. Осылай тар шатқалдағы жолмен тауға көтеріледі. Сол Кендіртағы тауынан шығып, Асус өзеніне тіреледі. Осы Асус өзеніне дейінгі бес күндік жолда қалың ағаштың көлеңкелері адамдарға күн түсірмейді. Өзеннің суы қап-қара; оның шығыстан басталған арнасы Табарыстанның қақпасына дейін барады. Жолаушылар бұдан әрі қарай қимақтар елінің шекарасы Ертіс өзеніне жетеді".

Гардизидің еңбектеріндегі кейбір географиялық атауларға түсінік бергеніміз жөн. Ондағы Фараб – сол кезеңдегі Отырар қаласының аты, Жаңа қоныс – Отырарға жақын маңдағы Кедер деп аталған сауда орталығы. Уюкман – Мойынқұм құмы; Сокук – Сарысу өзені; Асус – Есіл өзені және Кендіртағы – қазіргі Ұлытау тауы (13.175-180). Қорыта айтқанда, бұл жол – "Ұлы Жібек жолының" жиһанкез-саяхатшыларға "Сарысу жолы" деген атпен бағзы замандардан мәлім Ұлытау-Жезқазған өңірі арқылы өтетін тармағына сәйкес келеді.





Ұлытау өңіріне қатысты аса құнды деректерді 1100-1165 жылдар арасында өмір сүрген арабтың белгілі географ-ғалымы, саяхатшысы Әл-Идрисидің "Нузхат әл-Муштақ фи Ихтарах әл-Афак" ("Жаһангерліктен торыққан адамның көңіл көтеруі") атты шығармасынан (14.221-223) табамыз. Ол бүгінгі Ұлытау тауының айналасын жайлаған тайпаларды гуздар деген жалпы атпен атап, олардың мал шаруашылығымен бірге кен қазып, алтын, күміс, мыс сияқты түсті металдарды да орасан көп мөлшерде өндіретіндігін және саудасаттықпен айналысатындығын жазған.

Әл-Идриси бұл өңірде қалалардың көп екендігін, ол қалалардың барлығы өзенкөлдердің жағасында, тау шатқалдарындағы құнарлы жерлерде, кен көздеріне таянта салынғанын атап көрсеткен. Хиам атты қала гуздардың аса маңызды сауда орталығы және астанасы болған. Бұл қала Ертағы мен Кертағы таулары сілемдерінің біріне жататын биік төбенің қасына салынған екен.

Әл-Идриси осы өңірдегі металл өндірісі жайлы: "Онда күміс өндіретін кеніштер ашылған. Олардан шығатын күмісте есеп жоқ. Шаштың саудагерлері ол жаққа артынып-тартынып тауар апарды, оларын күміске алмастырады да, сол жерден тағы да түйелер сатып алып, мол күмісті жан-жақтағы елдерге таратып әкетеді", – деп жазыпты.

Академик Ә.Х.Марғұлан Хиам қаласын Қиян деп аталған болуға тиіс дейді (15.7).

Шынында да осы атаудың төркін-түбіріне үнілсек, қазақтың "Ит арқасы Қиянда" деген, яғни алыста, ауыр жол жүріп баратын жерде деген ұғымды білдіретін, халық ішіне кенінен тараған тұрақты сөз тіркесінің пайда болуы себебін басқа бір қырынан түсінгендей боламыз.

Әл-Идриси еңбегінде көрсетілген Ертағы мен Кертағы тауларына келетін болсақ, бұл атауларға қатысты тиянақты мәліметті Қиуа ханы, тарихшы-шежіреші Әбілғазының өзінің нақтылығы жағынан дүниежүзі ғалымдары тарапынан аса жоғары бағаға ие болған "Түрік шежіресі" атты еңбегінен табамыз. Онда: "Қазіргі Ұлытау мен Кішітау дегендерді ол кезде Ертағы және Кертағы деп атайтын", – деген тұжырымды сөйлем бар (16.15).

Осы және осындай басқа да тарихи деректерге қарағанда Ұлытау мен Кішітау атаулары осы өңірді ұлан-байтақ Жошы ұлысы өз орталығына айналдырған кезеңде (1223 жыл) пайда болған секілді. "Ұлытаудың ұлы атануы тауының биіктігінен емес, суының көптігінен емес, тарихтың үлкен оқиғаларында бүкіл ұлы қауымның бас қосқан, ортақ шешімге келген жері болғандықтан Ұлытау атанған" (25.30), "Қазіргі Ұлытау – ежелгі рухани самғаулар мен саяси шоғырлануға куә болған қашанғы кара орын" (26.3), – дейді Халық жазушысы Әбіш Кекілбайұлы. Әңгімеміздің әлқиссасын заманымыздың заңғар қайраткерінің осы пайымдауымен қорытындылағанымыз жөн сияқты.





Тұрағы түркі текті тайпалардың

Еуразия кіндігінде өзіндік орны болған оғыздар мемлекетінде отырықшылық нышандары мықтап орныққаны жайлы тарихи деректер көп. Әл-Идриси гуздарда (оғыздарда) қалалардың көп екендігін, олардың Хорезм (Арал теңізі) көлінен солтүстікке және шығысқа қарай созыла салынғандығын атап өтеді. Бүгінгі ғалымдардың зерттеулері нәтижесінде Хиам немесе Қиян қаласының Ұлытаудың биік жоталары ішіне орналасқан Басқамыр деп аталған ежелгі қаланың орнына сәйкес келетіндігі белгілі болды. Сондай-ақ Ұлытау-Жезқазған өңірінде бұдан да басқа Нөгербек дарасы, Хан ордасы, Болған ана, Аяқамыр, Тасты және т.б. секілді ондаған қаланың болғанын 1946-1949 жылдарда академик Ә.Марғұлан басқарған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы көне деректерді негізге ала отырып, анықтап берді (17.3-37).

Сонау біздің заманымызға дейінгі V ғасырда Геродот келтірген мәліметтер кейіннен ешқандай күмәнсіз, ешқандай даусыз бұлтартпай дәлелденді. Өткен ғасырдың 30-шы жылдарында Үлкен Жезқазған үшін күрескен болашақ академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев ашқан ежелгі металл балқытушылардың Тасқұдық, Кресто, Сорқұдық сияқты көне қоныстарының қатарын Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарда Ресейден көшіп келген суретші, әуесқой археолог Николай Васильевич Валукинский тапқан Геродот заманына дейінгі кезендерде-ақ бабаларымыз мыс балқытқан зауыттардың қалдықтары (Милықұдық, Қарабұлақ және т.б.) толықтырды (18.30).

Ол бүгінгі Жезқазған кенді алқабының төңірегінен өзі тапқан тарихи ескерткіштер жайлы республиканың Ғылым академиясына 1948 жылдың 25 тамызында:

"Милықұдық аңғарында жүргізілген қазба жұмыстарым негізінде 15 пештің орнын таптым. Олар үлкен құдықты қоршай орналасқан. Құдықтың солтүстік бетінде балқытылған металды құятын өндіріс болғаны анық білінеді. Бір сөзбен айтқанда, қазір мен ежелгі зауыт кешенінің иесімін", — деп (19.7) хабарлапты.

Ұлытау-Кішітау-Арғанаты сілемдеріндегі материалдық өркениет іздерін зерттей бастаған Қ. И. Сәтбаев өткен ғасырдың отызыншы жылдарының соңында-ақ Милықұдық айналасындағы өңдеуден өткен кен қалдықтарының көлемі он гектардан астам жерді алып жатыр деп жазған болатын (11. 44). Н. В. Валукинскийдің жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесі Сәтбаевтың осы батыл тұжырымын барынша тиянақтай, нақтылай түскендігін айта кеткен жөн (20. 17).

Осындай бұлтартпас ғылыми жаңалықтардың негізінде Ұлытау өңірінде қола дәуірінен бастап, орта ғасырларға дейін (XII-XIV) түсті және кара металл орасан зор көлемде өндіріліп, дәстүр сабақтастығы сақталып келгендігі дәлелденді. "Жезқазғанда өте көне замандардың өзінде тау-кен жұмыстарының ауқымы керемет кен болды. Ең қарапайым есептеулердің өзі көне замандарда Жезқазған алқабынан кем дегенде 1 миллион тоннадан артық, құрамы мысқа бай кен өндірілгенін көрсетеді", — деп жазды Қ.И.Сәтбаев (11.30).

Оның бұл тұжырымын Ұлы Даланың кіндік тұсында зерттеу жұмыстарын жүргізген Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының жинаған мәліметтері толық бекітіп берді. Қазақстандағы археологияның атасы, атақты ғалым Ә.Х.Марғұлан жетекшілік еткен бұл ғылыми мекеме Ұлытау-Жезқазған өңірінде жүйелі

Табдан калган асыл сөз

ЕР ЕДІГЕ:

Мен, мен дүрмін, мен дүрмін,
Менменсіген мінезден,
Тәуба қылған ер дүрмін.
Досымның отын сөндірмен,
Дүшпаным отын жандырман.
Өзім демес нәмартқа
Шаңқан боз ат міндірмен.
Асылын сұрамай ас бермен,
Атасын сұрамай дос қылман...
Тауға ұялар сұңқармын,
Тау бөктерлей шүйермін,
Тұрлаусыз өскен құланмын,
Мезгілсіз жусап өрермін.
Бұйырғыннан ащымын,
Шәрбат құйсаң тұщымын.
Буыршыннан қаттымын,
Бұйдаласаң шөге алман.
Бурылша аттан асаумын,
Бұғалық салсаң тоқтаман...

Садақ толы сары жебе,
Саудыратып төккенмін.
Атанға тартсаң ауырмын,
Таразыға тартсаң тең дүрмін...



түрде ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тың нәтижелерге қол жеткізді. Экспедицияның ұзақ жылдар бойғы зерттеулерін негізге ала отырып академик Марғұлан: "Орталық Қазақстан біздің жыл санауымызға дейінгі екінші мыңжылдықтың екінші жартысында Еуразия құрлығындағы металл өндіру орталықтарының маңыздыларының бірі болды. Жезқазған кендерін алғаш игеру неолиттен (жаңа тас дәуірі) энеолитке (мыс дәуіріне) көшу кезінде (біздің заманымызға дейінгі 1-ші мыңжылдық) басталған", – деп батыл қорытынды жасапты (21.232-233).

Археологиялық зерттеулер Ұлытау төңірегін қай аймағында да қайнаған өмірдің, биік мәдениеттің, өрелі өнердің, оның ішінде металл өндіру тәрізді қарымды әрі күрделі кәсіптің Геродот жазған көне заманнан бері қарай ұзақ уақыт бойына үзіліссіз, талассыз дамып келе жатқандығын көрсетіп отыр. Осындай нақты айғақтардың бірі – Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы ашқан Талдысай қонысы. Біздің заманымызға дейінгі екінші мыңжылдық кезеңіне сай келетін бұл ежелгі ескерткіш Жезқазған-Ұлытау тас жолы бойындағы Талдысай елді мекеніне таяу орналасқан.

"Талдысай қонысының тағы бір құндылығы – ауылдың батыс шетінде, өзен жағасына таяу жерден мыс балқытқан пештің табылуы. Бұл пеш, негізінен, мыс рудасын күйдіріп, жартылай қорытуға арналған. Пеш түбіндегі шұңқырға шлагы мен мысы ажырамаған қоспа шөгіндісі құйылыпты... Мыс рудалары қорытылған үлкен пештің жанында таза қоланы тигельмен ерітуге арналған кіші шұңқыр – ошақ қазылған. Оның диаметрі – 0,5 м, тереңдігі – 30-40 см. Шұңқыр іші күл мен көмір үгінділеріне толы, қабырғасының сылағы оттың қатты жанғанынан күйіп, қыш тәріздес қатайып қалғанын көруге болады. Пештердің төңірегінен ұсақтап сындырылған руда кесектері, шлак, мыс түйіршіктері, кішкене келсаптар, балға тәріздес құралдар көптеп табылды", – деген сипаттама бері-

ліпті мамандар тарапынан бұл ежелгі қонысқа (22).

Ұлытау-Жезқазған тарихына қатысты көне деректердің бірі – турандықтардың даңқты көсемі Афрасиабтың Солтүстіктегі алыс бір елдің Жезқамал деген жерінде қаза болғандығына орай Иран эпосында келтіріледі. Ал екінші бір мәлімет – Махмұд Қашғаридің тарихи дерегінде осы Жезқамалдың Сырдарияның аяқ тұсында жатқандығы жайлы айтылады. Мәселенің түйінін Ә.Х.Марғұлан шешіп кетті. Ол Сырдарияның төменгі алқабында жез шығатын жердің жоқ екендігін ескертіп, Махмұд Қашғаридің еңбегінде келтірілген жер атауы Жанакентпен жапсарлас жатқан ежелгі Жезқазған кенішіне сәйкес келеді деп тұжырым жасайды. Марғұлан бұл пікірін сол замандардағы оғыздардың қыс айларын Сыр бойында өткізіп, жазда Ұлытау мен Кішітау төңірегін жайлағандығымен де түсіндіріп, қорытындылап өтеді (23.86).

Оғыздар мемлекеті тұсындағы Ұлытау-Жезқазған аймағындағы металл өндірудің жағдайы мен сауда-саттықтың өркендеу деңгейіне қатысты тағы да бір қызықты деректі аттап өтпегеніміз дұрыс. Тәжікстандағы ежелгі қала Пенджикенттен табылған X-XI ғасырларда Шашта (Ташкент) құйылған тенгелердің түсі әдеттегідей қызғылт емес, ақшыл болып шыққан. Зерттеушілер мұның себебін мыс құра-






мында қорғасын мен күмістің өте көп мөлшерде болғандығынан деп тапты. Олар осындай аса бағалы қорытпа сол кезеңде бүгінгі Жезқазған жақтан апарылған деген болжам жасаған (24.199).

П.Н.Савицкий Сарыарқа жоталары "чудтардың" тасқа қашалған құжынаған суреттеріне толы десе, белгілі ғалым Е.Б.Бекмұхамбетов: "Байырғы замандарда кен қазылып, металл балқытылған орындар техникалық әдебиетте "чудь кеніштері" деп аталады", – деп жазыпты (27.4). "Чудь" деген атау Орталық Қазақстан мен Сібірде өмір сүрген, арттарына орасан мол мәде-

ни ескерткіштер қалдырған қола дәуіріндегі ежелгі халықтың аты ретінде бүкіл орыс тіліндегі ғылыми әдебиетке берік орнығып, әбден қалыптасып қалған. Ал осы ұғымға "Үлкен энциклопедиялық сөздікте" берілген анықтамада: "чудь деп ежелгі Русьте эстарды, сондай-ақ Онега көлінің шығысындағы Онега және Солтүстік Двина өзендерінің бойын жайлаған баска да фин тайпаларын атайды", – деп атап көрсетіліпті (28.1357).

Міне, ұлыдержавалық өркөкіректік пен менмендік қалыптастырған біздің кем дегенде үш мың жылдық тарихы бар салтат-



Көне бейіт




ты-көшпенділік (конно-кочевая цивилизация) өркениетімізді елемеуге тырысудың, реті келсе, жоққа шығарудың жарқын мысалдарының бірі осындай. Отарлаушылар көздеген мақсаттарына жету үшін Ұлы Дала тарихында ізі жоқ "чудь" атты тайпалар бірлестігін ойлап тауып, Орталық Қазақстандағы әбден дамыған мәдениет нышандарын соларға, жат та болса, түркілерден көрі өздеріне жақын "ақ нәсілді адамдарға" апарып телиді.

Осылайша "көне түріктердің өнері" деп айтуға тілдері келмеген ресейлік ғалымдар ата-бабалары аяқ басып көрмеген аймақтарда қалыптасқан мәдениетті "Андронов мәдениеті" деп атап, оны осы байтақ кеңістікте ықылым замандардан бері өмір сүріп келе жатқан нағыз мұрагерлерінен алыстатуға тырысып бақты. Империя тарапынан осындай көзқарас қалыптасып тұрғанда Ә.Х.Марғұланның жүргізген зерттеу жұмыстарын нағыз патриоттық, көзсіз ерлік деп бағалауымыз керек. Оның Орталық

Қазақстанда атқарған жұмыстары адамзат дүниесінің өркендеу тарихы төңірегінде қалыптасқан қағидаларға ғаламат өзгерістер енгізіп, ғылыми тұрғыдан тосын тұжырымдар жасауға негіз болды. Академик Марғұлан гуманист ғалым Савицкий "этностардың өсіп дамыған ордасы", "киелі орындардың" ең бір құдіреттілері" деп бадырайтып баға берген Орталық Қазақстанның өңірлерінде қола дәуірінде "Бегазы-Дандыбай мәдениеті" атты ауқымды өркендеу кезеңінің болып өткендігін бұлтартпас айғақтармен дәлелдеп шықты. Осының нәтижесінде көшпенділер мекендеген далаға отырықшы халықтарға тән мәдени құрылым нышандары негізінен солтүстік-батыс аймақтардағы басқа жұрттар (Андронов мәдениеті) тарапынан келіп кіргендігін жандарын сала дәлелдеп баққан "көбіқауыз ғұламаларға" тойтарыс берілді.

Отарлаушылардың ұстанған саясаты осылай болды. Қайдағы бір сайда санын,



құмда ізін қалдырмаған тайпалардың атын ойдан шығарып, ғылымды саясаттың, оның ішінде отарлау саясатының құралына айналдырды. Әлемде теңдесі жоқ қол-өнер үлгілері және металл өңдеудің ғажайып жетістігі болып саналатын, тарихшылар тарапынан "скифтердің хайуанаттық нақышы" деген ат берілген алтын мен күмістен, жез бен қоладан, мырыш пен қалайыдан жасалған бұйымдар әртүрлі жолдармен Ресейге жеткізіліп, олардың кейбіреулері одан да әрі асып, төрткүл дүниеге тарап кетті.

"Скиф" деген атауды ежелгі гректер қолданған. Еуразияның кең-байтақ кеңістігін мекен еткен тайпалардың жалпы атауы ретінде осы сөз қолданылған (2.236).

Міне, осындай өз тұрмыстарында бұйым ретінде тұтынған, ат-әбзелдеріне, қару-жарақтарына, ыдыс-аяқтарына, киім-кешегіне үлкен талғаммен енгізген көркемдік, этностық, дәстүрлік сипаты бөлек "хайуанаттық нақыштағы" дүниелердің Ресей қоймаларында жинақтала бастағанына үш ғасырға жуық уақыт өтті. 1714 жылы Ресей императоры Петр I-шінің жарлығына сәйкес ашылған Петербургтегі Кунсткамера аса сирек кездесетін бұйымдарды, қолөнер туындыларын, биологиялық жағынан ауытқыған жаратылыс иелерінің денелерін (екі басты елік, жалғыз көзді шарана және т.б.) өзіне жинақтай бастады. Императордың 1718 жылы шығарған жарлығында: "... кімде-кім жер астынан немесе су түбінен көне мүліктер, атап айтқанда тұрпаты бөлек мылтық, жазуы бар тастар, алтын мен күмістен, мыс пен темірден, ағаш пен сүйектен жасалған ескілікті дүниелер, ыдыс-аяқтар, сондай-ақ кез келген ертеден қалған заттар тапса, оларды тапсырғандары жөн, көріп-білгеннен кейін құндылықтары анықталып, соған сәйкес сыйақы беріледі", – деп жазылыпты.

Жарлық жалпыға жарияланған бойдан Петр I-ші ашқан мұражайға сирек кездесетін, көрген адамды таң қалдыратын Еуразия кіндігіндегі ежелгі қорғандар мен қорымдардан асыл бұйымдар тасқыны

ағылып түсе бастады. Аз уақыт ішінде Сібірдің, Қазақстан мен Орта Азияның аяқ жетер жерлеріндегі қорған-қорымдар, зират-бейіттер оңай олжа іздегендердің талауына түсті...

Тәбеті асқанған қазына іздеушілер бара-бара Сібір мен Қазақстан ғана емес, Дон бойындағы, Қаратөз жағалауындағы байырғы қорған-төбелерге де құныға қарауды шығарды. Осы тұста үкімет тарапынан да қызығушылық туып, ежелгі қорғандар мен қорымдарды қазу үшін арнайы жасақталған адамдар шыға бастады (24.164-165).

Сібірлік белгілі археолог Б.А.Конилов қорғандардың тоналуы жайлы былай деп жазады: "Ертіс бойындағы қорғандар мән-маңызы жағынан Мысыр пирамидаларынан кем түспейді... Кезінде Мысыр, Үрім, Грек храмдарымен теңесе алатын құрылыстар қазіргі уақытта жел мен ылғалдың әсерінен жай ғана төмпешіктерге айналған. XVIII-XIX ғасырларда қазына іздеген орыстар оларға "төмпешік" деп ат қойған" (24.14).

Оларда көміліп жатқан қисапсыз қазына жайлы әңгімелер XVII ғасырдағы орыстың "жаңа жерлерді" игерушілерінің жатса түсінен, тұрса ойынан шықпай қойды. XVIII ғасырда, Сібір өңірін қарқынды игеру басталғанда, қорғандардағы қазынаны тонау жеделдете жүргізілді... Тонаушыларды "төмпешікшілер" дейтін.

Бүгінде Санкт-Петербургтегі Эрмитаждың арнаулы бөлмесінде тұрған, әлемге кеңінен танымал Петр I-шінің Сібір жинақтамасы (коллекциясы) осы "төмпешікшілер" тапқан (сатқан) мүліктерден құралған. Бұл қазына Сібірден, Алтайдан, Ертіс пен Есіл, Нұра мен Сарысу бойынан табылған көркемдік және тарихи маңызына баға жетпейтін, негізінен таза алтыннан жасалған 250-дей асыл заттардан тұрады.

Мәскеуде 1664 жылы болған бір голландиялық шенеунік Сібірдегі ежелгі зират-қорғандардан келіп жатқан саф алтыннан жасалған дүниелерді көреді. Ол өз адамдарына мұндай заттарды сатып алуды тапсырады. Осындай жолмен Голландияға кеткен асыл бұйымдардың есебі жоқ. Алайда





бұл байлықтың көпшілігі негізінен оралдық кәсіпкер Демидовтың қолында қалады. Ол өз жинақтамасын тақ мұрагері дүниеге келгенде Петр І-шінің әйеліне тарту етеді... Патшаның отбасы бұл коллекцияны 1726 жылы Кунсткамераға тапсырған, содан соң ол Эрмитажға алынған.

"Төмпешікшілердің" қазақ даласындағы қорған-зираттарды қалай тонағаны жайлы 1720-1727 жылдар аралығында қазіргі Барнауыл-Омбы-Баянауыл аралығында археологиялық зерттеулер жүргізген Даниил Готлиб Мессершмидтің қалдырған дерегі (30.12) өте маңызды.

Ол былай депті: "Қар кетпей тұрып, шана жолы барда "төмпешікшілер" далаға 20-30 күндік алысқа кетеді; Тәңірге табынатындардың мола үйінділерін олар кейде бостан-босқа қазады. Темірден және мыстан жасалған бұйымдар олардың еңбегін ақтамайды, бірақ "төмпешікшілердің" жолы болып қайсібір кездерде молалардан 5,6,7 фунтқа (1 фунт 409,5 грамға тең) дейін

алтын мен күмістен құйылған заттарды табады".

Міне, шығыс халықтарының ғажайып мәдени мұраларын ең көп жинақтаған аты әлемге әйгілі Кунсткамера дүниеге осындай жолдармен келген.


Қазақстандағы, оның ішінде Ұлытау өңіріндегі қазына-көмбе іздеушілер жайлы 1771 жылы осы өңірде болған патша армиясының офицері Н.П.Рычковтың 1772 жылы баспадан шыққан "Капитан жазбалары" атты еңбегінде нақты баяндалған (31.109-110). Қараторғай өзенін бойлап, Ұлытауға таяна бергенде ол күнделігіне былай деп жазыпты: " Осы арадан оңтүстікке қарай төрт шақырым жерде ежелгі тұрғындардың өте үлкен бір зираты көрініп тұрды, қырда неше күн жүргенде жолымыздан мұндай үлкен зират көрген жоқ едік. Ол жерден 15 сажыннан (1 сажын – 2,13 метр) астам биіктеліп топырақ үйілген, айналасы 135 сажын. Осының өзінен ақ мұншама зор құрылысты нешеме мың

Ұлытау Әулиандары

Терісаққан өзені бойында туған. Алаш қозғалысының көрнекті басшыларының бірі. Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері. 1913 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітірген. 1917 жылдан Алашорда үкіметінің мүшесі. 1920 жылдан Қазақ автономиялық республикасының қаржы халық комиссарының орынбасары, халық комиссары. Өмірінің соңғы жылдарында Қазақстанның ауыл шаруашылығы банкіні басқарған.



**Сейілбек
Мейрамұлы
Жанайдаров
(1884-1929)**



Көшпенділер жасағы

адам еңбектеніп салғанын және олардың бұл зиратты басқаларынан ерекшелендіріп жасасақ деген ынта-жігері қаншалық зор болғанын пайымдайсыз. Қазақтар ата-бабалары мекендеген бұл жерде әбден ұзақ жасап барып қайтқан бір кісі жерленген дейді.

Олардың бұл болжамы моланың орасан үлкендігіне қарай айтылса керек. Анығында, бұл мола сақтың бір патшасына, не батырына салынғаны ғажап емес. Халыққа жақын, қалаулысы саналған кісілердің басына ежелгі замандарда осындай обалар тұрғызылатын. Бітім шамасының бәрі бұл моланың өте ертедегі замандардан қалғандығын білдіріп тұр; бірақ көлемі зор болғандықтан, "Ішінде қазына бар-ау" деп сұқтанған суық қолдарды көп ушықтырса керек, өйткені олар моланы ұшар басынан ең табан жеріне дейін жарып, қазып кеткен; қазақтардың айтуынша, олар өте-мөте олжалы болып, көп қазына тапқан. Бірақ мұндай сұмдыққа барған ашкөз адам қазақ деп ойлауға әсте болмайды. Анығын айту керек, мұндай мола қопарып, қазына іздеушілер — Сібірден келетін орыс адамдары. Олар үлкен тобырмен ежелгі халықтардың молаларында көмілген байлығын ашып алу үшін қырға аттанады. Қазақтар бұған керісінше, өлген адамдардың мола-

ларын ашып, байлық іздеуді шектен шыққан сұмдық деп есептейді..."

Бүгінде Н.П.Рычков тамсана суреттеген археологиялық және архитектуралық маңызы зор тарихи ескерткіштің қай төбенің басында тұрғаны белгісіз. Жермен-жексен болған, ешқандай белгі, ешқандай із жоқ.

Патша үкіметі де, кенестер одағы да Ұлытау-Жезқазған өңірінің асыл металдарын, қорған-қорымдарын бір мысқалы шашау шықпай сақталып жатқан материалдық байлықтарын, қойнауындағы қыруар қазынасын қажет еткенмен, оның ежелгі тарихына назар аударған жоқ. Олар бағзы замандардан бастап металл ғана қорытып қоймай, дүниеде теңдесі жоқ көшпенділер мәдениетін, көшпенділер өркениетін өмірге әкелген халықтың ұрпақтары бұл аймақты күні бүгінге дейін жайлап, өз ата-бабаларының озық дәстүрін жалғастырып келе жатқандығын мойындағысы келген жоқ. Мойындауды айтамыз-ау, Ұлы Далада қалыптасқан барлық мәдени өрлеу нышандарына тек қазақтың ата-бабалары болмаса болды, басқа ойдан шығарылған мұрагерлерді (чудь, андронов т.б.) әкеліп теліді.

П.Н.Савицкий Қызыларайдан Мұғалжарға дейінгі Сарыарқаның қоянжон қыркаларында (Ұлытау-Кішітау қақ ортасында жатыр) қазақ ұлты этнос ретінде, халық ретінде қалыптасқандығын және осы көшпенділер әлемінде шалбар мен ертоқым секілді данышпандық өнертапқыштық нысандардың дүниеге келгендігін ешқандай күмәнсіз, нық сеніммен әлемге әйгілеп берді.

Тұрмыс-болымыстары табиғатпен тамырласып кеткен көшпенділердің киіз үйі де өнертапқыштықтың осындай ғажайып үлгілерінің бірі болып есептеледі. Л.Н.Гумилев киіз үй жайлы былай деп жазыпты: "Ал киіз үйдің жайлы — қолайлылығына келсек, мен сөзді Қытайдың ұлы ақыны Бо Цзюй-иге беремін, ол киіз үйді сипаттауға ең бір тамаша өлеңін арнаған. Бұл деректі Лю Мао-цзяй жариялаған" (32.71-73). Неміс тіліне жолма-жол аударылған нұсқадан орысшаға, одан қазақ-



шаға (аударған Қуаныш Ахметов) аударылған шығарманың мазмұны мынандай:

Көк орда

*Мың қаралы қойдың жүні жұмсалған,
Екі жүздей шығыршықпен құрсалған.
Шаңырағы сәмбі талдың діңінен,
Неткен өнер, неткен ғажап, түр талғам.*

*Түндігінен нұр төгеді көк аспан,
Сол аспанмен салтанаты таласқан.
Солтүстігің, оңтүстігің бәрі бір,
Дөңгеленіп тіккен жерге жарасқан.*

*Дым етпейді, соқсын дауыл неше күн,
Су өтпейді құйсын қанша нөсерің.
Ішінде жоқ қуыс-бұрыш, жып-жылы
Құшағындай аймалаған шешенің.*

*Тігем сырға, қырға, тауға, тасқа да,
Ол тұрғанда қажет емес еш қала.
Қысы-жазы ай менен күн нұр төккен,
Әсем орда болды маған баспана.*

*Туырлығы ішке енгізбес ызғарды,
Елемейсің мұндай үйде мұз-қарды.*

*Қабат-қабат текеметке жантайып,
Тата берем құдай берген тұз-дәмді.*

*Төрге шығып төксе жырау өлеңді,
Отты айнала биші билей жөнелді.
Бойымдағы бар тамырды қуалап,
Кәусар қымыз балбыратты денемді.*


*Жерошақтан алтын сәуле арайлы,
Тарайды да нұрға малар маңайды.
Сондай әсем іші де оның, сырты да,
Адамзатқа үй жоқ мұнан қолайлы.*

*Түнгі ауада бойды сезім кернейді,
Будақ-будақ түтін көкке көлбейді.
Өлең селін сарқыратып құлатып,
Жыр семсерін төрде жырау сермейді.*

*Көңіліме кірмейді ешбір қаяу, мұң,
Бар ләззатқа мен осында тоя алдым.
Бүрсеңдеген қамыс күрке ішінде
Пақырларды аяп кейде ояндым.*

*Тақуаны тамсандырса талғам дүр,
Талайларға қол жеткізбес арман бұл.
Қонақ күтем, ұрпағымды өсірем,
Көк ордамда келбетінен тамған нұр.*





*Бай-пашалар ешқашанда тойынбас,
Шын асылдың нарқын-нарқын айырмас.
Көк орда үшін алтын сарай берсе олар,
Өлсем де мен жасамаймын айырбас.*

"Киіз үйдің артықшылығын ақын келістіре суреттеген... Бо Цзюй-и киіз үйді "көк орда" деп атайды, тегі түріктер бейнесін білдіретін түр-түсті әдейі алған тәрізді", — деп тұжырым жасаған Гумилев ұлы ақынның көшпенділердің керемет тұрағына байланысты тағы бір өлеңін оқырмандар назарына ұсынады. Бұл шығармамен де таныса кеткеннің артықшылығы жоқ (аударған Қуаныш Ахметов).

Көк ордамен қоштасу

*Кімге де оңай емес қыстың ызғары,
Алай-түлей ақ бораны, мұз, қары.
Ұлғайған жас өз дегенін істеді,
Сырқырады сүйек, буын сыздады.*

*Бақытыма болды менде көк орда,
Кигіз үйге кірген адам тонар ма?!
Жер ошақта маздап жанды алау от,
Жанға жылу, сәуле құйып жанарға.*

*Балық сынды көк толқында ойнаған,
Қоян сынды жылы ұясын жайлаған.
Аман алып келді ауру-сырқаудан,
Көк ордамның іші қыж-қыж қайнаған.*

*Ұмытылды қыстың мүлдем қаһары,
Дүние бүгін көктем нәрін татады.
Қашан болсын көк ордама кеудемде,
Ризалық сезім тулап жатады.*


*Есігі ашық, ірге тегіс түрілген,
Қоштасар сәт жанға батты бұл үймен.
Күзге дейін бір соғамын қалайда,
Тосын кесел қадалмаса бүйірден.*


*Кеп қалмаса о дүниеге жолдама,
Күзде қайта оралам көк ордама.*

Шалбар, киіз үй, ертоқым, үзеңгі сияқты өнертапқыштықтың тендесі жоқ үлгілерін дүниеге әкелген көшпенділердің та-

рихын мойындамаудың айқын мысалдарының бірі — бұдан үш жүз жылдай бұрын Монғолиядағы Орхон өзені алқабынан табылған Күлтегін ескерткіші және ондағы жазулар төңірегіндегі тартыс. Егер, абыройға орай, оны оқудың кілтін даниялық ғалым Вильгельм Томсен (1842-1927) тауып бермегенде, әлемдегі ең көне жазуға иелік етуге құштарлар аз емес еді (33.30-31).

Өздері оқи алмаса да, бұл жазбаларды меншіктеп алуға славяндар да, немістер мен финдер де қатты талпыныс жасады. Фин ғалымдары, тіпті Орхон ескерткіштерін зерттеуге қатарынан екі экспедиция жасақтап, 1889 жылы "Енисей жазбалары" атты атлас шығарып, тарихи мұраны өздеріне меншіктеп те алған болатын. Олардан басқа елдердің ғалымдары да қалыса қойған жоқ.





Дауға айналып, таласқа түскен ескерткіштердегі жұмбақ жазуды Томсон оқып беріп, олардың сыры әбден ашылғанда ғана, тастағы таңбаларда түрік тайпаларының белгілі бір кезеңдегі тарихы баяндалғаны анықталып, ескерткіштің заңды иелері-мұрагерлері қазіргі түркі халықтары екендігі талассыз мойындалғанда ғана, көне мұраны өз мәдениеттеріне телімек болған жалған ғұламалардың ауыздарына құм құйылып, әшкерленіп, масқаралары шықты. Тіпті В.В.Бартольд бастаған Ресей империясының атақты түріктанушыларының өздері түркі халықтарында рухани мәдениеттің ең жоғарғы сатысы – жазудың болғанына таңдайларын қағып таңырқаған болатын (34.11).


Күлтегін ескерткіштеріндегі жазулар жайлы оларды ұзақ жылдардан бері зерттеп келе жатқан белгілі түріктанушы ғалым М.Жолдасбеков: "Ескерткіштерді жасаушылар да, оның бас кейіпкерлері де түркі халқы, түркі жері, оның батырлары. Ал көне түркі дегенде көбіне қазақ тайпалары деп ұққан жөн болады... Шығыстану ғылы-


мына ұлы өзгеріс әкелген бұл ескерткіштердің қай тілде жазылғандығын анықтайтын уақыттың жеткендігін В.Бартольд та, В.Радлов та, П.Мелиоранский де, С.Малов та талай жазған және соңғы екеуі бұл жазбалардың тілі қазіргі қазақ тіліне көбірек келетіндігін де баса айтқан", – деп ескерткіштердің өз бабаларымыздың қалдырған мұрасы екендігін байыппен баяндап берді (33.36-37).

Осындай мысалдарды топ-тобымен келтіруге болады. Тіпті әжептәуір тарихы бар Жезқазған мыс кеніне байланысты жүргізілген құйтырқы саясат кеңес дәуірі кезінде де жалғасын тапты. 1938 жылы Мәскеуде шығатын "Известия" газетінде "Конвейер незавершенных дел" атты мақала жарияланды да, онда Жезқазғанды ешқандай болашағы жоқ, "чудтар" бар байлығын қазып алып, кейіннен тастап кеткен деген пікір айтылды.

Сол жылдың 11 қыркүйегінде Қ.И.Сәтбаев осы мақалаға байланысты газетке хат жолдап, оны жариялауды өтінді (35.392). Сәтбаевтың газет жауапсыз қалдырған,

Ежелгі түркі жазуы ескерткіші






Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаев Жездідегі мұражайда жұмыс істеп тұрған ежелгі пеште балқытылған мыстан ескі әдіспен жәдігер бұйым құйды. 1994 ж.

тарихты бұрмалағандарға ашық қарсы шыққан хатында мынадай жолдар бар: "Чудь кезеңіне жататын кен орындары 700 жылдай бұрын игерілген деген болжам да шындықтан алшақ жатыр... Біздің дәуірімізге дейінгі V ғасырда өмір сүрген грек тарихшысы Геродот Арал теңізінің Солтүстік және Батыс жағын (бүгінгі Орталық Қазақстан өңірін) массагеттер мен сақтар мекендейтінін, олардың тұрмыста қолданатын бұйымдары мен қару-жарақтары, алтын мен мыстан жасалатынын жазған. Жезқазғанда жатқан кен үйінділерінің көнелілігі осы Геродот көрсеткен кезеңге сәйкес келеді. Сондықтан Жезқазғанның ежелгі өндіріс мәдениеті біздің дәуіріміздің XIII ғасырында емес, одан да анағұр-

лым көне кезеңде, ең кем дегенде біздің дәуірімізге дейінгі V ғасырда қалыптасқан".

Бұл – ғұлама ғалымның туған жеріне, туған Отанына деген перзенттік көңілінің шынайы көрінісі, Ұлытау-Жезқазған өңірінің тұңғыық тарихына деген жанашырлық үлгісі, ғылымдағы тазалықтың, азаматтықтың белгісі. Амал нешік, бұл турасындағы орталықтың ұстанымы басқа болды. Ол – ұлыдержавалық сезімнің уымен ауызданғандар үшін Қаныш, Әлкейлер түгіл, әлемдегі №1 тарихшы Геродоттың өзінде бедел болмай қалған кез болатын...

Бізге Қ.Сәтбаевтың Жезқазған өңіріндегі әйгілі тарихи ескерткіштерге шолу жасаған "Доисторические памятники в Джезказганском районе" деген бүгінгі зерттеу-



шілер үшін де құндылығын жоғалтпаған еңбегі осы аймақтағы мәдени мұралар із-түзсіз жойылып кетпей тұрғанда қағазға түсіріп, хаттап қою керек деген ойдан тұғандай болып көрінеді де тұрады.

Қазіргі кезде Жезқазғанның көне металлургияның көрнекті орталығы болғандығы даусыз мойындалды. Өйткені жер астындағы қазына бір күнде пайда болмайды және оны сонша ұзақ дәуірлер бойы



белгісіз біреулер басқа жақтан келіп игермейді. Бүгінгі тарихшылар қалай деп айтса да, ежелгі металлургтер осынау Ұлы Даланы жайлаған тайпалар арасынан шыққан. Оның себебі – өзін қоршаған аймақтың қазынасын, табиғи байлығын алғаш рет сол топырақпен біте қайнасып өскен сол өңірдің ежелгі тұрғындары – аборигендері пайдалануға тиіс. Тіршілік заңы соны қажет етеді.

Көшпенділердің көне замандардағы қару-жарак, сауыт-саймандары осындай металл балқыту ісі әбден жетілген жердің бармақтарынан бал тамған шеберлерінің қолынан шықты. Олар әрі көркем, әрі сапалы болды. Қару-жарықтың небір жетілген түрлері дүниеге келді. Ат үстінде табан

тіреп тұрып шайқасу үшін үзеңгіні де ойлап тапқан осы көшпенділер еді.

Осы ретте мына бір мағлұматты да көпшілік назарына ұсынайық. Шыңғысхан әскерінің 80-90 пайызын бүгінгі қазақтардың ата-бабалары түркі тектес сарбаздар құрағаны ешқандай дәлелдеуді қажет етпейді. Олардың садағы жайлы тарихи деректерге сүйеніп отырып Л.Н.Гумилев: "Шынында да татарлардың жауынгерлік қарулары еуропалықтардан анағұрлым озық еді... Сондай-ақ, Еуропадағы ең мықтылар деген ағылшын садақшыларының жебелері 450 метрге жететін болса, монғолдікі 700 метрге ұшатын, өйткені олардың



Теректі әулие төңірегінде табылған жебе ұштары

адырнасы мүйізден иілген, желімделінген садақтары күрделі еді", – деп жазады (36.67).

Ал, орыс жазушысы В.В.Кожин осы қаруды ұстаған сарбаздардың да осал болмағандығына назар аударып, олардың алты жастан ат құлағында ойнап, есейе келе қарудың небір түрлерін жетік меңгерген, бір өзі басқа кез келген елдің армиясының бес-алты жауынгеріне төтеп беретін деңгейге жететіндігін айтады (37.127-128).

Көшпенділер өркениетінің түбіне терен үніліп, түйсік таразысына тартсақ, оның астарында көптеген тосын тұжырымдарға негіз боларлық ғаламат сыр жатқандығын аңғаруға болады.

Ұлытау

Сөзі Сайлаухан Нәкеновтікі
Салтанатты. Жеңіл ырғақпен

Әні Жақсыкелді Сейіловтікі



Шір-кін ме-нің қан-дай да-лам, жа-на-рым-ды ал-май қа-лам



Сұ-лу-лық-пен сыр-лас-сам да, су-сы-ным бір қан- бай қа- лам



Ей, ту- ған жер, нұр да- лам, ө- зің- ді



Аң- са- ған бір ба- лаң. Бір ба- лаң.

Шіркін, менің қандай далам,
Жанарымды алмай қалам.
Сұлулықпен сырлассам да,
Сусыныңа қанбай қалам.

*Ей, туған жер,
Нұр далам,
Өзіңді аңсаған
Бір балаң.*

Ерлік куә ән мұрасың,
Жүрегімде жаңғырасың.
Ұлытауым, ұлылықты
Ұрпағына қалдырасың.

*Ей, туған жер,
Думанды ел,
Сұңқарың самғаған,
Ән маған!*

Асыл мұрат, қуаныштан,
Арманымды алып ұшқан,
Жаным менің жаралғандай,
Саған деген сағыныштан.

*Ей, туған жер
Аңсаған,
Мәңгілік іңкәрмін
Мен саған.*

Өткенімнің мұң әнімін,
Өз елімнің ұланымын.
Егер саған тартпай тусам,
Мен алдында кінәлімін.

*Ей, туған жер,
Keң далам,
Өмірлік армансың
Cен маған.*



ЖАҚСЫКЕЛДІ СЕЙІЛОВ

(1949-1997) – белгілі сазгер, әнші, ҚР еңбек сінірген мәдениет қызметкері. Көптеген өнер фестивалдарының лауреаты.



САЙЛАУХАН НӘКЕНОВ

(1940 ж.т.) – ақын, журналист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Бірнеше жыр жинақтарының авторы

Ұлытаумен сырласу

Бағзы-базғы уақыттың,
Құрдасысың Ұлытау.
Бастауында бақыттың
Жыр басысың Ұлытау!

Түнек танды жұрт ойлап,
Сестенетін кез болған.
Көшкен сайын бір тайлақ
Бос келетін кез болған.

Зар-запыран заманға
Ұрпақтардың өші бар.
Ата тауы аманда
Арқар ауып несі бар.

Үміт жібі үзілме,
Тұманданба таң нұры.
Ақ семсердің жүзінде
Аққу елдің тағдыры.

Дүлділ болып есегі,
Бұлбұл болып бақасы.
Ел арыған деседі
Алшы тұрмай сақасы.


Арай шашса ғажап күн,
Қыран самғар қияны.
Ұлытауым қазақтың
Ақ ордасы зиялы.

Асанқайғы бабамның
Жорамалы секілді.
Жас кеппеген жанардың
Орамалы секілді.


Қасиетті баба тау,
Сен несіне жасисың?
Алатау мен Қаратау
Бөркін алып бас исін.

Тулақ болған тірлікте,
Ел жүгінген жаны алау.
Алты алашты бірлікке
Бастап берген, данам-ау!

Асанқайғы түсі едің,
Қорқыт абыз күйі едің.
Кәусарыңнан ішемін,
Батаңды бер, киелім!



ҒАЛЫМ ЖАЙЛЫБАЙ (1958 ж.т.) — акын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Жыр мүшәйраларының бірнеше дүркін жеңімпазы. Халықаралық “Алаш” сыйлығының лауреаты.



Қазақ жері неге кең-байтақ? Гәп, қай заманда болсын, кімнің қаруы жетілген болса, соның тасы өрге домалап тұрғандығында жатыр. Археологиялық қазбалар металл өндіру ісі ерекше өркендеген осынау аймақта қару-жарақ жасау өнері айрықша дамығанын көрсетіп отыр. Баршамызға эпостардан аттары таныс бір ғана садақ оғының "күшіген қауырсынды күркіреуік жебе", "қарға қауырсынды қасалақ жебе", "қозы жауырын көктеме жебе", "қармаулы қабыл жебе", "сауыт бұзар сарнауық жебе" сияқты барынша жетілген тегеуірінді түрлері осы Ұлы Далада, оның ішінде Орталық Қазақстанда дүниеге келген. Дәрімен атылатын мылтықтар заманына дейінгі тайпалар мен ұлыстар арасындағы даулы мәселелер кімнің жебесі ұшқыр да үшкір болса, соның пайдасына шешіліп отырғандығы тарихтан белгілі. Сондықтан да ата-бабаларымыз мекендеген өңірдің аумақ-ауқымы тым ертеде, тіпті айқындалған мемлекеттік құрылымдар қалыптаспай жатқан кезде-ақ қаланған деуімізге негіз бар. Әлемдік металлургияның сан ықылым заманалар бұрын теңдессіз өркендеген өңірі екендігі бүгінде талассыз мойындалған Орталық Қазақстанның, қай дәуірде болмасын, қазақ елінің географиялық кіндігі болып келе жатқандығының өзі осыған меңзейді (38).

Орталық Қазақстан деген өте кең ұғым. Оған бас қаламыз – Астананы да, облыс

орталығы – Қарағандыны да, мыс бұлағы – Жезқазғанды да кіргізуге болады. Ал математикалық дәлдікпен қазақ жерінің географиялық орталығы қай жер десек, осы бағытта жүргізілген зерттеу жұмыстарының қорытындысы Ұлытау-Жезқазған өңіріне кіретін Кішітаудың қазақ жерінің кіндігі екендігін көрсетеді. "Елдің кіндігі – Кішітаудан радиусы 350 км шеңбер сызсақ, оның ішіне Ұлытау-Жезқазған аймағының 80 пайызы, Ақмола мен Қостанай облыстарының 10 пайыздан жерлері кіреді екен" (39.120).

Арғы жағын кім білген, Геродот жазып қалдырған мәліметтерден бастағанның өзінде бұл аймақты соңғы 25 ғасыр уақытының ішінде түркі текті тайпалар табан аудармай құтты қонысына айналдырып келе жатқандығын байқаймыз. Ұлытау-Кішітау өңірі осыншама уақыт бойы Ұлы Даланың кіндігі ғана емес, оның саяси және мәдени орталығы болып қалыптасқан.

Ұлытау өңірінде 1728 жылы болған швед ғалымы Иоганн Табберт фон Сталленберг: "бұл не деген ғаламат байтақ тарих, мұндай ғажап дүниені әлемнің басқа өңірінен кездестіру қиын шығар", – деп, әрі тамсана, әрі таңдана жазған екен (57.26). Бұған иланбасқа, мұны мойындамасқа амал жоқ. Біздің Ұлытауымыз осындай мекен! Ұлытау – ұлтымыздың ұясы ғана емес, ары, намысы, мақтанышы!



*Қазақ үшін таулардың,
Аға тауы — Ұлытау.
Дала деген жайлаудың
Ақ отауы — Ұлытау.*

*Қазақ үшін әлемнің
Кіндігіндей — Ұлытау.
Үш жүздегі бар елдің
Бірлігіндей — Ұлытау*

Қуаныш Ахметов




ҚАЗАҚТЫҢ АҒА ТАУЫ, ДАЛАНЫҢ АҚ ОТАУЫ

(ГЕОЛОГИЯЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАМА)







Жер бедері және табиғат зоналары

Арқадағы алып аудан – Ұлытау Торғай қолатының оңтүстік-шығысын және Бетпақдаланың қиыр солтүстік бөлігін алып жатыр. Аудан кең-байтақ қазақ жерінің нақ орталығында орналасқан. Географиялық центрография әдісімен математикалық жоғары дәлдікпен есептегенде Ұлытау – отанымыздың геометриялық орталығы, басқаша айтсақ, қазақ жерінің дәл кіндігі болып табылады.

Ауданның алып жатқан жерінің аумағы батыстан шығысқа қарай – 540, солтүстіктен оңтүстікке – 435 шақырымға созылады. Ол 46-50 солтүстік ендіктер мен 63-70 шығыс бойлықтар арасында орналасқан. Ұлытаудың батыс бетіндегі егіздің сыңарындай болып саналатын Кішітаудан қазақ жерінің батыс, шығыс, оңтүстік, солтүстігіндегі қиыр нүктелерге дейінгі қашықтық шамамен бірдей. Аудан жеріне Еуропаның Швейцария, Нидерланды, Дания сияқты үш бірдей белгілі мемлекетін еркін орналастыруға болады.

Ұлытау – жер көлемі жағынан Қазақстандағы ең үлкен аудан. Ол Қарағанды облысы аумағының үштен біріне жуығын (28,7 %), Қазақстан жерінің 4,5 пайызын алып жатыр. Аудан жері Қостанай, Ақтөбе, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарымен шекаралас. Ұлытау өңірінің солтүстік бағыттағы қиыр нүктесі – Арғанаты тауының теріскей тұсындағы Қаптыадыр (биіктігі – 760 м) шоқысында, ал оңтүстіктегі шеткі нүктесі – Мойынқұм құмының Көкпекті-Қызылқак ойысында, батыстағы қиыр нүктесі – Арал маңы Қарақұмының Жіңішкеқұм жотасында, шығыстағы шекарасы – Қызылжар станциясының оңтүстігіндегі Сарыжал (биіктігі – 368 м) қыратында жатыр.

Ұлытау өңірінің жер бедері оңтүстік-батысқа қарай бірте-бірте аласара бастайды.

Аудан жерінің ең биік нүктесі – Ұлытаудағы Ақмешіт шыны. Оның биіктігі – 1134 метр. Аудан аумағының ең төмен, ең аласа алқабы – Қарсақбай қыратының оңтүстік беткейінде жатқан Мыңбұлақ ойысы. Оның өзі теңіз деңгейінен 100 метр шамасында жоғары жатыр. Ойыстың сыртқы көрінісінде ғажап ерекшеліктер көп. Оның айнала шекарасы биіктігі – 50-170 метр аралығындағы тік жарқабақтармен қоршалған. Табан алқабында пішіні конусқа ұқсас биік (15-20 м) төмпешік төбелер жатыр. Олардың ұшар басынан бұлақ суы атқылап тұрады. Мыңбұлақ аталуы осы бұлақтардың көптігінен шыққанға ұқсайды.

Ауданда Ұлытаудан басқа Арғанаты (757 м), Желдіадыр (629 м), Кішітау (793 м), Майтөбе (628 м), Суықтөбе (546 м), Ақмола (601 м), Қарауылшы (503 м) және тағы басқа да таулар бар. Жалпы алғанда аудан аумағының 65-70 пайызын қазақтың ұсақ шоқылары алып жатыр.

Қарсақбай қыраты – Ұлытау-Кішітау тау сілемдерінің жалғасы. Екеуінің арасын Бұланты - Білеуті өзен аңғары бөліп тұр. Қыраттың орташа биіктігі – 500-600 м,





шындарының ішіндегі ең биігі – Қарамола тауы (644 м). Қырат батыс, шығыс, оңтүстік бағыттарда созыла келе бірте-бірте аласарып, жазық далаға ұласады. Оның Торғай қолатына қосылатын батыс беті өзен аңғарларымен көп тілімделген. Осы өңір аудан жеріндегі өзендер жүйесі айтарлықтай дамыған аймақ болып табылады.

Ұлытау – Сарыарқа тауларының ішіндегі ең көнесі. Оның Едіге, Қыземшек, Айыртау, Ақмешіт әулие сияқты шоқылары мыңдаған ғасырлар бойы толассыз жүріп жатқан қоршаған ортадағы табиғат құбылыстарының әсерінен әбден кажалып, әр түрлі үгітілу процестеріне бой алдырған. Тау шоқыларының тік жарқабақтарының құлау бұрышы 20-25 градус арасында болғандықтан, олардың арасындағы шатқалдардың ені тар.


Сарысу-Теңіз қыраты – Ұлытау ауданы территориясының шығысында жатыр. Ол

Теңіз ойпатын оңтүстік беткейдегі Сарысу алқабынан бөліп тұр. Қыраттың жер бедері дөңес жазық болып келетіндігімен ерекшеленеді. Оның екі жағынан құлап ағып жатқан өзендердің табандары кең әрі енді.

Бетпақдала үстірті – Ұлытау ауданының оңтүстік бөлігін алып жатыр, ол Шу мен Сарысу өзендері аралығында орналасқан. Оның шығыс бөлігі ұсақ шоқылардан, аласа таулардан тұрады. Ұлытау ауданы жерінің құрамына Бетпақдаланың батыс бөлігі кіреді. Екеуінің арасын бөліп тұрған жазық Қоғашық деп аталады.

Қоғашықтан батысқа қарай кебір сазды, құмақты және тастақты алқаптардан тұратын жазық дала басталады. Әр жерде сорлар мен табақтай дөңгеленген ойпаңдар басталады. Жай көзбен қарағанда әрең білінетін жал-жал қырлардың мұхит деңгейінен ең жоғары тұрған жоталарының биіктігі 200-250 метрдей болып келеді.





Сарысу өзенін бойлай оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай созылған құм сілемдерінің салыстырмалы биіктігі 15-20 метрге жуық. Олар бұйрат-бұйрат төбелерден, жал-жал қырқалардан тұрады. Құм ішіндегі ойпаңдарға жер асты суы жақын болғандықтан шөптесін өсімдіктер қаулап өседі де, құм көшкініне тосқауыл болады.

Ұлытау ауданының оңтүстік-батысы Тұран ойпаты аумағына кіреді. Бұл өңір сусымалы құмдармен ерекшеленеді. Арал маңы Қарақұмы шығыс бағытта Арысқұм алқабымен қосылады. Құм шоқылар мен жалдардың тізбегінің ұзындығы 100-200 шақырымға дейін созылады. Үлкенқұм мен Жіңішкеқұмның ендері кейбір жерлерде мардымсыз, бас-аяғы 3-5 шақырым болса, кей тұстарда олар жалпақтанып 60-70 шақырымға дейін ұлғаяды. Өңірдің оңтүстік-шығысында Жетіқоңыр және Қарақойын құмды алқаптары бар.

Ұлытау ауданының аумағында солтүстіктен оңтүстікке қарай үш табиғат зонасы – құрғақ дала, шөлейт және шөл калыптасқан. Осы зоналардың шекараларының ендіктер бойымен алғанда тұзу емес екендігі байқалады. Бұл құбылыстың Сарыарқаның ұсақ шоқыларының тізбегінің әсерінен екендігі белгілі.

Құрғақ дала зонасы ауданның қиыр солтүстігіне ғана тән. Оған Арғанаты, Ұлытау таулары, Қайдауыл және Жыланшық жазығы, Қаптадыр ұсақ шоқылы аймағы кіреді. Зонаның жер бедері жазықты және қыратты болып келеді. Қайдауыл мен Жыланшық жазықтары (500-600 м) Торғай қолатына қарай бірте-бірте аласара бастайды. Бұл жазықтардың бедері – өзен аңғарларымен тілімделген, жыралы-сайлы. Көктемде қар еріген кездегі су тасқындарының әсерінен жер бедері осылай қалыптасқан.

Таулардан шығып жатқан су көздерінен Терісаққан, Ұлы Жыланшық, Құланөтпес, Көң өзендері бастау алады. Өзендердің су қорының 95 пайызы көктемде, қар ерігендегі тасқында ағады. Ауа райының құбылуына қарай су деңгейі өзгеріп отырады,




Бетпақдала бедері

ылғалы мол жауын-шашынды жылдары өзендер арнасынан ағыс үзілмейді, ал құрғақшылық жылдарда арналар қарасуларға бөлініп қалады.

Өсімдік жамылғысы алқаптардың ылғалдану мүмкіндігіне қарай әр түрлі болып келеді. Қызғылт топырақты бетегелі-селлеулі дала алаптары жиі кездеседі. Бұл зонада Ұлытау ауданының астық өндіретін шаруашылықтары орналасқан.

Шөлейт зонасы Ұлытау ауданы көлемінің үштен біріндейін алып жатыр. Ол құрғақ дала зонасы мен шөл зоналары арасында қалыптасқан аралық зона болып есептеледі. Батыста Солтүстік Торғай жазығынан басталып, Қарсақбай қыратын оңтүстіктен айналып, Сарысу өзені алқабымен Жезқазған қаласы тұсына келіп, одан әрі Сарысу-Теңіз қыраты арқылы

ҰЛЫТАУ АУДАНЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ КАРТАСЫ





Ақмола облысымен, Жаңаарқа ауданымен шектеседі.

Шөлейт зонаның климаты даламен салыстырғанда құрғақ. Батыстан шығысқа жүрген сайын бұл зонаның бойында қазақтың ұсақ шоқылы аймағындағы жер бедері түрлері түгел кездеседі. Солтүстік Торғай жазығы (300-400 м) Қарсақбай қыратына (500-600 м) жалғасып, одан Ұлытау тауларымен (1134 м) тоғысып, әрі қарай шығыс бетте Сарысу-Теңіз қыратына қосылады. Зонаның теңіз деңгейінен біршама биіктікте жатқандығы әсерінен мұндағы ауа шөлейттің басқа аудандарына қарағанда ылғалдылау болып келеді.

Бұл зонада қар жамылғысы қаршаның орта шені мен желтоқсанның бас кезінде тұрақтала бастайды. Оның жату ұзақтығы — зонаның солтүстік және шығыс бөліктерінде 180 күн, ал батысы мен оңтүстігінде 60-120 күн аралығында. Қардың орташа қалыңдығы — 10-20 см тең.

Күз бен көктем мезгілдері қысқа, өтпелі. Ауа райы тез құбылып, жауын-шашын жиі болады. Суық ызғарлы күндер ашық шуақты күндермен жиі алмасып отырады. Көктемгі ылғалы мол кездерде ғана жер беті кілемдей құлпыратын болса, шөптер жаз шыға тез сарғайып, құрап кетеді.


Шөл зонасы Ұлытау өңірінің оңтүстік бөлігін тегіс қамтиды деуге болады. Бұл

зона батыста Арал маңы Қаракұмынан басталып, Мойынқұм, Жетіқоңыр және Бетпақдаланы тұтас алып жатыр. Табиғи ерекшеліктеріне қарай аудан аумағында құмды және сазды шөлдер орналасқан. Сазды шөлдерге Бетпақдаланың батысы мен Жезқазған жазығы жатады. Топырағында тұз көп болғандықтан, өсімдік жамылғысы жұтаңдау болып келеді.

Шөл далада жылу қоры мол болғанмен, судың тапшылығына байланысты егіншілікке кеңінен пайдаланылмайды. Шөлді алқаптарды қыс, көктем айларында маусымдық жайылым ретінде пайдалануға болады.

Ұлытау өңірінің жер бедері өте күрделі. Оның аумағына тасты, таулы, құмды, шөлді-шөлейтті зоналар кіреді. Мұның өзі аудан көлемінде шаруашылықтың көптеген салаларын дамытуға мүмкіндік береді. Жайылымдары шұрайлы, ауызсуы мол аласа қырқалар мен ұсақ шоқылардан тұратын алқаптар мал шаруашылығын дамытуға қолайлы. Жер бетінің жазық аймақтары өлке қойнауындағы пайдалы қазбалар қорларын игеруге ыңғайлы. Таулардан бар бағытқа тарап ағып жатқан өзендердің жағалаулары суармалы егістікпен, бау-бақша өсірумен айналысуға кеңінен мүмкіндік береді.





Пайдалы қазбалары


Ұлытау жері пайдалы қазбаларға өте бай. Мұның себебі жер көлемінің үлкендігінде ғана емес, оның геологиялық құрылымына да байланысты. Бұл өлкенің жер асты байлықтары бағзы замандардан бастап белгілі болған. Жезқазғандағы әлемге әйгілі мыс кеніші біздің жыл санауымыздан 10 ғасырдай уақыт бұрын жұмыс істеп тұрған. Бұл өңірде қола дәуірінде мыстан өзге алтын, күміс, қалайы қорытылғандығы жайлы деректер аз емес. Оны осы өңірдегі жер-су атауларынан да байқай-

мыз. Мысалы, Жезді (бойында жез көп өзен), Жезқазған (жез өндірген жер), Алтыншоқы (алтын шыққан тау), Қорғасынтау (қорғасынға бай тау) және т.б. Аудан көлемінде өндіріліп жатқан немесе барланған пайдалы қазбалар тізбесі төмендегі кестеде келтірілген.

Ежелгі Ұлытау жері – мыс қоры жөнінен әлемдегі ең ірі кен көздерінің бірі. Осы байлықты жоспарлы түрде кешенді игеру 1926 жылы басталды. Мыс кеніштері Сәтбаев қаласының батыс және солтүстік жа-

«Қазақмыс» корпорациясының №55 алып шахтасы





Жезқазған шахталарында табиғи таза мыс үлгілері жиі кездеседі

ғына шоғырланған. Ауданның оңтүстігінде Жаманайбат кен көзі жұмысқа қосылды. Жезқазған төңірегінен қазылатын кен құрамында сирек және шашыранды түрде кездесетін алтын, күміс, рений, осмий, кадмий, висмут, кобальт секілді бірнеше аса бағалы әрі сирек металдар бар (163.112).

Аудан көлеміндегі қара металдардың жиі шоғырланған жері Қарсақбай төңіре-


гінде. Оған Балбырауын, Керегетас, Сазтөбе, Жетіқыз, Жезді, Найзатас кен көздері жатады. Олардың барлығын Қ.И.Сәтбаев Ұлы Отан соғысына дейін ашқан. Кейініректе Қарсақбайдың оңтүстік жағынан темір кенінің Жуантөбе кенді алқабы ашылды. Алғашқы барлау нәтижелері бойынша оның кен қоры 8-10 млрд. тоннаға жетеді деген болжам жасалды. Бұл – Жуантөбе – әлемдегі ең ірі кен орны деген сөз.

Кенсіз пайдалы қазбалар тобына жататын асбестің қоры жөнінен Ұлытау өңірі еліміз бойынша екінші орын алады. Ешкіөлмес, Қарсақбай қыратындағы өндірістік мән-маңызға ие асбестің барланған қоры 10 млн. тоннаға жуық. Ұлытау ауданы аумағында олардан басқа Айыртау, Дүйсембай, Шайтантас және Қумола кен орындары белгілі болып отыр. Бұл кен көздері есепке алынып, мемлекет қорына кірген.

Ұлытау ауданы жергілікті құрылыс материалдарына да өте бай. Жезқазған қаласы мен Жезді кенті төңірегінен әктас, Сәтбаев қаласы маңынан және Сарысу өзені алқабынан қиыршақ (кварцті) құм,

«Анненский» кеніші





Кенді пайдалы қазбалар		Жанатын пайдалы қазбалар	Кенсіз пайдалы қазбалар	
Кең тараған металдар	Сирек металдар		Химиялық шикізаттар	Құрылыс материалдары
Темір Марганец Алюминий	Мыс Қорғасын Ваннадий Алтын Күміс Уран Осьмий Рений және т.б.	Таскөмір Қоңыр көмір Лигнин Мұнай Газ	Күкірт Родусит Пьезокварц Саз	Асбест Қиыршық тас Құм Гранит Мрамор Әктас және т.б.

Теректі станциясының қасынан гранит өндіруге мүмкіндік мол.


Жанатын пайдалы қазбалар ішінен Ұлытау жерінде қоңыр көмір, алғаш рет Байқоңырда және Қияқтыда XIX ғасырдың бас кезінде табылып, өндірістік маңызы анықталған болатын. Байқоңыр көмірі 1892-1910 жылдар арасында Железновтың қорғасын зауытына (Шенбер ауылындағы) және 1912-1918, 1928-1969 жылдарда Қарсақбай мыс балқыту зауытына негізгі отын ретінде пайдаланылды (164.32).

Қоңыр көмірдің Қияқты бассейнін өткен ғасырдың 30-шы жылдарында Қ.И.Сәтбаев зерттеп, оның қорының 100 млн. тоннадан артық екендігін анықтап берді. Бүгінде жеке кәсіпкерлік жолмен игеріліп жатқан Қияқты кен орны аудан халқының бір бөлігін сапалы отынмен қамтамасыз етіп отыр.

Мұнай мен газ Ұлытау өңіріндегі Құмкөл алқабынан табылып отыр. Кен көзі Қызылорда облысына уақытша 2017 жылға дейін пайдалануға берілген жерде ашылғандықтан, сол облыстың мұнайшыларының күшімен игерілуде. Мамандардың есептеуі бойынша ондағы жер қойнауында 350 млн. тонна мұнай және 100 млн. текше метр табиғи газ бар деп болжанған. Құмкөлден шығатын мұнай Құмкөл-Қаракойын-Сарысу-Атасу мұнай құбыры арқылы Павлодар-Шымкент және Атасу-Алашанькоу магистралды мұнай айдау жүйесіне қосылған.

Ұлытау жерінде Қумоладағы родусит (көгілдір асбест) және Ақтастағы пьезокварц пен тау хрусталы сияқты аса сирек кен орындары бар. Родусит бүкіл Еуразия көлемінде тек қана осы Ұлытау өңірінен табылып отыр.





Ауа райы


Ауа райының белгілі бір аймаққа тән ерекшеліктері сол өңірдегі жер бедерінің қалыптасуына, топырақтың түзілуіне, ішкі су қорларының таралуы мен ағысының жүйеге түсуіне, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің тіршілік етуіне ықпалын тигізеді. Өңірдегі ауа райы ол жерде өнеркәсіп орындарын, ауылшаруашылық құрылымдарын іске қосқанда, жол қатынасы жүйелерін салғанда әбден ескерілуге тиіс.

Шұғыл континенталды ауа райы қалыптасқан аймақ болғандықтан Ұлытау өңірінде Сібірдің сақылдаған аязы мен Орта Азияның ауыз аштырмас аптабы тоғысып тұрады. Ұлытаудың қысы қатан, жазы ыстық. Жаздағы орташа температура

+22°C болса, қыста бұл көрсеткіш -22°C тең. Аудан бойынша ең суық ай – қаңтар, бұл айда орташа температура – 14-16°C болғанмен, абсолюттік минимум – 42-50°C дейін төмендейді. Жыл бойындағы ең ыстық ай – шілде, оның орташа температурасы +19-25°C, алайда абсолюттік минимум (ең жоғарғы температура) +38-46°C деңгейді көрсетеді. Осыған сай ауа температурасының жылдық ауытқуы (ең төменгі және жоғарғы температуралар қосындысы) – 96°C.

Аудан аумағының басым бөлігінде жыл бойына жауын-шашын 200 мм-ден кем түседі. Өлкенің оңтүстігіндегі және батысындағы құмдарға жанбыр мен қар тіпті аз





жауады. Арал маңы Қарақұмындағы бұл көрсеткіш мүлдем төмен, бар болғаны 80 мм шамасында ғана.

Аудан жерінің таулы, қыратты бөлігінде, яғни солтүстікке қарай жылдық ылғал мөлшері анағұрлым артады. Оның көлемі 200-250 мм-ге жетеді. Ең ылғалды, жауын-шашынды жер — Ұлытау тауының айналасы. Бұл маңайда жылдық ылғал мөлшері — 300-350 мм.

Ұлытау аймағына жауын-шашын жыл бойына да біркелкі жаумайды. Жылы маусымдарда суық маусымдарға қарағанда ылғал молырақ түседі. Бірақ ол жылдам буға айналады да, ауа өте құрғақ болады. Бұл өңірде орташа салыстырмалы ылғалдық 55-60 пайыз болса, шілдедегі бұл көрсеткіш не бары 35-40 пайызға тең.

Климаттың қалыптасуына күн сәулесінің әсері орасан зор. Ұлытау ауданы қоныржай белдеудің оңтүстігінде жатыр. Күн сәулесі бұл өңірге мол түседі. Бұл өңір материктің орталық ішкі аймағында болғандықтан бұлтты күндер көп емес. Ашық, жарқырап күн нұрын сеуіп тұратын күндердің жылдық орташа ұзақтығы 2000-2500 сағатқа созылады. Бұл — Ұлытау өңірінде ауыл шаруашылық өнімдері толық пісіп үлгере алады деген сөз, әрі күн сәулесін техникалық мақсатта пайдалануға толық мүмкіндік барын білдіреді.

Ұлытау аймағына көктем айларының соңына дейін және күздің алғашқы айларында арақидік солтүстіктен арктикалық ауа еніп тұрады. Осындай тәуліктерде үсік (заморозки) жиі қайталанып, ауыл шаруашылығына, оның ішінде егіншілікке, бау-бақшаға, мал төлдетуге зардабын тигізеді.


Аудан климатының шұғыл континенталдығын жыл мезгілдерінің алмасу ерекшеліктерінен де байқауға болады. Бұл өңірде қыс қазан мен қараша айларының тоғысар тұсында басталады. Осы кезде Сібір антициклонының әсерінен солтүстіктен және солтүстік шығыстан соғатын желдердің екпіні күшейіп, кейбір күндері желдің жылдамдығы секундына 13-16 метрге дейін артып, қарлы борасындар со-

ғады. Ұлытау-Кішітау сілемдері төңірегінде ауаның температурасы жазық даламен салыстырғанда 2-3°C жоғары болып келеді. Өйткені тау қырқалары желге қалқан болып, ішкі бөліктерге өткізбейді.

Бұл өңірде қар жамылғысы желтоқсан айының бірінші жартысында тұрақталады. Оның қалыңдығы әртүрлі — негізінен 15-25 см болып келеді. Тонның орташа тереңдігі (қалыңдығы) 30-40 см, кейбір қыс қатты болған жылдары жер 150 см тереңдікке дейін катады. Ол наурыз айының екінші жартысынан бастап ери бастайды. Әдетте тонның қалыңдығы күзгі жауын-шашынның мөлшеріне байланысты болады.

Көктемгі ауа райы Ұлытау жерінде өте құбылмалы. Көктем бұл өңірде тез өтеді.





Көктем айларында үсік әрбір 10-15 күн сайын қайталанып тұрады, оның ең кейінгісі мамырдың соңғы аптасында соғуы ықтимал. Бұл аймаққа жылдық ылғал мөлшерінің 40 пайызы осы көктем айларында түседі.

Жаз келісімен ауа температурасы шұғыл көтеріліп, жердің беті тез қызады. Бұл кезеңде ылғалдың көпшілік мөлшері маусым айының үлесіне келеді. Бірақ күн қызуы күшті болғандықтан, ылғал жерге сіңіп үлгермей, буланып кетеді.

Ауаның құрғақшылығы аңызак желдер соққан уақытта тіпті күшейеді. Секундына жылдамдығы 15 метр, кейде одан да көп жел бұл аймақта жазда жиі соғады. Жерден шаң-тозаң көтеріліп, дауыл тұрады. Мұндай құбылыстар, әсіресе Қарсақбай мен Жезқазған айналасында үнемі қайталанып отырады.


Аңызак желдер мен солардың әсерінен туындайтын қуаңшылық зардабы жаз айларында жазық далаларға, олардың өсімдіктер әлеміне зардабын молырақ тигізеді. Дала сарғайып, өсімдіктер қурап, табиғат шөлдік рең алады.

Күз айларының да жылдам өте шығуын Ұлытау өңірі табиғатының ерекшелігіне жатқызуға болады. Бұл кезде түн салқын болса да, күндіз жылы. Қыркүйектің екінші онкүндігінен күзгі үсіктер басталады. Қазан айында циклондар соғып, аспанды әлсін-әлсін бұлт басып, жауын-шашын жиі жауады да, қаршаның басында жаңбырдың арты қарға айналады. Ұлытау өңіріндегі жыл мезгілдерінің ауысу ерекшеліктерін төмендегі кестеден байқауға болады (164.35-40).

Күз айларының да жылдам өте шығуын Ұлытау өңірі табиғатының ерекшелігіне жатқызуға болады. Бұл кезде түн салқын болса да, күндіз жылы. Қыркүйектің екінші онкүндігінен күзгі үсіктер басталады. Қазан айында циклондар соғып, аспанды әлсін-әлсін бұлт басып, жауын-шашын жиі жауады да, қаршаның басында жаңбырдың арты қарға айналады. Ұлытау өңіріндегі жыл мезгілдерінің ауысу ерекшеліктерін төмендегі кестеден байқауға болады (164.35-40).

Көктем		Жаз		Күз		Қыс	
басталуы	ұзақтығы	басталуы	ұзақтығы	басталуы	ұзақтығы	басталуы	ұзақтығы
5 сәуір	45 күн	20 мамыр	117 күн	15 қыркүйек	45 күн	1 қараша	155 күн






Су қоры

Құрлықтың ортасында, Еуразия кіндігінде орналасқандықтан Ұлытау ауданының ішкі суы тұйық алапта жатыр. Тек Терісаққан өзені ғана Солтүстік Мұзды мұхитқа құятын өзендердің саласы болып табылады. Сулары жазда тартылып, кесіліп қалса да, Ұлытаудан бастау алатын өзендер көп. Алпыс төрт сала Торғай мен отыз төрт сала Кеңгір өңір халқының суға деген қажетін өтеп отыр. Сондай-ақ аудан

аумағында үлкенді-кішілі, ащылы-тұщылы көлдер де аз емес.

Ұлытау жерінің өзендері қар, жер асты суларымен және атмосфералық жауын-шашынмен қоректенеді. Өзен арналары негізінен қар еріген кезде толығып тасиды. Су тасқыны сәуірдің екінші, мамырдың бірінші жартылары арасында болып өтеді. Осы кезде өзендердің жылдық су қорының 80-90 пайызы ағады.





Өлкедегі ең үлкен өзен – Қаракенгір. Оның ұзындығы – 350 км, алқабының ауданы – 16 700 км, орташа жылдық ағын мөлшері секундына 2,1 текше метрге жетеді. Терісакқан өзені Желдіадыр тауынан бастау алып, әрі қарай көршілес Ақмола, Қостанай облыстары аумағымен ағады. Ұлытау жерінде жағалары тік, тау шатқалдарының арасы болып келеді де, әрі қарай Теңіз-Қорғалжын ойпатынан өткеннен соң, аңғары кеңейе бастайды.

Ұлытаудың оңтүстік-батысынан басталатын үлкенді-кішілі өзендердің барлығы Арал алабына жатады. Тау шатқалдарынан басталатын осы өзендерді тау жоталары бірнеше тұйық алаптарға бөліп тастайды. Торғай өзенінің ең басты салалары: Сарыторғай, Қараторғай, Жалдама Торғай, Сабасалды Торғай, Қарынсалды Торғай, Ашудасты Торғай, Ақтасты Торғай және т.б.

Қарсақбай қыратының әр жерінен басталатын өзендер: Байқоныр (Бұланты), Білеуті, Қалмаққырылған, Қияқты, Қимықы, Жимықы және т.б., біразы тасығанда Шұбар-Теңіз көліне құяды. Ұлытау жерімен Сарысу секілді үлкен өзеннің орта ағысы ғана өтеді. Қаракенгір, Сарыкенгір, Жезді өзендері Жезқазған қаласының маңында қосылып, Сарысуға сала болып құяды. Оның ағысына елеулі екпін береді.


Ұлытау ауданының өзендері табиғатқа айрықша оң әсер етеді. Шөл және шөлейт даланы жарып өтетін өзен аңғарларында табиғи көкорайлар (оазистер) көптеп кездеседі. Тал, терек, қайың, шіліктен тұратын шоқ-шоқ шағын тоғайлар, қамыс, қоға, шөптесінді өсімдіктердің көптеген түрлері өсіп, жердің көркін кіргізеді. Мұндай алқаптарда жан-жануарлар әлемі де айтарлықтай бай.

Ұлытау Аудандары

Қаракенгір бойында туған. Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері. 1924-1937 жылдарда Ақмола ауданында ауылдық Кеңес хатшысы, төрағасы, колхоз басқармасы, 1937-1938 жылдарда аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, Қарағанды облаткомының төрағасы қызметтерін атқарды. 1938-1947 жылдар аралығында Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Президиумының төрағасы болды. КСРО және Қазақ КСР Жоғары Кеңестеріне бірнеше рет депутат болып сайланды. Ә.Қазақбаев 2 рет Ленин орденімен және т.б. орден-медальдармен марапатталған.



**Әбдісәмет
Қазақбаев
(1898-1959)**




Өзендер Ұлытау өңірінде қандай көп болса, көлдер саны жағынан да Ұлытау басқа аудандардан кемшін түспейді. Орталық Қазақстандағы ең үлкен көл Балқаштан кейінгі ауданы 50 шаршы км-ден асатын Қарақойын мен Шұбар-Теңіз көлдері осы Ұлытау ауданында. Аудан жерінде бұлардан да басқа Ащыкөл, Барақкөл, Дәнсары, Обалы, Қоскөл, Бозбайтал, Бұршақтыкөл және тағы да басқа ондаған көлдер бар.

Көлдердің барлығы тұйық, сондықтан олардағы су деңгейі жыл маусымына сәйкес тез өзгеріп отырады. Көлдер шаруашылық маңызға ие. Көпшілігіне олардың жа-

ғалаулары шабындық болып келеді. Балықпен су құндызын (ондатра) өсіруге, оларды аулауға мүмкіндік береді (165.126-128).

Ұлытау шатқалдарында таудың таңғажайып табиғатын танытатын кішкене көлдер бар. Олар таудың сымбатына сымбат, көркіне көрік қосады. Сералы қыстағы тұсынан басталатын сүрлеу жол апаратын көлді халық ежелден Шайтанкөл деп атайды.

Аудан аумағында жер асты суларының да мол қоры бар. Олар – тұщы судың сенімді көзі. Өңірдегі жер асты сулары әр түрлі тереңдікте жатыр. Ұлытау өңірінде бірнеше үлкен-үлкен артезиан алаптары




Кенгір су қоймасы

(жер асты сулары) бар. Сарысу-Бетпақдала (қоры 206 млрд. текше метр), Мыңбұлақ (180 млрд. текше метр) және Ұлытау (30 млрд. текше метр) әлсіз минералданған таза судың теңдессіз көздері болып табылады. Тек әзірге оларды пайдалану деңгейі өте төмен.

Өңірдегі су қоймалары көктемгі қар суын жинап, оны шаруашылық қажетке

тұрақты түрде пайдалануға мүмкіндік береді. Олардың ең ірісі – Кенгір су қоймасы (суының көлемі 319 млн. текше метр). Сонымен бірге Жезді (60 млн. текше метр), Қумола (4,5 млн. текше метр), Пионер (1,7 млн. текше метр) және Қарсақбай (1,2 млн. текше метр) су қоймаларының аумақтағы шаруашылықтар үшін маңызы зор.





Өсімдіктер мен жануарлар дүниесі

Негізгі аумағы таулы-қыратты, шөлді-шөлейтті, құмды-сазды зоналардан тұратын Ұлытау өңірінің өсімдіктер дүниесінің өзіндік ерекшеліктері бар. Мұнда өсімдіктер жамылғысы сирек, құрғақшылыққа төзімді, жазықтардан тау қырқаларына көтерілген сайын өсімдік түрлері бірте-бірте көбейе түседі. Таулы өңірлерге жауын-шашын көбірек жауатындықтан өсімдіктер жамылғысы солтүстіктен оңтүстікке қарай сирейді. Өскен ортасына қарай бұл аймақтың өсімдіктері ылғалды "үнемдеп жұмсауға" бейімделген. Олардың тамырлары қуатты, тереңге кетеді, бу шығындайтын жапырақтарының ауданы шағын, таспаға ұқсас немесе тікенекті болып келеді (166.62-71).

Ботаникалық зерттеу мәліметтері бойынша Ұлытауда 970 өсімдіктің түрі есепке алынған. Оның 92 пайызы шөптесінді, 7 пайызы бұталы, қалған 1 пайызы ағаштар болып келеді. Бетпақдалада 306 түрлі өсімдік өседі.


Ұлытаудың байтақ даласында жазықпен шөл өсімдіктерінің араласуынан шөлейтке бейімделген өсімдік түрлері көбірек таралған. Далалықтарда өсімдік жамылғысы сирек, маусымдық өзгерістер анық байқалады. Ерте көктемде, топырақта ылғал мол, жауын-шашынды кезде өсімдіктер барлық жерлерде қаулап өседі де, жаз шыға жылдам қурайды. Күзде салқын түсіп, жаңбыр көбейген кезде көптеген өсімдіктер қайта көгереді.

Бұл өңірде көпжылдық өсімдіктерден тырсық, боз бетеге, тарақ бидайығы, сирек бас жусан, кара жусан, сұр жусан, көкпек, тұзды жерлерде соранның көптеген түрлері және өзен алқаптары мен көлдердің жағалауларында бидайық, ақмамықтың бірнеше түрі, ши мен су оты өседі.

Өлкенің оңтүстік-батыс бетіндегі шөлдерге карағанда құмдарда өсімдік түрлері көп. Оларда ағаштар мен бұталар да, шөп түрлері де өседі. Ақ сексеуіл, құм карағаны, жүзген, жыңғыл, жиде, тал секілді ағаштар мен бұталар, қияқ, өлең, құрақ, еркек сияқты көпжылдық шөптер – осы құмды өңірге тән өсімдіктер.

Өсімдік жамылғысының ендік бағыт бойымен географиялық таралуы шөптесінді өсімдік түрлерінен айқын байқалады. Солтүстік беттегі Терісаққан өзені мен оның салалары алаптарында құрғақ далаға етене тән өсімдіктер түрлері көбірек таралған. Осы астық тұқымдастар мен жусанның бірнеше түрлері – құрғақшылыққа төзімді келеді. Бұл алаптарда астық тұқымдастардың селеу, боз, кәдімгі бетеге, жуашақты қоңырбас, қылтықсыз қызыллот, сабалақ төскей сияқты түрлері өседі. Жусан түрлерін бетеге, шренк жусаны, майқара, тамыржусан құрайды. Шоқылар арасындағы шатқалдар мен жазықтарда, ойпаңдарда караған мен тобылғы араласа қатар өседі.





Сазды, кебірлі шөлдерде сұр және кара жусанның көптеген түрлері өседі. Сортан алаптарға, сор жағалауларына бұйырған, көкпек, сарсазан, аксоран, бұзаубас соран секілді өсімдіктер шығады.


Ірі өзендердің аңғарлары бойында өте сирек тоғайлар сақталған. Оларда итмұрын, тал, жиде, караған, тобылғы, долана, жабайы қарақат өседі. Ұлытау, Кішітау тауларының беткейлеріне арша, бөктерлеріне шоғыр-шоғыр қайың-терек шығады. Тоғайлы, көленкелі жерлерге дала қоңырбасы, кандыгүл, жалаң сабақ көкнәр, бұдыр масақ сияқты шөптесінді өсімдіктер қаулап өседі.

Ұлытау өңірі, әсіресе, оның өзендері мен көлдерінің жағалары құнарлы табиғи жайылымдарға бай. Сондықтан да бұл өлке мал өсіруге өте қолайлы.

Биологиялық органы қалыптасуына адамның араласуы, төңіректе орналасқан ракета полигондарының тигізген зардабы және тағы да басқа көптеген факторлардың әсерінен Ұлытау ауданында тұқымы

құрып бітуге жақындаған өсімдіктер түрі аз емес (167.32). Бүгінгі күнге дейін республикалық "Қызыл кітапқа" осы өңірде өсетін альберт қызғалдағы, шренк қызғалдағы, бетпақдала сылдыршөбі, қызғылт радиола, жінішке көкнәр, түйесінір, торғай бұйырғыны, шренк тобылғысы сияқты он екі өсімдік еніп отыр. Бұларға қоса тағы бірнеше жер бетінен жойылуға таянған сирек өсімдіктер осы тізімге енгізуге ұсынылған (168.62).

Ұлытаудың қыраттары мен тауларында, өзен аңғарлары мен жазық даласында жергілікті жердің жағдайына толық бейімделген жануарлар тіршілік етеді. Далалық зонадағы жабайы аңдар мен құстар сусыз құрғақ жазға, аласа шөптесін арасында өмір сүруге әбден қалыптасқан, олардың сыртқы түстері де өздері де өсіп-өнген шөл даладан аумайды. Көпшілік жануарлар организмдеріне қажетті ылғалды қорек арқылы алады, олардың бірқатары ін ішінде өмір сүреді, тіпті кейбіреулері түнде ғана сыртқа шығып, күндіз көзге түспейді.



Ұлытау-Жезказған аймағын жүзден аса сүтқоректі, 250-ге жуық құс түрі мекендейді. Жер бедерінде табиғи тосқауыл болмағандықтан, жануарлар көршілес жатқан аймақтардан ауысып келе береді (169.212).


Ертеректе Ұлытау өңірін бұлан, сілеусін, арқар, құлан сияқты жануарлар мекен еткен. Алайда олар адамдардың етіне, терісіне және т.б. бола ретсіз қырып-жоюынан биологиялық түр ретінде қайта оралмайтын болып жоғалды. Құланның мың



Кара айдек



Безгелдек




Жорға дуадақ



Ақбауыр бұлдырбық



Сұңқылдақ аққу




Ақбас тырна



Қоқиқаз

басқа жуық соңғы табыны Ұлытау мен Бетпақдала арасында 1880 жылдарға дейін тіршілік еткені жайлы мәлімет бар (170.32-36). Арқар тіпті беріректе жойылды. Бүгінде олардың тағдыры ақбөкендердің (киіктердің) басына түскен тәрізді. Осыдан жиырма жылдай уақыт бұрын Сарыарқа сілемдері мен Бетпақдала белдерінде жыртылып айрылатын сан мыңдаған табындардан көңілге медет болатын тұқым ғана қалды. Оларды қорғап, басын көбейту — күн тәртібінде тұрған кезек күтпейтін мәселе.

Бұл аймақтың таулы өңірлерінде жартастас сұлыкеші, тау шекілдегі, шымшық, сарыторғай, құр және т.б. жануарлар мен құстар кездеседі. Көлдерінде қоңыр қаз, бізқұйрық, барылдауық үйрек, қасқалдақ, аққу сияқты құстар ұя салып, балапан басады. Үлкен көлдерде кәсіптік маңызға ие



Уш башайлы ергежейлі қосаяқ



Бес башайлы ергежейлі қосаяқ



Сабаншы



Шұбар күзен

су құндызы (ондатра) жерсіндірілген. Олардан алабұға, ақбалық, табан, сазан, шортан, жайын және т.б. балықтар ауланады.

Далалық алқаптарда, жатаған қырқалар бойында, шөлейт зонаға жататын өңірлерде жануарлар түрі көп. Бұлардың бәрінде дала алақоржыны, құмтышқан, сары тышқан, атжалман, үлкен қосаяқ, шақылдақ тышқан, эверсман аламаны секілді кеміргіштер, дала қыраны, құзғын, қарақұс, ақсары, дала құладыны, бөктергі, ителгі, қаршыға сияқты жыртқыш құстар, кесіртке мен жыланның түр-түрлері, бозторғай, тасторғай, аққанат торғай және т.б. ұсақ құстар, қасқыр, түлкі, қарсақ, күзен, дала мысығы тәрізді жыртқыш аңдар тіршілік етеді. Кеміргіштерден құм қояны, ор қоян, тышқанның түр-түрлері, балпақ пен суыр көп кездеседі.

Ұлытау өңірінде әртүрлі себептермен жойылып кету қаупі төніп тұрған жануар-

лар мен құстардың түрлері аз емес. Олардың "Қызыл кітапқа" енгендерінің саны әжептәуір. Осы аймақты ежелден мекендеп келе жатқан ақбас тырна, ақбауыр бұлдырық, аққұйрық қызғыш, ақ тырна, безгелдек, тау бүркіті, бұйра бірқазан, жорға дуадақ, жұқатұмсық жылқышы, жыланбүркіт, қоқиқаз, қараләйлек, сабаншы, сұңқылдақ аққу, тарғақ, ұзынқұйрық ақиық секілді құстар мен үш башайлы ергежейлі қосаяқ, бес башайлы ергежейлі қосаяқ, атжалман, қарақұйрық, шұбар күзен, дала мысығы тәрізді жануарлардың тұқымы мүлдем жойылып кетуге жақын тұр.

Осындай жағдайда табиғат сұлулығын, қоршаған ортадағы тепе-теңдікті тиісті деңгейде сақтаудың маңызы зор. Бұл проблеманы тиімді шешудің бірден-бір ұтымды жолы табиғи қорықтар ашып, қорғалатын территориялардың аумағын көбейту болып табылады.



Ұлытаудың ұлы атануы тауының биіктігінен емес, суының көптігінен емес, тарихтың үлкен оқиғаларында бүкіл ұлы қауымның бас қосқан, ортақ шешімге келген жері болғандықтан Ұлытау атанған...


Әбіш Кекілбайұлы



ЕСКЕРТКІШТЕР - ЕЛ ТАРИХЫ







Адамзат баласының ежелгі тұрағы

Халқымыздың тағдыры мен тарихында Ұлытаудың алар орны айрықша. Оның әр қыркасы, әр тасы, әр уыс топырағы шежіре сырға тұнып тұр. Қасиетті, киелі таудың жайылған жоталарында ұлтымыздың ұлағаты, толағай тарихы, мәуелі мәдениеті жатыр. Қ.И.Сәтбаев: "Орыстарға Кремль қандай қадірменді болса, меніңше қазақ елі үшін Ұлытау да соншалықты қастерлі...", – деп Ұлытаудың тарихи мән-маңызын кесіп айтқан болатын.

Ұлы Дала кіндігін адамзат баласы тұрақты мекеніне айналдыра бастаған тас дәуірінен (төменгі палеолит) бастап, қазақ этносының қалыптасу, даму, ұлт болып ұйю, мемлекет құрып, шаңырақ көтеру сияқты күрделі кезеңдерінің барлығын қамтитын осы күнге дейін белгілі 700-ге тарта тарихи-мәдени ескерткіштер Ұлытау өңіріне


шоғырланған. Оларды тарихтың әр кезеңіне сәйкестендіріп, жүйелеп-жіктеп орналастыруға болады (171).

...Тарих торабы Ұлытаудың әрбір топырақ-тасында сайрап жатыр. Ежелгі тас дәуірінен бастап үзілмей жалғасып келе жатқан қайнаған өмірдің, өркен жайған өнер мен мәдениеттің дәл осындай екінші отанын әлемнен күндіз шам алып іздесе кет, таба алмасымыз анық. Оның үстіне бұл өңірдің қойнауы толған қазына – асыл кен.

Көлігің сайлы болып, әр ескерткішке бір күннен арнағанның өзінде бұл өңірдегі жәдігерлерді аралап шығу үшін екі жылдай уақыт қажет, ендеше олардың жазба түрде сипаттамасын жасаудың өзі қиямет-қайым жұмыс екендігі белгілі шығар. Дегенмен осыншама құнды, маңызды жәдігерлердің басты-бастыларына тоқталып өткен ләзім.



РЕТ САНЫ	КЕЗЕН	ЕСКЕРТКІШТЕР
1	Ерте палеолит. Ашель дәуірі (біздің заманымызға дейінгі 700 мыңжылдық пен 150-120 мыңжылдықтар арасы)	Обалысай қонысы
2	Төменгі палеолит (б.з.д. XXXV-X мыңжылдықтар)	Жаманайбат, Мүзбел, Борсеңгір, Бөріойнақ тұрақтары
3	Неолит (жаңа тас дәуірі, б.з.д. X-III мыңжылдықтар)	Жезқазған, Ұлытау, Байқоңыр, Теректі әулие петроглифтері (тастардағы таңбалар). Тасөткел, Шығырлы, Қаратал, Түйемойнақ қоныстары
4	Энеолит (қола дәуірі, б.з.д. III-I мыңжылдықтар)	Милықұдық, Сорқұдық, Айбас дарасы, Айнакөл, Тасқұдық, Талдысай қоныстары
5	Темір дәуірі (б.з.д. I мыңжылдықтан бастап)	Ұлытау өңірінің аумағындағы 20-дан астам мұртты обалар
6	Ертедегі орта ғасыр (X ғасырға дейін)	Жылысай, Домбауыл және басқа да дындар. “Таңбалы тас” кешені, өңірдегі ежелгі қалалардың бір тобы
7	Классикалық орта ғасыр (XI ғасырдан XV ғасырға дейін)	Алашахан, Жошыхан, Болған ана, Құлан ана, Аяққамыр кесенелері, Хан ордасы, Жошы ордасы, Едіге Тоқтамыс бейіттері, Ақмешіт әулие, өңірдегі ежелгі қалалардың бір тобы
8	Кейінгі орта ғасыр (XV-XVII ғ.ғ.)	Жансейіт кесенесі, Қойлыбай бақсы бейіті.
9	Бүгінгі заман (XVII ғасырдан бастап)	Ерден, Дүзен, Кетебай, Лабақ, Нәдірбай, Зылғара, Шегір би кесенелері және т.б.




Обалысай, Мұзбел, Жаманайбат

Археологиялық материалдар ежелгі адамның Ұлытау өңірі аумағын төменгі палеолит дәуірінде толық игергенін көрсетіп отыр. Бұл кеңістікте ежелгі адамдар тұрағы осы кезеңге дейін де болған. Обалысай шоқысының оңтүстік бөлігінен табылған тас құралдар – Ұлытау ескерткіштерінің ең көнесі. Олардың жасалған мерзімі ерте палеолиттің ашель дәуірінің (б.з.д. 700 мыңжылдық пен 150-120 мыңжылдықтар арасы) екінші жартысына жатады. Құралдардың ішінде малта тастан жасалған екі жақты шапқылар айрықша көңіл аудартады (172.74-75).


Сарысу өзенінің орта ағысы тұсында, құрғап қалған Талдысай атты бұрынғы өзек аңғарының бойында Мұзбел атты ежелгі адамдар тұрағы бар. Ол жерден 114 әртүрлі заттардан тұратын төменгі палеолит кезеңіне жататын құралдардың жиын-

тығы табылды (173.218-226). Оның жартысына жуығы геометриялық түзу формадағы бір жақты және екі жақты шапқылардан, сыдырғыш тәрізді ойық малта тастардан, жұқартылған қырғыштардан және тағы басқа дөңгелек, домалақ қару үлгілерінен тұрады.

Мұзбелден ең көп табылған аңшылар құралы – ортасында ойығы бар жалпақ малта тастар. Домалақ бітімді бұл тас құралдар ежелгі аңшылардың алыстан лақтыратын қаруы ретінде қолданылған. Олар Америкадағы үндіс тайпаларының "бола" немесе "болас" деп аталатын тастан жасалған аңшылық қаруларына өте ұқсас келеді. Ағаш қабығынан немесе шіліктен өрілген арқандарға байланған "боластарды" Мұзбелдің жағада тығылып жатқан аңшылары бұлақтан су ішуге келген акбөкендерге лақтыратын болған.



*Ежелгі адамдардың
Мұзбел тұрағынан
табылған тас құрал*



Жаманайбат төңірегінен табылған тас құралдар

Ежелгі адамдар қоныстары қатарына Жаманайбат кеніші төңірегі де жатады. Ол жерден палеолит дәуіріне сәйкес келетін жеті шапқы мен екі қырғыш табылды. Сондай-ақ Ұлытау-Жезқазған аймағынан неолит-энеолит кезеңдеріне жататын көптеген жәдігерлерді академик Ә.Марғұлан, профессор В.Селевин және өлкетанушы Н.Валукинскийлердің тапқандығы белгілі.

Айбас дарасы

Ұлытаудағы қола дәуіріне жататын ежелгі ескерткіштердің бірі. Оны Ә.Марғұлан басқарған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы 1956 жылы зерттеген. Ескерткіштер кешені кейінгі қола дәуіріне жататын тас қоршаулар, обалар, ежелгі түркілер кезеңінің белгілері сақталған бейіттер мен Қазақ хандығы тұсындағы




Айбас дарасынан табылған алтын білезік

қорымдардан және екі жағын су қоршап тұрған тастан өрілген қамал-бекіністен тұрады. Айбас дарасындағы ескі молалардың барлығы дерлік тоналған, қиратылған.

Таспен қоршалған обаның диаметрі 20 м, биіктігі 1,4 м. Қабір жалпақ тас плиталармен жабылған, қабырғаларын тік қойылған тақта тастармен өрген. Бұл зират Бегазы - Дандыбай ескерткіштеріне ұқсас және кейінгі қола дәуіріне жататын осы аттас мәдениеттің таралу шекарасының ең батыс нүктесі болып есептелінеді (182.102-103).

Айбас дарасы ескерткіштер кешені Едіге шыңынан солтүстік-батысқа қарай 1,0-1,5 км жерде, Айбас өзені бойында орналасқан.





Теректі әулие

Жезқазғаннан Қарағандыға қарай жүргенде сексен шақырымдай жердегі андасанда ғылыми кітаптарда еске алынып, есімі аталып кеткені болмаса, түбегейлі зерттеуді күтіп жатқан, тарихы тылсымға, тастары таңбаға толы "Теректі әулие" гранит қырқалар кешенінің адамзат тарихының ашылмай жатқан беттерін ақтаруға септігі тиюі әбден ықтимал. Төбешіктердің үстінде де, қапталдарында да белгілі бір заңдылықпен бедерленген қосақталған түйеден бастап, жалаңаяқ адамның ізіне дейінгі таңбалар... Бірақ оларға қарап белгілі бір пайым, түйін-тұжырым жасауға негіз таба алмайсың. "Теректі әулие" – әзірге тылсым сырын ішіне бүгіп жатқан әлемде теңдесі де, ұқсас сыңары да жоқ жәдігер (174).

"Теректі әулиедегі" суреттер (пиктограмма, петроглифтер) тас бетіне қашалып салынған. Кейбір тастардың мұқият өңделгені соншалық, олардың беттері күні бүгінге дейін айнадай жалтырайды. Жергілікті халық оны әулиенің сырғанағы деп атап кеткен. Қалай болса да осыншама күрделі кешен маман ғалымдар тарапынан тиянақты зерттелуін күтіп жатыр. Тастағы мүсіндердің ермек үшін салынбағаны, олардың осы өңірді құтты қонысы еткен ежелгі адамдардың тыныс-тіршілігі мен наным-танымынан түсінік беретіндігі ақиқат.

Таңбалы тас

Қазақтың қасиетті қорық мекені "Таңбалы тас" жайлы әңгімелердің бір бөлігі жоңғар шапқыншылығы кезеңіне байланыстырыла баяндалады. Шындығына келсек, бұл – тіпті Шыңғысхан заманынан да әріден келе жатқан, мәні мен маңызы жағынан Күлтегін ескерткіштеріне теңеуге тұратын аса құнды жәдігер. Аты аңызға айналған ескерткішті XVIII-XIX ғасырларда Ресейден қазақ даласын зерттеуге шыққандардың арасынан арнайы барып көргендер аз емес.

ӨЛКЕТАНУ ӨРІСІ






**Қаныш
Имантайұлы
Сәтбаев
(1899-1964)**

Ғұлама ғалым Ұлытау өңіріндегі басты-басты тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштерді зерттеп, "Жезқазған ауданының ежелгі тарихи ескерткіштері" атты аса құнды ғылыми мақала жазған. Онда Ұлытау өңірі ежелгі металлургия орталығы болуымен қатар қазақ этносының саяси орталығы екендігі де толық дәлелденген.











Көне дәуірлерден қалған осы тарихи мұраны алғаш рет барып көрген және оны өзінің жолсапар жазбаларында атап көрсеткен Д.Телятников. Орта жүздің сұлтаны Бөкейді өздеріне қосып алған А.Безносиков пен Я.Быковтардың Омбыдан Ташкентке шыққан елшілігінің құрамында болған осы подпоручик шеніндегі казак офицерінің "Таңбалы тас" жайлы жазба мәліметтері Омбы архивінде сақтаулы. Сапар 1796 жылы болған.

Атақты әскери тарихшы генерал-лейтенант М.И.Иванин 1835-1836 жылдары (ол кезде капитан) Орынбор және Батыс Сібір губернаторлықтары арасындағы Телікөлге дейін созылатын шекара сызығы белгіленгенде "Таңбалы тастағы" белгі-жазуларды көріп, маңызды тарихи ескерткіш ретінде картаға түсіреді.

Петербургтен арнайы келіп, 1840 жылдарда Жезказған аймағындағы Баскамыр, Аяқ-

камыр, Талмас-ата, Болған-ана, Айтболат және т.б. архитектуралық ескерткіштерді зерттеген профессор А.И.Шренк "Таңбалы тасқа" арнайы барып, түбегейлі зерделеп, оны "ежелгі тарихтың сирек куәлігі" деп атаған.

"Таңбалы таста" 1890 жылдардың басында болған Омбылық топограф Ю.А.Шмидт: "Биіктігі 47 метрдей терең аңғарда ауданы алты шаршы метр болатын жартас бар. Соның бетіне 445 рудың таңбалары ойылған. Одан сәл жоғарырақта бұлақ ағып жатыр", – деп мәнді дерек қалдырған (107.206-209).


"Таңбалы тас" ескерткішін терең зерттегендер қатарында осы Жезказған жерінің өз тумасы Асанқожа Бекхожин да бар. Атбасар ояздық басқармасында тілмаш болған ол 1895 жылы әскери дәрігер Л.И.Кузнецовпен бірге "Таңбалы тасқа" келіп, жазулар мен белгілерді суретке түсіріп, кейін-

Ұлытау Әулиандары

1924 жылы Қарсақбай кентінде туған. Днепропетровск тау-кен институтын 1948 жылы кен инженері мамандығы бойынша бітірген. Мемлекет және қоғам қайраткері. Еңбек жолын Қарағанды шахталарында бастап, шахта директоры қызметіне дейін көтерілген. 1954 жылдан бастап 6 рет Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің депутаты болып сайланған. Алматы облаткомының төрайымы, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, Қазақ КСР Әлеуметтік қамсыздандыру министрі қызметтерін атқарған. З.С.Омарова "Отан", Ленин, 2 рет Еңбек Қызыл Ту және Құрмет белгісі ордендерімен марапатталған.



**Зәуре
Сәдуақасқызы
Омарова**



нен 1927 жылы Орыс географиялық қоғамының жазбаларында "Ақмола губерниясы Атбасар оязындағы Бетпақдала шөліндегі "Таңбалы тастағы" жазулар" атты мақаласын жариялаған.

"Таңбалы тасты" 1928 жылы ғұлама ғалым Қ.И.Сәтбаевтың арнайы іздеп баруына А.Бекхожин мен Л.И.Кузнецовтың осы еңбегі басты себеп болған секілді. Оның 1941 жылы жарияланған "Жезқазған ауданының ежелгі тарихи ескерткіштері" атты мақаласында: "Сарысу өзенінің төменгі ағысында, Жезқазған ауданының Таңбалы Нұра деген жерінде, Төсбұлақ атты қайнардың қасында, өзеннің бойынан шығыстан батысқа қарай 20 шақырым жерде тұрған тік жартастың бетінде қазақ халқының құрамына енген барлық рулардың дерлік таңбалары қашалған. Ел аузындағы аңыз дәл осы Төсбұлақ қайнарының қасында рулардың қазақ елін құрған алғашқы тарихи құрылтайы болған дейді. Сол жиынның шешімімен жалпақ жартастың бетіне құрылтайға қатысқан барлық рулар таңбаларын салған", — деп жазылған (11.46). Қ.Сәтбаев осылайша Жезқазған ауданындағы тарихи ескерткіштер мен аңыз әңгімелерді саралап-салмақтап Ұлы-

тау-Жезқазған өңірінің қазақ этносының тарихи кіндігі болғандығын негіздеп кеткен тұңғыш ғалым.

Осы киелі орынға Қарақұм құрылтайынан кейін жоңғар басқыншыларына қарсы көтерілген қазақ руларының атқамінер ақсақалдары барып, тағы да өз қолтанбаларын қалдырғаны жайлы әңгіме Доспер Саурықұлының "Есенгелді" атты тарихи дастанында жан-жақты баяндалады. Онда:

*"Біреуі-біреуіне сүйенеді,
Әр істі кеңеспенен иеледі...
Мақсаты атажаумен бір айқасу,
Кеңестің негізгі бір тиегі еді.
Үш жүз боп Ұлытауда бас қосуға
Бекініп қатарларын тізеді енді", —*

деген және қарт бидің сөзі ретінде айтылатын:

*"Ел болмас ережеге кірмегендер,
Қазақтың қатарында жүрмегендер,
Түбінде берекеңді сол бұзады,
Топқа кеп елдің ісін білмегендер.
Көктасқа қашап тұрып таңбаңды сал,
Белгі үшін әр руды билегендер.
"Тасқа басқан таңба" деп мақал болсын,
Реттеп қалғандарың кір демеңдер.
Және де Ұлытаудың ұларын ат,
Етін жеп сол ұлардың қыламыз ант.
"Жеп пе едің Ұлытаудан ұлар етін",
Дегендей кейінгіге болады салт.
Екі шартты орындап кеңес баста,
Үш жүздің басшылары деп айтты қарт.
Қабылдап қарттың сөзін бас-басына,
Таңбасын қашап салды көк тасына.
Әр рудың өз таңбасы осы күнде,
Көрсен егер біздікі деп таппасын ба?!
Ұлардың екінші шарт етін асты,
Ойлады ел: "Бұл ұлардың несін асты".
Бұл еттен шыдағандар ауыз тисін
Деп қария әңгіменің бетін ашты.
Бұл жерге келгендерің міндетті боп,
Серттесіп бір-біріңе қылма қасты.
Екінші, жаудан жанды аямасқа,
Шартпенен шақырамын келген жасты.
Үшінші, әділетпен іс басқар деп,
Қысқаша сөз аяғын тәмамдасты", —*


деген және әрі қарай:

"Тоқтам ғып осы сөзге ел тарқады,
Жиылған Ұлытауға ер тарқады.
Жиылып бүкіл қазақ жоспар жасап,
Бұл жолда көңілдегі шер тарқады.
Қазақтың үш жүз болып жиылғанын,
Ханы естіп Жоңғарияның жөн тартады.
Бірінен қазақ, қалмақ бірі қорқып,
Безбеннің екі басы тең тартады.
Мирас боп үлгі сөзі бұрынғының
Ежелден ел қайғысын ер тартады", —

деген жолдар бар. Бұдан ел тағдыры таразыға тартылған сын сағатта Ұлытаудың Түркістан жақ өңіріндегі бүкіл қазақ қоғамының бойтұмардай киелісі — "Таңбалы тасқа" тағы бір тағзым етілгенін, "Ұлытауға бардың ба, ұлар етін жедің бе?" — деген қанатты сөздің шығу тарихын, шешуші сәтте ұлт құрамындағы барлық рулардан қайтадан ант алынғанын көреміз. Бұл үр-


дісті қазақ қазақ болғалы қиналған кезде елдің бірлігін бағамдап, тірлігін таразылап отырар ежелгі дәстүр деп шамалауға болады.

Академик Манаш Қозыбаев: "... Ұлытауда үш жүз тайпалары өкілдерінің қол қойған "Таңбалы тасы" шын мәнідегі қазақтың тұңғыш Конституциясы еді", — деп жазуында да ("Егемен Қазақстан", 19 маусым, 1993 ж.) осындай қасиет-қастерге негізделген маңызды мағына, шырайлы шындық жатыр. Сондықтан, қазақтың тұңғыш Конституциясы — Ата Заңы Ұлытауда жазылған деп ауыз толтырып айта аламыз.



«Таңбалы тастағы» А.Бекхожин 1895 жылы қағазға түсірген ру белгілері





Орда-Базар


Ұлытау өңірі ұлан-байтақ Жошы ұлысының саяси-әлеуметтік, мәдени-экономикалық орталығы болды. Жошы мавзолейінің жанындағы Орда-Базар қаласының даңқы алысқа тарады. Бұл қала Еділ бойында 1254 жылы Сарай-Бату салынғанға дейін Жошы ұлысының ғана емес, Алтын Орданың да астанасы болды. 1237 жылғы Батудың Еуропаға, 1258 жылғы Құлағу мен Кетбұғының Батыс Азияға (Палестина, Сирия, Мысыр) жасаған жойқын жорықтарына дайындық осы бүгінгі Ұлытау-Жезқазған өңірінде тұрған Жошы ма-

зарының маңында жүргізілді. Орда-Базардың географиялық жағынан алып империяның дәл кіндік тұсында орналасқандығы, еуразиялық кеңістікке ұтымды және ықпалды геополитикалық саясат жүргізуге қолайлылығы оның ұзақ уақыт бойы тарих сахнасынан жоғалмауына игі әсер етті.

Бату өзінің еншісіне тиген "алтын босағалы ақ ордасымен" Еділ бойына көшкеннен кейін Ұлытау бөктеріндегі Жошы ордасының астанасын оның ағасы Орда Ежен иеленіп, "күміс босағалы көк орданың" орталығы қылды. Барақ хан 1428 жылы жорықта жүргенде Жайық бойында қаза тапқан соң Ақ Ордада Орда Ежен мен Тоқа Темір әулеті тақтан тайдырылып, са-

Орда-Базар қаласының орны





Жошы хан Орда-Базарда жерленген




яси биліктің басына шайбанилер әулеті келді (52.199). Әуелде осы хандықтың астанасы Батыс Сібірдегі Чимгитура (қазіргі Түмен қаласы) болғанмен, кейінірек 1430-1431 жылдарда Дешті Қыпшақтағы басты қала – Орда-Базарға көшірілді (10.221).

Шайбанидтер әулеті құрған Дешті Қыпшақ мемлекетінің тағына отырған Әбілқайыр билікті қолға алысымен хандықты нығайту үшін ішкі және сыртқы күштермен толассыз күрес жүргізді. Оның Тоқа Темір ұрпақтары Ахмед хан мен Махмұд ханның иеліктеріне жасаған жеңімпаз жорықтары жайлы баяндай келе Масуд бин Осман Кухистани (XV ғасыр) "Тарих-и-Абухайр-хани" атты еңбегінде: "Ойға алған мақсатына жеткен жеңімпаз хан (Әбілқайыр) сый-сияпат пен құрмет-ілтипат көрсетілген соң Дешті Қыпшақтың астанасы және бүкіл әлемдегі сұлтандардың мақтанышы Орда-Базарға, киелі орталыққа келді... Сөйтіп Сайн ханның (Батудың) алтын тағының Әбілқайыр сынды ықпалды, бар-

шаға танымал тұлға сән-салтанатын кіргізді", – деп Орда-Базардың сол кездегі тарихи маңызын тілінің майын тамыза сипаттауға тырысқан (53.52).

Қазақ арасында сақталған аңызға сенсек, осы Ұлытау төңірегіндегі Орда-Базарда 1440 жылдардың шамасында Орта Азия тарихында ерекше орны бар ғұлама ғалым Ұлықбектің қызы Рабия Сұлтан-бегім мен Әбілқайыр ханның некесі киылған (54). Бұл әңгіменің мазмұнын көрнекті өзбек ғалымы Г.А.Хидояттовтың: "Ұлықбектің қызы Рабия Сұлтан-бегімді алды да, Әбілқайыр өзінің байтақ даласына кетіп қалды", – деп жазғаны (55.190) толықтыра түседі.

Орта ғасырларда "Орда-Базар" деп хандар тұратын астана қаланы айтқан. "Хан ордаларында әдетте саудагерлердің, қолөнершілердің және сол замандағы басқа "қызмет көрсету салаларының" өкілдерінің үлкен тобы болды. Олар өз отбасымен, шәкірттерімен, бүкіл шаруашылығымен хан



ордасы маңынан алыстаған жоқ. Ордамен бірге көшіп-қонып, "көшпелі қаланың" құрамында қызмет көрсетті. Мұндай "көшпелі қалалар" орда-базар деп аталатын", – деп жазады тарихшы В.Г.Юдин (175.117). Бірте-бірте осындай киіз туырлықты "қалалар" отырықшыланып, кәдімгі қалаларға айналды. Ұлытаудағы Орда-Базар да осындай орын. Онда сол дәуірде металл ақша соғатын шеберхана болған (176.20).

Басқамыр (Қиян, Хиам) қаласы

Тарихи деректерде аттары аталатын Орталық Қазақстандағы орта ғасырлық қалалардың барлығына жуығы Ұлытау-Жезқазған өңірінде орналасқан. Олар оғыз (гуз) тайпаларының VIII-XI ғасырлардағы тұрақтары ретінде белгілі. Бұл қалалардың осы өңірде тұрған орындарын анықтауға С.Г.Агаджанов пен Ә.Х.Марғұлан үлкен үлес қосты (177.49-85 және 17.5-18). Олар әйгілі араб тарихшысы Әл-Идрисидің



Басқамырдан табылған қола құлақ шұжуыш

"Нузхат-ал-Муштак фи ихтарак ал-Афак" атты еңбегі мен "Сурат ал-Ард" (Жер бедері) атты картасын зерттеу барысында Ұлытаудағы ежелгі қалалар мен іргелі қоныстардың жұрттарын айқындап берді.

Көне деректерде Қиян (Хиам) қаласы оғыздардың бас қаласы (астанасы) ретінде аталады. Идриси картасында ол Сарысуға (Руза) құятын Кенгір (Магра) өзенінің бас жағында, Ертағы (Ұлытау) тауының шығыс бетінде тұр. Оның орналасқан жері біз Басқамыр атап жүрген ежелгі қаланың жұртына дәл келеді (176.12).

Ол Жезді кентінен 25 км теріскейде, Жезді өзені Талдысай өзенімен қиылысар тұста, Есқұла шоқыларының қойнауында орналасқан. Басқамыр ескерткішінің құрамына қала жұртының үйінділерінен баска 2 мазар, қорым, 1,3 км жердегі тереңдігі 20 м шахта, 2 км жердегі Есқұла тауының биік төбесіндегі тас мұнара (биіктігі 3,5 м), қабырғасы кірпіштен қаланған, еденіне тас төселген қала маңындағы жеке құрылыс кіреді. Қамал-қаланың жалпы ауданы

90 м х 90 м. Кіретін бас қақпасы Ұлытауға баратын ескі керуен жолына қарай бағытталған. Сырты айнала қоршалған. Қоршаудың астыңғы іргесі жаппақ гранит таастардан, үстінгі жағы тас пен күйдірілген кірпіштен аралас өрілген. Қоршаның қақ ортасында орналасқан сарайдың (цитадельдің) ауданы 26 м х 3 м.

Баскамыр — орта ғасырларда Орталық Қазақстанда белгілі қалалар ішіндегі сәулет өнерінің ең күрделілерінің бірі. Оның орнын ағаш Ә. Марғұлан зерттеген (179,95-100). Оған кейін бұл қаланың жұртына аяқсөзоттар С. Жолдасбаев (180,48-50), Ж. Смайыловтар (176,29-31) кең көлемде жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Баскамырдағы сарайдың ішінен қиыршықтардың сынықтары, тастаң, ағаштан және мөстелден (мыс, қола, темір) жасалған бұйымдар көп табылды. Олардан орта ғасырлардағы оғыз тайпалары мәдениетінің озық үлгілерін анық аңғаруға болады.

Ескуданың биік төбесіндегі тас мұнара хан тұрғызған әскери бақылау орны деген болжам бар. "1510 жылы Шайбани хан қыстығын Ұлытауға жорық жасағанда, Қасым ханның қарауылға қойған қосыны оларды алыстан көріп, дереу сарайға хабарлаған. Қасым көп әскермен қарсы шығып, Шайбани әскеріне қаты соққы берген. Шайбани аз ғана кісімен өздері құтылған", — дейді (181,79-80).

Аяккамыр (Сарайлы, Тұрайлы)

Оғыз дәуірінде салынған көне қала және осы қала атас кесене. Оны бірінші рет XIX ғасырдың орта кезінде академик А. И. Шренк арнайы іздеп барып суреттеп жазған. Қаланың ауданы 60 м х 60 м. Үш жағынан ормен, төртінші жағынан топырақ жол, тас қабырғамен қоршалған. Бұрыштарында мұнаралар болған. Қазба жұмыстары нәтижесінде қаланың оңтүстік жақ бетінен бір-бірімен қабырғалас сегіз бөлменің орны ашылды. Сүйек, ағаш, тас және металдан істелген көптеген бұйым-және металдан істелген көптеген бұйым-

дарр 4560 дана астам қыш бұйымдардың сынықтары табылды.

Қала жұртына аяу тұрған Аяккамыр кесенесінің құрылысы XIX ғасырларда өркендей бастаған сәулет өнерінің үлгісіне келеді. Ол — Орталық Қазақстандағы маңызды ескерткіштердің бірі. Іргетасы жаппақ таастардан бір метр биіктікке дейін қаланған. Оның үстіне 8,80 м х 9,84 м көлемдегі бұрышы сапалы қызыл кірпіштен





*Аяққамыр қаласының орны және оның
айналасындағы көне зираттағы ру таңбалары*



тұрғызылған қабырғалары өріліп шығарылған. А.И.Шренк пен Ш.Уәлихановтардың жазбаларында бұл ескерткішті бұрын ел Қамыр ханның күмбезі деп атаған. Алайда ондай кісінің аты әзірге тарихтан кездескен жоқ.

Белең ана

Бұл қаланың аты бізге белгілі әдебиетте тұңғыш рет Әмір Темірдің Тоқтамысқа қарсы жорығы жайлы жазбада аталады (69.112). Қаланың құрылыстарының қираған үйінділері Сарысу өзенінің бойында Телікөлден бір күндік жерде жатыр (110.190). Жошы ұлысын билеген Орда Еженнің екінші ұлы Құлидің әйелін Белеңхатун деп атаған. Плано Карпинидің Монғол империясына саяхаты жайлы жазбаларында Шыңғыс хан ұрпақтарының бірнеше әйел алғандығы және олардың орданың белгілі бір бөлігіне иелік етіп, билік жүргізгендігі жайлы айтылады (178.65-66). Осылардың негізінде Белеңананы Орда Еженнің келіні деп кесіп айтуға болады.

Қираған қаланың үйінділерінің көлемінен оның аумағы өте үлкен болғаны байқалады. Орыс ғалымы П.Рычков бұл қаланың жұртының ұзыны алты, ені екі верста (1 верста = 1,06 км) шамасында деп жазды (110.180). Белеңана – зерттелуін күтіп жатқан тарихи маңызы зор күрделі ескерткіштердің бірі. Ол ұлт бірлігінің ескерткіші саналатын "Таңбалы таспен" іргелес жатыр.


Болған ана

Ортағасырлық сәулет өнерінің ескерткіші. Кенгір өзенінің Сарысуға құяр жерінен 10 км жоғары, Қаражар тоғайы ішінде тұр. Құлаған құрылыс үйінділерінің биіктігі 2,4 м. Аумағы 20 м x 17 м. Қазба жұмыстары мавзолейдің төбесі күмбезді болғанын анықтап берді. Мавзолейдің батыс жағында 83 м жерде диаметрі 36 м оба бар. Болғанананы 18 ғасырда П.Рычков, 1946-1948 жылдар аралығында Ә.Марғұлан зерттеген.

Мавзолейдің атына байланысты әртүрлі болжамдар айтылады. Бір деректерде онда

Болған ана мазары





Жошы ханның Сырдария мен Талас өзендері арасын жайлаған қанлы тайпасының билеушісіне ұзатылған қызы Болғанның жерленгені айтылады.

Жұбан ана


Тарихи маңызы мен географиялық орны жағынан Ұлытау өңірі архитектуралық ескерткіштері тобына кіретін күмбезді кесене. Жарық-Жезқазған темір жолының 189-шы развезінен солтүстік-шығысқа қарай 2 км жерде, Сарысу өзенінің оң жағалауында тұр. VIII-IX ғасырларда қыпшақтар қолданған сәулет өнерінің үлгісімен салған. Төрт бұрышты қабырға қалауының үстінен барабан шығарылып, оған сегіз қырлы күмбез орнатылған. Ішкі төрт бұрышында сүйірлеп өрілген мехрабтары бар. Есігі оңтүстік-шығыс жаққа қаратылған. Сыртынан өлшегенде ескерткіштің ені мен көлденеңі бірдей – 6 м x 6 м, биіктігі де 6 м. Іргетасы жарты метр, жалпақ тастардан қаланған, құрылысқа көлемі 27 см x 27 см x 6 см күйдірілген кірпіштер пайдаланылған.

Жұбан ана күмбезі туралы алғашқы жазба деректі орыс ғалымы П.И.Рычков (1772 ж.) келтіреді. Бұл ескерткіш жайлы әр кезде осы өңірде болған С.Б.Броневский, А.И.Левшин (1830 ж.), А.К.Красовский (1868), И.А.Кастанье (1910) жазба мәліметтер қалдырған. Ш.Уәлиханов 1863 жы-

Жұбан ана мазары




ӨЛКЕТАНУ ӨРІСІ



Әлкей Хақанұлы Марғұлан (1904-1985)

Ұлытау ауданындағы материалдық мәдени ескерткіштерді зерттеп, қазба жұмыстарын жүргізген. Осы өңірдегі ежелгі қалалар мен қоныстар, кесенелер мен мазарлар, көне керуен жолдары, археологиялық және сәулет ескерткіштері жайлы терең тұжырымдар жасаған.



Жұбан ана және Айболат мазарлары
(Ш.Уәлиханов салған суреттер, 1862 ж.)

лы күмбездің суретін салып, шағын мақала жазды. Онда жергілікті халықтың бұл кесенені "Әулие қабірі" деп атайтыны айтылады.

Жұбан ана күмбезі республикалық маңызға ие ескерткіштердің тізіміне енгізілген (70.54) .

Хан ордасы

Ұлытау селосынан солтүстік-батысқа қарай 18 км жерде теп-тегіс жазық далада үйіндісі сақталған аса маңызды тарихи ескерткіш. Қаратал өзенінің сол жағалауынан бір км жерде. Төрт бұрышты етіп салынған құрылыстың ұзындығы 150 м, ені 90 м шамасында. Бір-бірімен жапсарластыра салынған арасынан су ағатын ор өтетін екі бөліктен тұрады. Үйінді бұрыштарының барлығы биік, әрі енділеу. Олардың сакшы-қарауылшыларға арналған мұнара екендігін байқауға болады. Қамалдың оңтүстік қапталының орта тұсында үйінді аласалау әрі еңсіздеу. Соған қарап, бұл жерде ішке кіретін қақпа болғандығын

көреміз. Сондай-ақ құрылыстарды бір-бірімен байланыстыратын есіктер, шығыс бағыттағы қабырғаларда да болған. Есіктерге қарама-қарсы орданы қоршаған су толған орлардың үстіне көпір-өткел салынғаны байқалады.

Қамал қабырғасының қалыңдығы 3,5 м, биіктігі 4 м болған деп жорамалдауға болады. Су толтырылған орлардың тереңдігі 1,5 м, ені 7 м-дей болған. Қоршау ішіне басқа құрылыстар салынбаған. Хан ордасынан оңтүстік-шығысқа қарай 1,5-2,0 км жерде осыған ұқсас, тек аумағы жағынан анағұрлым кіші тағы бір ежелгі ескерткіш тұр. Академик Ә.Х.Марғұлан Хан ордасын IX-XIII ғасырларда қорғаныс үшін тұрғызылған қамал-бекіністер тобына жатқызады (17.25-29).

Алаша хан мазары

Ұлытаудан бастау алатын Қаракенгір және Сарыкенгір өзендері қосылар тұстағы биік жотада тұр. Ғалымдар күмбезді Қарахан әулетіне, оғыз-қыпшақ заманындағы (X-XIII ғ.) сәулет өнері үлгілерінің қатарына қосады. Аумағы 9,73 м x 11,9 м, биіктігі 10 м. Төңірегі қалың қорым, нешетүрлі бейіттер тұрғызылған. Алашахан мазары көлемі әртүрлі (23 см x 14 см x 6 см; 26 см x 23 см x 6 см; 32 см x 32 см x 6 см және т.с.с.) кірпіштерден қаланған. Құрылыс үстінен биіктігі 231 см барабан — күмбез мойындығы көтеріліп, оған жалғастыра күмбез





ХАН
ОРДАСЫ

VIII · XVIII

ТҮРКІ ҚАҒАҢДАРЫ
ҚАЗАҚ ХАНДАРЫНЫҢ
ОРДАСЫ

ЕСКЕРТКІШ МЕМЛЕКЕТ
ҚОРҒАУЫНДА

ПАМЯТНИК ОХРАНЯЕТСЯ
ГОСУДАРСТВОМ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



салынған. Кіреберіс қақпа – портал аркасы мен екі жақ ұстанды мұнаралық бөліктерінің қандай болғандары белгісіз. Олардың күмбез барабандары басталатын тұстан жоғарғы бөлігі жойылып кеткен.

Мазарға кіреберісте сол жақ бұрышта баспалдақты тар қуыс бар. Сонымен жоғары көтеріліп, күмбездік айналма екінші қабатқа, одан портал аркасының желке тұсынан кесене үстіне шығуға болады. Портал мен күмбездің шыныдай сынғырлаған жұқа қаптама элементтерінен түк қалмаған.

Алашахан күмбезінің әр түсті және әр көлемді кірпіштерді үйлестіре қалау арқылы қабырғаларының масаты кілемге ұқсас өрнектелуі Ұлытау өңіріндегі өзінен кейін бой көтерген көптеген мазарларға (Дүзен, Айранбай, Бұзау, Шегір және т.б.) үлгі болған (184.62-71).

Алашахан мазарының тарихи және архитектуралық маңызды ескерткіш екенін ұғынып, ол жайлы тұңғыш мәліметті қағазға түсірген Кенесары ханда төрт айдай тұтқын болған барон Услар. Мазарға алғаш

рет зерттеу жұмыстарын жүргізген Ш.Уәлиханов. Сондай-ақ Алашахан мазарын 1868 жылы көзімен көрген подполковник Н.И.Красовский мазардың әлі де берік, бүтін қалыпта тұрғанын, тек күмбезінің көк бояу жалатқан сылағы ғана аздап қабыршақтанып түсе бастағанын атап өткен (23.200-201).

Республикалық дәрежедегі маңызы зор архитектуралық ескерткіш ретінде мемлекет қорғауына алынған мазарға соңғы жылдарда сапалы қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Жошыхан мазары


Жезқазған қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 50 км жерде, Кеңгір өзенінің сол жағалауына, Орда-Базар қаласының іргесіне орналасқан ортағасырлық археологиялық ескерткіш. Күмбезде сақталған таңбаларға қарағанда, оны салуға Жошы ұлысына қараған барлық тайпалар (най-

Ұлытау Ауландары

Қорғантаста туған. Қазақстанның Халық жазушысы. Филология ғылымдарының докторы. ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі. ҚР-ның еңбек сіңірген ғылым қайраткері. Қазақ энциклопедиясының тұңғыш бас редакторы. ҚР-ның Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Көптеген орден-медальдармен марапатталған.



**Мұхамеджан
Қожасбайұлы
Қаратаев
(1910-1995)**



сыртқы күмбезді он алты қырлы барабанға отырғызған. Жарық кесененің екі жақ бүйірінен барабанның астынан шығарылған аумағы 35 см x 55 см терезелерден түседі. Күмбез бедерлі қалақ кірпіштермен безендірілген.

Көп қырлы барабанға күмбез орнату – оғыз, қыпшақ тайпаларына тән тәсіл. Ішкі қабарғаларында таңбалардан басқа ешқандай безендіру белгісі жоқ. Еденіне қалақ кірпіштер төселген.

Күмбезді қазу кезінде екі қабір табылған. Бірінші қабір күмбездің күншығыс жақ іргесінде орналасқан. Ұзындығы 2,2 м, ені 0,7 м, тереңдігі 1,2 м. Оған жерленген адам тақтай табытқа салынған. Сүйектің оң қолы жоқ. Бұл Жошыны аң аулап жүргенде құланның айғыры шайнап өлтірді деген ел аузындағы әңгімеге сәйкес келеді. Сондай-ақ қабір ішінен сәнді киімнің және қызыл сафиан етіктің жұрнақтары, тұт жібегінің шіріп кеткен қалдықтары, аңдардың сүйектері мен түйенің бас сүйегі, темір қарулардың қалдықтары шықты.

Екінші қабір Жошының бәйбішесі, Керей хандығының билеушісі Тоғырылдың інісінің қызы Бектұмыштікі болуға тиіс. Қабір табанына төселген қалақ кірпіштердің біразына "ықпал" деген сөз бірнеше қайтара жазылған (70.44).

Жошыхан күмбезі архитектуралық әсем үлгілі құрылыс ретінде аса маңызды тарихи ескерткіштердің тізіміне енгізілген. Соңғы жылдары республикалық бюджеттен қаражат бөлініп, ескерткішті қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.


Домбауыл кесенесі (дыңы)

Ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің Орталық Қазақстанда көп тараған бір түріне жатады. Жезқазған қаласынан 54 шақырымдай жерде, Орда-Базар қаласы жұртынан (Жошыхан мазарынан) дауыс жетер жердегі қыр үстіне оғыз-қыпшақ заманында салынған айрықша ескерткіш. Конус пішіндес күмбезді құрылыстар тү-

ман, қыпшақ, қаңлы, арғын, керейт және т.б.) қатысқан. Тарихи дәстүр бойынша күмбез қайтыс болған кісінің жылын (асын) беруден бұрын салынатынын ескерсек, онда Жошыхан мазары 1228 жылдың ақпан-наурызына дейін тұрғызылған болуы керек.

Жошыхан мазары порталды-күмбезді күрделі құрылыстар қатарына кіреді. Кескіні тік бұрышты, күйдірілген қызыл кірпіш, ғаныш, әк сияқты материалдар пайдаланылған. Аумағы 9,55 м x 7,25 м. Мазардың басты ерекшелігі – еңселі, салтанатты порталында. Оның маңдай алдын сүйір арка түрінде шығарып, қос босағасын түсетін салмақты еркін көтеріп тұратындай етіп күшейткен. Портал жақтаулары өрнекті кірпішпен безендірілген, киіз үйдің басқұрына ұқсайды. Әшекейлі кірпіштердің ауданы 45 см x 45 см. Бұл кірпіштерде өрнек, ою да, жазу да болған. 1911 жылы Атбасар оязын басқарған бір ұлық өрнекті кірпіштерді сыпырып алып, мұражайға жіберген көрінеді. Қазір мұндай кірпіштердің кейбір сынықтары ғана қалған.

Күмбезді бейіт салу – ежелгі дәстүр, көне құрылыс әдістерінің көшпенділер әлемінде терең игерілген түрі. Ол Жошыхан мазарында тамаша шешімін тапқан. Қабырғаның іш жағынан сөрелеп шығарған белдеулердің үстінен екі қабатты зәулім күмбез орнатқан. Биіктігі 7 м ішкі күмбездің салмағын "жалған еңсе" шығару тәсілімен белдеулерге жайса, биіктігі 8 м



ріне жатады. Астынғы табан бөлігінің аумағы 8,9 м x 7,9 м, қабырғасының қалыңдығы 2 м-ге жуық, ішінің аумағы 4 м x 4 м.

Кесененің сыртқы пошымы киіз үйге өте ұқсас. Асты төртбұрышты болғанмен үстін дөңгелентіп күмбезге айналдырған. Есігі оңтүстік-шығыс жақтан шығарылған, бұған жалпы биіктігі 1,2 м болатын төрт басқышты баспалдақ арқылы кіреді. Кесене еденіне топырақ жайылып, оның үстіне жалпақ тастар төселінген. Қабырғалары 3 м-дей көтеріліп барып, көлденең бөренелермен жабылған. Бұлардың барлығы — тас калаудың қола дәуірінде қалыптасқан ежелгі дәстүрінің белгілері.

Кесененің жалпы биіктігі 6 м шамасында. Оның тең жарымына жуығы күмбез шығаруға арналған. Ежелгі заманның сәулетшілері кешенді мәңгі бұзылмастай етіп тұрғызған. Бірақ бергі кезде алтын қазына іздеушілер ("төмпешікшілер") оның есігін, табанын әжептәуір қиратқан. Қазір қалпына келтірілді.

Ел ішіндегі "дің", "дың" деп аталатын ескерткіштер осы Домбауыл кесенесі үлгісіндегі жәдігерлерге қаратыла айтылады. Қозы-Көрпеш - Баян-сұлу кешені де осындай құрылыс. Ә. Марғұланның айтуынша дындар Қазақстанда Торғай, Кенгір өзендері бойында көбірек кездеседі. Бұлардың




барлығы Орта Азияға мұсылман діні таранғанға дейін VI-IX ғасырларда тұрғызылған ескерткіштер (185.7-9).

Домбауыл есімі тарихи жазбаларда да, аңыз әңгімелерде де көп кездеседі. Ол қазақ шежіресінде, жыр-толғауларында жиі айтылады. Бұл ескерткіш жайлы ең алғаш зерттеу еңбектер жазған Ш.Уәлиханов. Соңғы жылдары Домбауыл дыңына да қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Ұлытау-Жезқазған өңіріндегі тарихи, мәдени және археологиялық ескерткіштер жайлы қысқаша баяндап шығудың өзі ора-



Дузен мазары



Сырлытам

сан үлкен жұмыс. Әңгімеміздің сыртында қалған Сырлытам, Дузен (Жүзен), Ерден батыр, Жансейіт, Киікбай, Шегір, Алтыбай, Бұзау сияқты сыр мен сымбатқа бай жәдігерлерді қалай сипаттасақ та артық емес, олардың әрқайсысы арнайы зерттеуге тұрарлық кесек туындылар... Ең бастысы – Алашахан, Жошыхан мазарлары салынған заманда, тіптен одан көп бұрын Ұлытау өңірінің халқы кірпіш күйдіріп, түрлі керамикалық бұйымдар жасауды, сапалы бояудың неше түрін әзірлеуді, геометриялық дәлдікпен және алдын ала жасалған (сызылған) жобамен күрделі құрылыстар салуды жете меңгергендігі. Бұған



Айранбай мазары



Сандыбай батыр кесенесі



Ерден мазары

осы өңірдегі ескерткіштердің өздері-ақ куә бола алады (23.209).

Ұлытау-Жезқазған өңіріндегі тарихи және мәдени мұралар тамыры сонау осы өлкеге адам аяғы тиген кезеңнен күні бүгінге дейін жалғасын тауып жатқан халықтық материалдық туынды ретінде танылады. Біле білсек, олар — рухани сабақтастықтың да жанды көрінісі. Осы уақытқа дейін қанша зерттедік десек те, көптеген ескерткіштердің сырына толық қанық емеспіз. Білетін ескерткіштерден білмейтін ескерткіштер көбірек. Мысалы, 1862 жылы Ұлытау өңі-

рінде әскери-стратегиялық зерттеулер жүргізген бас штаб офицері Н.Красовский тек қана Қаракеңгір өзені алқабында 100-ден артық қызыл кірпіш пен табиғи тастан салынған сәнді үйлер бар деп жазады. Бүгінгі ұрпақ үшін солардың бәрі ескерткіш. Біз болсақ, олардың бес-алтауын ғана білеміз. Қалғанының жұрты да белгісіз.

Сондай-ақ қазан төңкерісіне дейін бүгінгі Ұлытау ауданы орналасқан аймақта 40-50 мешіт-медресе болған екен. Кеңес үкіметі тұсында олардың барлығы дерлік қиратылды. Қалқиып қабырғасы қалғандарын саусақпен санап шығуға болады: Дулығалыдағы Құлмұханбет ишан мешіті, Сарыкеңгір өзені бойындағы Қонысбай мешіті, Сарысу өзені бойындағы Айтболаттың Ақшиі деген жерден салынған Ахметжан мешіті, Қорғантастағы Ахмет ишан Оразайұлының медресе-мешіті... Ел өмірінің бір кезеңі үшін бұлардың барлығы баға жетпес ескерткіштер, халықтың рухани орталықтары. Олар сақталуға, қорғалуға тиіс қана емес, жөнделуге, болашақ ұрпаққа аманат ретінде тапсырылуға тиіс.



Бұзау мазары

Ғтадан Қалған асыл сөз

ТӨЛЕК БАТЫРДЫҢ БАТАСЫ

Жоңғарға қарсы аттанған бір жорыққа он бес жастағы Сандыбай әкесінің ұлықсатынсыз, жасырын кетіп қалыпты. Баласының жастығын ойлап артынан қуып жеткен Төлек батырдың айтқанына көнбей, алған бетінен қайтпай қойған Сандыбайға әкесі: “Балам, болмадың ғой, аттан түс, отыр, қолыңды жай, батамды берейін”, деген. Сол батаның бүгінгі күнге бұзылмай жеткен нұсқасы:

“Балам, жауға бармас болар,
Барса жаудан қашпас болар.
Балам, жау қолына түспес болар,
Түссе де шынын айтпас болар.
Балам, жаудан өлмес болар,
Өлсе де адамшылық арын бермес болар.
Балам, амандығыңды Аллаға тапсырдым,
Адамшылығыңды өзіңе тапсырдым”.

Сол Сандыбайдан атақты батыр шығып, оның аты бүкіл бағаналы тайпасының ұранына айналған.




Дұлығалыдағы Құлмұханбет ишан мешіті



Қорғантастағы Ахмет ишан салдырған мешіт





Жаһуда ишан мешіті



Ұлытау-Кішітау-Сарысу өңірінде өлікке там салу үлкен өнер бәсекесіне айналған. Бұл елдің ауқатты қазақтары бақидағы тұрағын өздері іргесінде өскен Алашахан, Жошыхан күмбездеріне ұқсатқылары келген. Бағаналылар жайлы артында көптеген баға жетпес құнды мағлұматтар қалдырған Сабыр Шариповтің жазуы бойынша бұл аймақта қызыл кірпіштен салынған 200-ден артық мазар болған (143.296-299). Бүгінгі күн биігінен қарағанда олардың әрқайсысы өлке тарихының бір беті деуге болады. Қорғалуы, сақталуы қалай десек, мақтанардай ештеңе жоқ. Дүзен кесенесі құлағалы тұр. Бұзау болыстың тамы төрт жерден жарылған. Қотырбұлақтағы аты үш жүзге мәлім алшын Қаражігіт бидің тамы жермен-жексен болып жатыр. Қалғандарының да жағдайлары мәз емес, осыларға ұқсас.

Алтынның қадірін қолда барында біле бермейміз. Ежелгі мұраларымызды ізсіз-түзсіз кеткенде ғана іздей бастаймыз, сосын өкінеміз, опынамыз. Біздегі ескерткіштердің бағасын өзімізден гөрі басқалар жақсы біледі. Оның бір-екі мысалы мынандай.

Андреа Шмидт деген ғалым әйел Ұлытауға келгенде Едігенің басына көтеріліп, оның қорымын құшақтап тұрып: "Едігенің арқасында мен адам болдым, доктор атандым, ел қамын жеген Едігенің арқасында мен өз елімнің даңқын шығардым", – деп жылаған екен. Неміс ғалымының диссертациялық жұмысының тақырыбы Едіге жайлы болыпты. "Еуропа кітапханаларынан Едіге туралы көп дерек таптым, Едіге мені зерттеуші қылды", – деген сөздерді ғалым келіншек қайта-қайта құлшылық қылып, Едіге аруағына сиынып отырып айтыпты.

Жезқазғанға келген Литва мемлекетінің Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Р.Високавичюс 2004 жылдың мамырындағы мысты өлкеге сапарын Ұлытауға, ондағы Тоқтамыс хан бейітіне көтерілуден бастаған. Ол өзінің бұл қадамын: "Тоқтамыс хан біздің князіміз Витовтпен дос болған. Олардың бір-біріне жазысқан көптеген хаттары сақталған. Сондықтан біздің мемлекеттер арасындағы тарихи байланыстар түйіні тым тереңде жатыр. Мен сол бабаларымыз орнатқан достық қарым-қатынасты одан әрі тереңдетуге міндеттімін, сол үшін Тоқтамыс ханның зиратына барып тағзым етуге тиіспін", – деп түсіндірген.

Міне, тарихымызды бағалаудың, оның мән-маңызын жүрекпен сезінудің шынайы көріністері осындай.

Ескерткіштер – ел тарихы, халық мұрасы. Олар келер ұрпақтарды өткен тарихымызды қастерлеуге, елдің ынтымағы мен бірлігін арттыруға қызмет қылады. Сондықтан олар өздерін онан әрі зерттеу, қорғау, сақтау және жөндеуден өткізу үшін қоғамдық және мемлекеттік ұйымдар тарапынан барынша мұқият назар аударуды қажет етеді.








Алаш-алаш болғанда,
Алаша хан болғанда,
Қазақ-қалмақ, ноғайлар
Бәрі сонда бір болған.
Ынтымағы жарасып,
Айдын көлдей дүр болған.
Еділ-Жайық, Оралды,
Өрлей көшіп жайылған.
Хан Жәнібек өлген соң,
Тоқтамыс, Темір болған соң,
Ел ішіне жік түсіп,
Үш бөлек боп айрылған...


Ел аузынан



“АЛАШ -
АЛАШ БОЛҒАНДА...”







Жорамал мен жосық

... Ұлытау – сулы, нулы өлке. Алпыс төрт салалы Торғай батысқа бұрала тартып, Мұғалжардан бастау алатын сексен салалы Ырғызға барып қосылады да, бағытын Түркістанға туралайды... Отыз төрт салалы Кеңгір ежелгі Орда-Базар жұртының етегін ернеулей ағып, бүгінгі Жезқазған қаласын оң мен солынан орап өтіп (оңынан – Жезді Кеңгір, солынан – арналары қосылған Сары және Қара Кеңгір өзендері), сәлден соң барлығы бір арнаға тоғысып, Қызыларай жақтан құлдилаған Сарысумен күш біріктіріп, одан әрі Бетпақдаланың бір шалғайына әр мен нәр беріп, бұл да түпкі нысана етіп Түркістанды алады. Қазақстан картасын зер сала қараған кез келген адамға бұл кереметті аңғару қиын шаруа емес.

Осы өзендер бастау алатын Қарқаралы (Қызыларай), Ұлытау, Мұғалжар тауларының төңірегін сұңғыла Савицкий: "байтақ даладағы қорықтар, жай ғана даму орталықтары емес, этностардың өсіп-өну орталықтары, "киелі орындардың" ең күдіреттілері!", – деп осындай қасиеттерін жәнтәнімен терең сезінген соң барып тебірене толғанған шығар. Тек оның этностар деп көбейтіп айтып отырғаны – бір ғана ұлт. Ол – бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның негізгі халқы – қазақтар.

Ұлытаудың жықпылды жоталарынан жаһұттай жарқырап бастау алатын жылғалар еңіске түсіп, жан-жаққа екпіндей жамырағанда көз алдына Дешті Қыпшақ аруының шолпылары сынғырлап, тарам-тарам төгілген бұрымдарын елестетеді. Осынау ежелгі арналардың бойында көптеп кездесетін ескі тарихымыздың жоталы жәдігерлері "Сулы жер – нулы" деген аталардан қалған асыл сөздің мәнін бүгінгі ұрпаққа жаңа бір қырынан ұқтырғандай.


Солардың ішіндегі ең еңселісі де, ең жұмбаққа толысы да осы отыз төрт салалы судың біразының басын қосатын Қаракенгір мен Сарыкенгір өзендерінің бір арнаға тоғысар тұсында тұрған Алаша ханның асқақ мазары.

"Алаш" және "Алаша хан" атауларының шығу тегіне байланысты бүгінгі күнге дейін ғылыми тұрғыдан көңілге қонымды тиянақты тұжырым жасалған жоқ. Тіпті Ұлы Даладағы ежелгі тарихи-мәдени ескерткіштердің бірегейі болып табылатын Ұлытау етегіндегі Алаша хан мазарының салыну мерзімінің өзін анықтауда археологтар мен тарихшылар әзірге IX-XVI ғасырлар арасын шиырлаудан аса алмай, әрқайсысы әртүрлі болжам-жорамалдарын айтумен ғана шектеліп келе жатыр.

Бір ақиқаты, Алаша хан – біздің халқымыз үшін үлкен еңбек сіңірген ұлы тұлға, артында қалған қалың елінің шынайы махаббатына бөленген жан. Бұған ханға салынған мавзолейдің архитектуралық бітімбейнесі, көркемдеу-кескіндеу тәсілінің қайталанбастығы бұлтартпас дәлел.

Қазіргі Жезқазған қаласындағы бұрынғы Ленин ескерткіші тұрған алаң "Алаш алаңы", ал сол жерден бастау алатын шаһардағы ең үлкен көше "Алашахан даңғылы" деп аталады. Әрине тұтас бір ұлттың атының баламасына айналған кеменгерді қадірлеу, кастерлеу өте орынды. Алайда ол кім болған, халқының қамы үшін қандай шаруа бітірген тұлға деген сұрақтарға келгенде, кесіп-көсіліп айтуға әншейінде сайрап тұрған тіліміз еріксіз кібіртіктеп, әркім өз білгенінше біреу оқыған, біреу естіген әңгімелерін алға тартады. Топшылау көп болғанмен, тұжырым жоқ...

Сондықтан "Алаш" пен "Алаша хан" атауларына байланысты бұрыннан айтылып




жүрген әңгіме-аныздармен бірге өзіміз әртүрлі дерек көздерінен кездестірген басқа да мәліметтерді алға тартып және солардан туындайтын қорытындылар төңірегінде ой қозғап, пікір білдіру – осы бір ұлт тарихындағы мәңгі сұраққа айналған толғамы көп тақырыпқа тосындау көзқарас ретінде қабылданатыны да түсінікті жай.

"Алаш" сөзі біздің ұғымымыздағы мағынасында ежелгі жазбаша тарихи еңбектер ішінен ең алғаш рет Қадырғали Жалайырдың 1602 жылы жазылған "Шежірелер жинағында" кездеседі. Онда атақты Тәуекел ханның інісі Ондан сұлтанның баласы Ораз-Мұхаммед ханзаданың Қасимов хандығының тағына отырғандағы тақ құрылымын көрсете келіп, оның Майменесі (оң қолы) Жалайыр Қадырғали бек (автордың өзі), Саманай бек және Майсарасы (сол қолы) Арғын Шаш бек, Қыпшақ Төкей бектердің болғандығын жазады. Солай дей келе, Көк Орданың ханы Ұрыстың (бүгінгі тарихшылар Орыс деп жазып жүр) Майсарасы Алаш мыңынан құрылғандығын айтады (58.124-126).

"Қазақ шежіресі" атты еңбегінде Шоқан Уәлиханов: "Қазақ немесе алаш елінің о бастағы шығу тегі қайдан деген сұраққа халық арасындағы жыр-дастандардан қанағаттанарлық тәп-тәуір түсінік алуға болады. Егер Темірдің Тоқтамыс ханға қарсы жорығы 1392 жылы басталса, сол жылы қазақтардың алғашқы ханы – Алаш пен оның балалары өлтірілсе, шамамен мөлшерлеп, Алаштың XIV ғасырдың орта шенінде ғұмыр кешкені анықталады", – дейді (59.111). Шығармаға кітаптың аяғында берілген түсінікте аталған жорықтың 1391 жылы жасалғаны және "Алаш балалары" деген тіркестің қазақ деген атауды білдіретіндігі көрсетілген.

Осы еңбегінде Қадырғали Жалайырдың кітабында кездесетін "Алаш мыңы" ұғымы жайлы Шоқан былай деп жазыпты: "Алаш мыңы деп ертеде жалпы қазақ халқын атаған. Үш Алаш, Алты Алаш, Үш мың Алаш, Алты мың Алаш деген халықтың ескі атаулары сол халықтың нақтылы саны деген ұғым емес, ескі шежірелерде Алаш мыңы дейді де, артынша, халық, ел деп толық-



тырып отырады... Алаш мыңы – мыңдаған Алаштардың одағын, Алаш қоғамын бейнелейтін атау болса керек" (59.118).

Алаш атауы және оның қазақ деген ұғымға қатысы жайлы ой толғаған жалғыз Шокан емес. Ұлтымыздың ұлы ақындары Абай Құнанбаев пен Шәкәрім Құдайбердіұлы да бұл тақырыпты аттап кетпеген. Абайдың "Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы" еңбегіндегі мына жолдарды әңгіме үстінде тағы бір еске түсіргеннің артықшылығы жоқ: "Ахмет хан қалмақты көп шауыпты, көп қырыпты. Қалмақ рахымсыздығына қарай "мынау бір алашы болды ғой" депті, жан алушы болды дегеннің орнына. Сондықтан ол кісі Алаша атаныпты. "Бабырнамада" солай жазылған. Сонан соң хан бұл атты қалмақ қорыққаннан қойды ғой, енді сіздер шапқан уақытта "алашы-алашы" деп ұран-сүрен салыңыз деп бұйырып, бұларға айғай салғанда көп жанның айғайымен "алаш-алаш" деп кетіпті. Сондықтан "алаш-алаш болғанда, Алаша хан болғанда, қалмаққа не қылмап едік" деп, алаш ұранды қазақ атанған есебі сол екен" (60.233-234). Ал Шәкәрім болса, өзінің "Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі" атты айтулы шығармасында осы әңгіменің жалпы мазмұнын сақтаған (61.23-24).

Бұл пікірлердің туындау төркінін Абайдың өзі сілтеме жасап отырған Моғол империясының негізін қалаушы Захир ад-Дин Мұхаммед Бабырдың (14.02.1483 – 26.12.1530) әйгілі еңбегі "Бабырнамадан" табамыз. Бабыр Сұлтан Ахмед ханның елге Алаша деген атпен танымал болғандығын айтады (62.81). Сұлтан Ахмед – Бабырдың шешесі Құтлық Нигер ханымның туған ағасы. Олар Шағатай әулетінен шыққан Жүніс ханның балалары.

Абай мен Шәкәрім жазып отырған "Бабырнамадағы" Алаша ханның (Ахмет хан) қазаққа ешқашан хан болмағандығы, оның Моғолстанның ханы екендігі және қай жерде қашан өлгендігі жайлы белгілі ғалым Қойшығара Салғариннің "Қазақтың қилы тарихы" атты кітабында (63.135-136) жан-жақты баяндалғандықтан бұл дерек-

Ө Л К Е Т А Н У

Ө Р І С І



**Сабыр
Шарипов
(1882-1942)**

Ұлытау өңірін жайлаған ел жайлы көптеген әдеби, деректі және тарихи-этнографиялық шығармалардың авторы. Олардағы құнды мәліметтер күні бүгінге дейін осы өңірді зерттеушілер үшін бірден-бір дерек көзі болып табылады.



Хорезм шахының ұлы Джалалатдиннің Инд өзенінен өтуі (Масуд ибн Осман Кухистанидің «Тарихи-Абулхаирхани» атты кітабынан. 1540 ж.)

терді тек қозғап отырған мәселенің мәнін айқындай түсуге септігі мол шолу ретінде ғана қайталап отырмыз. Біз үшін ең маңыздысы — Захир ад-Дин Мұхаммед Бабыр Ахмет ханды Алаша хан деп атап отырғанымен, оны қазаққа телімейді. Ол өз еңбегінің өне бойында ұлтымызды өз атымен қазақ деп жазады.


Алаш ұғымының қайдан шыққандығы жайлы өз пікірін халқымыздың төл тарихшысы Құрбанғали Халид "Тауарих хамса" атты еңбегінде былай баяндапты: "Алынша ханға ыңғайлап "алаш ұранды ағайынбыз" деген ақылға қонымдырақ. Себебі Алынша хан заманында халық мұншалық өспей, аз кезде татар, маңғұл айырылмай бәрі "Алынша ханның елі, Алынша ханның жұрты" атынып, бұл сөз осы кезге дейін ұмытылмай "алты сан алаш" деп айтылады. Сонда "сан" маңғұл, татар тілінде он мың басшысына тән қойылған атак. Осыған қарағанда Алынша ханның 60 мың



Шөген ойыны (Арифидің «Ойна, шөген» атты дастанындағы сурет. 1524 ж.)

жасағы, мүмкін 60 мың түтін болып, осынша сан бір әміршіге бас игені, ол заманда мемлекетке есеп берілетін-ді. Ал, "алты сан алаш" сөзі көптігіне ишара болса керек. Кезінде бұл сөз анық мағынаға ие болғандықтан, қазір де асыра сілтегенде айтылады. Алынша Нух пайғамбардың баласы — Яфастың төртінші немересі. Ал, Алыншаның отыз тоғызыншы немересі Шыңғыс хан" (64.55-57).

"Алаша хан" және "Алаш" этнонимдері жайлы сөз қозғап, пікір білдіргендер қатарында жоғарыда шығармаларын атап көрсеткендерімізден басқа да бұрынғы және бүгінгі көптеген авторлар бар. Олардың барлығының еңбектеріне тоқталып, талдап өту мүмкін емес. Әрі қажеті де шамалы деп ойлаймыз. Өйткені негізгі пікірлер әрдайым қайталанып отырады. Жосық-жорамалдардың түбірлері сабақтас болған соң, әңгімелер де сарындас құрылады. Алайда, көтеріп отырған тақырыбымызды



толықтыра түсетін тағы екі-үш деректі баяндап өтуге тиіспіз.

"Алаш" атауына байланысты нақты ғылыми деректі алға тартып, мерзімді баспасөзде соны пікірлер білдіріп жүрген тарихшы Берекет Кәрібаевтің "Қазақ тарихы" (№5-6, 1994) және "Ақиқат" (№12, 1994) журналдарында жарияланған талдау-зерделеу тұрғыдағы еңбектерінің қысқаша қорытындысы ретіндегі "Ұлттық энциклопедияға" дайындаған мақаласын толық келтірейік: "Алаш баһадүр (XIV ғасырдың екінші жартысы – XV ғасырдың бірінші жартысы) – Дешті Қыпшақтың атақты батырларының бірі, аймақ билеушісі. "Тарих-и-Абулхайрханида" (XVI ғ. 1-ші жартысы) 16 жасар Әбілқайыр хан (1412-1469) тұтқыннан босап шығып, 1428 жылдың желтоқсан – 1429 жылдың наурыз айларында Алаш баһадүрдің жұртында болады. Дерек автор Масуд ибн Осман Кухистани Алаш баһадүрдің ең қуатты тайпалардың бірін билегенін айтады. 1429 жылы 17 жасында хан болып сайланған Әбілқайыр көрсеткен еңбегі үшін Алаш баһадүрге және оның аймағына сыйлық береді. Өзінің жарлығымен Алаш баһадүрді аймақ билеушісі етіп қалдырады" (52. 249).

Бұл деректің тарихшылар үшін құнды екендігі ақиқат. Дегенмен осы баһадүрдің бүкіл қазақтың жүрегіне ұялаған, ұлты-

мыздың бастауында тұрған Алаша хан бейнесінен алшақтау адам екендігін де байқауға тиіспіз. Өйткені, біріншіден, Әбілқайыр өзбектің ханы. Екіншіден, Дешті Қыпшақ даласы аса үлкен аймақ. Алаш баһадүр Ұлытауда тұрды деп кесіп айта алмаймыз. Үшіншіден, бұл қазақтың тілінің қалыптасқан кезі. О заман түгіл, одан бұрынғы кезендерде де қазақтың баһадүр сөзін қолданбағандығын, батырын қазіргідей батыр деп атағандығын түрлі әдеби-тарихи нұсқалар арқылы білеміз. Оны (Алашты) хан ретінде көрсету Кухистани жазбаларының төңірегіндегі жорамал мен қиялдың жемісі. Сондықтан киелі Ұлытау етегіндегі Алаша хан мазарын Алаш баһадүрдікі деу үшін жалғыз деректің аздық ететіндігін де мойындауға тиіспіз...

Шокан Уәлихановтың "Қазақ шежіресіне" жасаған ескертпелерінде төмендегідей жолдар бар: "Шыңғыс хан тұқымдары, Мұхаммед ұрпақтары – қожалар қазақ арасында ақсүйектер деп аталады. Жай халық ақсүйектермен салыстырғанда – кара, кара халық деп аталады. Сұлтандар ешқашанда Алаш қауымының адамы деп танылмаған. Барлық дүбірлі жиындарда "Алаш" деген ұранды естігенде, тек таза қанды кара халық қана көтерілетін болған, ал сұлтандар мен олардың қалмақтар мен қазақтардан құралған құл-құтандары жиылып, өздері-



Шөген ойыны (белгісіз Қытай суретшісі жібек матаға салған. XVI ғ.)

нің ұрандары "Арқар" деп ұмтылатын" (59.119).

Белгілі тілші-ғалым, академик Рабиға Сыздықованың "Сөздер сөйлейді" атты кітабында "Алаш" сөзі халық, қауым, ел, жұрт, сияқты ұғымдарды білдіретіндігі айтылады (65. 29-30). Бұл деректердің мән-мағынасына үңілсек, "алаштын" төрелерден бөлек қауым болғандығын көреміз. Қазақ елі, қазақ қауымы да соның бір бөлігі екендігіне дау болмаса керек.

Осы тұста "Алаш" және "Алаша хан" атауларына тікелей байланысты, кеңес кезінде де, одан кейінгі өткен аз ғана уақыт ішінде де зерттеушілер назарынан тыс қалып, ғылыми айналысқа түспеген орыстың эмиграцияда (АҚШ) өмір сүрген аса көрнекті тарихшысы, еуразиялық қозғалыстың негізін қалаушылардың бірі Георгий Владимирович Вернадскийдің 1913 жылдың 2 қарашасында С.-Петербург университетінде оқыған лекциясында келтірген аса құнды деректі тұңғыш рет түпнұсқасын бұзбай оқырмандар назарына ұсынғанды жөн көрдік. Г.В.Вернадский былай депті: "Шыңғысхан әулетінен шыққан патшаларға бағынған Русь жері саяси жағынан Тынық мұхиттан Жерорта теңізіне дейін созылған орасан ауқымды тарихи әлемге кірді. Бұл әлемнің саяси құлашы XIII ғасырдағы монғолдардың ұлы құрылтайларынан анық көрінеді; бұл құрылтайларға (Орта, Солтүстік және Шығыс Азия билеушілері мен көсемдерін, монғол нояндарын есептегенде) орыстың ұлы княздары, грузин және армян патшалары, икония (сельджук) сұлтандары, кирман мен моссулдің атабектері және т.т. қатысатын. Құрлықтың небір қиыр шетінен монғол билігінің орталығына адамдар әкімшілік, сауда және басқа да шаруалармен келіп тұруға тиісті болатын...

Монғол империясының 1331 жылғы картасы осы империялық біртұтастықтың бұлтартпайтын құжаты болып табылады. Бұл сызбада Монғол империясы сызықтармен бірнеше бөлікке бөлінсе де, олардың бәрі тұтас бір елді құрайды...

Осы сызбаға сәйкес Русь жері (монғол сызушысы "А-ло-ш" деп белгілеген...)

бүкіл дүниемен пара-пар болатын азиялық ұлы әлемнің солтүстік-батыстағы ең шеткі түпкірі болып табылады. Алайда, Русь жері бұл әлемнің дербес бөлігі емес; ол ұлы ханға тікелей бағынбайды. Орыс жері Жошы ұлысына кіретін Үзбек патшалығының құрамында тұр" (44.566-567).


Вернадскийдің бұл мәліметінен осы уақытқа дейін айтылмаған тосын тұжырым туындайды. Ол бойынша жаулап алынған орыс жерлері Жошы ұлысының құрамына "Алаш"(Алош) деген атпен кірген. Меніңше, осы деректің өзі-ақ ендігі жерде зерттеушілерді бүгінге дейін сыры ашылмай келе жатқан "Алаш" этнонимінің мән-мағынасына тереңірек бойлауға міндеттейді.

Хайуанаттық нақыш үлгісіндегі алтын білезік



Бұл дерек Шоқан Уәлихановтың "Қазақ шежіресіндегі" пайымдауларының ауқымын одан әрі кеңейте түседі. Ол айтып отырған "Үш Алаш", "Алты Алаш", "Үш мың Алаш" сияқты ұғымдардың Монғол империясына қосылған елдер мен ұлыстардың санын көрсететіндігін күмәнсіз қабылдаймыз.

Төре тұқымының (Шыңғыс хан ұрпақтарының) Алашқа жатпайтындығының да сыры осында: олар – жаулап алушылар, ал алаш балалары – жауланған елдердің адам-



Хайуанаттық нақыш үлгісіндегі қола шамдал

дары. Бүгінгі тілмен айтсақ, "Алаш" дегеніміз – империя деген сөз. Дәл қазір оған сол заманда қанша елдің, қанша ұлыстың, қанша қауымның кіргенінің өзін түгендеп санап шығу оп-оңай шаруа емес. Тарих бір орнында тұрған жоқ, қаншама рет дүние мың айналып, бірнеше дәуірлер өтті. Талай мемлекет жер бетінен жоғалып, талай жаңа елдер, жаңа ұлттар дүниеге келді. Соның бірі – кешегі қазақ хандығы, бүгінгі Қазақстан Республикасы. Сондықтан қазақтың қазіргі алты алаш деп жүргені, Шоқан жазғандай бағзы замандардағы мың сан елдерден империя ыдыраған тұста қалған жұқана болуы әбден ықтимал.

*Алаш-алаш болғанда,
Алаша хан болғанда,
Қазақ-қалмақ, ноғайлар
Бәрі сонда бір болған.
Ынтымағы жарасып,
Айдын көлдей дүр болған.
Еділ-Жайық, Оралды,
Өрлей көшіп жайылған.
Хан Жәнібек өлген соң
Тоқтамыс, Темір болған соң,
Ел ішіне жік түсіп,
Үш бөлек боп айрылған.
Қазақ, ноғай қаблада
Мұсылманға жан тартып,
Дін үшін қатты қайғырған.
Қалмақ, монғол бөлініп,
Кәпірлігі білініп,
Күн шығысқа қайрылған.*

*Ішін бұды сонда көп,
Алтайды мекен жай қылған,—*

деген ежелгі ел аузындағы жыр – Шыңғысхан сарбаздарының сапында Алтайдың арғы жағынан келген бабаларымыздың сол бір ынтымағы жарасып, жарты әлемді ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған дәуірлерін аңсаудан туындап, бүгінгі күнге дейін өшпей жеткен, мәніне бойлаған адамға көп жағдайды аңғартатын санамызда сарнап тұрған сай-сүйегінді сырқыратар сарын...


Ал, енді Алаша хан кім? Қалың қазақ үшін қадірлі, қасиетті Ұлытаудағы Алашахан мазары кімдікі? Осы сұрақтар төңірегінде ойланып, толғанып көрейік. Бұл мазарда Ахмет ханның да, Абулжаның да, Алашаның да, Хақназар ханның да сүйектерінің жатпағандығы қазіргі кезеңде анық белгілі болып отыр. Бұл мәселе ғылыми тұрғыдан әбден дәлелденіп, бұрынғы жасалған жорамал-жосықтар іс жүзінде күн тәртібінен түскені көзі қарақты оқырмандардың барлығына мәлім.

"Алаш" сөзі империя ұғымын беретін болса (бұл жайлы жоғарыда айттық), онда "Алаша хан" император (қаған – хандардың ханы) деген мағынаға ие екендігі айтпасак та түсінікті. Монғол империясын басқарғандардың (империя 1206 жылдан 1294 жылға дейін өмір сүрді) Шыңғыс қағаннан өзгелерінің (Өгедей, Күйік, Мөңке, Құбылай) барлығының бақида жамбастары тиген жерлері белгілі. Екіншіден, Шыңғыстан басқалары Ұлытау аймағынан алшақта өмір сүрді, билік жүргізді. Сондықтан қисынға келсек, Алаша хан мазары тек қана Шыңғыс хандікі болуға тиіс. Бұл болжамды бізге дейін де айтқандар бар. Ол пікірлерге кейінірек тоқталамыз.









Ақиқатқа жетелейтін аныздар

Қазақ арасында Алаш, Алаша хан жайлы айтылатын аңыздар жетіп артылады. Олардың барлығы XIX ғасырда қағазға түскен. Солардың екі-үшеуіне тоқтала кетейік. Бірінші әңгіме – аңыз Омбы қаласында 1888-1902 жылдар аралығында шығып тұрған "Дала уалаяты газетінен" ("Киргизская степная газета") алынды. Ол басылымның 1897 жылғы 13, 14 және 18 сандарында жарияланған. Әңгіме астына Атбасар оязындағы бағаналы қазақтарының аузынан жазып алғандығын ескертіп, Ақмола облыстық сотында тілмаш болып қызмет атқаратын білгілі тілші, кейіннен Алашорда үкіметінің белсенді мүшесі болған Отыншы Әлжанов қолын қойған (41.667).


Алаша хан һәм оның баласы Жошы хан турасынан қазақ арасында бар сөз

Шежіренің һәм елдің айтуынша қазақтың әуелгі ханы Алаша хан деген болған екен. Түркі халқының бәрі де өздерін өзінің батырларының, не хандарының есімімен атамақ ресім екен. Сол себепті қазақтар өзін "алаш" деп, яки "алаштың халқы" деп атаған. Мұны қазақтың мақалы да көрсетіп тұрады. Мәселен: "Алаш алаш болғалы, Алаша хан болғалы" деген қазақтың мақалы бар. Қазақтар һәм қайсы бір Сібірдегі ноғай халқы һәм қазақ халқы бір хан болып тұрған деп ойлауға мүмкін. Қиыншылық болған уақытта қазақ һәм ноғайлар бір-біріне айтады: "Алаштың азаматы емеспіз бе!", – деп. Алаша ханның кім екенін, оның қайдан шыққанын мынадай қылып айтады:

Алаша хан Бұқар ханның баласы екен. Бұқар ханның баласы әлденеше екен. Хандық орынды жалғыз-ақ үлкен баласына береді де, өзгелеріне бір-бір облыс қана билеп тұруға

қалдырады екен. Алаша кенжелерінің бірі болып мінезі бұзық, өзі күшті жауынгер ер туған. Бұл шаһарға бас болып тұрғысы келмей, толық хан болғысы келіп, Бұқарда толық хан бола алмайтын болған соң, өзге жерден хандық іздеуді ойлап, бөтен жаққа баруға әкесінен сұрады. Әкесі оған рұқсат қыла қоймайды. Анау ыңғайы келген жерде сұрай берді. Ақырында әкесі қасына қол жиып алып, бөтен жақтан өзіне бақ іздеуіне рұқсат берді. Алаша ханға көп ерлер жиылды. Осы әскерімен Алаша хан жүріп кетіп, көп жерлер аралап жүріп, нешелер мехнат көріп кезіп






жүріп-жүріп, Алаша хан қазақ ішіне келген екен. Бұлар көп құрмет тұтып, көп меймандостығын көрсетті. Қазақ халқы өзіне ұнаған соң Алаша хан мұнда қалған. Қазақ сол уақытта көшпелі екен. Ер, өзі шешен, зейінді адамды өздеріне бастық қылып қойып, қазақтар соның айтқанына ұйиды екен. Біраздан кейін Алаша хан ерлігін де, шешендігін де, зейіні барлығын да көрсетті. Өзінің қолымен Алаша хан жауды әрқашан жеңе берген. Әрі-беріден соң өзін қазақтар хан қойған. Алаша ханның аты өзге екен. "Алаша хан" деп қазақтардың қойған аты, себебі: өзі ала киімге әуес екен. Мүлде ала киім киеді екен.


Және де Алаша ханды бір түрлі қылып айтады. Бұл айтқанында да оны Бұқар ханның баласы еді дейді. Алаша хан жасында алапес болған соң өзіне жүз кісі нөкер беріп, шаһардан қуып жіберген екен "алапессің, жазылғанша мұнда келме" деп. Неше жерді аралап,

аяғында қазақ жеріне келген екен. Оны мұнда бек құрмет көрсетіп, қонақ қылыпты. Содан кейін қазақ арасында тұрып қала беріпті. Біразда-ақ қазақтар ол ақылды ер болғасын, өзін жақсы көріп хан қойыпты. Алаша хан өзі мықты, ер хан болыпты. Оның уақытында қазақ айналасындағы жаудың бәрін жеңіпті, жалғыз атын айтса, дірілдеп қорқатын етіп. Қазақ ханының ерлігі, күштілігінің даңқы алысқа жетті. Мұны Алаша ханның әкесі Бұқар хан да естиді. Әкесі баласының мұндай болғанына қуаныш қылып, көруге құштар болып, мынау деген жігіттен жүз жігіт жібереді "барып Алаша ханды тауып, Бұқарға шақырып кел" деп. Оннан-мұннан сұрап, Алаша ханды іздеп жүріп, ақырында тауып, әкесінің хатын беріпті. Бұл хатта әкесі өзінің сағынғанын айттып, кел деп шақырған екен. Алаша хан барасын деп айтса да жүре қоймапты. Өзін іздеп келген жүз жігіт Алашаның құрмет





Жөндеуден өткенге дейінгі Алаша хан мазары




қылып сыйлағанына бек шат болып, жата береді. Ақырында мүлде сонда тұрып қалды. Ол кезде Бұқар ханы бұлардан ешбір хабар таппай шақырып еді, Алаша хан онда да бармай қалды. Келген екінші жүз кісі де мұнда тұрып қала берді. Алаша хан өлгеннен кейін қазақ үшке бөлінді. Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз болып. Әлгі оны іздеп келген жүз жігіттің әрқайсысы бір ру ел болды. Бұрын келген жүз жігіт Ұлы жүз деп аталған. Одан соң келген Орта жүз деп аталған, одан соңғы келгені Кіші жүз деп аталған.

Және үшінші түрі қылып айтады: Алаша хан Бұқар ханның баласы еді. Бұқар ханы солтүстік жақтағы халыққа аттанып, көп хандарды орнынан тайдырып, неше елді өзіне қаратып, оларға хан қылып өзінің жақын ағасын, інісін, баласын қойған еді. Сонда қазақ халқына хан қылып өзінің баласы Алаша ханды қойған екен. Қазақтың ықтиярсыз зорлықпен ханы болған себепті Алаша хан қорқып, өзіне Бұқардан һәм өзге жерден жалдап көп нөкер ұстапты. Сол көп әскері болған себепті қазаққа хан болып, халықты жөнге салып ұстап тұрыпты дейді. Қазақ халқы да Алаша ханды өзі ер, әділ, ақылды болған соң жақсы көріпті. Және ол хан болып тұрған уақытта қазақтар айналасын-

дағы жауласқан халқын жеңіп тұрыпты, һәм қайсы біреулерін өзіне қаратыпты.

Алаша ханның жалғыз Жошы деген баласы бар екен. Өзі жасынан-ақ мінезі қаттылығын, ерлігін, қуатын, қисық мінездігін көрсете бастапты. Хан баласының мұңдайлығына разы болып, ойлайды екен, балам менің орнымды басуға тұрарлық деп. Жошы ханды әкесі де, һәм қазақ халқы да еркелетіп, күтіп өсірді. Баланың не қыламын дегенін ешкім қақпай, қазір даяр қылып тұрды. Кішкентай ашуланса айналасындағылардың бәрі қорқып, дірілдеп тұрушы еді. Бәрі де Жошы ханның айтқанын қылып, оған жағуға жаһат қылатын еді. Жошы хан өскесін әкесі өзінің не қыламын деген ықтиярына жіберіпті. Өзі теңдес жастарды қасына жинап алып, ойын-күлкі, ойын-сауықпен жүріпті. Үлкен жиын-той қылып, ел жиып, ат шаптырып, балуан тұрғызып, мылтық атып ойын қылар еді. Тойға келген халықтар күні-түні ойын-күлкіге батар еді, балуандардың күресін көріп. Сонда Жошы ханға не күреске, не ат үстінде, не мергендікке ешкім шақ келмес еді.

Алаша хан баласына қарап қуанады екен. Әрбір сондай тойдан кейін қасына теңдестіріп алып, Алаша хан аңға шығар еді. Сонда аңның қызығына түсіп кетіп, Бетпақта-



лада неше жұмадай жоғалып кетер еді. Осы кезде Бетпақдалада құлан, киік, һәм өзге аңдар көп екен. Алаша хан баласының нөкерлеріне қатты бұйрық береді екен: "Жошы ханның қуғында қасынан қалмай күтіп жүріңдер, жазым болмасын. Егерде бір жаманшылық болса, бәріңе де жаман болады. Кім балаң жазым болды деп айтса, соның аузына еріткен қорғасын құямын", — депті.

Жошы хан аңды көп алған сайын қызыға берді. Бір күні аңды қуып жүріп жолдастарынан озып кетеді. Алдындағы қуып келе жатқан құланы өзге бір үйір құланға қосылып кетті. Жошы хан топ құланға садақ атып еді, олар қашпады, қайта өзіне ұмтылып, басып-жаншып, тістеп өлтіріп кетті. Жалғыз бір шынашағы сау қалыпты. Өзгесін аң жеп кетіпті. Жошы ханның жолдастары артынан іздеп келіп сүйегін жинаған екен, жалғыз шынашағынан басқасын таба алмапты. Бұл шынашақты жібек бұйымға орап алып нөкерлері елге келіп, ешқайсысы Алаша ханға айтуға батпапты. Сол уақыт-

та Кетбұғы деген Алаша ханның жақсы көретін ақыны бар екен, қарт екен. Алаша хан бос уақытта оған өлең айтқызып, естіп отырады екен. Кетбұғы Жошы ханның өлгенін есіттірмекші болды. Домбырасын алып, сұраусыз ханның үйіне кіріп келіп айтты:

— Құдай тағаланың рахметі жаусын саған, һәм сенің қол астындағы барлық жанға, бұлардың тыныштығын тілеймін, — дейді.

— Саған не керек? — деп Алаша хан сұрады.


— Тақсыр хан, сенің қуанышың — менің қуанышым, сенің қайғың — менің қайғым, — деді Кетбұғы.

— Мен бүгін бір жаман түс көрдім, менің қайғым қатты, жүрегім жарылып бара жатыр. Сол себепті үйіңе рұқсатсыз кіріп келдім, жалғыз-ақ саған басқа түскен қайғымды айтуға. Басыма не қайғы түскенін айтпаймын, бұл турадан менің домбырам айтсын, — деді Кетбұғы.

Домбыраның шегін күйге түзеп алып, Кетбұғы тарта бастады. Алаша хан құла-



Жөндеуден өткенге дейінгі Жошы хан мазары



ғын салып тартылған мұңды есітіп отырып айтты: *Не себептен сен мұндай зарлы күйлерді тартасың?* — деп.

— *Басыма бір қайғылы күн туды, тақсыр хан, — деп домбырашы қысқа жауап берді де, тоқтамастан домбырасын шерте берді зарлы күйге салып.*

— *Бұл не ғажап?! — деп Алаша хан айтты: Япырмай, менің Жошы ханым бірдеңе болып қалды ма, мұны аң жеп қойды ма?..*

— *Тақсыр хан, Жошының өлгенін жалғыз өзіңізден естідік, — деп үйдің сыртында халық шулап қоя берді.*

Бұл хабар сондай жаман болды, хан Жошы баласының өлгенін естіп, талып қалды. Жиналған халық ханды су бүркіп, тұрғызып алды. Есін жиып алып, Алаша хан зарлап жылады. *"Жошы! Жошы!.. Қайдасың, жалғызым"* деп... Мұның екі көзінен бұлақтай болып жас ақты. Еш адам үйге кіріп, ханды уатуға бата алмады.

Осындай жылаумен тамақ ішпей Алаша хан үш күн, үш түн жатты. Мұның халқы

жиылысып, ақылдасты, қалайша ханды уатып, көңіл айтып жылағынын қойғызсақ екен деп. Ешбір адам Алаша ханның үйіне кіруге батпай, барша жиылған адамдар тыста қамалып тұрады.


Алаша ханның бір ақылды қатыны бар еді, еріне ой түсіріп көңілін баспаққа ақыл қылды:

— *Хан сен қайғырып жатырсың, халқың ғау-ғау етіп, бүлік шығарып жатыр, — деді. "Неге менің халқым бүлік шығарып жатыр", — дейді хан.*


— *Сенің халқың екі дай болып жатыр. Себебі бір бай өзінің тамырына бір уақытта ат басындай алтын берген екен, уақытында мұндай бірдеңе берер деп. Ол тамыры ештеңе бермеген соң, "өзім бергенімді бер" деп жатыр. Жуырда бұлар биге түсті. Жартысы: "қайырмауға тиіс" дейді.*

— *Ау, олары қалай? Билікті әділ айтпаған. Сыйды ала білген кісі бере де білсе керек емес пе? Алтын алғанды шақыр мұнда, — дейді хан.*

— *Ұлы хан, кішкентай сабыр етіп, маған сөз бастауға рұқсат қылыңыз. Алла тағала*



Домбауыл кесенесінің жөндеу жүргізілгенге дейінгі көрінісі



баланы саған өзі берді, өзі алды. Құдіреттің хукіміне көну керек. Алла тағала Жошы ханды саған сыйлап еді, сыйлаған Аллаға сен де сыйлай біл, қайғырып жылыма, құдайдың рахметі көп, таусылмайды, — деді. Бұл сөз көңіліне кіріп, Алаша хан қайғыруын қойды.

Алаша ханның Домбауыл деген бек қуатты құлы бар еді. Өзінің байына ақ көңілімен қызмет қылатындығын, һәм ерлігін Жошы хан бек жақсы көреді екен. Домбауыл да Жошы ханды жақсы көреді екен. Жошы ханның өлгенін естіген соң ант ішіпті: "Құланның бірі қалғанша қырамын", — деп. Домбауылдың екі жүйрік аты бар екен. Біреуі — "Қабанқұлақ" деген, біреуі — "Әңкей" деген. Сол аттарының бірін мініп, бірін жетектеп алып, Жошы ханды өлтірген құлан жатқан аралға қарай жөнеліпті. Құландар Домбауылды көрген соң-ақ Бетбақдаладан өте, Шуға қарай қашқан екен. Домбауыл қуып жетіп қыра беріпті. Соншадан бес-ақ құлан тірі қалып, қорқып сол бесеуі де Шудан өтіп кетіпті. Ол бес құлан өткен жерді осы күні "Бес құлан" деп атайды. Бес құлан деген жерден бес шақырымдай арада таудың бауырында Қабанқұлақ деген аты зорығып өліп, ол араны "Қабанқұлақ" қойыпты. Онан әрмен бес шақырымдай барған соң, екінші аты — Әңкей өлген екен. Ол араны "Әңкей" қойыпты. Осы күні сол араны Әңкей деп атайды.

Ал енді екінші бір аңыз-әңгімеге келейік. Ел жадында ертеден сақталып келе жатқан тамаша бір, бүкіл жан дүниенді баурап алатын аңыз күй бар. Ол — "Ақсақ құлан" күйі. Осы күй туралы атақты музыка зерттеушісі, академик Ахмет Жұбанов "Ғасырлар пернесі" жинағында (66.12-13) мынадай әңгіме айтады:

Ханның маңдайына біткен жалғыз ұлы Жошы құлан аулауға құмар екен дейді. "Құлан аулау қоян аулау емес, қауіп-кәтері көп" деп оны аңға жалғыз жібермейді екен. Күндердің күнінде ханзада әкесінен ұрланып, аңға бір өзі шығып кетеді, бір жерлерге келгенде жайылып жүрген бір үйір құланды көреді. Қуанғаннан екі көзі жайнап, қорамсағынан сұр жебесін суырып



Домбауыл кесенесі жанындағы көне құлпытас

алады да, жазықсыз жануарларды қынадай қырады. Қырудың қызығына түсіп кеткен ол, оғының таусылғанын да білмей қалады, ханзаданың қауқарсыз халін сезген көсем құлан оны қос өкпеден қос аяқтап теуіп айдалада өлтіріп кетеді.

Ұлы хабар-ошарсыз кеткен соң, бір сұмдықты білген хан жаман атты естуге дәті бармай, былай деп жар салады: "кімде кім баламның өлгенін естіртер болса, аузына қорғасын ерітіп құямын". Мұндай сөзді естіген соң, жаман хабарды барып айтуға кімнің батылы жетсін! Ешкім тіл қатып, тіс жармайды.

Бір күні тақта отырған ханның алдына қызметшісі жүгіріп келеді: "Алдияр тақсыр, ханзаданың хабарын білем деп есік алдына бірі кісі келіп тұр" дейді ол. Хан "кірсін" деп әмір етеді. Ішке қолында домбырасы бар бір кісі енеді. Хан: "Жолаушым, білгенінді жасырмай түгел айт", — дейді. Сонда күйші қолына домбырасын алып: "Менің білгенімді екі шек пен бір тиек айтып береді", — деп күмбірлетіп жөнеледі.

Күйдін алғашқы шумақтарынан шапқан аттың тұяқ дүбірі естілгендей болады. Көзінің қарашығындай жалғызы үй жанына кеп қалды ма деп жүрегі тулап қоя береді. Ханның жүзіне қан жүгіріп, шырайлана түседі. Бірақ осы мезетте үстіңгі шектен жан дүниенді әлем-тапырық еткен орны толмас өкініш пен қайғының сұмдық сарыны құлаққа келген еді. Домбыра адамша жылап, адамша егілді. Хан қабағын демде қара бұлт жайлап, еңсесі түсіп қоя береді. Қол созған жақсы үміт көзден ғайып боп, көңілін қапалықтың ауыр мұңы басады. Ендігі сәтте күйші құланды көрген ханзаданың қуана салған әнін, ажал алып зуылдай ұшқан сұр жебенің дыбысын, өлімнен қашқан аңдардың тұяқ дүбірін суреттегенде, хан ойы отызға бөлінеді. Күй тілін түсінуді бұған несін жазды екен тәңірі! Күй шарықтап, шырқау шегіне жетті, кенет арындаған екпін кілт үзілді де, домбыра көмейінен жан тәсілім еткен жанның ақырғы демі естілгендей болды. Ханның өңі сазарып қоя берді де, орнынан атып тұрды. Екі көзіне қан толып, бармағын тістелей берді. Күйші бұл кезде бастапқы қаралы тақырыпқа қайта оралып, күй екпіні әлсіреп, қайраты кеміп, дүниеден көшіп бара жатқан пенденің жете алмай кеткен арманын айтып, жанары сөніп бара жатқандай еді. Хан жас жуған жүзін екі алақанымен басып отырып қалды. Бірақ есін тез жинап алды да, өз әмірін екі етпей орындамақшы боп: "Жалғыз ұлымның жапанда мерт болғанын естірттің, жазанды ал ендеше", — деді де, жақсыны да, жаманды да айтпасын, осымен өмір бақи үні өшсін деп, домбыраның көмейіне балқыған қорғасын құйдырады (67.29-30).

Осы тақырып аясында айтылатын ел аузындағы әнгімелердің қатарына "Ақсақ құлан" күйінің қалай шыққаны жайлы аңыз да жатады. Жошы ханның өлімін Шыңғысханға қалың қазақтың аузында аты аңызға айналған, есімі әсіресе Ұлытау өңірін мекендеген елге етене жақын тұлғалардың бірі өз заманындағы кеменгер қолбасшы, дәулескер күйші Кетбұғы есіттірген еді, оның домбырасынан күй төгіп


отырып, Шыңғыс ханға сондағы айтқаны мынау еді дейді аңыз:

*"Уа, иеміз, Шыңғыс хан!
Домбыра не деп жырлайды,
Сарнап дауысын қырнайды,
Құлағың сал осыған...
Ақсақ құлан, қу құлан,
Қияннан қашқан ту құлан,
Қиырсыз құба далада,
Аңда жүрген балаңа
Кез болып бір қашыпты,
Белден белге асыпты.*



Шыңғыс хан (қытай митиатюрасы)

*Ақсақ құлан, Жошы хан,
Елсіз құба далада,
Қат-қат бұдыр салада,
Мекендеп өрген, өрбісіп,
Ордалы құлан жосыған.
Қуып ақсақ құланды,
Мінгені тұлпар құнан-ды,
Ордалы үріккен құланға
Құйғытып ойнап қосылған,
Өлім деген Тәңір ісі,*



*Желіккен құлан әңгісі,
Құнан мен тұлпар еліккен,
Жосыған құлан желіккен,
Балаңды шайнап өлтіріп,
Жалмалап, жалмап кетіпті,
Ордалы құлан шошыған.
Жұрттың аузы бармаған,
Сөзді айтып жырлап зарлаған
Домбыраның балаңды
Естірткені осы, хан!
Өзгеге артпа жалаңды,
Еліктірген балаңды,
Сол қу құлан, ту құлан,
Балаң өлді – Жошы хан!
Нансайшы, ханым осыған!"*

Осыған ұқсас тағы бір әңгіме В.Г.Тизенгаузеннің "Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды" (1941, 2 том) атты кітабында XIII ғасырда Ибн-әл-Асир жазып қалдырған дерекке сүйеніп, былай баяндалады: "Жошы ханның өлімі туралы хабар ордаға жеткенде, оны Шыңғыс ханға естіртуге ешкімнің батылы бармап еді. Ақыры бүкіл әмірлер ақылдаса келіп, Шыңғыс ханның оң тізесін басқан әйгілі әмірлердің бірі Ұлы Жыршыға қолқа салады. Сонда, Шыңғыс хан әдеттегідей Ұлы Жыршыға жыр айтшы деп әмір бергенде, осынау орайлы сәтті пайдаланып, түркі тілінде ол былай дейді:

*Теңіз бастан былғанды,
Кім тұндырар, а ханым?
Терек түптен жығылды,
Кім тұрғызар, а ханым?*

Жыршының сөзіне Шыңғыс хан түркі тілінде жауап береді:

*Теңіз бастан былғанса,
Тұндырар ұлым Жошы дүр...
Терек түптен жығылса,
Тұрғызар ұлым Жошы дүр...*

...Ұлы Жыршы сөз бастағаннан-ақ көзінің жасына ие бола алмаса керек. Сонда Шыңғыс хан былай деп түркі тілінде жыр айтады:

*Көзің жасын жүгіртед,
Көңілің тұлды болмай ма?
Жырың көңіл үркітед,
Жошы өлді болмай ма?*

Шыңғыс ханға жауап ретінде Жыршы түркі тілінде жыр айтады:

*Сөйлемеске еркім жоқ,
Сен сөйледің, а ханым!
Өз жарлығың өзіне жау,
Не ойладың, а ханым?*

Сонда Шыңғыс хан былай деп түркі тілінде жыр айтады:

*Құлынын алған құландай
Құлынымнан айрылдым!
Айырылысқан аққудай
Ер ұлымнан айрылдым!*

Шыңғыс хан осылай деген кезде, бүкіл әмірлер мен нояндар көңіл айту дәстүрі бойынша орындарынан тұрып көрісе бастайды. Жошы хан өлген соң, арада алты ай өткенде Шыңғыс ханның өзі де дүние салады" (7.142-143).

Бұл аңыз әңгімелер қазақтың байтақ даласының басқа өңірі тұрғындарының емес, Жошымен бірге келіп, осы аймақты бірге жайлаған, оны о дүниеге арулап жөнелткен, оған етене жақын елдің адамдарының атадан балаға ауызша мирас болып жеткен жәдігерлері. Біздіңше, зерттеушілердің бұл ерекшелікті де аттап өтуіне болмайды. Әрине, әңгімелер ауызша айтыла-айтыла келе кейбір өзгерістерге ұшырағаны (мысалы, Алашаны Бұқар деген ханның баласы еді деген сияқты) көрініп тұр. Ондағы Жошының қайтыс болуы, қайғылы хабарды Алаша ханға естірту, бұны ханға өзінің жақсы көретін жыршысы Кетбұғының жеткізуі, содан соң Домбауыл батырдың құландарды қырғынға ұшыратуы және т.б. осы оқиғалар жайлы қазақ арасына кеңінен тараған көптеген аңыздарды нақтылай түседі.

XIX ғасырдың аяғында жарияланған "Дала уалаятының газетіндегі" әңгімеге байланысты өз пікірлерімізді білдіріп өткенді жөн көріп отырмыз. Әгәрки, осы мағлұмат Алтын Орда заманында хатқа түскен болса, онда ол ешқандай күмәнсіз бүкіл әлем ғалымдары тарапынан нақты тарихи дерек ретінде қабылданған болар еді. Сөйтіп, Алаш және Алаша хан төңірегіндегі бүгінгі қисапсыз қиял мен жосық-




сыз жормалдардың бірі де дүниеге келмес еді. Тіпті, авторы белгісіз қолжазба болған күннің өзінде! Амал нешік, бастарынан бақ тайған көшпенді елдің тарихы да аттын жалында, түйенің қомында өздерімен бірге көшіп жүрді.

Тарихын дер кезінде түгендеп алған елдерде жағдай мүлдем басқаша. Бүкіл әлемдік өркениет негіздері ретінде, түркі дүниесінің тарихы тұрғанда, бесіктен белі шықпай жатқан ұрпақтарымызға (5-6 сыныптан бастап) ежелгі Греция мен Рим тарихтары оқытылады. Ішіндегі тарихи деректердің 90 пайызы пәленбей мыңдаған жыл бұрынғы аңыздар мен мифтердің (ертегілердің) мазмұны арқылы баяндалады. Осындай мәліметтер нақты шындық, айнымас ақиқат тұрғысында санаға сіңіріледі.

Ал біз болсақ, тарих толқыны үшін қасқағым сәт – бұдан 700-800 жыл бұрын өткен оқиғаларға байланысты өз ата-бабаларымыз ұрпақтарына ауызша жеткізген мәнді әңгімелерге ден қоймаймыз. Жалтақтап, бірденеден қуыстанып, жан-жағымызға қараймыз. Ресей не дейді, Қытай не айтады, Монғол не ойлайды деп күтеміз. Тарихымызды басқа біреулер жазып бергенге әбден бойымыз үйреніп қалған. Дұрыс болсын, бұрыс болсын, солардың ақ дегені – ақ, қара дегені – қара. Олар Шыңғыс ханның қайда жерленгені жайлы қолдарында, ең болмағанда, біздің Ұлытау қазақтарынан жазылып алынған әңгіменің ширегіне татитын мәліметтер болса, атам заманда-ақ айдай әлемге жар салып, жарқыратып жаңалық ашып тастаған болар еді...





Топшылау мен тұжырым

Ресей империясы тұсында да, одан кейінгі КСРО кезінде де Шыңғыс хан және ол құрған алып мемлекет жайлы зерттеулер белгілі бір қалыптың ішінде ғана жүргізілгенін де ескерген жөн. Осы тақырыптағы кейбір орыс тарихшыларының шындықты айтатын маңызды ғылыми жұмыстары кітапханалардан жинап алынып, қайтадан басылмады. Мысалы, әскери тарихшы генерал-лейтенант М.И. Иваниннің "О военном искусстве монголо-татар и среднеазиатских народов при Чингисхане и Тамерлане" (С.-Петербург, 1875) және атақты тарихшы, академик А.Н.Насоновтың "Монголы и Русь. История татарской политики на Руси" (Москва, 1940) және академик Б.Я.Владимирцовтың "Чингисхан" (Петроград, 1922) атты іргелі еңбектеріне тиым салынып, олардың бір-бір данасы тек арнаулы қорларда ғана сақталып, бүгінгі күнге әуіріммен аман жетті.

Генерал-лейтенант М.И.Иванин (1801-1874) туралы қысқаша айта кеткеніміз жөн. Императорлық әскери академияны бітірген ол 1835 жылдан Орынборда әскери қызметте болған. 1854-1857 жылдары хандық билік жойылғаннан кейін Бөкей ордасының орнына құрылған Ішкі орданы басқару жөніндегі уақытша Кеңеске төраға болған. Иванин Ұлытау өңірін зерттеген алғашқы орыс оқымыстыларының бірі. 1836 жылы Орынбор мен Омбы әкімшіліктері арасындағы шекара белгіленген кезде Сарысу өзенінің төменгі ағысындағы "Таңбалы тасты" барып көргендігі жайлы қағазға түскен дерек бар.

Қазақ этнотарихының білгірі Ақселеу Сейдімбек Алаша хан жайлы белгілі әңгімелерді саралап-салмақтай келе былай деп жазыпты: "Жалпы тарихи деректер бір ойға қалдырады. Көпшілікке белгілі, Жошы хан

өлген соң арада төрт-бес ай өткенде Шыңғыс хан да дүние салған ғой. Жошының денесінің Ұлытау іргесінде жерленгені тарихи шындық. Ал Жошы өлгенде Шыңғыс ханның сол өңірді жайлап отырғаны да күмән тудырмайды. Ендеше Шыңғыс ханның сүйегін мыңдаған шақырым жердегі Қаракорымнан немесе Қытай жерінен іздеудің қисыны қалай деген ой келеді. Ал Монғол хандары міндетті түрде Қаракорымға жерленеді деудің қисыны тағы да





Алаша хан мазарынан қазып алынған мүрденің бас сүйегі бойынша онда жерленген адамның М.М.Герасимов зертханасында қайта қалтына келтірілген бет әлпеті

жок, бұл орайда Жошының Ұлытауға, Батудың Сарайшыққа жерленгенін айтса да болады" (23.197-198).

Осындай түйсін тұңғиығы мен сезім сәулесіне бөленген ойларды ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың да еңбектерінен кездестіреміз. Ол өзінің Едіге батыр туралы 1927 жылғы зерттеуінде "...тегінде Алаша хан деп ел аузы атақты Шыңғыс ханды айтып жүруі де мүмкін" десе (35.351), 1941 жылғы мақаласында Алаша хан деп жүргеніміз Шыңғыс хан екендігін кесіп айтты (1.46).

Ұлы хандардың ішінде Ұлытау-Жезқазған өңірінде тек Шыңғыс ханның ғана болғаны белгілі. Әбілғазының "Түрік шежіресін" зер салып оқысақ, онда тосын тұжырым жасауға жетелейтін жолдар бар.

Міне, осы шежіреде: "Шыңғыс хан бес жылда Қытайдың көптеген уәлаяттарын

басып алып, оларға билеушілер мен даруғалар қойып, өзі ордасына қайтып келді", — делініп, одан әрі былай деп жазылған:


"Шыңғыс ханның ойында Қытайға тағы бір жорық жасап, қалған уәлаяттарының барлығын өзіне бағындыру бар болатын. Бірақ, ол ойын кейінге қалдыра тұруға тура келді". Неліктен, не себепті? Шежірені әрмен қарай оқиық:

"Найман ханы Тианның баласы Күшлік әкесі өлгесін Түркістанға кетіп еді. Онда Шыңғыс ханға қарсы топтар бірігіп, Күшлікті билеуші деп жариялап, Сұлтан Мұхаммедпен елші арқылы байланыс жасап, Гөрханға қарсы көтеріліс жариялайды. Түркістан ол кезеңде Қарақытайға тәуелді еді. Күшлік Гөрханның қарамағындағы жердің жартысын басып алды. Шыңғыс хан мұны естіп, "Мемлекетімнің бір жағында мұндай қауыпты жау тұрғанда, алыс сапарға шығуым дұрыс болмас" деп ойлап, Қытайға жорығын кейінге қалдырды. Осы кезде Меркіт ханы Токтабегінің кіші інісі Құду үш баласымен қашып, найман жұртына келіпті деген тағы бір хабар алды, бәрінің бірігіп Шыңғысқа қарсы шығу ойларында болса керек" (16.65).

Шыңғыс хан Қытайға жорықты "алыс сапарға" балап отыр. Оның ордасы тарихшылар жазып жүргендей Орхон, Толы өзендерінің бойында, немесе кейіннен империя астанасы болған Қаракорымда болса, Қытай елі оған қалай алыс болады? Қытай Түркістанға (Жетісудағы Күшліктің тұрағына) қарағанда дәл іргесінде, "таяқ тастам" жерде тұрған ел емес пе?!

Осы жерде бір үлкен сыр жатыр. Әбілғазы шежіресінен Шыңғыс ханның ордасы өзінің отыз тоғызыншы атасы жайлаған Ұлытауда болған-ау деген тұжырымға еріксіз келесің. Барлық уақытта болмаса да, дәл сол кезеңде анық осылай болған.

Біздің өзімізден гөрі тарихымызды, тегімізді отарлау барысында шұқшия зерттеген орыстар тәуірлеу білген тәрізді. Орыс ұлтшылдары (жаман мағынасында) қазақтарды Шыңғыс хан ұрпақтары деп таныған. 1907 жылғы Ресей ауылшаруашылық



Бас басқармасының бастығы Крюковтің бір жиналыста айтқан сөзі 1995 жылдары табылып, орталық қазақша газеттерде жарияланды. Ол былай депті: "Қырғыз-қайсақтар Шыңғыс хан мен Ақсақ Темірдің тікелей ұрпақтары. Олар жер бетінен жойылуға тиіс!"

Ал қазақ даласының шұрайлы аймақтарына қарашекпенділерді құмырсқаша қап-

татқан Ресейдің Министрлер Кеңесінің төрағасы (1906-1911) П.А.Столыпиннің: "Шыңғыс ханды біз монғол дейміз. Нағыз монғолдар – мына қырғыз-қайсақтар. Олар сол Шыңғыс ханнан тарағандар", – дегенін де сол тұста баспасөз беттерінен оқып білдік.

Бұлар да біздерді ойландыруға тиіс сөздер. Жоғарыда толық келтірілген "Алаш-


Алаша хан мазары





*Жадыңа салмақ артады,
Жұмбақты күндер кешегі.
Алыстан көзді тартады
Алаша ханның кешені...*

Қадыр Мырза Әли











алаш болғанда" деген тіркестен басталатын өлеңнен де көңілі ояу пенде көп жайды аңғарады. Біріншіден, "алаштың алаш болуы" Шыңғыс ханның арқасында. Екіншіден, "Алаша хан болғандағы" заман — Шыңғыс хан заманы. Үшіншіден, "қазақ, қалмақ, ноғайлардың бәрі бір болып, ынтымағы жарасқан" кезеңі де осы Шыңғыс хан туы астында топтасқан, ұлт болып ұйыған уақыты. Төртіншіден, жырдан Алаша ханның Жәнібек, Тоқтамыс, Темірлерден бұрынырақ өткендігін көреміз. Уақыт және саяси-әлеуметтік жағдаяттар желісі Алаша хан деген есімді тағы да Шыңғыс хан заманына апарып тірейді. Бесіншіден, бұл жыр Алтын Орда ыдыраған, керісінше Орыс мемлекеті күшейген, алаш қауымының басынан бақ тайған кезде туған. "Орыспен дос болсаң, қойнында айбалта жүрсін" деген сөз де сол тұста шыққан. Оны ел ішіне жік түсіп, бөлінгенді бәрі

жейтін заман туғаны жайлы тіркестер көрсетіп тұр.

Осы тұста тағы бір-екі мәселе төңірегіндегі өз пікірлерімізді білдіре кетейік. Әбілғазы "Шежіре-и түрк" атты шығармасында Шыңғыс ханның түріктің Қара ханынан тараған ұрпақ екендігін, өз кітабын жазарда көптеген ежелгі тарихты пайдаланғанын, алдында 18 бума еңбек жатқандығын айтады. Ұлытау өңірі Шыңғыс хан үшін жат өлке, өгей аймақ болмаған. Оны Әбілғазы жазған мына жолдардан анық байқауға болады: "Қара хан атасынан кейін бүкіл елге патша болды. Қазіргі Ұлытау және Кішітау дегендерді ол кезде Ертағы және Кертағы деп атайтын. Ол тауларды жайлар еді, қыста Қарақұм мен Сырдың жағасын қыстар еді". Бұндай мәлімет Қадырғали Жалайыридің "Шежірелер жинағында" да бар.


Сондықтан оның сүйегі жат жерде қалған жоқ. Түркілердің ежелгі мекенінде, ескі

Ұлытау Аудандары

Ұлытауда 1930 жылы туған. Медицина ғылымдарының докторы. Ресей Медицина ғылымдары академиясының және ҚР ҰҒА-ның академигі. 1995 жылдан Профилактикалық медицина академиясының президенті. Ұлытау аудандық ауруханасында 1958-1962 жылдары бас дәрігер болған. 1971-1982 жылдары Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрі қызметін атқарды. Мәскеу мен Алматыда ғылыми зерттеу орталықтарында басшылық қызметтерде болды. Қазақстан Парламентіне бірнеше рет депутаттыққа сайланды. Көптеген ордендермен марапатталған.



**Төрегелді
Шарманов**



жұртында. Үлкен ұлы Жошымен бір төбенің басына жерленбеген себебі де түсінікті. Атақты адамдар дала дәстүрінде әрқашанда бөлек жатады. Ел шатыспайды, белгі жоғалмайды, еске ұзақ сақталады. Мысалы, Алаша ханның да, Жошының да, Домбауылдың да мазарларының маңына кейінгі өткен замандарда қаншама ығай мен сығайлар, жақсы мен жайсаңдар жерленді, қаншама еңселі мавзолейлер тұрғызылды. Алайда халық олардың аттарын ұмытты. Ел жадында тек "Алаша хан", "Жошы хан", "Домбауыл" мазарлары деген ежелден қалыптасқан атаулар ғана қалды...

*"Алтын денем қалғыса да,
Ардақты елім солмасын.
Бүтін денем қажыса да,
Бүкіл елім тозбасын!
Алтын денем шаршаса, шаршасын,
Абзал елім даңқы артсын.*

*Бүтін денем қиналса, қиналсын,
Бүкіл елім топтансын", –*


деп (68.) ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған Шыңғыс ханның (Алаша ханның) өзі басын біріктірген халықтың шынайы махаббатына бөленуі және сол халықтың (алаштын) өздерінің көсегесі көгерген заманды аңсауы заңды.

Күні бүгінге дейін сыры толық ашылмаған Алаша хан ескерткіші жайлы әңгімені ұзақ шиырлауымыздың ең басты себебі – оның бір ғана Ұлытау өңірінің емес, еліміздің тарихында аса маңызды орынға ие екендігі. Сөз арасында айта кеткеніміз жөн, тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекет тарапынан қомақты қаржы бөлініп, Жезқазған қаласы төңірегіндегі Алаша хан және Жошы хан мавзолейлерін қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.



Күдеріден бау тағып,
Кіреуке киер күн қайда?!
Күмбір-күмбір кісінетіп,
Күреңді мінер күн қайда?!
Толғамалы ақ балта,
Толғап ұстар күн қайда?!
Алты құлаш ақ найза,
Садақ толған сайгез оқ,
Масағынан өткеріп,
Басын қолға жеткеріп,
Созып тартар күн қайда?!
Кетбұғыдай билерден
Кеңес сұрар күн қайда?..


Доспамбет жырау



ЖОШЫ
ҰЛЫСЫНЫҢ
ЖҰРТЫ







Тарихтан танабында таңба қалған

Әбілғазының "Түрік шежіресінде" Шыңғыс ханның арғы бабалары болып есептелетін Оғыз қағанның бүкіл түркі жұртын билеген әкесі Қараханның жазды Ертағы мен Кертағы тауларында өткізіп, қыста Қарақұм мен Сырдария жағасын қыстайтыны жайлы айтылады (16.15). Бұл деректен шығатын қорытындының маңызы өте зор. Әбілғазы Сарыарканың кіндігінде орналасқан Ұлытау өңірінің ежелгі түркі жұртының түп қазығы, алтын бесігі екендігін ешқандай күмәнсіз, бұрма-бұлталақсыз көрсетіп отыр.

Тарихтың тағы бір кезеңінде Жезқазғанның түсті металл қазынасына оғыздар иелік етіп, олар өндірген асыл металдар дүниенің төрт құбыласына жөнелтіліп, Ұлытау-Жезқазған өңірінде өндіріс өркендеп, сауда-саттық дамып, қалалар қаулап бой көтерді.

Академик Ә.Марғұланның Жезқазғаннан өндірген металл Месопотамия, Мысыр және Антика елдері қатты қызыққан бағалы қазына болды деп осы оғыздар (гуздар) дәуірін атап көрсеткені белгілі (40.23-30). Оғыздардың астана қаласы Қиянның (Хиам, Басқамыр) салынған орны Ұлытау өңірінің тарихтың сол бір кезеңдерінде, яғни XII ғасырдың бірінші жартысында Сырдағы Жаңакенттен кейін оғыздар еліне саяси, мәдени және сауда орталығы болғандығын білдіреді.

Бұл дәстүр Шыңғыс хан жорығы кезінде де жалғасын тапты. Ежелгі қоныс – Ұлытау өңірі жаңа мемлекеттік құрылым – Жошы ұлысының саяси, мәдени, әкімшілік және экономикалық орталығына айналды.

Қазіргі Орта Азия мен Қазақстан аумағын бағындырып алғаннан кейін Шыңғыс хан үлкен әйелі Бөртеден туған төрт ұлы-


ның әрқайсысының билік жүргізетін жерлерін белгілеп, бөліп берді. Тарихи әдебиетте осы еншіге бөлінген жер мен ондағы тұрғындар ұлыс деп аталып келеді.

Бүгінгі Ұлытау және Кішітау өңірі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының ұлысына кірді. Жошыға басқаруға берілген ұлыс Ертіс өңірінен Еділ бойына, Хорезмнің солтүстігінен Жетісуға дейін созылатын кең-байтақ аймақты алып жатқан еді (41. 2 том. 50-60).

Ұлытау-Жезқазған өңірінің тарихы осы XIII ғасырдың басынан Қазақ хандығы ресми құрылғанға дейінгі кезеңде Шыңғыс хан, оның ұлы Жошыхан есімдерімен тығыз байланыста өріледі. Сол кезеңнен қалған талай әңгімелер мен аңыздар осы өңірден жазылып алынған, осы аймақтағы талай сәулет ескерткіштері өздерінің сол кездегі қайталанбас сыр-сымбатын сақтап, бүгінгі ұрпаққа жетіп отыр. Уақыт сынына төтеп бере алмай, топырақ пен тас астында қалғаны немесе адам қолымен қиратылғаны одан ондаған есе көбірек.

Ұлытау өңірінің Шыңғыс хан шеруіне дейінгі тарихы сак, скиф, сармат, массагет, ғұн, қыпшақ, оғыз (гуз) сияқты көне түркі тайпаларымен тығыз байланыста болғандығын шама-шарқымыз жеткенше баяндап өткен секілдіміз. Бұл аймақтың одан кейінгі кемі екі ғасырлық кезеңі Жошы ұлысының, Алтын Орда, Көк Орда хандықтарының тыныс-тіршілігімен қабысып жатыр. "... Шыңғыс хан жорығына байланысты оның әулет-бұтағына қатысты ең мол белгі Ұлытау төңірегінде десек қателеспейміз", – дейді белгілі ғалым А.Сейдімбеков (23.87).

Сондай-ақ осы Ұлытау аймағына қоныстанған қазақ ру-тайпаларының тарихи тағдырларында да сол бір Жошы ұлысы



шаңырақ көтерген кезеңмен қабысатын әңгіме-аңыздар да, нақты іздер де аз емес.

"Ол өлке туралы XIII ғасырда соғып өткен бір кезбе: "Мұнда байлық жатыр", – деп кетіпті. Сол үлкен ата-қонысты мекен еткен өзіміздің бағаналы жер атын – Жезқазған қойыпты. Қай атасы қазғанын кім біліпті!", – деп жазыпты атақты жазушы Мұхтар Әуезов (42.331). Ал ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаев осы төңіректі мекен еткен байырғы тұрғындар туралы: "Жергілікті халықтың негізін найман тайпасының қазақтары құрайды. Басты жеті рудан құралатын осы тайпаның Жезқазған ауданында балталы және бағаналы атты аталары тұрып жатыр. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда, жезқазғандық наймандардың арғы бабалары Орталық Қазақстанға Алтай таулары төңірегінен келген", – дейді (11.45-46).


Әңгімесін әрі қарай сабақтаған Сәтбаев Кіші жүз ханы Нұралының 1771 жылы капитан Рычковты Ұлытау бөктеріндегі өз

ордасында қабылдағанын атап өтеді. Ол: "Қазақ ұлтын құрайтын барлық негізгі тайпалардың қоныстарының Ұлытауда тоғысқандығы, яғни арғын тайпасы – солтүстік, қыпшақ – батыс, найман – оңтүстік бөктерді жайлайтындығы, Ұлытаудың көне замандардан бері қазақтардың саяси орталығы болып келе жатқандығын көрсетеді. Қазақтардың барлық үш жүзінің мекендеген аумақтары Жезқазған-Ұлытау ауданының жерімен шектеседі. Ұлытау қазақтардың ежелгі саяси орталығы болғандығын осы аудандағы материалдық мәдениет ескерткіштері айғақтайды. Жезқазғаннан 65 шақырым жерде Басқағыл тауының оңтүстігінде төрт бұрышты сырт беті глазуранып күйдірілген кірпіштен салынған үш көне бейіт тұр. Олардың кірпішінің көлемі және сыртқы келбеті бейіттердің "алтын ордалық нақышқа" жақын келетіндігін көрсетеді. Ел аузындағы әңгімелерде бұл бейіттерді Алаша хандікі, Жошынікі және Домбауылдікі, яғни Шыңғыс хандікі, оның ұлы Жошынікі және сарай сазгері Домбаланікі дейді", – деп жазыпты.

Иә, Шыңғыс хан шеруі тұсында Жошы ұлысының орталығына айналған Ұлытаудың осы ұлысқа кіретін қазақ тайпаларының басын біріктірудегі маңызы орасан зор. Бұл жайлы баяндау үшін ең бірінші Шыңғыс хан империясы мен Ұлытау төңірегін жайлаған елдің тарихына сәл де болса саяхат жасап алуға тиіспіз.

Тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде елімізде Шыңғыс хан төңірегіндегі дау-дамай алаулаған оттай өршіп тұр. Ол таяу арада басылар емес және басылмайды да. Өйткені санамызда соңғы үш жүз жылда Ресей тарихшылары әбден қалыптастырып тастаған еуроцентристік және ұлыдержавалық көзқарастан әбден айығып, өз тарихымызды өзіміз зерттеп, өзіміз сараламайынша осылай жалғаса бермек.

"XIII ғасырда Жошы ұлысын құруға қатысты біріне-бірі жанаспайтын пікірлердің көптігі сондай, басқа бірде-бір тарихи кезең мұның шаңына да ілесе алмайды... Осы мәселені ғылыми тұрғыдан зерттеу қажеттілігі туындағаннан бері үш ғасырдай



Қағанның аса маңызды тапсырмаларын орындаушыларға немесе басқа да кейбір құзыры биік қызметкерлерге берілетін пайцза деп аталатын мыстан, күмістен, алтыннан жасалатын билік белгілері

Атадан Қалған асыл сөз

ЕРДЕН БАТЫР АЙТТЫ ДЕЙТІН СӨЗ

Батырлықтан не пайда?
Ажалға қылар айла жоқ,
Сараң байдан не пайда,
Халыққа қылар пайда жоқ.
Қанша жақсы болсаң да
Ағайының білмейді,
Өлгеннен соң өкінер
Уа, дариға, дүние боқ!

* * *

Ел мықтысы ұранға шығады,
Ер мықтысы дуанға шығады.
Болатын ер аталы ердің сөзін ұғады.
Болмайтын шіркін адамнан
Қырғи көрген торғайдай бұғады.



уақыт өтті, алайда әлі күнге шешімі жоқ!.. XIII ғасырдың орта кезіндегі тарих жұмбағы көптігі жағынан шым-шытырман қылмыстық оқиғаға толы романға ұқсайды", — дейді Л.Н.Гумилев (43.123-124). Еуразиялық қозғалыс көсемдерінің бірі Г.В.Вернадский өзінің осы мәселе жайлы пікірін 1927 жылы былай түйіндепті: "Шындығына келгенде монғол езгісінің орыс халқының тарихындағы мән-маңызы күні бүгінге дейін жауапсыз қалып отыр. Бұл мәселе шешілмейінше орыс тарихының даму жолын дұрыс түсіну мүмкін емес... Бізде әлемдік тарихтың шексіз бұрмаланған дәрекі жүйесі қалыптасты" (44.562-563).

Шыңғыс ханды қанқұмарлық пен қатыгездіктің, жабайылық пен жексұрындықтың символы қылып санамызда қалыптас-

тырған ресейлік әбден бұрмалаған тарих және кеңес үкіметінің идеологиясы. Болмаса, орыс ұлты Шыңғыс хан шапқыншылығы арқасында ордалы елге айналғандығын коммунистік ілімге қарсылық білдіріп, қазан төңкерісінен кейін шетел асып кеткен еуразиялық идеяның негізін қалаушылар, ғылыми еңбектері бүкіл әлемге танылған шовинисттік құлықтан ада аса ірі гуманист тұлғалар асқан ілтипатпен ашық айтып, тайға таңба басқандай етіп жазып қалдырған. Олардың еңбектері Ресейде кеңестік режим құлағаннан кейін ғана жарияланып жатыр. Солардан бір-екі үзінді келтірейік.

П.Н.Савицкий: "Материалдық өлшем тұрғысынан алғанда XIII ғасырдың басындағы Русь түкке тұрмайтын еді; артта қалу Батыспен салыстырғанда он есе, жүз есе



басым еді; осындай нағыз "артта қалу" татар езгісінен кейін емес, оған дейін орын алған болатын! Русьтің бақыттылығы, сол кезде, әбден іштей іріп, жер бетінен ел ретінде жойылар шақта, басканың емес, татарлардың қолына түскенінде... Билік басындағылар қан араластыру арқылы болсын, үлгі-өнеге көрсету арқылы болсын, Ресейге әскери тұрғыда ұйымдасуға, мемлекеттік басқару орталығын құруға, қисайған денесін тіктеуге оң ықпал етті; олар Ресейді қуатты "ордаға" айнарлардай сапаға жеткізді" (45.333-334).

Г.В.Вернадский: "Орыс мемлекетінің дамуының негізгі тарихи желісі латыншылдық жаулап алған батыс Русьте емес, монғолшылдық билік құрған Шығыс арқылы тартылды.

Шығыстағы орыс жерлері нәсілі басқа монғол мемлекетінің құрамына кірді. Алайда бұл ел провинциалдық держава емес, бүкіләлемдік империя болатын. Бұл империя өзінің бөліктерінің – соның ішінде Русь жерінің ішкі мәдени дамуына кедергі жасаған жоқ.

Бұл империя өзінің батыстағы көршілері – Литва, Венгрия, Польшамен күрес жүргізді, ал бұл елдер орыс халқының да дұшпандары еді. Монғол-татар толқыны орыс халқын латындық Батыстан қорғап тұрды. Монғол империясы құлағанмен оның Жошы ұлысы, Алтын Орда сияқты бөліктері бұрынғы империя кезіндегі дәстүрді сақтап, Батыспен күресін жалғастырып отырды" (44.568).

Орыстың шынайы патриоттары, ғұлама ойшылдары Шыңғыс хан империясының

Ресейдің ел болып қалыптасуына тигізген игі әсерін осылай бағалапты!

Империяға мұндай бағаны қазақ тарихына қатысты беруге де болады. Шынында да көне түрік әлемінің бесігі — Алтайдың арғы бетінен басталған Шыңғыс хан жорығы нәтижесінде ғана бас-басына үй тігіп, әр руы бір-бір мемлекет болып отырған қазақтың (керейт, қоңырат, найман, жалайыр және т.б.) бір ту, бір шаңырақ, бір діннің астына біріккендігін, төскейде малы, төсекте басы қосылып, ұланғайыр Жошы ұлысының негізін қалағандығын кім жоққа шығара алады?!

Жошы ұлысының туы Ұлытауға тігіліп, шаңырағы Ұлытауда көтерілді. 1223 жылы Шыңғыс хан өзінің көзінің тірісінде ұлдарына енші бөлгенде Жошыға 4 мың жауынгер тиесілі болды. Балталы-бағаналылардың Жошы ұлысына әскери қызметке келуі осы кезден басталды. Оларды Шыңғыс ханның жарлығымен бұл аймаққа бастап әкелген әлем тарихында өзіндік орны



Орда-Базар қаласының орнынан табылған тиын

бар Кетбұғы ғауаң (ноянды генералмен, ғауанды маршалмен салыстыруға болады)...

Олардың рулық танбаларының өзі түбіріне терең үңілген адамға көп мәселеден көрініс береді, өткен тарихтан хабар әкеледі. Бағаналының белгісі — бақан да, балталының белгісі — балта да көшпенділердің ежелгі қаруы. Жауынгерлік символикасы. Тарих торабында олар қазақ этносын қалыптастырған белді тайпалардың біріне

айналды. Тіпті, беріде, XIX ғасырдың орта тұсында орыс шенеуніктерінің Ұлытау-Жезқазған өңірін жайлаған ел жайлы: "Бағаналыңцы отличаются от всех сибирских киргиз духом своеволия и самоуправления..." — деп қағазға түсіруінің өзінде (Омбы облыстық Мемлекеттік архиві 3 қор, 3 тізім, 3542 іс) сонау Жошы хан заманынан, Кетбұғы кезеңінен үздігіп жеткен жауынгерлік рухтың сарыны естілгендей болады (46.50-51).

Баянауыл дуанының аға сұлтаны Мұса Шормановтың айтуы бойынша Г.Н.Потанин жазып алған ел аузында сақталған "Бағаналы орда" атты мына жырдан да (47.279-280) Жошы ұлысының астанасы Ұлытау өңірінде болған заманның тынысы сезілетіндей.

Бағаналы орда

*Бағаналы орда, басты орда,
Байсал орда қонған жұрт.
Қара түлкі қармалжын,
Қас сыпайы киген жұрт.
Ақсары атан аспалдап,
Ел жайлауға шыққан жұрт.
Хақтың жолын күзетіп,
Жақсылықты ұққан жұрт.
Бас-аяғың бай болып,
Бәсеке дәурен сүрген жұрт.
Байтөбетің маңқылдап,
Байсал тауып үрген жұрт.
Туырлығың қара кіс,
Тура, тура болған жұрт.
Түтінге салса саспаған,
Шоралар сауықпен ішсе тауыспаған,
Ағар бұлақ сүтті жұрт,
Көп жылдарға бек сақтап,
Есен де есен болған жұрт.
Бағаналы орда, басты орда,
Байсал орда қонған жұрт.
Мамырасып ел болып,
Байсалды жайлау табылды.
Көлдей қамқа төсеніп,
Көрікті ханым түскен жұрт.
Ханым берген қамқа тон
Жырау киіп кеткен жұрт.
Іңкәрілер алшаңдап,
Ас пен тойға келген жұрт.*




*Көріп туған көкше тай
Төре астында ат болған жұрт.
Көпке қоныс берген жұрт.
Көбең байлар семіріп,
Көк би наһан болған жұрт.
Керпелдестер би болып,
Көпке кеңес айтқан жұрт.*

... Жошы ұлысының орталығы Ұлытау-Жезқазған өңіріне орныққаннан кейін Орда-Базар қаласы белгілі саяси, мәдени, экономикалық орталыққа айналды. Ұлысты 1227 жылы қаза тапқанға дейін Жошының өзі, одан кейін Батыс Еуропаға жасалған жойқын жорыққа дейін ханның екінші ұлы Бату, ал осыдан кейін Жошының үлкен ұлы Орда-Ежен осы аймақтан басқарды (48.91).

Жошы ұлысының ең алғаш шаңырақ көтерген кезеңіне қатысты аса маңызды мәліметтерді 1221 жылы 72 жасында Шыңғыс ханның шақыруымен Қытайдан шығып, екі жылдан астам уақытта он екі мың шақырым жол жүріп ұлы ханның ордасына келген даосизм дінінің негізін қалаушы ғұлама ғалым, софы Чань Чуньнің "Си Ю Цзи или описания путешествия на запад даосского монаха Чань Чуня" атты еңбегінен табамыз.



Чань Чунь және оның Шыңғыс ханмен ара қатынасы жайлы белгілі ғалым Ислам Қабышұлы былай дейді (49): "Шыңғыс та ет жүректі пенде емес пе, әлемнің қажартысын иемденеді, енді қалған ғұмырын



*Жолбарысыңа жармасар
Жошылар — тұздің көкжалы.
Шындыққа барып жалғасар
Аңыздың ар жақ, бер жағы...*


Қадыр Мырза Әлі












Шыңғыс хан XIII ғ. қытай миниатюрасы



Чань-Чунь (XIII ғ. қытай миниатюрасы)

ұзартуды армандайды екен. Ең алғашқы кездесуге үлкен ықылас білдіріп, зор ілтипатпен қарсы алған қадірлі мейманына "маған мәңгілік дәрі әкелдің бе?" – дегенде Чань-Чунь "Адам ағзасын емдейтін дәрі бар, жасты ұзартып, жасаңғыртатын тәсіл бар. Ал мәңгілік ем жоқ", – депті. Шыңғыс "адамға өлмек парыз, тұмақ сүндет қой, тура адамда бұлтару болмайды, ал өзіңіздің дәл есіміңіз кім?" – деп тілмаш арқылы сұрағанда: "Адамдар мені Сян-Сан дейді. Шыңғыс Шың-ағай ғұламадан мұны өзімізше не деп айтсақ болады дегенде, ол "Әулие ұстаз" деген сөзге саяды депті. Шыңғысхан оны Самарқанға дейін алып барып, бұл шаһарды қалай қалпына келтіру туралы ақыл алады. Ол бірде Чан Чуньнен "Көсілген елді қалай басқарсам болады" дегенде, ол сасапты: "Үлкен импери-

яны басқару кішкене шабақты отқа қақтағанмен бірдей. Жалынға ұстасаң күйеді, алыс ұстасаң шикі қалады. Ел басқарудың әлегі де осындай. Әрқашан ақылдылықты алға тартсаң ел тоқтайды". Шыңғыс тағы да "Орнатқан хандығымды қайтсем ұзақ ұстап тұра алам", – дегенде: "Дауыл күнде соқпайды, нөсер көпке созылмайды, Тәңірдің өзі жел мен нөсерді қашан соқтырып, жаудыратынын білмегенде, пенде де барлығын ойлағанындай ете алмас. Тәңірдің жазмышынан еш адам аса алмайды", – депті. Шыңғыс бұл софыдан жасын ұзартып, ғұмырын созатын тәсілді ұққанына қатты қуанып, осы сырды басқаға ашпауды тапсырып, оны екі жылдан соң еліне көп сый-сияпатпен аттандырып салады. Әулие еліне барған соң көп кешікпепті, 1227-жылы дүние салған көрінеді".




Қытай ғалымының Шыңғыс ханмен кездесуі осы Жошы ұлысының кіндігінде өткен. Ұлы хан Чань Чуньді 1223 жылдың қыркүйегінің 15 мен 23 аралығында төрт мәрте қабылдап, ұзақ әңгімелеседі, софының сөздеріне өте риза болады (50.384). Немістің атақты ғалымы Рихард Хенниг: "Шыңғыс хан білімі көп адамдарды қатты бағалаған", – деп қорытынды жасапты. Қытай тарихшылары Шыңғыс ханның Чань Чуньге жазған төрт, Чань Чуньнің Шыңғыс ханға жазылған бір хатын сақтап отыр. Олардың бәрінің мазмұнынан үлкен жүректі тұлғалардың бір-біріне деген құрметі мен ілтипаты айқын байқалады.

Чань Чуньнің Ұлытау төңірегінде қабылданғандығын оның сапары жайлы жолжазбалардан да көруге болады. (51.325-326). Ол Шыңғыс хан ордасын тіккен түсті металға бай өлке туралы тандана жазады. Осы жердің халқын, қалаларын сипаттаған деректері өте маңызды, әрі Геродот қалдырған және одан кейінгі Жезқазған-Ұлытау өңірінің байлығы туралы жазғандардың мәліметтерімен үндес, сәйкес, сарындас болып келеді. "Жергілікті тұрғындар ыдыс-аяқтарын таза мыстан немесе мыс қорытпаларынан, ал соғыс қаруларын суарылған темірден жасайды", – деп жазған ол, сол өзі болған жердегі бір қаланың өмірін былай сипаттайды: "Қаладағы барлық базар алтындай жарқ-жүрк еткен мыстан жасалған ыдыс-аяққа толы, тұрғындарының киген киімдері даостардікі секілді өте ыңғайлы. Басқа тауарларды былай қойғанда, қайшы мен бізге дейін таза алтыннан жасалған".


Чань Чуньнің сапары жайлы жолжазбаны әлем ғалымдары XIII ғасырдан қалған тарихи мұралар ішінен өзінің ғылыми маңызы жағынан Рубрук пен Марко Поло кітаптарымен тең түсетін еңбек деп бағалайды (50.383). Чань Чунь жазбаларынан біз Жошы ордасы туын тіккен Шыңғыс хан жорығына дейін қойнауындағы асыл металдармен әлемге даңқы жайылған Ұлытау-Жезқазған өңірінде металл өндірісі өзінің бұрынғы қалпын сақтап қалғанын көреміз. Аузынан өтірік сөз шықпайтын

Ө Л К Е Т А Н У Ө Р І С І



**Николай
Васильевич
Валукинский
(1886-1950)**

Жезқазған мыс комбинатында еңбек ете жүріп, өздігінен археологиялық қазба жұмыстарымен айналысқан. Ежелгі металлургияның бірнеше мыс өндіретін кешендерін тапқан. Олар жайлы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, мақалалар жариялаған.



софының жазбаларында еуропалық зерттеушілер әрқашанда көлденең тартатын Шыңғыс ханға тән қатыгездік, жабайылық жайында ештеңе айтылмайды. Қайта бұл жазбаны оқыған адам оның білім мен ғылымға жаны құмар, аса сыпайы және ақылды билеуші екенін байқайды.

...Астанасы Сыр бойындағы Сығанакқа орналасқан шайбаниліктер ұлт ұясы – Ұлытау төңірегінде ордаларын тіккен Қазақ хандығына дүркін-дүркін шабуыл жасап отырды. XVI ғасырдың бас кезінде қазақ хандығын нығайтуға көп еңбек сіңірген Қасым ханға байланысты тарихи шығармаларда (56.72-75) оның 1510 жылы Ұлытау бөктерінде Мұхаммед Шайбани әскерінің тас-талқанын шығарғаны баяндалады.


Артында "Қасым ханның қасқа жолы" дейтін атпен белгілі заңдарды қалдырған, ел жұртын Ұлытау-Жезказған өңірінен басқарған Қасым ханның тұсында хандықтың жер аумағы анағұрлым кеңіп, халқының саны бір миллион адамнан асты. Ұлы князь Василий III-ші (1505-1533) таққа

отырған кездегі Мәскеу мемлекетімен елшілік байланыс орнады (10.275). Дәл осы кезеңде қазақтар дербес ұлт ретінде Батыс Еуропаға танылды (57.19).

Сақ-массагеттердің, Батыс Түрік қағандығының, оғыздардың, Жошы ұлысының, Дешті Қыпшақ мемлекетінің астаналары орналасқан ежелгі мекен, ескі жұрт болып табылатын Ұлытауға Қасым хан ата салты, ата дәстүрі бойынша Қазақ хандығының туын тікті.

Сол заманның атақты тарихшылары Камал ад-Дин Бинайдың, Ибн Рузбиханның, Мұхаммед Хайдар Дулатидің, Гияс ад-Дин ибн Хумам әл-Хусейнидің, Захир ад-Дин Мұхаммед Бабырдың және т.б. жазып қалдырған пікірлеріне қарағанда Қасым хан асқан ержүрек, елді сонынан ерте білетін қабілетті ұйымдастырушы және аса дарынды қолбасшы болған, саналы ғұмырын елінің іргесін бекітіп, қабырғасын нығайтуға жұмсаған. Хандық билік одан бұрын да, одан кейін де дәл осы Қасым хан елді Ұлытаудан басқарған кездегідей мықты болып көрген жоқ (10.276).





Іргетас

"Жұмбағы көптігі жағынан шым-шытырман қылмыстық оқиғаға толы романға ұқсайтын" XIII ғасырда (Л.Н.Гумилев) ежелгі қоныс, ескі жұрт Ұлытауда талай-талай елеулі тарихи құбылыстар өтіп, талай-талай тағдырлар тоғысты. Әрине, олардың барлығы Шыңғыс хан шеруімен, Жошы ұлысының ордасы дәл осы аймақта тігілуімен тікелей байланысты.

Дүниені дүр сілкіндірген Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы өз заманының аса көрнекті әскери және мемлекет қайраткері ретінде әлемдік тарихтан ойып орын алған тұлға. Оның өзі құрған ұлыстан бастау алатын Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда мемлекеттерінің, Орта Азия, Қазақ, Аштархан, Сібір, Қырым және Қасым (Касимов) хандықтарының шанырағын көтеріп, уығын шанышқандардың барлығы осы Жошы әулетінен таралады.

Жошы Шыңғыс ханға адал ұл ғана емес, сенімді серік те бола білді. Әлемдік әскери тарихта соғыс жүргізу дарындары айрықша аталатын Сүбедей, Жебе, Мұқалы секілді данқты қолбасшылардың қатарында 1208-1215 жылдардағы Қытаймен арадағы соғыстарда ерен ерлік үлгісін көрсетті. "Жошы өте жігерлі, батыл, айбарлы еді", — деп жазады Джужжани (69.13).


1216 жылы Ырғыз-Торғай өңіріне қашқан меркіттерді талқандап, өз елдеріне кері оралып бара жатқан Жошы әскері Хорезм шахы Мұхаммедтің күші екі есе басым қосынымен үш күн бойы соғысты. Бұл шайқаста жеңген не жеңілген жақ болған жоқ. Меркіттерді талқандап, өз мақсаттарына жеткен Жошы әскері мағынасыз қантөгістен сытылып, майдан даласын тастап, аттарының басын атамекендеріне бұрды. Олардың санасарлық күш екенін сезген Мұхаммедтің әскері де кері шегінді

(70.43). Ырғыз өзенінің бойындағы осы соғыс тарихта Монғол империясының Орта Азия мен Еуропаны жаулау жорығының беташары ретінде бағаланады. Жошы басқарған жасақ 1219 жылы Енисей қырғыздарын бағындырып, содан соң Сырдарияның төменгі ағысындағы Сығанақ, Ходжент, Үргеніш сияқты сан қаланы басып алды.

1221 жылы Хорезм қаласын қоршау кезінде Жошы мен оның тетелес інісі Шағатайдың арасында келіспеушілік туындап, бұл шаруаға Шыңғыс ханның өзі араласады. Қалаға шабуылды жалғастыру Өгедейге тапсырылады. Араға жік Жошының қоршауда қалған қаланың бейбіт халқына аяныш білдіріп, оларды босқа қырып-жоймай, жандарын сақтап қалу жайлы ұсыныс жасағандығына байланысты түскен еді. Осындай мысалдар негізінде Жошы жау әскеріне қандай қатыгез болса, бейбіт халыққа сондай мейірімі мол адам



Ұлытауда ежелгі түркі дәуірінен жеткен осындай дың деп аталатын көне жәдігерлер аз емес



*Жошы хан жасағы мен Хорезм шахы әскері 1216 жылы
Бірғыз өзенінің осы тұсында шайқасқан*




еді деген, тарихшылар еңбектерінде көрініс тапқан пікірлер аз емес.

Жошы өмірінің соңғы жылдары өзі негізін қалаған ұлыстың орталығына айналған Ұлытау өңірімен тығыз байланыста болды. Оның ең басты дәлелі — бүгінгі Жезқазған қаласының солтүстік бетінде Кенгір өзенінің бойында тұрған еңселі мавзолейі.

Болашақ казак хандығының ауқым-ауданы осы Жошы ұлысының кіндігінде қалыптасқанын және бұл хандықтың негізін Шыңғыс хан шеруі тұсында бұрынғы Монғол империясынан осы далаға ат басын тіреген тайпалар мен рулар құрағандығын, хандықтың тұтқасын бастан бак

тайып, орыс бодандығына түскенімізге дейін Жошы әулетінен шыққандар ұстағандығын, олардың барлығының да хандықтың тәуелсіздігі мен өркендеуі жолында шыбын жандарын шүберекке түйіп жүріп күрескендігін, әсіресе бүгінгідей тәуелсіз ел болып, еңсемізді көтерген шақта естен бір сәтке де шығармауға тиіспіз.

Жошы ұрпақтарының жанкиярлығы талай рет ел тағдыры кыл үстінде тұрған кезендерде казак хандығының шанырағын шайқалтпай, шешуші рөл атқарғандығы көкірегінде санылауы бар азаматтардың барлығына мәлім ақиқат. Сондықтан Жошы мазарының Ұлытау етегінде тұрғандығының өзі хандығымыздың қазығы, тәу-



елсіздігіміздің тұғыры, елдігіміздің ескерткіші іспетті.


Жошы ханның осы уақытқа дейін туған жылының тарихи еңбектерде бұрмаланып жазылып келе жатқандығы өкінішті. Басқаларын былай қойғанда халық бұлтартпас деректердің жиынтығы деп түсінетін "Ұлттық энциклопедиямыздың" өзінде Жошы 1187 жылы туған деп (70.43) көрсетілген.

Ал көне тарихтың білгірі Л.Н.Гумилев өзінің "Тайная" и "явная" история монголов XII-XIII веков" атты еңбегінде Жошыны 1227 жылы отыз жастан аса бергенде қайтыс болды деп жазады (71.381).


Біз аса маңызды екі деректемені ғана атап көрсетіп отырмыз. Ал Жошының ту-

ған жылын іздестірген адам тарихи және әдеби еңбектердегі біріне-бірі кереғар мәліметтерден аяқ алып жүре алмайды. Бұл турала 1185-1195 жылдар аралығын камтитын болжам мен жорамалға құрылған пікірлер мол екендігіне көзіміз әбден жеткесін барып, ұлыс атасы – Жошының туған жылын анықтау мәселесіне осыншама мән беріп, шүкішія кадалуға тура келді.

Әнгіме әріден, оны дүниеге әкелген әулет тарихынан бастағанды қажет етеді. Бүгінгі күнге дейін тарихшыларымыз қанша талаптанса да, Шыңғыс хан төңірегінде ашылмай жатқан құпия өте көп. Күмәнсіз қабылданатын деректер қатарына оның туған және өлген жылдары жатады.



*Жошы хан жасағы мен Хорезм шахы әскері 1216 жылы
Бірғыз өзенінің осы тұсында шайқасқан*




еді деген, тарихшылар еңбектерінде көрініс тапқан пікірлер аз емес.

Жошы өмірінің соңғы жылдары өзі негізін қалаған ұлыстың орталығына айналған Ұлытау өңірімен тығыз байланыста болды. Оның ең басты дәлелі – бүгінгі Жезқазған қаласының солтүстік бетінде Кенгір өзенінің бойында тұрған еңселі мавзолейі.

Болашақ казак хандығының ауқым-ауданы осы Жошы ұлысының кіндігінде қалыптасқанын және бұл хандықтың негізін Шынғыс хан шеруі тұсында бұрынғы Монғол империясынан осы далаға ат басын тіреген тайпалар мен рулар құрағандығын, хандықтың тұтқасын бастан бак

тайып, орыс бодандығына түскенімізге дейін Жошы әулетінен шыққандар ұстағандығын, олардың барлығының да хандықтың тәуелсіздігі мен өркендеуі жолында шыбын жандарын шүберекке түйіп жүріп күрескендігін, әсіресе бүгінгідей тәуелсіз ел болып, еңсемізді көтерген шақта естен бір сәтке де шығармауға тиіспіз.

Жошы ұрпақтарының жанқиярлығы талай рет ел тағдыры қыл үстінде тұрған кезендерде казак хандығының шаңырағын шайқалтпай, шешуші рөл атқарғандығы көкірегінде санылауы бар азаматтардың барлығына мәлім ақиқат. Сондықтан Жошы мазарының Ұлытау етегінде тұрғандығының өзі хандығымыздың қазығы, тәу-



елсіздігіміздің тұғыры, елдігіміздің ескерткіші іспетті.

Жошы ханның осы уақытқа дейін туған жылының тарихи еңбектерде бұрмаланып жазылып келе жатқандығы өкінішті. Басқаларын былай қойғанда халық бұлтартпас деректердің жиынтығы деп түсінетін "Ұлттық энциклопедиямыздың" өзінде Жошы 1187 жылы туған деп (70.43) көрсетілген.

Ал көне тарихтың білгірі Л.Н.Гумилев өзінің "Тайная" и "явная" история монголов XII-XIII веков" атты еңбегінде Жошыны 1227 жылы отыз жастан аса бергенде қайтыс болды деп жазады (71.381).

Біз аса маңызды екі деректемені ғана атап көрсетіп отырымыз. Ал Жошының ту-

ған жылын іздестірген адам тарихи және әдеби еңбектердегі біріне-бірі кереғар мәліметтерден аяқ алып жүре алмайды. Бұл тұрада 1185-1195 жылдар аралығын камтитын болжам мен жорамалға құрылған пікірлер мол екендігіне көзіміз әбден жеткесін барып, ұлыс атасы – Жошының туған жылын анықтау мәселесіне осыншама мән беріп, шүкішія кадалуға тура келді.


Әнгіме әріден, оны дүниеге әкелген әулет тарихынан бастағанды қажет етеді. Бүгінгі күнге дейін тарихшыларымыз қанша талаптанса да, Шыңғыс хан төңірегінде ашылмай жатқан құпия өте көп. Күмәнсіз қабылданатын деректер қатарына оның туған және өлген жылдары жатады.





*Жошы хан жасағының Хорезм шахы
Мухаммедтің әскерімен шайқасқан Ырғыз өзені
бойындағы қорымдағы ру таңбалары*





Шыңғыс ханның әкесі Есугей батыр




Шыңғыс ханның анасы Өлең хатун

Рашид ад-Диннің жазуы бойынша Шыңғыс хан доңыз жылы туып, 1227 доңыз жылында мүшел жасында қайтыс болған. Жылы түгіл айлары да белгілі; көкек айында туып, тамыздың 15-де бакилық болған. Сонда қарапайым есептеулердің өзі-ақ оның 1155 жылдың көкегінде дүниеге келгендігін көрсетеді.

Мұны мұқият баяндап отырған себебіміз, Шыңғыс ханды қытай деректеріне сүйеніп, 1162 жылы туған деп жазып жүргендер де жеткілікті. Алайда, соңғы датаның негізсіз екендігін байқағандықтан болар, Ресейде шыққан "Үлкен энциклопе-

диялық сөздікте" оның туған жылы 1155 деп дұрыс көрсетіліпті (28.1353).

Осы ретте бір айта кететін мәселе иран ғалымы Рашид ад-Дин өз еңбегін монғол елханы Газанның сарайында оның уәзірі болып отырғанда жазды. Ол жұмыс барысында сол кезге дейін өмір сүрген әйгілі араб жылнамашысы Ибн ал-Асирдың (1160-1234) "Толық тарих" (Ал Камил фитарих), атакты парсы тарихшысы Ала ад-Дин Ата-Мәлік Джувейнидің 1260 жылы басылып шыққан үш томдық "Әлемді билеушінің тарихы" (Тарих-и-джахангушай) және тура сол жылы Үндістанда жарық



көрген Джузжанидің "Насир кестесі" (Насиrowы таблицы) сияқты Шыңғыс хан өмірі мен оның заманынан орасан зор мағлұмат беретін еңбектерді пайдаланды. Оларды жаңа деректермен толықтырды. Оның үш томдық "Жылнамалар жинағы" — 1298-1317 жылдар аралығындағы жиырма жылдық зерттеу жұмыстарының нәтижесі.

Сондықтан да Рашид ад-Диннің келтірген мәліметтерінен нақтылығы жағынан асып түсетін дерек әзірге әлем ғалымдарының қолында жоқ. Бұл мәселенің басы ашық десек, көтеріп отырған проблемаға байланысты жасалынатын қортындылардың көпшілігі осыдан туындайды.

Рашид ад-Диннің "Жылнамалар жинағынан" осы күнге дейін толық сақталғаны оның "Тарих-и Газани" (Газан тарихы) атты бөлігі. Заманында оның еңбегінің толық нұсқасын қолдарына ұстап отырып, Шыңғыс хан әулетінің шежіресін жазған Әбілғазы ("Түрік шежіресі") мен Қадырғали Жалайыр ("Шежірелер жинағы") Шыңғыстың шыққан тегін ежелгі түрік тайпаларынан таратады. Тіпті екеуі де Шыңғыс ханның түпкі бабаларының (Қара хан, Абулжа хан және т.б.) осы өзіміздің кәдімгі Ұлытау мен Кішітауды мекендегенін тайға таңба басқандай ашып көрсеткен. Олардың шежірелерінде "монғол" сөзі (тайпасы) біздің бүгінгі қалыптасқан ұғымымыздағыдай емес, түбі бір туысқан, ежелгі көк түрік ұрпақтарының бір тармағы ретінде қарастырылады.

XII ғасырдың ортасында бытыраған монғол тайпаларының басын қосуға, бірлігін нығайтуға, маңайындағы қоңырат, найман, керейт, жалайыр және т.б. сияқты дербес мемлекет құрып отырған ру-тайпалармен терезесін тенестіруге көп күш салған Кабыл ханның шөбересі Есугей батыр бірде қаршығамен қаз-үйрек аулап жүріп, Онон өзенінің жағасында еліне қалыңдығын алып бара жатқан меркіт жігіті Шиледуді жолықтырады. Қалыңдықтың асқан сұлулығына қызыққан Есугей көмекке аға-інілерін шақырып келіп, қызды жалғыз жігіттен тартып алып қалады. Шиледу күтпеген шабуылдан астындағы Құр-


лым құба атты арғымағының жүйріктігінің арқасында қашып құтылып, басын өлімнен арашалайды.

Бұл кезде Есугей батыр Қият-Бөріжеген тайпасының басшысы болатын. Меркіт жігітінен олжалап алынған Олқынауыт тайпасының қызы Өлен (Оэлен, Эуелен, Уэлін) арада бір жылдай уақыт өткенде аман-есен босанып, 1155 жылы дүниеге тұңғыштары Шыңғыс хан келеді. Есугейдің қаршығамен құс аулап жүргеніне қарағанда оның Шиледуден Өленді тартып алғаны көктем-күз айларында болуға тиіс.

Шыңғыс хан тоғыз жасқа толғанда Есугей батыр ұлына қалыңдық іздеп, қыз айттырмақ болып, баласын ертіп жолға шығады. Сапар үстінде Қоңырат елінің Дөй (Дей, Дай) шешеніне кезігеді. Осы сәттегі әнгімені "Монғолдың құпия шежіресі" бойынша сөзбе-сөз баяндайық.

"Дөй шешен бүй деді: "Есукей құда, қайда барасыз?" — сонда Есугей батыр: "Менің ұлымның нағашысы олқынауыт елінен қыз сұрамақ болып бара жатырмын", — дейді. Дөй шешен: "Мына ұлыңның көзі отты, беті алмас екен", — дейді. "Есукей құда, өткен түнде мен бір түс көрдім. Түсімде ай мен күнді шенгелдеп ұстаған бір аппақ сұңқар қолыма қонған екен деймін. Ай мен күнді біз көзбен көруші едік. Ал ай мен күнді ақ сұңқар шенгелдеп әкеліп, менің қолыма қонуы неткен ғажап! Қандай жақсылық кезігер екен? — деп мен басқаларға да айтқан едім. Есукей құда, баланызды ертіп келгеніңіз менің осы түсімнің жоруы болғай. Сіздің Қият руының киесі келіп, маған нақты түс болып көрінген шығар. Біздің Қоңырат ежелден жиені — сұлу, қызы — өнді ел.

*Басқаның жерін жауламай,
Болдырмай сірә, дау-дамай,
Бидай өңді қыздарды,
Былқылдақ күйме мінгізіп,
Жетелетіп біз нарды,
Желдірте кеп жүргізіп,
Желегін бүркей тұрғызып,
Құтты қосақ еткенбіз.
Ежелден біздің еліміз
Ерегесті сүймеген,*



Шыңғыс хан

*Сұлу бикеш өсірген,
Сұңғақ күйме мінгізген.
Жетелетіп боздағын
Жер өмірге жүргізген.
Ханым орныма отыр деп,
Қасына әкеп қойғызған,
Қоңырат сынды жұртымыз.
Қашаннан да сыйлымыз.
Қатын сұсы болатын,
Қыздың мысы болатын,
Жиеннің түсі болатын,
Солай сынға толатын.*


Ер ұғылым, елді аралап, ақылды қыздың ажарын байқағай. Есукей құда, үйге баралық. Титтей қызымды да көріңіз", –



Бөрте ханым

деп Дөй шешен Есукейді үйіне ертіп барды. Дөй шешеннің қызын көрсе: Беті ажарлы, көзі отты екен. Есукей батырға ұнайды. Қыздың есімі – Бөрте екен. Темужіннен бір жас үлкен екен, онда екен" (72.35-37).

Осы сапардан оралар жолда татарлар берген сусыннан уланған Есугей батыр үйіне қайтып келіп қаза болады. Қарауындағы ел оның ордасын жұртта қалдырып, қоныстарын өзгертеді. Есугей балаларының басына қиын күндер туады. Шыңғыс хан жетімдік азабын көп көріп өседі. Есейе бастағанда оның пысықтығынан, өжеттігінен, болашақта әкесінің орнына ел басқару ісінде мұрагер болуға талпынарлық



кабілетінен сескенген ағайындас рубасылар оны тұтқынға да алады, өлтірмек те болады. Талай ажалдан аман қалады. Текті тұқымның ұрпағы қиыншылық пен жоқшылық жағдайда ерте есейіп, өзіне сенімді серіктер табады.

"Құпия шежіреде" де, "Алтын дәптерде" де Бауыршы, Желме, Жамуха сияқты кейіннен белгілі әскербасылар болып қалыптасқан жігіттердің топтасып, оған қиын сәттерде қол ұшын беріп, көмек көрсеткендері баяндалады. Он бір жасында, демек 1166 жылы, Джаджират тайпасының көсемінің ұлы Жамухамен бірі аға, бірі іні болып (анда) достасады.

Он жеті жасында, яғни 1172 жылы әкесі көзі тірісінде айттырып кеткен қалыңдығы Бөртеге үйленеді. Қалыңдығы жағынан китке келген жанат ішікті Есугейдің андасы Керейттің Уан (Ван, Он) ханының иығына жабады. Өкіл ұлының мұнысына әбден риза болған Уан хан Шыңғыс ханға кез келген уақытта туған әкесіндей қолдау көрсететіндігін мәлімдейді.

Меркіттер тура осы Шыңғыс ханның үйлегенін күтіп жүргендей, оны әкесі Есугейдің бұдан 18 жыл бұрын Шиледудің қалыңдығын (Өленді) тартып алғанының есесін қайтармақ болғандай, тұтқиылдан аз үй бөріжегендерге шабуыл жасап, Бөртеңі тұтқындап кетеді (73.43).

Өкіл әкесі Керейт ханы Уанның және басқа да жауынгер достарының көмегімен Шыңғыс хан меркіттерге үлкен күшпен аттанып, әйелі Бөртеңі босатып алады. Бөртеңің қанша уақыт меркіт тұтқынында болғаны белгісіз. Тарихи деректемелерде меркіттер шабуылының мезгіл-мерзімі жайлы ештеңе айтылмайды. "Құпия шежіренің" мазмұнына қарағанда Шыңғыс хан Бөртеңі күз әбден күшіне енген суық уақытта тұтқыннан босатқан.


Бөрте тұңғыш ұлдары Жошыны меркіт тұтқынынан оралған бойда туған. Тіпті кейбір тарихшылардың жазуына қарағанда (аңыз әңгімелер негізінде) оны сол жорықтан қайтып келе жатқанда туғандықтан Жошы (Жолшы) деп атаған-мыс. Діттеген жерге енді келдік: қарапайым есеп-



*Жошы хан
(Монғол суретшісі Биліктінің шығармасы)*

теулердің өзі-ақ оның 1173 жылан жылында туғандығын көрсетеді (74).

Бөртеңің тұңғыш ұлы Жошыны меркіттерде тұтқында болып келгеннен кейін туғаны талай ресми тарихқа түсті. Шыңғыс хан оны іште кеткен өз балам десе де, кімнің аузына қақпақ болады, жақсылардың айналасында әрқашанда өрттей өрбитін өсек-аяң өршіді де тұрды. Тіпті Жошыға туған інісі Шағатайдың: "меркіт тұтқынының белгісі" деп Шыңғыс ханның көзінше айтқаны "Монғолдың құпия шежіресінен" (254 тармақ) көрініс тапқан. Бұл мәселенің ақиқаты түгіл нобайын анықтаудың өзі ешкімнің қолынан келмейтін, тылсымы



тұңғықтағы шаруа. Жошыны Шынғыс ханның өзі өлтіртті деген жорамал-лақап та тарих бетінде жүр.

...Жошы хан әкесінен тура алты ай бұрын 1227 жылдың 19 ақпаны мен 20 наурызы арасында қайтыс болды (69.210). Өлім себебі қандай болса да, оны естігенде Шынғыс ханның қатты қайғырып, енесі түсіп, еніреп қоя бергені шындық. Қазаны қаһарлы қағанға естірткен Жошы ұлысынан шыққан империяның белгілі қайраткері Кетбұғы.

Жошы кіндігінен тараған ұрпақтың саны өте көп болған. Рашид ад-Диннің жазуына карағанда оның ұлдарының өзі қырықтан асқан. Тарихшы А.А.Астайкиннің көне жазбалар негізінде құрастырған шежіресінде оның есімдері белгілі он тоғыз ұлы аталады. XVI ғасырдың басына дейін олардан өрбіген ұрпақ толық қамтылады. Жошының ұлдарының есімдері мынадай: 1. Орда Ежен, 2. Батухан, 3. Берке, 4. Беркешар, 5. Шайбан, 6. Танғұт, 7. Буал, 8. Шылауқұн, 9. Сұңқар, 10. Шымбай, 11. Мұхаммед, 12. Ұдыр, 13. Тоқай-Темір, 14. Шынғұм, 15. Есен, 16. Бөрі, 17. Қоғашы, 18. Құтадұр, 19. Үзенгі (75.599). Бұлардың ішіндегі Есен, Бөрі, Қоғашы, Құтадұрдің есімдері 1428 жылы белгісіз автор жазған "Монғол сұлтандарының шежіресі және олардың тектілігін мадақтау" атты кітапта ғана аталады дейді Астайкин. Ал Үзенгі (Есунке) есімі болса, Шынғыс ханның өлер алдында коштасқан сүйікті немересі ретінде "Монғолдың құпия шежіресінен" мәлім.

Шынғыс ханның төрт әйелінен өрбіген ұрпақ аз болмаған. Алайда тарихта аттары қалғандары сүйікті бөйбішесі Бөрте ханымнан туған ұлдары ғана. Шынғыс хан ісін жалғастырған қайраткерлер де, таққа таласқан мұрагерлер де солар. Олардың аттары: Жошы, Шағатай, Өгедей, Төле (Төлей). Қазақ хандығының тарихында Жошы ұрпақтарының есімдері алтын арқаудай есіліп отырады. Оқырмандарға қажет болар деген оймен Шынғыс хан-

Жошы ханнан бастап, қазақ мемлекетінің шаңырағын өз қолдарымен көтерген тұлғалар Керей мен Жәнібекке және соңғы ханымыз Кенесарыға дейінгі шежірелік деректерді орайлы тұста қысқаша келтіре кетейік.


Шынғыс ханнан Жошы хан, Жошы ханнан Тоқай-Темір, Тоқай-Темірден Ұрық-Темір, Ұрық-Темірден Ашық, Ашықтан Бәкібұқа, Бәкібұқадан Темірқожа, Темірқожадан Бәдік (Бадағұл), Бәдіктен Орысхан, Орысханнан Токтақия мен Құйыршық. Токтақиядан Болат, Болаттан Керей – Қазақ хандығының негізін қалаушы. Құйыршықтан Барак, Барактан Әз-Жәнібек (Әбусағит) – Қазақ хандығының негізін қалаушы.

Енді Кенесарыға дейін таратсақ: Әз-Жәнібектен (Әбусағиттан) Жәдік, Жәдіктен Шығайхан, Шығайханнан Есімхан, Есімханнан Салқам Жәңгір, Салқам Жәңгірден Уәли, Уәлиден Қанішер Абылай, Қанішер Абылайдан Көркем Уәли, Көркем Уәлиден Абылай хан (Әбілмансұр), Абылай ханнан Қасым, Қасымнан Кенесары.

Тарих сахнасында қазақ деген ұлттың қалыптасуына да, сол ұлттың атымен аталатын мемлекеттің іргетасының қалануына да айрықша еңбек сіңірген осылар және солардан тарайтын бұл қысқа тізімде аттары аталмаған текті тұлғалар. Олар ешқашанда елден бөлінген жоқ. Қазақ жыласа, бірге жылады, қазақ қуанса, бірге қуанды...

Тәуелсіздік алғаннан бергі атқарылған шаруалардың ішінде Ұлытау өңірінің іргелі мәдени ескерткіші, халқымыздың рухани игілігі бүкіләлемдік тарихта айрықша маңызға ие Жошы хан мазарының да қайта жөнделгенін ерекше атап өткеніміз жөн. Киіз туырлықты көшпенділердің азуын айға білеген арыстандай кезеңінің бедерлі белгісіндей асқақ қалпымен бүгінгі күнге жоғалмай жеткен жәдігеріміз бастапқы қалпына келді. Осы шаруаның орайын келтірген басшы-қосшыларға ел алғысы шексіз.





Бату хан және Александр Невский

Шыңғыс хан қайтыс болғаннан кейін екі жылдан соң, 1229 жылы империяны уақытша басқарып отырған қағанның кіші ұлы Төлей жана император сайлау және қаралы кезеңде қордаланып қалған мемлекеттік мәселелерді талқылау үшін үлкен құрылтай өткізді. Құрылтайда қаған болып Шыңғыс ханның үшінші ұлы Өгедей сайланды. Қаралған мемлекеттік мәселелердің ішіндегі маңыздылардың бірі — Еуропаға жорыққа шығудың жай-жапсары еді. Осы шабуылдың нәтижесінде империяға қосылатын аймақтар Жошы ұлысының қарамағына кіруге тиіс болды. Бас қолбасшылыққа ұлыс басы Бату хан тағайындалып, оған жорыққа дайындық жұмыстарына жауапкершілік жүктелді.

Шағатай, Төлей және Жошы ұлыстарының 120 мыңдай жауынгерден тұратын біріккен күші 1237 жылдың ерте көктемінде Сарыарқадан Еуропаға аттанды. Жасақтарға Өгедейдің ұлы Күйік, Төлейдің ұлы Мөнке, Шағатайдың ұлдары Бандар мен Қадан және атақты қолбасшы Сүбедей басшылық етті.

Плано Карпинидің жазуы бойынша Еуропаны жаулап алу 18 жылда аяқталуға тиіс болатын (77.53). Алайда сегіз ғасыр бойы сырын кетірсе де, сынын кетірмей. Ұлытау бөктерінде асқақтана, айбарлана тұрған ұлыс атасы — Жошы хан мазарына мыңдаған мал шалып, мінажат етіп (78.296) аттанған Бату әскеріне қарсы тұрар күш Еуропаның шығысынан да, батысынан да табылмады. Бас-аяғы бес жылда (1237-1241) Русь княздіктері, Силезия, Хорватия, Сербия, Польша, Венгрия, Болгария елдері, негізгі бөлігі қыпшақтардан тұратын Бату әскерінің табанында тапталды...


Жойқын шеру барысында Еділдің арғы бетіндегі мордва, бұртас, башқұрт, шеркес-

терді бағындырып өткен Бату әскері 1237 жылдың қоңыр күзінде Рязань княздігінің жеріне кірді. Пронск, Белгород, Ижеславль қалаларының қақпасын қиратуға бір-бір күннен ғана уақыт қажет болды. Рязань бес күн қарсыласып (16-21 желтоқсан) барып, ақыры құлады.

1238 жылдың қаңтар айында Мәскеу қоршауға алынып, ол да 5 күннен кейін жермен-жексен болды. 5 ақпанда Суздаль алынып, 6-7 ақпанда Русьтің ұлы князі отырған Владимирдің шаңырағы ортасына түсті. Осы ақпан айында Орталық Русьтің тағы 14 қаласы (Ростов, Углич, Кост-



Бату хан
(қытай
миниатюрасы)



рома, Кашин, Конятин, Городец-Радиллов, Галич-Мерский, Переяславль-Залесский, Юрьев-Подольский, Дмитров, Волок-Ламский, Стародуб және Вологда) бірінен соң бірі Батудың қол астына көшті (79.580-590). Жеміс шеруін жалғастыра отырып, 1240 жылдың желтоқсанының 6-да Киевті алып, осылайша, Ұлытаудан аттанған Бату әскері орыс княздіктерінің барлығын тізе бүктірді. Келесі жыл Еуропа елдерін бағындыруға кетті. Жойқын жорық ұлы қаған Өгедейдің қайтыс болғандығы жайлы хабар келген соң ғана (1241 жылдың күзі) тоқтады, әскер ат басын кері қарай бұрды...

Бұл мағлұматтар Жошы ханның фәниде де, бакида да мәңгілік жайлы қонысы-



Александр Невский

Владимир Мономах
1053 жылы туған — 1125 жылы қайтыс болған,
Киев князі, 1113-1125 жылдарда ұлы князь.



Юрий Владимирович Долгорукий
1090 ж. т. — 1157 ж. қ. б., Суздаль князі,
1155-1157 жылдарда ұлы князь, Москваны салдырушы.
Әйелі — қыпшақ қызы.



Всеволод Юрьевич Большое Гнездо -
1154 ж. т. — 1212 ж. қ. б., Владимир князі,
1176-1212 жылдарда ұлы князь.
Әйелі — қыпшақ қызы, 12 ұл туған,
Большое Гнездо (үлкен ұя) атауы содан шыққан.



Ярослав Всеволодович -
1191 ж. т. — 1246 ж. қ. б., Владимир князі,
1238-1246 жылдарда ұлы князь.
Әйелі — қыпшақ қызы.




Александр Ярославович Невский -
1220 ж. т. — 1263 жылы қарашаның 14-де қ.б., Новгородта, Киевте, Владимирде князь болған, 1252-1263 жылдарда ұлы князь.

на айналған аймақтың — Ұлытау бөктерінің сол тұстағы Русь княздіктерімен, Монғол империясымен, Алтын Орда, Көк Ордалармен ара қатынастарында қалдырған ізін пайымдауға қажеттіліктен баяндалып отыр. Бұрын бірнеше княздіктерден тұратын Русь, 1547 жылы Иван Грозный өзін патшамын (царь) деп жариялаған соң, Ресей (Россия) деген атаққа ие болады. Монғол шапқыншылығына дейін Русь жері бір-біріне бағынбайтын бытыранқы дербес княздіктерден құралды. Алайда толарсақтан саз кешіп, ауыздықпен су ішкен, ел басына күн туған кезеңдерде олар орталарынан сайлаған ұлы князге бағынғандығын да ескеру керек.

Монғол шапқыншылығы тұсында Владимир князі Ярослав Всеволодович орыс халқының тарих сахнасынан жойылып кетпеуіне бірден-бір себепкер болды. Осы ретте орыс тарихында айрықша із қалдырған бұл әулеттің (Владимир Мономахтан Александр Ярославович Невскийге дейінгі) қысқаша шежіресін аттап өте алмаймыз.

Бұл шежірелік көрсеткіштер эмиграцияда (Аргентина) өмір сүрген аса көрнекті орыс тарихшысы М.Д.Каратеевтің (1904-1978) "Русь и татары. Княжеские роды. Династические таблицы" атты еңбектерінде (80.337-350) және С.М.Соловь-



евтың 30 томдық шығармалар жинағында (81.196) көрсетілген бұлтартпас жылнамалық деректер негізінде құрастырылды.

Орыс жасағы Бату әскерінен ойсырай жеңілді. Осындай елінің болашағынан үміті үзілген тұста Владимир князі Ярослав Всеволодович Ордаға Батуға аттанады.

"Татарлар тек өздерінің үстемдігін мойындаған халықтарды ғана тыныштықта қалдырды... Бас июін керек, оныңды тікелей ханның алдына барып қана көрсетуге тиіссін..."

Бату, жылнамашының жазуына қарағанда, Ярославты құрметпен қабылдады және оған қайтар кезінде: "Орыс халқының барлық княздарына өзің бас бол" деді. Бұдан соң Ярославтың барлық туыстары Батуға бас июге кетті", – деп жазған (81.146-147) орыстың атақты тарихшысы С.М.Соловьев (1820-1879). Оның пайымдауынша бұл сапар шамамен 1240 жылы болған.

Осы жерде қаракты көзге бірден байқалатын қайшылық бар. Өйткені, Ярослав 1238 жылдан ұлы князь (шежірелік көрсеткішке көз салыңыз). Оны Соловьевтың өзі жазып отырғандай бұл лауазымға Бату хан тағайындаған. Сондықтан Ярославтың Ордаға ен алғашқы сапары 1238 жылы болды деп нақтылап айтуға толық негіз бар. Ярослав ұлы князь тізгінін қолына ұстаған кезде оның барлық туыстары Батуға бас иіп келген. Олардың арасында 18 жастағы Александрдың (Невский) болғандығы да ақиқат.

Александрдың Батудың ұлы Сартакпен анда (қандас) болып достасқаны (82.200) және оның Батуға өкіл бала болғаны (71.297) жайлы тарихта бұлтартпас деректер сақталған.

Бұл кезде бытыраңқы орыс княздіктерімен Еуропа бағытында соғыс жалғасып жатты. Кейіннен барып Батуға астана болған Сарай-Бату қаласы әлі салынбаған еді (20.1061). Сонда Александр Невский қайда келді, Бату хан оларды қай жерде қабылдады деген заңды сұрақ туады. Оның орыс тарихшылары назар аудармаған, немесе аударғысы келмеген нақты жауабы тек бі-


реу. Бұл оқиға Жошы ұлысының сол тұстағы саяси, экономикалық, әкімшілік орталығы Орда-Базарда, яғни бүгінгі Жезказған қаласына таяу тұрған Жошы мавзолейінің маңында өтті.

Батудың Ярославқа үлкен сенім білдіріп, бүкіл орыс тайпасын басқарушы ұлы князь етіп тағайындауында да, оның баласы Александрды туған ұлы Сартакпен тен ұстап, өкіл әке ретінде қамқорлық жасауында да терен негіз жатыр. Оның тамыры қандастық пен туыскандықта! Қатарынан үш атадан бері қыпшақ аналарының, ана болғанда да текті ханшайымдардың ақ сүттерін еміп өскен ұрпақтың туған нағашыларының салт-дәстүрін, таным-талғамын, ділі мен тілін білмеуі мүмкін емес.

Түрік (қыпшақ) тілі – Монғол империясының қалыптасқан мемлекеттік тілі. Империя құрамындағы казак этносының негізін қалаған керейт, жалайыр, найман, қонырат және т.б. көптеген тайпалар бір тілде сөйледі, әдет-ғұрпы, тәрбие-тәлімі, тәртіп-заңы ортақ болды. Шыңғысхан да, Жошы да, Бату да осы тілде сөйледі.



Бабаларымыздың қандас бауыр болу ғұрпын бейнелейтін алтыннан құйылған әшекей



Сол жылдарда Солтүстік-Батыста Монғол империясына кірген Руське шведтер мен левон рыцарлары крест жорығын жариялап, Новгород пен Псков қалаларын басып алды. Шамасы, Батухан осы жағдайларға байланысты Александрды аманатта жүрген жерінен босатқан болуы керек, қыпшақ жасағын бастап Руське аттанған ол, 1240 жылдың 15 маусымында Нева өзенінің Ладога көліне құятын сағасында шведтер мен немістердің әскерін талқандап, сол үшін Невский атанды (81.148).

Александр бастаған әскер ұзақ шайқастан кейін, келесі 1241 жылы Новгородты крест тағушылардан тазартты. Мұздай темір құрсанып, католицизмнің үстемдігі үшін басын тіккен рыцарлармен шайқасу Невскийдің қолын әжептәуір әлсіретсе керек, оның үстіне соғыс шығынсыз болмайды ғой, Псковты дұшпаннан босату онайға соқпады, қосымша күшті қажет етті. Бұл жайлы С.М.Соловьев былай деп жазған: "Псковты жедел азат ету мүмкін болмады. Ол үшін келесі 1242 жылы Александр Ордаға барып қайтты, тек содан соң Псков қайтарылып алынды" (81.150). Бұл Александр Невскийдің Ұлытау өңіріне екінші сапары еді.


Невскийдің Новгород пен Псковты жаудан тазарту жорықтарына Жошы ұлысынан аттанған жасақты Неврюй атты ноянның басқарғаны тарихта танбаланып қал-

ған (84.229). Бұл да әрі қарай зерттеуді қажет ететін маңызды мағлұмат.

Бұған кейін де Александр Монғол империясына ең кемі 4 рет сапарға шыққан. Оның үшеуінде (1248, 1252 және 1262 жылдары) Қаракорымдағы ұлы қағандардың ордасына дейін барып, Русь және өз тағдыры үшін аса маңызды мәселелерді шешкен (81.151-155). Бұл жолдары да оның Жошы ханның үлкен ұлы, әкесінің орнына әке болып, бауырына тартқан Батудың туған ағасы Орда-Ежен басқарып отырған Ұлытаудағы Көк Ордаға соқпай өтуі мүмкін емес. Реті де осы, Қаракорымға жол да осы аймақтың үстімен өтеді. Бұл тұжырымға Плато Карпини мен Гильом де Рубруктың империя астанасына барып-қайтқан сапарлары жөнінде қалдырған жазба деректері бойынша құрастырылған карта дәлел.

Біздің санамызда орыс және Александр Невский деген ұғымдар егіздің сынарындай болып, қатар қалыптасты. Солай оқытты, солай сіңірді, солай ұғындырды, солай үйретті. Сонғы жылдары нағыз тарихты тұмшалаған шымылдық ашылып, талай тылсымдардың тұңғығына еркін сүнгуге мүмкіндік туғанда, Невскийдің бізге – түрік тектілерге де бөтен тұлға емес, жатырқауға жатпайтын жиеніміз екендігін анықтап отырмыз. Тіпті, бозбала кезінде де, ел басқарған есейген шағында да, табаны өзіміздің Ұлытау топырағына талай рет ти-






генін дәлелдеп отырмыз. Александр Невскийдің орыс жұртын қалыптастырудағы және монғол шапқыншылығы тұсындағы ара ағайыншылық қызметін барынша бағалаған шіркеу оны саусақпен санарлықтай ғана киелі әулиелер (соңғысы Николай-II) қатарына қосты. Қасиетті Ұлытауда аманатқа қалдырылған балаң жігіт туған жеріне есейіп, шыңдалып, төмен түскен еңсесі көтеріліп, Батуханның баласы болып оралды. Монғол империясының бір қанатын (Русь княздіктерін) сыртқы жаулардан қорғап, өшпес даңққа бөленді. Оның арқасында Русь княздіктері империя қазынасына салық қана төлейтін дербес ұлысқа (бүгінгі тілмен автономия десе те болады) айналды.

Ол жайында Гумилев: "Невский атанған Александр айналада жүріп жатқан жағдайды өте керемет түсінді, осылайша татар-

лармен одақтасу мүмкіндігін қалт жібермеген ол, тарих үшін Русьті сақтап қалды", – деп жазды (83.19).

Әнгіменің ашығын айтсақ, орыс халқының мақтанышы – Александр Невскийді Ұлытаудың Дешті қыпшақ аруының бұрымындай бұрала тарқап ағатын 98 сала өзендерінің талайында шомылып, талайының суымен шөлін басқан өз бабамыз, өз бауырымыз деп қабылдағаннан казак ұтпаса, ұтылмайды. Қатарынан үш ұрпақ бойы (өзі, әкесі, атасы) бізге жиен болып келетін әулеттен шыққан Александрдың тамырларында генеративтік әдіспен есептегенде қыпшақ қаны 87,5 процентке жеткен екен (атасында – 50, әкесінде – 75, өзінде – 87,5). Ондай адам бізге қалайша бөтен болады? Ол – казак пен орыс ұлттарына ортақ ұл, ортақ мақтаныш.





"Шыңғысханның оң тізесін басқан..."

Жер бетінде аяғы аспаннан салбырап түскен халық жоқ. Олардың қайсысы болмасын, ірге бітеп, шанырақ көтеру жолында жойқын құрбандықтар жасап, суыққа тонып, ыстыққа күйіп шыңдалған. Тағдырдың тайғақ жолында талай-талай жойқын жорықтарды, аласапыран айкастарды, зарлы зобалаңдарды, шерлі шұбырындыларды басынан өткеріп, "мың өліп, мың тірілген", кең байтақ жерін, тілі мен ділін, салты мен дәстүрін жойдырмай, тәуелсіздік тұғырына талып жеткен халықтардың бірі — өзіміздің казак.

"Олар еуропалықтардан дарын жағынан болсын, ақыл жағынан болсын кемшін түскен жоқ. Алайда, басқа халықтар мәдениетін дамытуға жұмсаған күштерін түркілер... бәрін былай қойғанда, өздерінің бостандығын қорғауға жұмсауға мәжбүр болды. Жүздеген жылдарды олар үздіксіз күреспен өткізді, солай бола тұрса да, олар бүкіл қактығыстардан жеңіспен шықты, туған жерлерін қорғап қалды", — дейді Л.Н.Гумилев (85.329).


Ғұлама ғалымның осындай тосын түйін жасауына казак этносының тарих толқындарында теңселіп өткен жолы да негіз болған. Шындығында да ұлт болып ұйығаннан бергі халқымыздың көргені — күрес, құрғаны — қорғаныс. Казак хандығы ешкімге көз алартқан жоқ. Бірақ, байлыққа бөккен байтақ дала басқалардың көзінің құртына айналды. Толассыз арпалыс, дамылсыз қорғаныс Ұлы Даланың ұлдарын шыңдады, шынықтырды. Бесіктен белдері шықпай жатып, топ бастаған көсем, қол бастаған батыр, сөз бастаған шешендерге айналдырды. Сондықтан да біздің тарихымызда, қай кезең, қай дәуір болмасын, елім деп еңіреген хандарымыз бен сұлтандарымыз, батырларымыз бен билеріміз, ше-

шендеріміз бен ақындарымыздың алар орны айрықша, шиыр-шиыр іздері мол. Қалың казактың аузында аты аңызға айналған, есімі, әсіресе Ұлытау өңірін мекендеген елге етене жақын тұлғалардың бірі — Кетбұғы жыршы, Кетбұғы күйші, Кетбұғы би, Кетбұғы қолбасшы... Бір сөзбен айтсақ — Кетбұғы кеменгер.

*"Күдеріден бау тағып,
Кіреуке киер күн қайда?!
Күмбір-күмбір кісінетіп,
Күреңді мінер күн қайда?!
Толғамалы ақ балта,
Толғап ұстар күн қайда?!
Алты құлаш ақ найза,
Садақ толған сайгез оқ,
Масағынан өткеріп,
Басын қолға жеткеріп,
Созып тартар күн қайда?!
Кетбұғыдай билерден
Кеңес сұрар күн қайда?"*

Көне казак әдебиетінің көрнекті өкілі, жауынгер жыршы, кәдімгі "Азаулының (Азов) Ыстамболдан несі кем,... ер Доспамбет ағанын... би ұлынан несі кем? Тәңірінің өзі берген күнінде, хан ұлынан артық еді несібем!" — деп жырлаған, 1490 жылдар шамасында Азовта туып, 1523 жылы Тәжтархан (Астрахань) жақта жорықта жүргенде қаза тапқан, казактың бір бұтағы — ноғайлының шоктығы биік шайыры Доспамбет көкірегі қарс айрыла жоқтаған Кетбұғы ғауан Жошы ұлысында аса көрнекті мемлекет қайраткері болды. Кетбұғы Шыңғыс ханның алдында да дарынды қолбасшы, дана би, ақылды абыз ретінде биік беделге ие еді.

Кеменгер Кетбұғының Жошы ұлысының іргелі мемлекет болып, қанаты ката-



юына косқан үлесі жайлы Л.Н.Гумилевтың көптеген еңбектерінде айтылады. Кетбұғының күйшілік, жыршылық дарыны жайлы М.Мағауиннің (86.46-48), Тарақты Акселеудің (7.139-153), қайраткерлік, қолбасшылық қызметі, тағдыры жайлы Т.Жұртбаевтың (87.348-367), К.Сәкидің (88.83-86) және басқа да зерттеушілердің шығармаларында ауызша, жазбаша сақталған тарихи деректер негізінде жан-жақты баяндалған.

Осы және басқа да еңбектерде айтылған мәліметтерге сүйене отырып, "Шыңғыс ханның он тізесін басқан" кеменгер қолбасшы Кетбұғы жайлы оқырмандарға қысқаша мәлімет бере кеткеніміз ләзім.

Шыңғыс хан жаулап алған жерлерін Бөртеден туған балаларына бөліп бергенде, үлкен ұлы Жошыға төрт мың жауынгер қалдырады. "Монғолдың құпия шежіресінде" Жошыға еншіге тоғыз мың адам берілгендігі жазылады (68.166). Шамасы, бұл төрт мың жауынгерді отбасы мүшелерімен қоса есептегендегі сан болуға тиіс. Осы елді, әскерді басқару 1206 жылы Онон өзенінің бойында Шыңғыс хан ақ киізге көтерілгенде тағайындалған тоқсан бес

Кетбұғы ғауаң



нояанның бірі Кетіге (Кете) тапсырылады (68.142). Бұл жайында "Алтын шежіреде" де жазылған (89.115).

Бізге Кетбұғы (Кетбұқа) атты есіммен белгілі қолбасшының көне шежірелерде Кеті (Кете) болып жазылуының себебі мынада: сол заманның дәстүрі бойынша еліне еңбегі сініп, айрықша көзге түскен тұлғалардың есіміне марапат-мадақ ретінде "бұқа", "бұғы" секілді аса қуатты күш иесі екендігін білдіретін қосымшалар жалғанған. Ол әлемдік тарихқа осы Кетбұғы есімімен енді.


Бүгінгі күнге дейін жоғалмай жеткен тарихи деректерді зерделесек, Ұлытау өңіріне найман тайпасының бағаналы және балталы тармақтары осы Кетбұғы ноян басқарған жасақ ретінде келіп қоныстанған.

Көшпенділер қауымында ер ерте есейетінін ескергеннің өзінде 1206 жылы-ақ Шыңғыс ханның тоқсан бес мыңбасыларының бел ортасында тұрған Кетбұғының жас шамасы 20-25 аралығында болуға тиіс. Сонда ол шамамен 1180-1185 жылдарда дүниеге келген болады.

Шыңғыс ханның көптеген жойқын жорықтарына қатысып, ұрыс даласында үлкен абыройға бөленген Кетбұғыны қаған айрықша қадірледі. Еуропаға жорық жасауға дайындық Жошы ұлысында жасалғаны мәлім. Сондықтан да аса жауапты шаруаға ұлыстағы әскери мәселелердің бәріне жауап беретін Кетбұғы ғауаң басшылық етті деп тұжырым жасауға болады (78.290-296).

Еуропаны жаулап алу он сегіз жылда аяқталуға тиіс деп жоспарланса да (77.53), 1237 жылдың ерте көктемінде ұлыс атасы Жошыхан мазарына мындаған мал шалып, мінажат етіп, жорыққа аттанған Бату әскері бас-аяғы үш-ақ жылда Русь жерін де, Еуропаның көптеген елдерін де жаулап алды. Кетбұғының басшылығымен жасалған жойқын жорыққа дайындықтың нақты нәтижесі осындай.

Империя алдында орасан зор беделге ие көне гвардияның тәжірибелі көсемдерінің бірі (Л.Н.Гумилев) Кетбұғыға 1253 жылы Онон өзенінің жағасында өткен құрылтай-




да империя ықпалынан шығып бара жатқан Батыс Азия елдерін (Палестина, Сирия, Мысыр) тәубесіне келтіріп қою үшін жасалатын тағы бір үлкен жорыққа дайындыққа басшылық жасау тапсырылды. Әскер қолбасшысы болып ұлы қаған Мөңкенің туған інісі Құлағу тағайындалды.

Сол заманның дәстүрі бойынша Ұлытауды құтты қонысына айналдырған Кетбұғы ғауаңға караған балталылар мен ба-

ғаналылар жорыққа тегіс аттанды, басқаша айтқанда ошарыла көшті. Ғауаңның өз кандастарынан тұратын жасағында (84.52) қанша әскер болғанын сол кездің тарихшылары әртүрлі көрсетеді: римдік Гайтон 10 мың десе, армян Киракос 20 мың сарбаз болғаны жайлы жазған (90.290).

Бұл жорыққа Құлағу мен Кетбұғының үш жыл бойына қалай дайындық жүргізгені жайлы Гумилев былай дейді (84.53):





"Жасак жүретін жолдардағы мал жайылымдарын таптатпау үшін бұл жерлердегі көшпелі елдерге баска қоныстар берілді. Өткел бермес өзендерге қалқыма көпірлер салынды. Ұзақ жолда бұзылмайтын азық-түлік дайындалып, Қытайдан камал бұзатын қарулар жасайтын көптеген мамандар алдырылды. Асықпай қозғалған жасак 1256 жылдың қаңтар айында ғана Әмударияның сол жағасына өтті. Әйтсе де, олар 1256



Л.Н.Гумилев ҚарЛАГ-тың Шерубай-Нұра бөлімшесінде


жылдың соңына қарай исмаилиттердің Ирандағы барлық камалдарын жойып, 1257 жылдың ақпанында Бағдатты алды".

Аса сәтті басталған жорық атақты қолбасшының ең соңғы жорығы болды. 1259 жылы Құлағуге Мөнке қағанның қайтыс болғандығы жайлы қаралы хабар келген соң, ол дәстүр бойынша императорды азауға Қаракорымдағы ордаға аттанады. Сирияны басқаруға өзіне қараған аз ғана әскермен Қетбұғы қалады. Ол кезде Қетбұғы ғауан Сирияның әміршісі болатын (90.290).

Саналы ғұмырын қазақ мемлекетінің негізін салған Жошы ұлысының, одан соң Алтын Орда, Көк Ордалардың гүлденуі мен нығаюына жұмсаған ұлы жырау, төбе би, даңқты қолбасшы, аса көрнекті мемлекет қайраткерінің ақырғы демі 1260 жылдың 3 қыркүйегінде бітіп, ол Палестинадағы Айн-Джалут (қазіргі Назарет қаласының маңы) деген жерде мамлюктердің қолбасшысы Құтыздың қолынан қан майданда қаза табады.

Бұл шайқастың қалай өткендігі және Қетбұғы ноян жайлы араб тарихшылары қалдырған көптеген тың деректерді Қ.Сәки "Сұлтан Байбарыс" атты еңбегінде ке-






нінен пайдаланады. Онда мынандай жолдар бар (88.85-86):

"Тарихшылар Кетбұқа ноянның соңғы сағаттарын тәптіштеп жазып қалдырды. Шын мәнінде, бір деректер бойынша, соңғы жауынгері қалғанша соғысқан Кетбұқа ноян атынан құлап қолға түседі. Тарихшы Ғамаданидың жазуы бойынша Кетбұқа қолға түсіп, сұлтан Құтыздың алдына әкелінеді. Құтыз оған "Жазықсыз адамдардың қанын төккен, ұлы батырларды өтірік уәделермен алдаған, ақсүйек отбасыларын жалған сөздермен алдаған, ақыры торға түстің бе?" – дейді. Оған Кетбұқа ешбір тайсалмастан: "Егер мен сенің қолыңнан ажал тапсам, менің ажалым сенен емес, жаратқаннан. Осы уақытша жеңіспен өзін-

ді алдама. Менің өлімім туралы хабар Хулагу ханға жетісімен ол теңіздей буырқанып, монғол әскері Әзірбайжаннан Мысыр қақпаларына дейінгі жерлерді таптап шығады. Мен туғанымнан ханның құлымын, сен секілді иемді өлтіріп, билікке ұмтылған жоқпын", – деп жауап береді де, Құтыздан өзін тез өлтіруді сұрайды. Ноянның басы шабылып, Каир көшелерімен алып жүреді де, кейін Каир қақпаларының біріне ілінеді.

Келесі бір деректер бойынша Кетбұқа шайқаста қаза табады. Тарихшы Ибн Тәңірберді "Кетбұқа ноянның татарлар арасындағы орны ерекше еді. Оның сөзі, батырлығы және ісі әрдайым есепке алынып отыратын. Ол ержүрек, батыл, бекіністер





алуда, жерлерді басып алуда нағыз соғыс шебері еді. Парсы жерін және Иракты жаулап алған Кетбұқа ноян болатын. Хулагу хан оған толық сенетін, ешқашан қарсы келмейтін, сөзін жерге тастамайтын. Кетбұқаның шайқастары туралы таңғажайып әңгімелер айтылатын", – деп жазды.

Әл-Айни Кетбұқа ноян Хулагу ханның Шам елдеріндегі орынбасары, Парсы елі мен Шамды қаратқан қолбасшы, Хулагуның атасы Шыңғыс ханды көрген адам дейді. Кетбұқа ноян Хорасан, Иракта мұсылмандарға қарсы соғыстарында адам естімеген айла-қулықтарды қолданды. Кетбұқа ноян егер бір жерді жаулап алса, бірден келесісіне шабатын. Сол елден қашып келгендерге көмек беруді талап ететін. Егер айтқанын орындаса, оның ойындағысы болғаны, азық-түлік кеміп, камал құрсауға көп төтеп бере алмайды. Ол айтқанын орындамаса, олармен қашқандардың қолымен соғысатын, олар әлсіреген кезде әскерін жабатын.

Әл-Айни "Алла лағынет атқыр Кетбұқа егде тартқан ақсақал болатын. Христиан дініне іш тартатын, бірақ, Шыңғыс ханның Яссысының үкімінен шыға алмайтын". – дейді.

Ал Кутбуддин әл-Юнини: "Татарлар Баалбекті құрсауға алғанда Кетбұқа ноянды көрдім. Жалбыраған ұзын, жұмсақ сақалды, кейде оны құлағына іліп қоятын әдемі қария. Салтанатты, өктем болатын. Камалды көру үшін мешітке кіріп, мұнарасына шығады. Кетбұқа ноян сұлтан Құтыздың әскермен қарсы шыққанын естігенде, шайқасқа құлшынып шықты. Әдеттегідей жеңемін деп ойлады. Құтыз әскерінің оң қанатын тас-талқан етті, алайда құдай жеңісті мұсылмандарға береді. Осы шайқаста Кетбұқа ноян қаза тауып, ұлы тұтқынға түседі. Әдемі жігіт екен, Құ-


тыздың алдына әкелгенде, ол одан: "Әкен қашып кетті ме?" – деп сұрайды. "Ол ешқашан қашпайды", – деп жауап береді ұлы. Біраздан соң Кетбұқа ноянның денесі өлгендердің ішінен табылады. Әмір Ақұш аш-Шамсидін қолынан қаза тапқан екен. Баласы оны көргенде қатты жылап, жоқтау салады. Құтыз оны сұрауға алғанда, ол: "Кетбұқа – татарлардың бақыты еді, оның өлімімен олардың бағы тайды", – дейді.

Кетбұғы осылайша қаза тапты. Көсемсіз қалған "балталы, бағаналылардың әскері күші өздерінен әлденеше есе басым мамлюктердің қолынан қайғылы қырғынға ұшырады. Ата қоныстан алыстағы жат жерде, шөл далادا әйел жесір, бала жетім қалды. Рулы елдің басына еңсесі енді көтерілместей зобалаң орнады. Бұл жағдай Құлағу тарапынан да түсіністік тапқан. Оған ендігі жерде так болса болды, кімді басқарса да бәрібір еді" (91).

"Ол (Құлағу) жерлестер бір-бірімен тіл табысады деген оймен Палестинада соғысқан және отандарына оралуға мүмкіндігі жоқ сарбаздарға мамлюктар жағына өте беруге рұқсат берді", – деп жазады Л.Н.Гумилев. Кетбұғыдай кемеңгер басшысынан айрылған ел осылайша үлкен бақытсыздыққа душар болды. Жат жерде қалған наймандардың қомақты тобы бірте-бірте жергілікті халыққа сінісіп кетті (90.295). Дегенмен Кетбұғымен кеткен елдің бір бөлігі Ұлытау өңіріндегі ата-жұртқа қайта оралды. Ол жайлы кейінірек баяндалады.

Отыз жылдай өмірі ұлыс кіндігі – Ұлытауда өткен әлемге әйгілі тарихи тұлға Кетбұғының есімі ауызша аңыз шеңберінен шығып, ғұлама Гумилевтың арқасында ғылыми айналысқа түсті. Біз бүгін сілтеме жасап отырған еңбектер – осының нәтижесі. Мұны да тәуелсіздігіміздің тәтті жемістерінің бірі деп бағалауға тиіспіз.








Мен жаралы арыстан,
Жаулассам жармай кете алман.
Кекті болған жауыммен
Кескілеспей біте алман.
Кара бұлтты дауылмын,
Қар боратпай ашылман.
Көзіме кердең кездесе,
Сазайын бермей басылман.
Надандардан қаймығып,
Аруағымды қашырман.
Басымнан сөз асырман...


Шақшақ Жәнібек тархан



АТТАРЫ
АҢЫЗҒА
АЙНАЛҒАНДАР







Байтақ далаға белгілі бақсы

Қазақ халқының ауыз әдебиетінде болмысы сиқырмен сабақтас, тылсыммен түбірлес, бойларындағы қарым-қабілеті біздің бүгінгі наным-танымға симайтын айрықша құдырет иелері – бақсылар жайлы небір қиял-ғажайып ертегілердің өзімен таласа аларлықтай әңгімелер мен жырлар аз сақталмаған. Бұларды өз ұлтымыздың еншісіндегі мұра десек, қазақ даласы арқылы әр кезеңде жүріп өткен жатжұрттық жиһанкез-саяхатшы, тыңшы-барлаушы, елші-жылнамашылардың қағазға түскен еңбектерінде де бақсылар жайлы мәлімет орасан мол.

Олардың жазбаларынан баска ешқайдан, ешбір халықтан байқалмайтын осынау құдыретті күш иелерінің таңғажайып қабілеттеріне танданысты, таңырқауды, тосын құбылыстарды қалай қабылдауды, қайтіп түсіндіруді білмей, абдырап-абыржуды, бақсы әрекеттерінің ішкі астар-сырын ғылыми тұрғыдан ұғына алмай торыққандықты, ақыры осындай құпиясы көп ғаламат үрдіс жайлы көрген-білгендерін қаз-қалпында бейнелегендікті байқауға болады.

Бұл тақырыптағы ең көне деректердің бірі – ғұн патшасы Еділдің (Аттила) бақсы-көріпкелдердің көмегін тұрақты пайдаланғандығы жайлы әңгіме. Патша төңірегіндегі бірінен-бірі өткен осындай бақсылар көсем өміріндегі әрбір елеулі оқиғаны күні бұрын болжап, бағдарлап отырған. Мысалы, 451 жылғы әлемге әйгілі Каталун қырғыны тұсында Еділ патшаның көріпкелдері құмалақ салу арқылы алдағы шайқастың қалай аяқталатындығын бірнеше күн бұрын қолмен қойғандай етіп, нақпа-нақ айтып берген (92.104-109).


Сондай-ақ, әлемді билеген Шыңғыс ханның алғашқы кезде таққа отыруына

Мұңлықұлы Көкше деген бақсының ықпалы мен әрекеті зор болғандығы жайлы монғол тарихын зерттеушілердің барлығы жазбаша деректер қалдырған.

Қазақ ұғымы бойынша бақсы – адам рухын көтеруші, дем беруші, жын-шайтанды аластаушы, аса көріпкел сәуегей, ертеңді болжап білуші, қолынан келмейтіні жоқ құдіретті күштің иесі, небір таңғажайып құбылыстарды көз алдына келтіре алатын сиқыршы... Осындай таным мен пайым қалыптасқан ортадан шыққан өз ұлтымыздың дана перзенті Шоқан Уәлиханов бақсылар жайында былай деп жазыпты: "Шаман сиқырлық қасиеттерімен қоса білікті, дарынды, басқалардан мәртебесі жоғары: ол акын да, күйші де, сәуегей және емші де, ол сегіз қырлы, бір сырлы адам болған. Қазақтар шаманды бақсы дейді, ол сөз монғолша – оқытушы, ұйғырлар – бахшы десе, түркмендер осылай деп өздерінің



Қазақ бақсысы



Орта ғасырлардағы бақсы

ақындарын атайды". Осы күнге дейін түбегейлі терең зерттелінбесе де, Шокан сипаттаған бақсылық халқымыздың тарихында ерекше орын алған құпиясы көп құбылыс болып қала беретіндігін заманның өзі көрсетіп отыр...


Қоғам құбылды, өмір өзгерді екен деп, бабаларымыз даңқты бақсылар есімдерін сана шежіресінен сызып тастаған жоқ. Керісінше, олардың әрекеттерін әспеттеп, қызметтерін құрметтеп, келбеттерін көміскілендірмей бір ұрпақтан екіншісіне жет-

кізіп отырды. Сондай күдірет иелерінің бірегейі – кезінде Шокан Уәлиханов "бақсылардың бақсысы" (93.183-186) атаған атакты Қойлыбай бақсы Әбурахпанұлы. Қойлыбай жайлы ұмытылмай сақталған сан деректердің ішінде ел аузынан жазылып алынған авторы беймәлім үлкен дастан бар. Бұл шығарма ұлтымыздың ауыз әдебиетін жинауға аса зор үлес қосқан көрнекті шығыстанушы ғалым, профессор Әубәкір Диваевтың (1856-1933) Ташкентте 1924 жылы басылған "Тарту" атты казак фольклоры нұсқаларының жинағында "Бақсы" деген атпен жарияланған. Қойлыбай бақсыға қатысты бұдан да басқа тілге тиек етерлік құнды шығармалар бар.

Қойлыбай – Ұлытау төңірегіндегі адамы. Оның өмір сүрген уақытын нақтылауға бағдар берерліктей мәліметтер жеткілікті. Асылын ардақтап, киесін қастерлеген халық Дулығалы өзенінің бір саласын бақсының атымен Қойлыбай деп атап келеді. Сол мандағы белгілі дөнестің басында кезінде Ұлытау аршасынан соғылған бақсы бабаның бейіті кешегі-бүгінгі күндердің бәрінде ауырған, қиналғандар мінәжат етіп, түнейтін киелі орын ретінде қадырқасиетін жоғалтпай, осы заманға жеткен. Сондықтан аты аңызға айналса да, Қойлыбайдың өзі қиялдан туған тұлға емес, шыққан тегі де, жатқан белі де, кіндігі кесілген жері де нақты белгілі әулие.

Шежірешілердің бір тобы Қазак хандығының негізін қалаған Жәнібек пен Керей сұлтандарға Қойлыбайдың шеше жағынан туыстық қатысын атап көрсетеді. Керей тайпасының текті бұтағынан шыққан ағайынды екі қыз – Бопан мен Бопайдың есімдері ел аузында сақталған. Бопан Барак сұлтанға ұзатылған дейді. Ал Бопай болса, Қойлыбайдың шешесі. Ол бұлттың қыпшақ Әбурахпан деген белгілі ғұлама, атакты атқамінердің әйелі болған көрінеді.

Шежірешілеріміз Әз-Жәнібекті де, Керейді де Барактан туған деп қателесіп, оларды Қойлыбайға туған бөле етіп қояды. Әз-Жәнібектің (Әбусағит деп те аталады) Барак сұлтанның ұлы екені мәлім, ал, Керей болса, оған жақын аталас ағайын адам.



Осы ретте, бір жағынан, Қойлыбай бақсыға, екіншіден, мемлекетіміздің негізін қолдарымен қалаған тарихи тұлғаларға қатысты болғандықтан, Шыңғысхан әулетінің орыс жылнамаларында сақталған, өзіміздің қолымызда бар толық үлгісінің бір үзігімен бүгінгі ұрпақты таныстырып өткеннің ешқандай артықтығы жоқ деп ойлаймын.

Жошы ханның он тоғыз ұлының он үшіншісі – Тоқай-Темір. Одан Ұрықтемір, Ұрықтемірден Ашық, Ашықтан Бәкібұқа, Бәкібұқадан Темірқожа, Темірқожадан Бәдік, Бәдіктен Орысхан, Орысханнан Құйыршық пен Тоқтақия туады. Біз өзімізге қажетті тармақты ғана таратып отырмыз.

Құйыршықтан Барак сұлтан, Барак сұлтаннан Әз-Жәнібек (Әбусәғит) туған. Тоқтақиядан Болат сұлтан, Болат сұлтаннан Керей туған. Шежіре Жәнібек пен Керейдің екі ата жерден қосылатындығы болмаса, олардың әкелерінің де, шешелерінің де бөлек екендігін байқаймыз. Бұл – бақсының өмір сүрген кезеңіне жөн-жоба сілтейтін құнды дерек.

Бақсылар жайлы жазған еңбегінде Шокан Уәлиханов Қойлыбайды бағаналылық етіп көрсетеді. Шокан еңбектерін баспаға әзірлеген ғалымдар мұнын қате екендігін аңғарып, Шоканның 1985 жылы шыққан жинағына түзету енгізгені мәлім. Менің ойымша, жансақтық осы еңбек жазылған тұстағы заман ахуалынан, қоғамдық, әлеуметтік жағдайлар әсерінен кеткен. Кенесары көтерілісінің аяқ шенінде патша үкіметінің қудалауынан бой тасалаған қыпшақтардың ауыл-аймағымен, тайлы-таяғымен Ұлытау өңірінен Сыр бойына жаппай қоныс аударғаны жайлы құжаттар архивтерде тұнып тұр. Жалғыз қыпшақтар ғана емес, көтерілістен соң орыс әкімшілігі бұрын осы төңіректі жайлаған, өздері 1824-1832 жылдары болыстық құрылымға келтірген көптеген рулардың сайда санын, құмда ізін таба алмай қалған. Мысалы, сондай рулардың бірі – балталы болысына қараған халық.


Ұлытау төңірегін Жошы хан заманынан бері жайлап келе жатқан бағаналылықтар



Бақсылар (1914 ж. жарық көрген “Ресейлік Азия” альбомынан)

сол тұста осы аймақтың бірегей аборигендеріне (көне тұрғындарына), ал, Ұлытау және бағаналы сөздері бір мағынадағы тіркеске (синонимге) айналды. Қойлыбай бабамыздың бейігі Ұлытау алқабының батыс бөктерінде жатыр. Сондықтан Шоканның бүгін біз жансақтық деп ұғып отырған жазуын сол дәуірдің түсінігіне салсақ, одан пәлендей алып бара жатқан қайшылық көре алмаймыз. Мағжан Жұмабаевтың “Қойлыбай қобызы” атты шығармасында да жырдың Шоканның ғылыми еңбегі мен ел аузындағы әңгімелер әсерінен туғандығынан Қойлыбай бақсы бағаналылық болып жүр.

Осы пікірлерімізді толық тұжырымдап тастауға негіз боларлықтай құнды шығарма Ұлттық ғылым академиясының тарих, археология және этнография институтының қолжазбалар қорында сақтаулы. Ол – артына қазақ тарихы үшін аса маңызды “Елім-ай” сияқты дастанды қалдырған Қожаберген жыраудың “Ер Қойлыбай” жыры. Қожаберген – есімі ісі қазаққа белгілі То-




лыбай сыншы Дәуленұлының бәйбішесі Акбілектен өрген жиырма ұлының ең кенжесі. Толыбай сыншы 1603 жылы туып, 1684 жылы қайтыс болған. Тарихтың қайнар көзіне балап, көне шежірені шетінетпей ұстаған өрелі, өнегелі, өнерлі әулеттен шыққан Қожаберген жыраудың аталған дастанында бүгінгі ұрпаққа маңызды мәліметтер беретін мынандай жолдар бар:

*"Ертеде қыпшақта өткен Ер Қойлыбай,
Қолына жүрмейді екен қобыз алмай.
Болған соң сол асылдан бізге мирас, —
Қобызды мен де жүрмін тастай алмай.*

*Біздерге жәрдем болып аруақ құдай,
Жауымды талқандадым соғыста ұдай.
Қыпшақта Қойлыбайды жырға қос деп,
Түсімде аян берді әкем Толыбай.*

*Әкеміз көп сыйынған Қойлыбайға,
Жау қоршап қиын болған бір жағдайда.
Қалмақты қысылаңда жеңіп шыққан, —
Болған соң зор қасиет Қойлыбайда.*



Қойлыбай бақсы кесенесі

*Бөленген әкем Толыбай зор даңққа,
Үлгі айтқан қазақ, естек қос халыққа.
Бейітіне Қойлыбайдың түнеп әкем,
Мінгендей болған екен алтын таққа.*


*Дана екен Ер Қойлыбай шарапатты,
Тілесек шыныменен берер бақты.
Сауыққан зиратына түнеп науқас,
Болған соң емші-баба аруақты.*

*Қыпшақта Қойлыбайдың бұлтың заты,
Басқадан артық болған парасаты.
Молда боп заманында аты шыққан,
Әбурахпан әкесінің екен аты".*

Көріп отырғанымыздай Қожаберген жыраудың бұл өлеңінде Қойлыбай аруағына Толыбай сыншының сыйынғандығы да айтылады. Осыған қарап, бақсының ол заманнан да әжептәуір әріректе өмір сүргендігін байқаймыз. Сонда ол — қай уақыт, қай кезен?

Бұл сұраққа жауап боларлықтай жанама деректі Мағжан Жұмабаевтың "Қойлыбайдың қобызы" дастанынан кездестіреміз. Онда бағаналы еліндегі бір үлкен аста Қойлыбайдың Барак батырдың қолқалауымен атжарысқа қобызын қосқандығы баяндалады.

Тарихтан белгілі көптеген Барак есімді тұлғалардың ішінде Қойлыбай кезеңіне жақынырақ келетіні — өз әкесі Әбурахпанның туған бажасы Барак сұлтан ғана. Қалғандары Толыбай сыншы өмір сүрген мезгілден (1603-1684 жылдар) кейінгі Барактар. Біз айтып отырған Барак сұлтанның туған жылы белгісіз болғанмен, 1428-1429 жылдарда Жайық бойында жорықта өлгендігі және оны күрлеуіт қыпшақ Мағрипбектің өлтіргендігі тарихта таңбаланып қалған. Тіпті қазақтың ауыз әдебиетінде де осы Мағрипбек айтты деген: "Баракты атқан бармағым, бал тілейді тамағым", — деген өлең де сақталған. Осыған қарағанда Қойлыбайдың бақсылық қасиетімен, әулиелігімен есімі байтақ далаға танылған тұсы XV ғасырдың алғашқы ширегі деп кесіп айтуымызға негіз бар. Сонда, оны XIV ғасырдың аяқ шенінде туған деп тұжырымдасак, ақиқаттан онша алшақтай қоймаймыз.




Алтайлық бақсы ("Үлкен Қазақстан экспедициясы" суреттер сериясынан)

...Әулиелігі шығар, киелілігі шығар, Қойлыбай бабаның зираты қаншама ғасырлар тезіне шыдап, еліміз тәуелсіздік туын көтерген кезенге азып-тозса да, жоғалмай, жойылмай жеткен еді. Кешегі бір діндесе, денеміз дірілдеген, тәуірімізді таптанған, дәстүрімізді даттаған, тіліміз сақаланған, санамыз ақауланған, миымыз мақауланған зар заманның өзінде жалпақ жәмиғат ішінен бақсы бабамыздың аруағына тағзым етіп, дертіне дәру, шаншуына шапағат іздеп әулиенің басына түнеу-

шілер легі толастап көрген жоқ. Арысын ардақтаған Ұлытау-Жезқазған өңірінің бір топ зиялы азаматтары Қойлыбай бақсының зиратының басына 1993 жылы сымбатты кесене орнатты. Атағы алысқа кетіп, іс-әрекеті талай белгілі ғалымдардың зерттеу еңбектері мен белгілі ақын-жазушылардың шығармаларына арқау болған Ұлытаудың ғұлама перзенті Қойлыбай әулие алдындағы парызының бір бөлігін ұрпақтары осылай өтеді.





Елдің басын қосқан ер

Асқак тұлғасы ел жадында ғасырлар бойы өшпей сақталып келе жатқан бабаларымыздың бірегейі – Кербалақ атты Ер Шоштан. Ел аузындағы аңыз-әфсаналарда Ер Шоштанның жарғақ құлағы жастыққа тимей, Кербалақ тұлпарымен құйғытып жүріп, үлкен нәубет бастарына түсіп, азып-тозып бара жатқан балталы-бағаналы балаларының басын қосып, Ұлытау-Кішітау бөктерлеріне қоныстандырғаны жайлы баяндалады. Сонда бұл қай кездегі нәубет еді деген сұрақ туындайтыны белгілі.

Біз жоғарыда Кетбұғы әскерімен бірге Ұлытау-Кішітау жерінен ошарыла көшкен наймандардың үлкен бір бөлігінің Палестина жерінде қалып қойғандығы жайлы айтқан болатынбыз.

...Арада бірнеше жылдар өткен соң Батыс Азия жақтан келген наймандардың ізін шайбанидтер жерінен (қазіргі Өзбек-

стан) көреміз. Қазақ шежіресінің асқан білгірі, "Алашорда" ардагері Мұхамеджан Тынышбаев өзінің "История казахского народа" атты кітабында наймандардың шайбанидтер қарамағына енуі 1320-1330 жылдар шамасында болған деген жорамал айтады. Содан арада екі ғасырға жуық уақыт өткенде наймандар әбден күшейіп, ел билігіне белсенді түрде араласа бастаған. М.Тынышбаевтың кітабында осы жайлы баяндалған мол деректерден қысқаша үзінді келтірейік:


"Мұхаммед Шайбани 1508 жылы жаулап алынған жерлерді иеліктерге бөле бастағанда Шыңғыс хан ұрпақтарына жатпайтындардан тек жалғыз Қобыз найман ғана Мервті манайындағы халқымен бірге басқаруға алды. Наймандар сондай-ақ Обайдолла ханның Иранға жасаған барлық жорықтарына қатысты. Мервті 1530-1555 жылдар аралығында найман Жолым би басқарды. Түрікменстанды 1570-1580 жылдарда шейбан әулетінен шыққан Санжар хан биледі. Әбілғазының айтуына қарағанда Санжар тақта отырды да, барлық шаруаны оның атынан найман Құлмұхамед атқарып тұрды. Найман Назар би аталық осы жылдар ішінде Балық қаласына және оның манайына билік жүргізді. Ал 1580-1590 жылдарда Нұраталық көшпенділер найман Ахмед Әли аталықтың қарауында болды" (94.87).

Бұл деректерден біз XVI ғасырдан XVII ғасырдың басына дейін наймандардың өзбек жерінде аса ықпалды саяси-әлеуметтік күшке айналғандығын көреміз.

Мұндай мамыражай тірлік ұзаққа созылмады. Тағдыр өшіп барып, қайта тірілген наймандардың басына тағы бір үлкен тауқымет әкелді. Хижраның 1030 тауық жылы (б. ж. санауымызша 1621 жыл)



Қазақ ауылы (1890 ж. А.Брем салған сурет)



Хорезм ханы Араб Мұхаммедті оның найман қызынан туған баласы Хабаш сұлтан билікке таласып өлтірді. Бірақ, такка ол емес, ханның басқа әйелден туған ұлы Спандияр отырды. Барлық пәлені наймандардан келді деп түсінген ол, Хабаштын басын алып, наймандарды қырып тастауға бұйрық берді (16.179-180). Бұл – хижраның 1032 доңыз жылы (б.ж.с. 1623 ж.) болған оқиға. Бөтен елде жүрген наймандар атқа қонып, 2-3 жылға жуық қарсылық көрсеткенмен, өздерін жау санағандарға тегеуірінді төтеп бере алмады. Ақыры, әбден әлсіреп, қайқы қылыштан аман қалғандары Сырдариядан бері өтіп, "естері барда, елдерін табуға" мәжбүр болды.

Белгілі этнограф-ғалым Таракты Акселеу құрастырған шежіреден (95.93-95) Кетбұғы, Келбұғылар мен Шоштанның арасы 7-8 ата жер екендігі байқалады. Қарапайым есептеулер оның ең әрі дегенде XVI ғасырдың орта тұсында туғандығын көрсетеді. Жоғарыда М.Тынышбаев жазған наймандардың Сырдариядан бері өтетін кезен Ер Шоштан өмір сүрген заманға сәйкес келіп тұр.


Қанда тұлаған құдірет тұңғиыққа тығылған тылсым күш санада сайрап, жүрекке жанғырып, кешегі Кетбұғыдай кемеңгер бабалары ордасын тіккен жұрт – Ұлытау-Жезказған өңіріне бағаналы-балталыларды аяқтарын жерге тигізбей жеткізді. Жанжақты пайымдаулар осы жүдеген елдің көшінің алды-артында кербалақ тұлпарына камшы басып құйғытып, Ер Шоштан шапқылап жүрді деген тұжырымға тірейді.

Бұл кезен қазақ хандығын Еңсегей бойлы Ер Есім мен Салқам Жәңгірлер басқарған уақыттарға сай келеді. Бағаналылар ата қонысқа бастарынан көптеген ауыртпалықтарды өткізіп, жорық жолдарында әбден шындалып оралды. Қазақ хандығының шанырағына мықты бір уық болып шаншылды. Ер намысын қолдан бермей, одан кейінгі кезендерде Жоңғар, Қокан сияқты басқыншылармен, Кенесары хан жасағының сапында орыс отарлаушыларымен болған шайқастарда ерлік пен өрліктің таңғажайып үлгілерін көрсетті. Орталарынан есімдері байтақ қазақ даласына белгілі атакты батырларды суырып шығарды.




Айтулы ерлер бар екен,
Жүйректері баптаулы,
Найзалары саптаулы,
Сауыттары сақтаулы.
Қозы жауырын, көк жсендет,
Қорамсақпен қаптаулы.
Ерлердің сойы бар екен,
Бірінен-бірі мақтаулы...


Қашаған Қуржіманұлы



“ОН БЕСІНДЕ
ҚЫЗ ҰЛАН,
ОН ҮШІНДЕ ҰЛ ҰЛАН”







Жоңғардың жойқын жорығы

Екі қазақ кездесе: "Мал-жанын аман ба?" – деп амандасады. Малды алдымен айтатыны кімге де болса, ой салғандай. Бұл дәстүрдің қалыптасу сыры тым тереңде, көне ғасырлар қойнауында жатыр. Күні кешегі желтоқсан оқиғасына дейін қазақтың азаттық үшін алыспай өткен кезеңі жоқ. Басталу мерзімін Қазақ хандығын құрған бабаларымыз Керей мен Жәнібектің Моғолстанның билеушісі Есен-Бұғымен бірлесіп, сонау 1460 жылы жерімізге басып кірген ойрат-жоңғарларға берген сокқысынан есептесек, тек қана жоңғар басқыншыларымен 300 жыл соғысқан екенбіз. Бұған тарих торабында таңбаланып қалған басқа да сыртқы жаулармен болған үлкенді-кішілі шайқастарды қоссақ, онда халқымыздың шынында да өмірі аласапыран майдан даласында өткендігіне көзіміз жетеді.

Басқыншы әуелі қазақтың малын алады. Содан соң жанын алады. Жанын қалдырса да, ұлын күл, қызын күн етеді. Қазақтың басқа халықтарға ұқсамайтын сәлемдесу салтының тұңғық сыры осында жатыр.

Мұндай жағдайда шаңырағын шайқалтпай, заман көшіне ілесіп, алға жылжыған елдің тағдырын басқалар емес, жауға қарсы қару ұстап шығып, қауқар көрсететін ұландары шешті. Қазақтың "он бесінде қыз ұлан, он үшінде ұл ұлан" деген мәтелінде де сол жаугершілік заманның сарыны сарнап тұрғандай.

Жоңғар басқыншыларымен ұлт-азаттық соғыстың ең бір шиеленіскен тұсында Қазақ хандығының туы Ұлытау жеріне тігілді. Түркістанды басып алып, Сарысу өзенінің сол жағалауына дейінгі қазақ жерінің оңтүстік-шығыс бөлігін тегіс құзырына қаратқан Сыбан-Рабдан контайшы-

ның 1698 жылғы жорығы шын мәнінде "Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаның" басы болды. Сорлы қазақ қырғынға ұшырады, тоналды, тапталды. Ұлытаулық халық ақыны Иманжан Жылқайдаровтың тарихи жырында бұл кезең жайлы мынандай жолдар бар (96.207-208):

*"Қазақтан тартып алды Түркістанды,
Түк қоймай қамтып алды барлық малды.
Ие боп қалды қалмақ бәріне де,
Қоймады жер үстінде мұсылманды.*


*Бұл қорлық ашаршылық, жұттан да өтті,
Айырып жер мен судан тентіретті.
Сарыарқа мен Ұлытау қайдасың деп,
Шұбырып жонмен қаптап қойды бетті.*

*Қалмақтың әскерлері атқа мініп,
Қылышын қансыратып ұрып, жығып,
Асырып Мыңбұлақтан айдап салды,
Тау-тасқа қашып жатыр ел тығылып...*


*Қырауда қыстың күні үсіп өліп,
Тиянақ жеткізер деп аққа сеніп.
Телікөл, Айнакөл мен Қызылжыңғыл
Құлады жалғыз-жарым Сарысу келіп".*

Қатарынан он екі жыл жоңғарлар осы жеткен шебінде қозғалмай тұрып, қазақ елінің анысын аңдаумен болды. Ұсақ қақтығыстар болмаса, осы кезең ішінде ауқымды жорықтар жасалынған жоқ. Бұл жылдарда (1698-1710) қазақ жасағы да жарақатын жалаған жолбарыстай күйде болды. Осы теке тұрыс бойларына алдамшы сенім ұялатқан жоңғарлар жаңа жорықтарға дайындала бастады.

Еліне ендеп кірген жаудың бұл ойынан қазақтың атқамінер қайраткер азаматтары хабарсыз емес еді. Ұлытаудың батыс бетіндегі Қаракұмда 1710 жылы бүкіл қазақ құ-




ЖОҢҒАР БАСҚЫНШЫЛАРЫМЕН ШАЙҚАС



рылтайы шақырылып, ата жаумен ақырғы тамшы кан қалғанша соғысу керек деген шешім қабылданды.

Ұлытау өңірі 1710-1727 жылдар аралығындағы жоңғармен жан алысып, жан беріскен жойқын шайқастарда ұлы майданның ең алдыңғы шебіне айналды. Өркөкірек жоңғар жендеттерінің алғаш рет тауы осы өңірге жапсарлас жатқан Қарақұмда шағылып (1711 ж.), кеудесі Бұлантыда басылды (1727 ж.).

Бұлантыдағы шешуші шайқас 1727 жылы Бұланты мен Білеуті өзендерінің ортасындағы тактайдай тегіс кен жазықта өтті. Екі жақтан 100 мыңдай сарбаз қатысқан айкаста казак жасағы қалмақ әскерін ойсырата жеңді. Осы жеңістің тарихи маңызы жайлы белгілі ғалым, Халық жазушысы Мұхтар Мағауин былай дейді: "Әлбетте, қазақты қазақтан басқа ешкім де сақтап қала алмайтын. Егер Бұланты мен Анырақайдағы жеңістер болмаса, Қазақ



Ордасы осыдан үш жүз жыл бұрын мүлде тозып құрып біткен Ноғай Ордасының кебін киері анық-ты. Токтау көрмеген Жоңғар қалмағы енді бірер серпіннен соң Еділ қалмағымен тоғысар еді. Сарыарқадан айрылған соң казактын барар жері, басар тауы қалмас еді. Хандық садаға, халқынын өзі құрып кетер еді" (97.99). Міне, Бұлантыдағы шайқастын казак елінің тарихындағы ғана емес, тағдырындағы маңызы осындай.

Алғашқы жеңістер казактын ұзақ жылдар тапталған намысын қайта қоздырып, қисайған туын қайта көтерді. Ежелден келе жатқан ерлік дәстүрді жаңғыртып, жас ұрпақтың жүрегіне болашаққа деген сенім орнықтырды. Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбай сияқты дарабоздар қатарын Қарақұм-Бұланты-Анырақай соғыстарында ел намысын қолдан бермеген Ұлытау-Кішітау-Торғай өңірінің ұландары Шакшак Жәнібек, Қыпшак Тілеулі, Бағаналы Барлыбай, Төлек, Тулак, Шұбартулы Жаулыбай, Жауғаш, Биғаш, Айбас, Оразымбет, Сағындық тәрізді сайыпқыран санлақтар толтырды.

Осы кезең жайлы ауызша айтылып, атадан балаға жеткен аңыздар орасан көп. Ш.Уәлиханов өзінің "XVIII ғасырдағы батырлар жайлы тарихи аңыздар" атты еңбегінде (93.121-128) бағаналылық Жаулыбай, Оразымбет батырлар туралы құнды әңгімелерді келтіреді.


Халқымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов батырлар жайлы: "ол тірісінде бір танылады, өзі өткен соң кейінгі ұрпақ қадірін



Қазақ сарбазы

біліп, қасиетін таныған сайын тағы танылады. Бір кезде бел көрінсе, келер ұрпақ тарихына: өз тұсында көрсетіп кеткен көмегімен, орнатып кеткен туымен, тастап кеткен үлгісімен, нұсқап кеткен бетімен енді бел ғана емес, биік тұғыр боп, асқар тау болып көрінеді", – деп, тебірене толғаныпты.





Отан үшін, Орда үшін

Жоңғар жаулаушыларының жойқын жорығынан ел басына күн туған алмағайып кезеңде өз қатарларының қалың ортасынан суырылып шығып, туған жерін табандылықпен қорғаған, осы күресте ерен ерлігімен жалпақ жәмиғатқа танылған айтулы батырлардың бірі (бірегейі десек те болды) – Жаулыбай Өтегенұлы. Олай дейтініміз, жоңғармен екі арадағы бакандай үш ғасырға созылған Отан үшін, Орда үшін болған соғыста қазақ қосынының басында да, сапында да сайыпқыран санлақтар аз болған жоқ. Есімдері бүгінгі заманға ескірмей жеткен солардың санаулы шоғырының арасынан Жаулыбай жұлдызын айтпай танымыз.

Дамылсыз шайқас бұл ұлы соғыстың шежіресін қаламмен жазуға бабаларымызға мұрша бермеді. Тарихымыз қанмен жазылды. Бұрын қалам ұстағандар, енді амалсыздан найза ұстауға машықтанды. Оның үстіне бүгінгідей сарбазды санап, құжатты құнттап отыратын штаб қайда? Жау тигенде – бүкіл ауыл-аймақ тайлы-таяғы қалмай атқа қонатын заман. Басқаша айтқанда, қанша халық – сонша сарбаз. Алайда, елім, жерім деп еңіреген ерлердің еңбегі де, есімдері де ұмытылмады. Жыраулар жырға қосты, ұландар үлгі тұтты...

"Мыңбасы Жаулыбай жоңғарлардың зенбірегін қалай жойғанын жұрт қырылып айтады. Оның екі баласы Қарабек пен Сәдібек Анырақайдағы шайқасқа қатысып, шейт болған" (98).

Тарихи таным көкжиегінен көз салсақ, "Шұбартулы Жаулыбай" деген тіркестің өзінен әжептәуір мағлұмат алуға болады. Жорық жолдарында көтерілер ту жайлы академик А.П.Окладников: "Ту бір жағынан жалпытайпалық немесе рулық бірлестіктің заттай белгісі, кастерлі де киелі

бұйымы, екінші жағынан, көсем абыройының асқақ нышаны. Бұл екеуі бір-бірімен ажырамастай байланыста. Тусыз көсемнің немесе ханның болуы мүмкін емес", – деп, терең түсінік беріпті.

Ал академик Ә.Т.Қайдаров болса, ежелгі қазақ елінің қару-жарағы мен рәміздері (символикасы) жайлы зерттеу еңбегінде эпостарда бір түсті тулармен қатар, әр түсті шұбарала тулардың да кездесетіндігін айтады.

Атақты Сүйінбай ақынның:

"Бөрі басы ұраным,

Бөрілі менің байрағым,


Бөрілі байрақ көтерсе,

Қозып кетер қайдағым", –

дегеніндей, көк бөрі ұрпағына жататын түркі текті қазақтарда көкжал қасқыр бейнеленген тулардың да болғандығын көреміз.

Жаулыбайдың туында шұбарала жолбарыс бейнесі салынған еді дейді бізге жеткен аңыз. Жолбарыстың айбары бөріден де басым. Сондықтан ежелгі түркі тектес халықтар дәстүрімен жауынгерлік туды азулы жыртқыштың бейнеленуі – бір жағынан, жауға аттанған жасақтың жігерін тасытады деген ұғымнан туса, екіншіден, қас дұшпанның мысын басады деген сенімнен, яғни, қазіргі тілмен айтқанда, алдынала психологиялық шабуыл (психологиялық атака) жасау ниетінен туындаған деп пайымдауға толық негіз бар.

Қазақ хандығында қалыптасқан үрдіс бойынша жауынгерлік жорықтарда туды хан емес, көсем емес, олардың әскербасылары көтеріп жүрген. Мысалы, Абылайдың ақ туын Олжабай батырдың ұстағаны туралы тарихи деректерде айтылады. Осы тұрғыдан келгенде, Бағаналы тайпасының туын ұстаушы Жаулыбай сардар екендігін



көреміз. Бұнын өзі Жаулыбай бабамыздың жоңғарға қарсы соғыста ұлы майданның алдыңғы шебінде тұрған Ұлытау өңірі жазағының белгілі бір кезеңде бас колбасшысы болғандығынан хабардар етеді.

Ұлытау өңірін құтты қонысы қылған елді Тұрсын ханның ұлы Барак сұлтанның басқарғаны белгілі. Шыққан тегі жағынан Әбілқайыр ханнан артықшылықтарын алға тартқан ол Шыңғысхан ұрпақтары ішінен өзін ғана ең жоғары билік басында отыруға лайықты деп санады да, Әбілқайырдың басты бақталасына айналды. Бұл тартыстың ақыры 1748 жылдың 1 тамызында Әбілқайыр ханның өліміне әкелді. Осы Барак сұлтан 1747 жылдың көктемінде Ресей патшасынан қолдау күтіп, онымен жекедара қарым-қатынас орнатпақ ниетпен Санкт-Петербургке елшілік жасактайды. Онын құрамында Жаулыбай батыр да бар. Бұл Жаулыбайдың батырлық қасиеттерін ғана емес, үлкен ақыл-ой, биік парасат иесі екендігін де білдірсе керек (99.159-163).

Жаулыбай – Жоңғар шапқыншылығы заманының әруақты батыры. Елінің бірлігі мен жерінің тұтастығы жолындағы күресте тұлғасы халық жадында көмескіленбей сақталған дарабоздарымыздың бірі. Жадымызды жаңғыртар заман жаңа туды. Жаулыбай түгіл, Абылайдың өзінің кім болғанын енді танып жатырмыз. Ештен кеш жақсы, бұған да шүкір.

1742-1743 жылдарда Әбілқайыр ханның қасында болған прапорщик Муравиннің күнделігінде өте құнды дерек бар. Онда Әбілқайыр ханның Ұлытаудағы бағаналы Айбас батырдың ауылында 1742 жылдың 30 қазан күні қонақ болғаны айтылады. Бұл, бір жағынан, Айбас батырдың хан алдындағы биік беделін көрсетсе, екіншіден, Әбілқайырдың ежелгі дәстүр бойынша кей кездерде Ұлытау-Жезқазған өңірін мекендегенін көрсетеді. Әбілқайырдың ұлы Нұралы ханның өздерін 1771 жылы Ұлытау етегінде қабылдағанын капитан Рычков та жазған (31.119).


Әбілқайырмен бірге өз руларының атынан ақ патшаға адалдыққа ант бергендер

Ө Л К Е Т А Н У Ө Р І С І



**Сүтемген
Тақабайұлы
Бүкіров
(1921-1996)**

Ұлытау-Жезқазған өңірі тарихы тақырыбына жазылған көптеген мақалалардың авторы. Жезқазған кен-металлургия комбинаты тарихи-өндірістік мұражайын өз қолымен құрған өлкетанушы. Жезқазған тарихи-археологиялық мұражайының ашылуына және жәдігерлермен жабдықталуына көп еңбек сіңірген.



арасында Жезказған-Ұлытау өңірінің атакты адамдары, негізінен батырлар, көп болған.

1738 жылдың 3-6 тамызында Әбілқайыр хан және оның ұлы Ералы сұлтан Кіші жүз бен Орта жүздің 56 рубасыларымен бірге Орынборда салтанатты жағдайда ант береді. Онда Орта жүзден ант берген 28 адамның ішінде Шакшақ Жәнібек батыр Қошқарұлы, Төртуыл Токбура би, Ұзынкыпшақ Тілеулі батыр Ғабдулрахманұлы сияқты есімдері қазақ даласына белгілі адамдармен қатар Жезказған өңіріндегі бағаналылардан Қонақай батыр Жанкісіұлы, Айтқұл батыр Қожағұлұлы, Жарылғап батыр Қожакелдіұлы, Сарықұл батыр Қожакелдіұлы атты төрт батыр көрсетілген. Ант қабылдаудың қалай өткені, оның салтанатты рәсімі және қай күні кімдердің ант бергені жайлы И.И.Крафттың "Принятие киргизами Русского подданства" атты 1898 жылы басылып шыққан кітабында егжей-тегжейлі айтылады. Осында аты көрсетілген Қонақай батыр 1763 жылы қайтыс болып, Түркістанға жерленген. Құлпытастары сақталған 122 игі жақсылардың қатарында.

Тарихи құжаттарда Әбілқайыр ханмен бірге тағы да бір рет 1742 жылдың 23 тамызында Ор камалында Кіші жүзден 83, Орта жүзден 68 және Ұлы жүзден 4, барлығы 155 белгілі рубасылардың, батырлармен билердің ақ патшаға адалдық антын бергені жайлы мәлімет бар. Олардың арасында Ұлытау-Жезказған жерін жайлаған елден Уәли Аталыков, Майлы батыр, Тауасар батыр, Төлек батыр, Барғана батырлардың есімдері кездеседі (100.221-222).


Осы тізімде айтылатын Тауасар батыр бүгінге дейін ел аузында есімі өшпей сақталып, қалың қазаққа тараған тарихи тұлға Барлыбай Тауасарұлының әкесі болса керек. Жоңғармен шайқастар жайлы тарихи дастандарда Барлыбай есімі қол бастаған батыр ретінде жиі аталады. Артында Абылай хан дәуірінен мол деректер қалдырған акын Шәді төре Жәңгірұлы "Тарихат" дастанында Барлыбайды Шапырашты Наурызбай, Тама Есет батырлармен бірге Қа-

зақ хандығынан Қытайға барған елшілер қатарында атайды (101.163). Батыр Барлыбайды, елші Барлыбайды хан болған дейді. Тарихи деректер бұл сөз оның Әбілқайыр ханды өлтіріп, Түркістанға қашқан Барак сұлтанның орнына 1749 жылдан Ұлытау-Жезказған өңіріндегі наймандарды басқарғанына байланысты айтылғандығын көрсетеді (46.75-80).



Генерал-губернатор И.И.Неплюевпен келіссөздер жүргізуге 1749 жылдың 8-шілдесінде Орынборға Нұралы хан өзінің інілерімен, Жәнібек тархан және табын Бөкенбай батырлармен бірге келеді. Ханның қасында Кіші жүзден мыңнан астам, Орта жүзден 200-ге жуық адам болған. "Кездесу барысында И.И.Неплюев Жәнібек және Бөкенбаймен жиі-жиі, әрі ұзақ әңгімелесіп тұрды... Ол бұлардан Орта жүздегі, оның ішінде Барак сұлтан басқарған найман руының... жағдайын сұрады.

Найман руына қатысты Жәнібек қашып кеткен Барак сұлтанның орнына басқа билеуші өз араларынан сайланатынын айтты. Тархан сонымен қатар Әбілқайырдың өлтірілуі бүкіл қазақ даласын дүр сіл-



кіндіргенмен, наймандардың ұлы мәртебелі император ағзамға адалдықта, тыныш өмір сүріп жатқандығын хабарлады", – деп жазыпты белгілі тарихшы В.Я.Басин (102.185-187).

Барак сұлтан жайында А.И.Левшиннің кітабында мынандай жолдар (103.206) бар: "... Орта жүздің әжептәуір бөлігіне билік жүргізетін казактардың белді сұлтаны Барак 1742 жылы орыс үкіметіне адалдыққа тұнғыш рет ант берді, оны карамағындағылар хан дейтін еді". Барактан кейін билеуші болған қарадан шыққан Барлыбайды да халқы хан деп атады. Барлыбай Тауасарұлы шамамен 1690 жылдарда туып, жасы сексеннен аса бере қайтыс болған.

XVIII-XIX ғасырлардағы казак қоғамының тарихына қатысты әңгімелерде Ұлытау өңірінде ғұмыр кешіп, ел басына күн туған кездерде шыбын жандарын шүберекке түйіп, ұлт намысын қолдан бермеген Сандыбай мен оның ұлы Ерден батырлар жайлы аз айтылмайды. Ал, 1742 жылы ант бергендер арасындағы Сандыбай батырдың әкесі Төлек Өтепұлының сөз бастаған шешен, қол бастаған көсем, ел мүддесін ойлаған елші болғандығын зерттеушілер көпшілік ретте ескере бермейді.

Әңгіме Төлек бабамыз жайында болғандықтан, алдымен ауызға аларымыз – ағыл-

шын азаматы, суретші, картограф Джон Кэстльдің 1736 жылғы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапары жайлы кітабы. Қазак тарихшылары А.Тевкелев күнделігінің жалғасындай бағалаған бұл еңбекте Төлек шакшак Жәнібек батырдың арнайы жіберген елшісі, жақын бауыры ретінде бейнеленеді.


Күнделікте мынадай жолдар бар:

"Маусымның 24 күні коштасып кету үшін күн шыға маған Төлек батыр тағы келіп кетті, өйткені ол өз ордасына қайтпақшы болды. Ол коштасарда мемлекеттік кенесшіге (1734-1737 жылдарда Оңтүстік Орал, Қазакстан және Орта Азияны отарлау мәселесінде маңызды рөл атқарған Орынбор экспедициясының бастығы Иван Иванович Кирилов) барғанда өзін және бауырын (Шакшак Жәнібек) жақсылықпен еске алуымызды сұрады, екі күннің ішінде былайғы іс-әрекетті ақылдасу үшін Әбілқайыр ханға ру аксақалдарын жіберемін деп сендірді" (104.23).

Бұдан әрі қарай Д.Кэстль: "Маусымның 29 күні Жәнібек батырдың елшілері маған келіп, сәлем беріп шықты. Олардың есімдері: Төлек мырза, Өтеген батыр, Малабай, Өтегесін, Шөмекей Көшелек. Олар бір кезде патша ағзамға берген антынан айнамайтынына осы сәтті пайдаланып, тағы

Едіге шыңы





нық сенім білдірді. Осыған байланысты мен өз кезегімде жылы лебіз білдіргеннен кейін, олар үйлеріне қайтып кетті. Артынша тағы келіп, менімен қош айтысты да, мемлекеттік кеңесшінің алдында өздерін жақсылықпен еске алуымды көптен-көп сұрады", – депті (104.27).

Төлек Жәнібекке ағайындық-жегжаттық жағынан да бөтен емес. Оның әйелінің әкесі Жәнібекке үш-төрт ата жерден қосылатын қырықмылтық Ақбас деген белді адам болған. Сондықтан Төлек бір жағынан Жәнібек тарханға жезде болып келеді. Осындай ілік-шатыстықтың да ел тағдырына қатысты қиын-қыстау сәттерде үлкен маңызы болғандығын ескеруіміз қажет.

Бұл деректер Төлектің Әбілқайыр хан мен Жәнібек батыр араласқан саяси-әлеуметтік істердің бел ортасында маңызды шаруалар атқарып жүрген белсенді, беделді тұлға екендігін көрсетеді. Жапсарлас жатқан Кіші жүз руларымен төсекте басы, төскейде малы түйіскен Торғайдағы арғын-қыпшак пен Ұлытаудағы бағаналы найманның сол тұстағы Әбілқайыр бастап, табын Бөкенбай мен тама Есеттер қостаған саясатты өрістетуге, нығайтуға қосқан үлестері аз болған жоқ.

1735 жылы Орынбор комиссиясының бастығы казактардан қайыра ант қабылдағанда Әбілқайырмен бірге Орта жүзден өз рулары атынан ант берген 68 адамның ішінде Шакшак Жәнібек те, Бағаналы Төлек те болған. Джон Кэстльге антымыздан айнымаймыз деп отырғаны да сондықтан.

Төлек туралы біздің қолымызда тайға танба баскандай хатқа түскен бірнеше де-

рек бар. Белгілі жырау Жөкей Шаңғытбайұлының "Бөкенбай батыр" дастанында қолбасшы Төлектің бейнесі былай сомдалған:


*"Пошымы басқалардан бөлек батыр,
Айлакер, аңдасуға зерек батыр,
Ғаскерін Бағаналы бастап келді,
Ақырған арыстандай Төлек батыр.
Дамылысыз ұрыс салған Бөкенбайға
Жеткізді Орта жүзден көмекті ақыр.
Жоңғардың қапталынан қалың қолмен
Туісті ес жиғызбай кенет, қапыл..."*

Қазак жасағына табын Бөкенбай батыр бас сардар сайланып, жоңғардың алғаш рет бетін қайтаратын 1711 жылғы Қарақұм шайкасында Төлек тұтас Орта жүздің әскеріне қолбасшы болған. Он жеті жасар жігерлі бозбала Жәнібек те осы қолдың ішінде. Ендеше өзінің ел басына күн туғанда майдан даласында тұсауын кескен ұстазын, оның, кейіннен қарадан шыққан хан дәрежесіне көтеріліп, атағы аспандап, ықпалы бүкіл казак қауымына жүріп тұрған кезінде ақылшы аға, сенімді серік, салмақты саясаткер ретінде қасында ұстауы – әрі табиғи, әрі тарихи заңдылық.

Шәді төре Жәңгірұлының "Абылай хан" дастанында Төлек есімі жоңғар басқыншыларына қарсы күресте ерен ерлік көрсеткен, аттары азаттық жолындағы айқас тарихына алтын әріптермен жазылған сайыпқыран санлақтар шоғырының бел ортасында тұр.

Сондай-ақ, есімдері ісі казакка мәлім Қанжығалы Бөгенбай батыр, Балпан би, Сакқұлак шешен секілді үлкен тұлғалар-





дың ұрпағы, ескі тарихтың телегей-теңіз білгірі Олжабай Нұралыұлының (1881-1935) "Сабалақ" атты дастанында Төлекке қатысты:

*"Ат қаратіл болғанда жігіт сайлап,
Қару-жарақ Ұлытауда жұрт даярлап,
Балқашқа үш жүз болып жосылмаққа
Әр жүздің адамдары уағда байлап.
Орта жүзден Бөгенбай, Жәнібегі,
Қошқарбай, Жантай менен Қазыбегі,
Толыбай, Малайсары, Баян батыр,
Төлек, Тулақ, Қабанбай-Найман тегі.
Кіші жүздің басшысы Арал батыр,
Тама Есет қол бастан келе жатыр"* —

деген жолдар бар (105.198). Бұл да Төлектің казак-жонғар соғысында данкка бөленген қолбасшылық тұлғасын тұғырландыра түсетін мағлұмат.

Қаракұмдағы шайқаста қол бастаған Төлек арада ширек ғасыр өткен 1736 жылдарда — Орта жүздің көптеген руларына нақты билігін жүргізіп отырған Шакшак Жәнібектің сенімді серігі, ақылшы-кеңесшісі, ел ағасы. Әулет шежіресінде Төлек ит жылы қыста туған делінеді. Жас мөлшеріне орай қоғамнан алған орнына қарай бұл дерекке 1683 ит жылы сәйкес келеді.

Төлек батыр 1757 жылы тірі. Өйткені оның сол жылы Еділ бойынан Жоңғарияға жөнкіле көшкен қалмақтармен қақтығысқа қатысқан ұлы Сандыбайға берген батасы ел аузында сақталып, түрлі жинақтарда жарияланған. Батырдың дәл қай жылы қайтыс болғандығы белгісіз. Белгілісі — асыл азаматын, біртуар батырын ардақтаған елі оның сүйегін Сарыарқадан сексен көш алыстағы Түркістанға жеткізіп, Қожа Ахмет Иассауи кесенесіне жерлеген. Атадан балаға мирас әңгімелер бойынша Төлектің кабірі Жәнібек тарханмен іргелес, кесене құдығының қасында болыпты. 1940-1950 жылдар аралығында сұлбасы тегістеліп кеткен, басындағы құлпытас та ізім-қайым жоғалған. Соғысқа дейін көрген адамдар тура сол қатарда Жанұзақ Алдиярұлы батырдың да (белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Илияс Омаровтың


алтыншы атасы) моласы болғанын айтқан. Одан да із қалмаған.

Осы ретте айрықша назар аударатын жайт — топырағы Түркістаннан бұйырғандардың көпшілігінің құлпытастары сақталмағандығы. Оның басты себебі — Түркістанның Қазак Ордасының бас қаласы екендігінен дерек қалдырмау мақсатында әр дәуірдегі басқыншылар тарапынан жасалынған зиянкестік. Бүгінге аман жеткен құлпытастар саны небәрі 122 ғана. Бұл біздіңше Түркістанда жерленген алыптарымыздың санының ширегіне де татымайды, бар болғаны — асылдан қалған жұқана ғана...

Сондықтан Түркістандағы "Әзірет Сұлтан" мемлекеттік қорық-мұражайының ең басты шаруасы — Орда астанасында жерленген бабаларымыздың ғылыми негізделген нақты тізімін жасап, есімдерін жаңғыртып, ұрпақ парызын өтеу. Қожа Ахмет Иассауи кабірханасына қай заманда, қай кезеңде болмасын, тегін адам жерленген жоқ, сондықтан олардың есімдері арнайы тақтаға алтын әріптерімен жазылуы керек. Мұның кезек күттірмей, ырғалып-жырғалмай бүгін атқарылар шаруа екендігіне дау болмауға тиіс.

Сандыбай Төлекұлы — он жеті жасында жоңғарға қарсы жорықтардың соңғы кезінде жекпе-жекте жолы болып, көрсеткен ерлігімен Ұлытау төнірегін жайлаған тайпа — бағаналының жекедара ұранына айналған аса белгілі батыр. Сандыбай ұлы Ерден 1808 жылы дүниеге келгенде 68 жаста. Ол Ерденнің жеті жасында, яғни 1815 жылы қайтыс болған. Сонда Сандыбай батыр Төлекұлы 1740 жылы туған болып шығады. Сандыбай қазіргі Қарағанды, Ақмола және Қостанай облыстарының территориялары тоғысар тұстағы үлкен төбенің басына жерленген. Ұрпақтары орнатқан шатыры батыр дулығасына ұқсас ескерткіш-кесенесі алыстан көрінеді.

Төлектің немере інісі Тулақтың есімі де айтулы батыр ретінде тарихи әңгімелермен дастан-жырларда ағасы Төлекпен қосарлана айтылады. Тулақ Өтеуұлы жөнінде де көне құжаттарда қалған ресми мәлімет-



тер бар. Абылай хан қайтыс болған соң, іле-шала оның ұлы Уәли сұлтанның Екатерина 2-ші патшайымға өзін әкесі орнына хан қылып бекітуді өтініп, 1781 жылдың тамыз айында жолдаған хатында Ресейге адал қызмет еткен рубасылар қатарында Тулақтың есімін атап өтеді (99.452).

1803 жылы старшина Көбек Шүкірәліұлы мен қазан татары Ғали Шахмұратұлы Орынбордың әскери губернаторы князь Г.С.Волконскийдің тапсырмасымен үш жүздегі казактардың рулары, оларды кімдер басқаратындығы, рулардағы шаңырақ саны, олардың көршілес қандай елдермен сауда-саттық жасайтындықтары, сондай-ақ қай жерлерді жайлап, қайда қыстайтындықтары жайлы толық мәлімет жинаған. Орынбор архивінде сақтаулы осы бағалы құжатта Ұлытау және Кішітау бойындағы бағаналы найманның 6000 шаңырақтан тұратын 12 тармағын Түрікменбай би мен Тулак батырлар басқаратындығы айтылған.

Мұндағы Түркменбай – Әбілқайыр ханды Барақ сұлтан өлтіргенде билік айтқан тарихта есімі белгілі Өтебай бидің ұлы. Бұл әулеттен де атақты адамдардың үлкен шоғыры шықты. Түркменбайдың ұлы Кәдір бағаналының төрт босағасы – төрт тірегінің бірі болды, кара қылды қақ жарған әділ би атанды. Немересі Қостанкелді Қазыбаев Кенесары ханның іс-саясатын шексіз қолдап, ханға мүмкіндігінше көмектескен, еліне жайлы болыс болды (108.154-155, 298-299).

Жоңғар жорығы тұсында тарих толқыны суырып шығарған тұлғалардың сапында балталы Оразымбеттің де, арғыннан шыққан ағайынды батырлар Жауғаш пен Биғаштың да, бағаналы Сағындықтың да айрықша орындары бар.

Уәлихановтың казак батырлары жайлы еңбегінде балталы Оразымбеттің көз ілеспес жылдамдықпен өте шапшаң қимылдайтын батыр екендігі баяндалады (93.125). Ол жекпе-жек шайқаста ешкімге дес бер-



Шұбартеңіз көлінің жағасында 1726 жылы қазақ жасақтары жоңғар басқыншыларына ойсырата соққы берді

Ұтадан қалған асыл сөз

АЙМЫРЗА ШЕШЕН


Ұлытау өңірінен шыққан Аймырза шешеннен қалған сөз аз емес. Ол аға сұлтан Ерден Сандыбайұлына атқосшы болған...

Бірде Ерден ордасында дауласқан екі жақтың игі жақсылары жиналып, кикілжіңді бір мәселені талқылап отырады. Сол кезде бозбалалар биік өкше етік киеді екен. Аймырзаның жас кезі. Киіз үйге қайта-қайта кіріп шығып, қонақтарға қызмет етіп жүргенде өкшесімен табалдырықты қағып, сүрініп жығылады. Үйдегілер қыран-топан күлкіге батады. Бұған намыстанған Ерден: “Әй, Аймырза, мынауың не, бұған не айтасың?” – дейді.

Сонда орнынан атып тұрған Аймырза, тізесін қағып жатып:

“Таң екенін кім білер,
Шапағын шашып атпаса.
Мырза екенін кім білер,
Алтындап жүген тақпаса.
Шешендікті кім білер,
Қиналғанда сөз таппаса.
Ерденнің үйі екенін кім білер,
Шығарда біреу, кірерде біреу
Сүрініп құлап жатпаса”, – деген екен.

Дастархан басында отырған жақсылар мен жайсандар күлкілерін сап тиыпты.



меген, карсыласын адам таңғаларлық ұшқырлығы аркасында әуелі ат үстінен аударып тастап, содан соң басын қағуға қылышын бір-ақ сілтеген дейді ел аузындағы әңгімелерде.

Жауғаш Айтқожаұлы он бес жасынан бастап жоңғарлармен шайқасқа қатыса бастайды. Ұрыстарда тәжірибе жинақтап, бұғанасы беки келе жекпе-жек айқастарда талай рет жеңіске жетіп, Жауғаш батыр атанған. Ол казак даласын басқыншылардан тазарта бастаған жылдардың бірінде тізесінен оқ тиіп, ауыр жараланады. Сіңіріне ғана ілініп тұрған жіліншігін таралғыға таңа салып, жауға қарсы қайта шабады. Осы жолы атакты батыр жау қолынан мерт болады (106).

Жауғаш батыр жайлы казак шежіресінің асқан білгірі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбектерінде құнды деректер кездеседі. "Абылай ханның заманындағы казак жұртынан шыққан батырлар – каракерей Қабанбай, канжығалы Бөгенбай, Шакшакұлы Жәнібек, шанышкылы Бердікожа, сырым Малайсары, балтакерей Тұрсынбай, таракты Байғозы, он сан орта жүзге ұран болған Олжабай, Малай Жәдігерден Жауғаш, Биғаш... Бұл аталған батырлардың бәрі де Ербекейше бұзау жарып, батыр атанған емес, жалғыз жүріп калмақтың қамалын бұзған батырлар...

Абылай ханның хан болып, дәуірі жүріп тұрғанда, құнға кесім қылдырған, тамам талас сөздің үстінен карайтын бітім айтқызып, билік қылдыратын биі – Күйік Шобалай Жәнке би екен. Бұл құнға қылған кесімі... кара (кісі) құны – жүз жылқы, он екі жақсы; сүйек құны – елу жылқы, алты жақсы; өнер құны – тоғыз жақсы болыпты. Жауғаш, Биғаштың Жауғашы калмақта өліп, жеті ердің құнын алған", – деп жазыпты Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (101.315-316).


Жастайынан туған елінің азаттығы үшін атқа қонып, ата жауымен кеудесінен шыбын жаны шыққанша шайқасып, майдан даласында мерт болған, казак жасағының айтулы батырларының бірі ретінде аты аңызға айналған Жауғаш Айтқожаұлы 1710

жылы Ұлытау бауырайындағы "Айтқожа дарасында" туған. Қазак тапқан уақытын да шамалауға болады. Ел аузындағы шежіре сөздерге ден қойсақ, Жауғаш батыр 39-40 жасында жоңғарлармен шекара жақта, Алатау өңірінде, қырғын соғыста дүниеден озған. Бұл – 1749-1750 жылдардың біріне сай келеді.

Жауғаш батырдың інісі Биғаш ағасымен бірге жоңғарлармен соғысқа қатысып, айтулы батыр атанған, сөз бастаған шешен, ел бастаған көсем болған. Ол – казак тарихында ойып орын алған атакты әулеттің бастауында тұрған тұлға. Биғашұлы Орынбайі казак қоғамына кара қылды как жарған би ретінде белгілі. Орынбайдың Жанайдары – Кенесары ханның бас батырларының бірі. Жанайдардың ұлы Мейрам казак мәдениетін әлем жұртшылығына насихаттаған озык ойлы азамат. Мейрамның ұлы Сейілбек Жанайдаров Ұлытау өңірінен Санкт-Петербургте білім алған тұңғыш казак. Алаш партиясын, Алаш үкіметін құрушылардың бірі. Ұлытаудың асыл азаматтары Жанайдар, Мейрам, Сейілбектер жайлы ретті тұстарда кеңірек баяндалады.

Сөз арасында айта кеткеніміз жөн, Жауғаш пен Биғаштың аналары Ханымбике – арғын ішіндегі бәсентін болып келетін Қазанғап би Сатыбалдыұлының қызы. Ол жайлы жазушы Зейтін Акышев "Жаяу Мұса" романында: "... бір аяғын патшаға тіреп, бір аяғымен Ертіс бойын түгел басып тұрған Қазанғап", – деп жазғанының өзі-ақ Қазанғаптың өз заманының қабырғалы қайраткері болғандығын көрсетсе керек. Ханымбике – көріпкелдігімен, әулиелігімен, болжағанының құр кетпейтіндігімен ел құрметіне бөленген ана. Асыл ананың сүйегі Ұлытау төңірегінде Түркістан топырағына жеткізіліп, Қожа Ахмет Иассауи кесенесіне жерленген. Біздің ойымызша, ол – қасиетті кесене топырағына Ұлытау өңірінен апарылып, жамбасы тиген бірінші әйел.

Бағаналы Сағындық батыр Ұлытау төңірегінде 1704 жылы туып, осы аймақта 1779 жылы дүниеден өткен. Он жеті жа-



сында бес қаруын асынып, ат жалын тартып мінген, казак жері басқыншылардан қашан тазарғанша жорық жолындағы жауынгер болған. Ол атақты Қошқарұлы Шакшақ Жәнібек батырмен азаттық майданында ата жаумен бірге соғысқан. Талай-талай жекпе-жектерде жеңіске жеткен Сағындықты Жәнібек тархан "Жолды қартым" деп атап кетіпті. Өйткені кою сақалды, бет-әлпеті сұсты батыр өз қатарынан анағұрлым ересек болып көрінсе керек. Сағындық батыр өз өсиеті бойынша туған жері — Бала Жезді өзенінің ұшар басындағы Зортөбе мен Батпаққара арасындағы көне қорымға жерленген.

Бұрынғы тарих өз жақсыларымыз бен жайсаңдарымыздың орнына біздің халықты, оның ұрпағын ұлтымызға да, жұртымызға да өншен өгей тұлғаларды (Суворов, Кутузов, Донской және т.б.), тіпті Ермак сияқты ел-жерімізді жаулап алушы жауыздарды мақтан етуге тәрбиеледі. Сондықтан жаңа ғана тегімізді танып, жоғымызды жоқтап, ерімізді елеп жатқанымызға заман талабы, заңды құбылыс ретінде қарауымыз керек. Мәселе қай жүздің, қай рудың қайраткері жайлы жазғанда емес, егер осы ұмтылыс-талпынысымыздан көмескіленген

тарихымыздың ақтаңдақ беттеріне ноқаттай ғана белгі қосылатын болса, әруақтардың да, болашақ ұрпақтың да алдындағы азаматтық парызымыздың шамамыз жеткенше орындалғаны деп ұққанымыз жөн.

Жоңғар басқыншыларына қарсы бүкіл казак болып жұдырықтай жұмылған, Ұлытау-Жезқазған даласынан басталған азаттық жорығы нәтижесінде Сырымыз да, Қырымыз да өз иелігімізге қайтарылды. Үш жүздің жері тегіс азат етілді. Алайда Казак хандығының басындағы еркіндік ұзаққа созылған жоқ. Хандық Ресей империясының қақпанына түсіп, азаттық күресінің туы 1986 жылдың ызғарлы желтоқсанында қайтадан тұғырына қонды...

Жоңғар басқыншылығына қарсы күресте қол бастаған бабаларының ерлік дәстүрін одан кейінгі кезеңдердегі Қокан, Қиуа хандықтары мен орыс отарлаушыларының озбырлықтарына қарсы күресте шұбыртпалы Ағыбай, төлек Жәуке, төртуыл Жанайдар, қырғыз Жекебатыр (Тілеміс), тама Бердіқожа, балталы Қашқын, бағаналы Аманбай, Дұтбай, Есенқабыл, Есенбек сияқты әруақты ұлытаулық батырлар легінің абыроймен жалғастырғаны тарихтан мәлім.





*Абылай ханның Рүсиямен жасасқан шартын
бұзғандарына көніп отыру бізге ұят. Құдай қаласа,
барлық қазақтың басын қосып, Абылай хан дәуренін
қайта орнатуымыз керек. Алла тағала өзі бізге жар
болғай!*

Кенесары хан

ХАН КЕНЕГЕ
СЕНІМДІ ҚАМАЛ
БОЛҒАН







Әскери отрядтар салған ойран

Ұлытау-Кішітау төңірегін жайлайтын қазақтардың патша үкіметі құрамына кіруі жайлы құнды мәліметтер Орынбор әкімшілігінде ұзақ жылдар бойы қызмет істеген белгілі ғалым Петр Иванович Рычковтың (1712-1777) еңбектерінде көптеп кездеседі. Ол – 1771 жылы Ресейден Жоңғарияға қашқан қалмақтарды қайтару үшін Ор камалынан шығып, Ұлытауға, Жезқазған төңірегіне дейін келген әскердің сапында болған капитан Николай Петрович Рычковтың (1746-1784) әкесі (109.595).

Кіші жүз қазақтарын 1748 жылы Барак сұлтанның қолынан қаза тапқанға дейін Әбілқайыр ханның билегені белгілі. Одан соң әкесінің тағына Нұралы сұлтан отырды. Қоныстары Кіші жүзбен іргелес жатқан Орта жүздің арғын, найман, қыпшақ руларының үлкен бір бөлігі шартты түрде болса да, Әбілқайырмен бірге, оның саясатын қолдаушылар қатарында қала берді.

Енді әңгімемізге өзек болып отырған өңірге қатысты осы кезеңдегі тарихи оқиғаларға шолу жасап өтейік. П.И.Рычков былай деп жазады: "Кіші жүз Ресей бодандығына 1730-1738 жылдары, Орта жүз 1740-1742 жылдары кірді. Ұлы жүз... жоңғар әкімшілігінің билігінде... Бұл жүздердің бәрінде қанша халық бар екені туралы дерек әлі жоқ. Бірақ Ресей бодандығындағы әр жүзден қырықтан елу мыңға дейін қол (жасак) оңай жиналатындығына ешқандай күмән жоқ. Бұл жүздердегі үкімет көбіне демократиялық үкіметке ұқсайды... Білтелі мылтықпен қаруланады, ок-дәріні әркім дерлік өзі жасап алады" (110.50).


Шокан Уәлиханов "Қазақ даласының Геродоты" деп атаған атакты орыс ғалымы А.И.Левшин (1797-1879) Ұлытау төңірегін жайлаған қазақтар жайлы: "олар мылтық дәрісінің қарасын ғана емес, ағын да өздері

жасай алады, алайда қаншама білгіміз келгенімен, сый-сияпат көрсеткенімізбен олар бұл әдісті құпия ұстап, бізге сырын ашпады", – дейді (103.312). Бұл да айрықша назар аударуға тұратын мәлімет болып табылады.

Жоңғар басқыншыларына қарсы күресте Әбілқайыр хан бас сардар болды. Қолбасшылық дарыны қазақ даласынан да сыртқары жерлерге танылды (111.123). Ұлытау, Жезқазған, Торғай өңірлерінің қазақтары Әбілқайыр хан Ресей империясына адалдыққа ант бергенде онымен бірге болды. Мұны Жоңғарға қарсы жойқын жорықтарда жан аямай шайқасқан ханның жеке басына, оның батырлық-батылдығына көрсетілген құрмет деп қарау керек.

Қазақ хандығын отарлаудың алғашқы кезеңінде Ресей империясы халықтың жанына бататын қимылдарға бара қоймады. Жайлауды тарылтып қала салған жоқ, әртүрлі әдістермен халықтың бойын үйретіп, ішке тартуға бағытталған жымысқы саясатын одан әрі жалғастыра берді. Бұл жайлы тарихшы М.А.Терентьев өзінің екі томдық "История завоевания Средней Азии" атты еңбегінде былай деп жазыпты: "Қазақтардың бодандығын түсіну қиын: олар ешқандай алым-салық төлемейді, өздеріне белгілі бір міндет артпайды. Ал, біздің үкімет болса, қазақтарды өзімізге қараттық деген атакты ғана малданып, ақиқаттан алшақ дақпыртты місе тұтып, соған мәз сынай байқатып, оларға барлық жақсылықтарын үйіп-төкті. Хандарын алдап-арбап өз ыңғайларына бұрып, ағыл-тегіл сый мен сыяпат арқылы уысынан шығармады, тіпті 1750 жылдан бастап оларға қызметіне тағайындады" (112.203).

Ресей империясының жүз жылдан астам уақытқа созылған қазақ хандығын




отарлау кезеңіндегі аласапыран оқиғалардың басым көпшілігі ХІХ ғасырдың үлесіне тиеді. Патша үкіметі жайлауы мыңғырған мал, қойнауы қазына мұхитындай алып даланы енді қайта бас көтертпеу үшін отар өлкені басқарудың небір жымысқы түрлерін ойлап тауып жатса да, қасиетті мекенін, үмітін жалғар ұрпағын, ата дәстүрі мен ұлттық бейнесін сақтап қалу жолында елге ес, дұшпанға сес болған тұғырлы тұлғалар шоғыры осындай қиын-қыстау кезеңнің көрігінен сомдалып шықты. Хандық билік жойылып, қазақ даласы дуандық басқару жүйесіне көшірілгенде халық сұмырайын сұлтан, басбұзарын болыс, ақымағын ауылнай сайлаған жоқ. Мұндай қызметтерге көзі ашық, көкірегі ояу, өресі биік, елінің қамы үшін есесін жібермейтін, қажет болса жанын да ойланбай қиятын жақсылары мен жайсаңдарын отырғызды. Тобықтының топжарғаны Құнанбай да, бағаналының белі Ерден де, қаракесектің қамалы Жанқұтты да осындай орыс саясатының отына күйіп жүріп, елі-

нен екі елі ажырамай, халқының мұнын мұндап, жоғын жоқтаған жанкешті жан-дар.

Империя әкімшілігі Орта жүзде хандық билікті жойып, 1822 жылы 22 шілдеде "Сібір қазақтары туралы Ережені" бекіткені мәлім. Алайда, хандықтың қабырғасын қаусатса да, оның орнына дуандық жүйеге сәйкестеп, қазақ руларын болыстық жүйеге көшіру патша үкіметіне тіпті қиынға түсті. Иен далада еркін өскен елді уысында умаждау мақсатында метрополия небір түлкі қулықтан да, тұрпайы сұмдықтан да тайынған жоқ. Діні бір, тілі түбірлес татар молдалар қазақ арасына көптеп енгізілді.


Олардың жерімізге мұсылман дінін уағыздаушы болып келулері жай ғана бетперде болатын. Басты мақсаттары – қазақтар арасында Ресейдің қоластына кірудің тиімділігін насихаттау жөнінде орыс әкімдерінен алған құпия тапсырмаларын жүзеге асыру еді. Омбы мемлекеттік архивінде сақталған құпия құжатта Сағит Усманов және Шариф Абдурахманов деген татар



Құр Қарағанды өзенінің бойында 1924 жылы туған. Геология-минералогия ғылымдарының докторы. ҚР ҰҒА-ның академигі. Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері. 1974-1995 жылдарда ҰҒА-ның Геологиялық ғылымдар институтын басқарды. 1988-1995 жылдарда ҰҒА-ның вице-президенті болды. А.Абдулин Қазақ КСР және КСРО Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, көптеген орден-медальдармен марапатталған.



**Айтмұхамед
Абдулин**



Түйені тасалаған казак мергені

молдалардың 1822 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторы П. М. Капцевичтің арнайы тапсырмасымен алтай-карпык пен бағаналылар ішіне жіберілгендігі жазылған (3 қор, 12 тізім, 17801 іс, 89 бет).

Қазақтарға дін арқылы ықпал етпек ойдан да мардымды нәтиже шыға қоймады. Патша ағзамның 1822 жылдың 22 шілдесіндегі Орта жүзде сегіз дуан құру туралы нұсқауын орындау тым ұзаққа созылып кетті. 1830 жылға дейін Қарқаралы және Көкшетау дуандары ғана ашылып үлгерілді. 1828 жылы Капцевичтің орнына тағайындалған жаңа генерал-губернатор И. А. Вельяминовті Омбыда жиналған самсаған "шығыстанушылардың" бірі қазақтар Алладан да көрі антына берік деп сендірсе керек, ол әп дегеннен рубасылардан ақ патшаға адал қызмет етуге ант алуды ойластырды. Бас бостандығынан мүлдем айырыларын сезген ел бұл қақпанға да түсе қоймады. Ақыры шаруаның бейбіт жолмен орындалмайтынына көзі жеткен Вельяминов қазақ даласына мұздай қаруланған әскер жасақтап шығарып, байтақ өлкені мекендеген ауыл-ауылдардың ізіне түсе қуалап жүріп, қарудың күшімен ант ала бастады. Ата жұртымыз қызылала қанға боялды.

1830 жылдың ел қыстауларына қонған мезгіліне орай (желтоқсанда) тұс-тұсқа жіберілген подполковниктер Максимов, Набоков, Шубин, казак старшиналары Карбышев, Кулаков басқарған отрядтар қарудың күшімен бейбіт елді басынып, білгенін істеді. Осы отрядтардың казак ауылдары-

ның мал-мүлкін тонап, азаматтарын қырып-жойғанын Кенесары хан Орынбор шекаралық комиссияның төрағасы генерал-майор Генске жолдаған бір хатында ашына жазған (113.60).


Ұлытау өңіріндегі қалың бағаналының Сарысу, Білеуті өзендерінің бойында қыстап қалған Ақтаз, Бадана, Сейіт тармақтарына жататын 5 аулына 1830 жылдың аяқ шенінде подполковник Набоков бастаған



орыс отряды сау ете қалады. Олардың ақ патшаға адалдыққа ант алуға келгенін білген ауылдардың ақсақалдары жерінің тұтастығы мен елінің амандығын ойлап, әскердің талабын тез орындап құтылады. Рулар атынан Майлыбай Қосағалов деген ақсақал татар тілмаш толтырған қағазға бармағын басады.

Генерал-губернатордың тапсырмасының жылдам орындалғанына риза болған Набоков Майлыбай Қосағаловты алтын медальмен марапаттауға ұсынады (114.169).

Әскери отрядтар бұрын ақсақалдар кенесі билеген ауылдарды ресейлік құрылым — болыстық жүйеге көшіріп отырды. Ол үшін шаңырақ саны кем дегенде 300-ге жетуі керек. Бағаналылардың Набоковтың қолына түскен бөлігі бұл межеден кем болған. Мұндай жағдайда ауылдарды ата-бабаларынан бері иемденіп келе жатқан мекендерінен көшіріп, басқа болысқа тіркей салады. Сондықтан ел іргесін сақтап қалуды көздеген көпшілік тізімге Сыр асып, Шу



асып кеткен ағайындарын тіркетіп, шаңырақ санын 300-ге, адам санын 1466-ға толтырады. Архивтегі істе бұл ауылдардағы үй саны тұп тура 300 болып көрсетілгендігінің сыры осында жатыр.

Орта жүз аумағын мекендейтін елдің есебін алып, күш көрсетіп, ант қабылдаған казак отрядтарының құрығынан бағаналы найманның басқа рулары да құтыла алмаған. 1830-1832 жылдардағы казак руларынан ақ патшаға адалдыққа ант алып, болыстар құруға шығарылған әскери экспедициялардың мәліметтерінен осы Ұлытау-Кішітау төңірегін жайлайтын елден барлығы бес болыс құрылғаны белгілі. Атап айтсақ, олар мыналар:

1. Ақтаз-Бадана-Сейіт болысы – басқарушысы Уәйіс Байжанұлы.
2. Қызылтаз-Қокан-Жырық-Байназар болысы – басқарушысы Ерден Сандыбайұлы.


3. Қызылтаз-Ибеске-Жұртшы болысы – басқарушысы Бабыр Бөкеншіұлы
4. Қарабала-Төртқара-Сарғалдақ болысы – басқарушысы Қостанкелді Қазыбаев
5. Балталы болысы – басқарушысы Қашқын Жанқараұлы.

Әскери отрядтар берген есептерде құрылған болыстардағы адам және шаңырақ саны нақты көрсетілмеді. Себебі бізге белгісіз. Тек қана 1832 жылы 15 желтоқсанда жазылған губернатор кеңсесіндегі "Ауылдар жайлы мәліметтер" атты 2808 санды құжатта Қарабала-Төртқара-Сарғалдақ болысының шаңырақ саны 1300 екендігі нақты көрсетілген, ал адам саны турасында мәлімет жоқ (114.142).

Ант алу науқаны 1830 жылдың желтоқсанында басталып, 1833 жылдың 2 қарашасында соңғы отряд бітірген "шаруалардың" есеп-қисабы губернатор кеңсесіне тапсырылған. Бұл шараға қатысқан отряд-

Жаулап алушылар өткізген жайлаудағы жиын





Қырда қала орнады

тар мен олардың Орта жүздің қандай руларынан "ант алғандығын" Омбы архивінде сақталған іс (114) негізінде баяндайық.

Подполковник Костюрин – сибан, тама; есаул Махонин – төртуыл, қаржас, қозған, қақсал, алтай, қуандық, қанжығалы; подполковник Шубин – алтай, алшын, жағалбайлы, темеш, қарпық, қозған, таракты, тама; жүзбасы Нюхалев – сарыжомарт, буранайман, матай; сотник Панков – құлсары керей, қарауыл, қанжығалы; подполковник Камаев – көшебе керей және подполковник Набоков – төменгі шекті, қыпшақ, бағаналы, балталы руларының ауылдарын мұздай қаруланған әскердің күшімен басып алып, қыстап отырған жерлерінде тырп еткізбей ант алған.



Қажет жағдайларда оларға қосымша күш ретінде подполковник Кулаковтың жүзбасы Швабскийдің, әскери старшина Карбышевтың отрядтары қосылып отырған. Басқаларға сабақ болсын деп, ырқына көнбеген ауылдарды шаңырақтарын ортасына түсіріп, ойрандаған. Бір-скі мысал. 1831 жылы Шубин мен Карбышев отрядтары тізе қосып, қаракесек, алтай, алшын, жағалбайлы руларының 450 адамын кескілеп

өлтіреді. 1832 жылы Кулаковтың отряды Құшақ, Есенкелді сұлтандардың және басқа да бірқатар казак ауылдарын ант беруден қашқактағаны үшін талап-тонап, 60 адамын өлтіріп, ойрандап кетеді (115).

Осы науқан тұсында аласапыран шапқынға шыдамай, Шубин отрядынан – 133, Панковтан – 47, Швабскийден – 89 мініс аты зорығып өліпті.

Ұлытау төңірегінде құрылған болыстар әуелде Көкшетау, кейін Аманқарағай дуандарына қаратылғанмен, орталықтан шалғайда жатқандықтан бастапқыда "ұзын арқан, кең тұсау" жағдайда өмір сүрді. Тіпті бірте-бірте бұл болыстар тиісті түтін салығын төлемек түгіл, Шыңғыс Уәлиханов басқарған Аманқарағай дуанына кірмей қойған (116).

Патша үкіметінің тәртіп-талабына мойынсынбау 1835-1836 жылдары Орынбор мен Омбы әкімшіліктері өзара шекара белгілеп, Орта жүз бен Кіші жүздегі казак руларын бөліп алып басқаруға көшкен тұста мүлдем асқынып кетті. Шекара Обаған өзені бойымен өтіп, әрі қарай Терісаққан өзенін жағалай Ұлытауға, содан соң тұзу сызық бойымен Телікөлге барып тірелетін болып белгіленді. Осыған сәйкес Ұлытау




тауы да, осы өңірде құрылған балталы, бағаналы болыстары да Омбыға каратылды. Сан ғасырлар бойы төскейде малы, төсекте басы ажырамай, өмірдің ыстық-суығын бірге көріп келе жатқан аралас-құралас, бауырлас-қауымдас арғын, кыпшақтар бұрынғы қалпынша Орынбор құзырынан шыққан жоқ. Нәтижесінде балталы, бағаналылардың көптеген жайлау-қыстаулары шекараның арғы бетінде қалды және жаз-

да жайлау, қыста қыстауға көшкенде өтетін дәстүрлі көш жолдарымен бұдан былай жүре алмайтын болды.

Осындай халық наразылығы өршіп тұрған кезде Абылай ханның немересі Кенесары Қасымұлының ауылдары 1836 жылдың жазында Ұлытау-Кішітау аймағына көшіп келді. Осы өңірде он жылға созылған патша үкіметіне қарсы ең ауқымды ұлт-азаттық күресінің туы көтерілді.





Азаттық үшін арыстанша арпалысқан

Ұлытаудағы "Хан Ордасын" қоныс қылған казактың соңғы ханы — Кенесары Қасымұлы. Сыртқы жауларға бас имей, Ұлы Даланың ел бостандығын мұрат тұтқан, осы мақсат жолында шыбын жандарын шүберекке түйген, сайыпқыран санлақтарын манайына топтастырып, алып империяның отарлау саясатына қарсылық көрсетіп, құл болып бара жатқан туған халқын азаттыққа жеткіземін деп арыстанша арпалысқан Кенесары көтерілісінің құлашын кенге жайып, шырқау шегіне шыққан тұстары оның осы тауға ордасын тігіп, орныққан жылдарының үлесіне келеді.

Қасиетті Ұлытау Кенесарының қабырғасы берік камалына айналды. Мұны патша үкіметі де даусыз мойындаған, сондықтан көтерілісті талқандау үшін Кенесарыны Ұлытаудан ығыстырудың нақты жолдарын қарастырып, жоспарын жасаған. Бұл жайлы Омбы Мемлекеттік архивінде сақталған құжаттарда толық баяндалады: "Кенесары өз сыбайластарымен әдеттегіше Ұлытау тауында қыстайды. Соңғы жылдары, көктем шығар-шықпастан оның ауылдары Жыланшық өзенін бойлай төмендеп, сол өзенді жағалай отырып, оның **Ырғызбен** қосылған тұсына дейін барады. Ақсақал алқабындағы шүйгін жайылымда малдарын қондандырып алған соң, **Ырғыз** бойымен жоғарылай өрлеп, Өлкейек өзенінің бастауына жетеді де, әрі қарай оны жағалай көшіп, содан Торғай мен Жыланшықты бойлап, қысқа қарсы қайтадан Ұлытауға кетеді".


"Қазақ даласындағы Орынбормен шекаралас Ұлытау мен Арғанаты таулары бақылауға ынғайсыздығына және жемшөппен суы молдығына байланысты әрқашанда бұзақылардың, әсіресе, соңғы кездері

Кенесары сұлтан мен оның сыбайластарының ордасы болып отыр. Бұзақылардан тазарту үшін... Ұлытауға жыл сайын күшті қаруланған отрядтар жіберіледі. Бірақ бұл өлкенің ең жақын деген казактар шебіне 700 шақырымда тұрғандығынан, әрі жол бойында аттарға қажетті жемшөптің аздығынан отрядтар оған үлкен қиыншылықпен жетеді. Маусымның басында барған әскер осындай маңызды аймақты бақылаусыз қалдырып, қазан айында кері оралуға мәжбүр...

Осыған байланысты генерал-лейтенант князь Горчаков (1836-1851 жылдар аралығындағы Омбы губернаторы) Сібір шебі казак әскерлерінің 2-ші полкін Ұлытау мен Арғанаты тауларында түпкілікті күзет пункттерін ашу үшін шептің сыртына көшіру мәселесін көтерген еді. Аталған полкті көшіру мәселесі Ұлы мәртебелі таксыр бекіткен 1843 жылдың 3 наурызындағы әскери кеңестің нұсқауына сай шешілді" (117).

Ежелгі ата қонысы Көкшетау өңіріне отаршылар түбегейлі енгеннен соң, Кенесары әкесі мен төрт ағасына: "Абылай ханның Русиямен жасасқан шартын бұзғандарына көніп отыру бізге ұят. Құдай қаласа, барлық қазақтың басын қосып, Абылай хан дәуренін қайта орнатуымыз керек. Алла тағала өзі бізге жар болғай!" — дейді (118.8). Бұл шешімге олар берік тоқтасып, отаршылдыққа қарсы күрес ашады, көтеріліс қазақ бұқарасы тарапынан нақты қолдауға ие болады.

Кенес дәуірі кезінде Кенесары көтерілісінің жай-жапсарын терең баяндаған шоктығы биік екі еңбекті айрықша атап айтуымыз керек. Оның бірі — тарлан тарихшы Е.Бехмахановтың "Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында" атты моно-



графиясы. Бұл кітаптың ұлтшылдықты уағыздайтын антикенестік, компартия саясатына жат үгіт құралы деп танылғаны, авторының 25 жылға сотталып, тек Сталин өлгеннен кейін ғана ақталғандығы белгілі...

Екіншісі — заманымыздың заңғар жазушысы І.Есенберлиннің "Қаһар" романы. Көркем шығарма болғанмен, Е.Бехмахановтың еңбегі қамауда жатқан сол кезде бұл романның талайымыздың көкірегімізге "осындай да бабаларымыз болыпты-ау"


деген сезім сәулесін себезгілеп, тұтас бір ұрпақтың көзін ашып, көңілін оятқаны ешқандай дәлелдеуді қажет етпейтін шындық.

Кенесары хан сол өзі бел шешпей, ат үстінде жүрген заманында-ақ қазақтың ғана емес, әлемнің тарихына таңбасын тайға басқандай етіп салып кеткен қаһарман. Есімі тікелей аталмаса да, ол француздың ұлы жазушысы Жюль Верннің "Михаил Строгов" романында Қазақстан мен Түркістан аймақтарын отарлауға қарсы хал-

Сарыкеңгір алқабы. Ақши жазығы. Жыланды өзені бойы.

1844 жылы Кенесары ханның бәйбішесі Күнімжан ханым орыс тұтқынына осы жерде түскен





кын күреске бастаған Федор хан бейнесінде көркем кескінделеді. Поляк халқының 1833 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысканы үшін Сібірге жер аударылған патриот ұлы Адольф Янушкевич Кенесарыны Алжир мемлекетінің бостандық жолына басын тікен қайраткері Абь-Дель Кадермен салыстырады.

Орыстың патша заманындағы зиялылары да Кенесарыны каншама "каракшы", "жабайы", "бұзақы" деп сипаттап жазғандарымен, оның айлалы саясаткер, ақылды

қайраткер, қаһарман қолбасшы екендігін жокка шығара қоймаған. "Кенесары өз халқына мәңгілік бостандық тіледі, шынайы патриот ретінде орыс мемлекетінің өздерін толық жаулап алуға ұмтылатындығын түсіне білді", — деп жазған әскери тарихшы Н.Серета.


Сондай-ақ, орыстың аты әлемге әйгілі географ-саяхатшысы П.Семенов-Тянь-Шаньский Кенесары ханды біздің дәуірімізге дейінгі халқын Рим империясының жаулап алушыларына қарсы көтерген Понт патшасына тенеп, "қазақ халқының Митридат" деп атауы, оның үлкен күрескер екендігін даусыз мойындауы деп ұғынуымыз керек.

Кенесарының көтеріліс туын шалқытып, ордасын тіккен Ұлытау өңірімен, осы тау етегін ежелден жайлап келе жатқан жамиятпен ара қатынасы жайлы бұрын арагидік әр жерде қылаң беріп жүрген және бүгінге дейін ғылыми айналысқа түспеген архив құжаттарындағы деректер жетіп артылады. Сонымен Кенесары қозғалысы және осы тұстағы онымен балталы-бағаналы болыстарының ара қатынасы төңірегінде архив деректері не дейді? Енді соларды сөйлетейік.

Сұлтан Бегалы Қоңыркұлжинның және оның қасында болған қадірменді қазақтар (почетные киргизцы) Қосыбай Бабықов, Құлыбек Ескенин, Бектас Асыровтардың көтеріліске шыққан болыстар жайлы Ақмола дуанына 1837 жылдың 31 қазанында жолдаған құпия хабарынан: *"Қасым Абылайұлынан тараған сұлтандардың ұрпақтарының оңсар ордасы Ақмола дуанының аумағындағы өздерін тәуелсіз сезінетін бағаналы, қыпшақ... болыстарына орнығып алып, далада барымта мен талау-тонауды үздіксіз жүргізіп отырғаны басқаларды, тіпті сенімді деген болыстардың өздерін осындай қимылдарға қызықтырып, итермелеп отыр"* (119).

Ресейдің ішкі істер министріне 1837 жылдың 18 желтоқсанында жіберілген көтеріліске қатысушы болыстар жайлы хабарламадан: *"Сұлтан Қасым Абылайханұлы ұрпақтарымен және өзіне қарасты қазақ-*





тармен Торғай өзені бастау алатын жерлерде сыртқы дуандарға кірмеген көршілес қыпшақтармен, бағаналылармен, тағы басқалармен бірге көшіп-қонып жүр" (120).

Сібір келен округінің 1838 жылы 19 шілдеде Ресейдің қаржы министріне жазған катынасынан: "Аманқарағай округінің аға сұлтаны Шыңғыс Уәлиұлы біздің ешқандай дуандарымыздың қарамағына кірмеген бағаналы болыстары қазақтарының бүлік шығаруға әбден дайын тұрғандығын және олардың Сібір шебіндегі бекіністерге, тіпті... Преснегорьковкаға шабуыл жасауға ұрымтал сәтті күтіп отырғандығын 2-ші казак полкінің командиріне жазбаша хабарлады. Олар шабуылға қолайлы кезең деп казактар шөп шабуға шығатын, сөйтіп бекіністерді қорғауға аз ғана күн қалатын науқан мезгілін есептейді. Сұлтан Шыңғыс Уәлиұлының хабарына қарағанда тек қана бағаналылар емес, тіпті Аманқарағай дуанына қарасты болыстардың өздері бүлікшілерге қосылуға дайын отыр және оған бағынбай кеткен" (121).

1840 жылы шілде айында Акмола әскери отрядының тұтқынына түскен көтерілісшілердің тізімінен: "1. Сұлтан Нұрқан Сәмекеұлы, бүлікшінің туған апасы Бопайдың ұлы. 4 шілдеде Каракеңгір мен Сарыкеңгір өзендерінің аралығында Кенесарының тобырын талқандағанда қолға түсті... 5. Би Бегайдар Тастемірұлы, Балталы болысынан. Бұл бидің Кенесарының барлық іс-әрекетіне қатысқаны мәлім. Ол өз адамдарымен Кенесарымен бірге көшіп-қонып жүр, сұлтанмен сыбайлас екендігін оның ауылдарынан табылған орыстардың тізімге енген мүліктері де дәлелдейді (122).

Сібір шекаралық басқармасының 1840 жылғы есебінен: "17 маусымда жүзбасы Волков Дулығалы Жыланышық өзенінің бойынан бүлікші Кенесары Қасымовтың және оған қосылған әртүрлі болыстардың ауылдарын байқап қалды. Кенесары мен оның қазақтары әскер келіп қалғанда кигіз үйлерін, дүние-мүліктерін, малдарын тастап, жан-жаққа бытырай қашты. Ізге түскен отряд 40 адамды өлтіріп, Кенесарының 4 мың қойын, 31 түйесін, 14 сиырын олжалады. Сон-




Кенесары хан

дай-ақ үкіметке бағынбай келген бағаналы, қозған және қақса болыстарының қолға түскен ауылдарын Жарқайыңға жөнелтті. Олар сол жылы Көкшетау дуанына қаратылды.

Жалдама Торғай және Ұлы Торғай өзендерінің бойын шолу кезінде 6 мамырда гвардия штабс-капитаны Спридоновтың отряды үкіметке бағынбай жүрген бағаналы мен қыпшақ рулары қазақтарының үлкен тобына кездесті. Олар алғашқыда отрядтан қашпақ болғанмен, бейбіт әңгіме-үгіттің нәтижесінде Жарқайың-Ағашқа көшуге келісті. Кейін Көкшетау дуанының құрамына кірді...

Қарқаралы дуанында шеп резервінен жіберілген жүзбасы Ребров Кудрявцевтен қабылдап алған казак отрядына Ақтау бекінісінен бір зеңбірек қосып, Сарысу өзенін бойлап өтіп, Бала Жезді, Кеңгір, Дулығалы өзендеріне жетті. Сол маңда 6 маусымда бүлікші Кенесарының және онымен сыбайлас балталы-бағаналы болыстарының тәуелсіз ауылдарын тапты... Ізге түсіп соңдарынан қалмай... 25 маусымда Кенесарымен бірге көшіп жүрген бағаналының 12 ауылының үстінен шығып, бас имеген және қарсыласқан ауыл-



дарды талқандады. Тек екі ауыл ғана табындар жағына жылыстап, жсазадан құтылып кетті (бұл да сонда)".

Тұтқынға түскен көтерілісші Тыныштықбай Мақсұтовты 1842 жылдың 10 қазандағы тергеудің хаттамасынан: "Оның аты-жөні Тыныштықбай Мақсұтов, Қашқын Жанғарин басқаратын балталы болысынан. Бойдақ, 25 жаста, орыс заңымен бұрын сотталмаған. 1842 жылға дейін басқа руластарымен Кенесары сұлтанға қосылып, ұдайы бірге көшіп-қонып жүр" (123).

Тұтқын төленгіт Есенқара Қасқаламовтың 1842 жылғы 4 қарашадағы жауабынан: "Алшындар Кенесарыдан бұрыннан араларына жік түскен бағаналылармен татуластыруды өтінді. Кенесары олардың тілектерін құп алып, Кадыр, Дүзен билерге және Басалқа сұлтанға хат жолдады" (бұл да сонда).

раған үш ауыл... Кенесары бағаналылықтарымен өте тығыз достық қатынаста. Олар орыстардың әрбір қадамын қадағалап, барлық хабар-ошарды дер кезінде жеткізіп отырады. Тіпті Кенесарының жансыздары ұдайы бағаналы қазақтарының ішінде жүреді" (124).

Тұтқынға түскен қарпық-тінәлі болысының қазағы Қожабек Киікбаевтың 1844 жылдың 14 ақпанында берген жауабынан: "Тоқалым малымның бір бөлігімен қазіргі кезде бағаналылар ішіндегі Жұрнабай ағамның үйінде. Қостангелді болысқа қарайтын Сарғалдақ тармағының биі Қарамендінің ауылында. Бір айдай уақыт бұрын Кенесары Қылышбай деген төлеңгітінен бағаналының биі Бабырға шенеунік Сотниковке тапсыру үшін хат беріп жіберді. Бабыр ауылда болмай қалды, ал оның інісі Жансары Қылышбайға тың


Ойран



Қозған руының қазағы, орыс тыңшысы Шорман Асатовтың 1843 жылдың 28 желтоқсанында берген хабарламасынан: "Өзінің туыстары мен төлеңгіттерінен басқа Кенесарыны беріле қолдайтын рулар мыналар: балталылар — ру басы Қашқынның үш ауылы, бағаналылар — Басалқа сұлтанға қа-

ат мінгізді де, Қорғалжынға 200 әскер орыс отряды келгенін Кенесарыға жедел хабарлауға аттандырды....

Кенесарының төлеңгіттері ұдайы бағаналы болыстарында жүреді. Осы қыста 10 адам Сарысу жақтағы Бәйтерек алқабында Ақтау отрядының қимыл-қозғалысын



бақылауда болды. Кенесары сұлтан бағаналылармен өте-мөте достық қатынаста. Олар сұлтанға орыс отрядтарының әрбір қадамын мұқият хабарлап отырады. Кенесарының осы жорығына Бабыр мен Қостангелді билер жолым үйлер дайындап берді.

Өткен күзде Кенесарының ауылдары Кішітауға қонғанда бағаналы рубасылары Қадыр, Ерден, Қостангелдінің інісі Бұқа, Алданазар және Бабырдың туысы Бөрібай оған қонаққа келді. Кенесары Қадырға нар, Ерденге бүркіт, өзі келмесе де Бабыр биге арғымақ сыйлады. Бағаналы атқамінерлері жаз бойы Кенесарымен хат арқылы хабарласып отырды. Сұлтанның төлеңгіттері үздіксіз бағаналы болыстарының ортасында жүрді" (бұл да сонда).


Қыпшақ руының жігіті тұтқын Беспай Атабаевтың 1844 жылдың 7 наурызында берген жауабынан: "Кенесарының жасағында көптеген рулардың жігіттері бар, барлығын еске түсіру қиын. Сұлтанға бағаналыдан Бабыр мен Қостангелдінің болыстары ерекше берілген. Бабырдың туысы Бөрібай ұдайы Кенесарының тобында. Кенесары биыл бір бөлігі Ұлытауда, екінші бөлігі Көңде көшіп-қонып жүрген бағаналы болыстарының ортасында қыстады. Кенесарының ауылдары Қаракеңгір мен Сарыкеңгір қосылар тұста отырады. Оның ауылдарында орыстар жоқ, басқа ештеңе айта алмаймын" (125).

Батыс Сібір генерал-губернаторының маңызды тапсырмалар жөніндегі чиновнигі Сотниковтің Кенесарының ауылын ойрандап, бәйбішесі Күнімжан ханымды тұтқындағаны жайлы 1844 жылдың 28 наурызындағы рапортынан: "... мен Қашырлыдан жедел аттанып, Буырылдыға төтелеге жетіп, Кенесары отрядына тұтқиылдан тиісуді ойладым. Көң өзені жағасындағы қырқаларға Кенесары барлаушылар қоюы әбден мүмкін еді. Сондықтан бағаналы болыстары арқылы жүру дұрыс деп шештім. Себебі, біріншіден, казактардың астарындағы аттары болдырса, оларды бағаналылардан тың аттармен алмастыруды ойладым. Екіншіден, Кенесарының бағаналылықтармен достығын ескеріп, бұл қапталдан қарауыл қоймайтынын есепке алдым. Кенесары бағаналы болыстары жақтан қауіп төнсе, жедел хабар алатындығына сенімді болатын.

Осылайша 23 ақпанда, түнде, Бабыр Бөкеншиннің ауылдарына таяндық. Менің Бабырдың үйіне жұмсаған 6 қазағым өздерін Қорғалжын отрядының қозғалысын бақылап жүрген Кенесарының төлеңгіттеріміз деп таныстырды. Үйге кірмей, сыртта сөйлесті. Бабыр оларға бар жағдайды мұқият баяндап, жаңа ғана осы ауылдан шығып кеткен Наурызбайдың ізімен жүруге кеңес берді. Әрі қарай әңгіме үстінде мен жұмсаған қазақтар біздің жолымыздағы бағаналы ауылдары, Кенесары ауылдарының орналасуы, оның жасағы жайлы маңызды мәліметтер алды. Сондай-ақ Бабырдың ұлы Жылқайдардың кеше ғана Кенесарының отрядынан оралғанын білді. Жағдайға әбден қанығып алған соң өздерінің шындығында кімдер екендігін ашық айтып Бабырды ұлымен бірге біздің лагерге айдап алып келді" (124).

Орынбор шекаралық комиссиясы төрағасының ішкі істер министріне 1844 жылдың 12 қыркүйегінде жолдаған мәліметінен: "... Әкімшілік билігін мойынсұнбай бүлікші сұлтан Кенесары Қасымұлына қосылған қазақтар мына рулардан: төртқара, қаракесек, назар, бағаналы, балталы және қарабастың бір тармағы" (126).

Кенесары төңірегін барлауға жіберілген жансыздар Берден Байқошқаров пен



Ұбакбай Қашағановтардың 1845 жылдың 31 наурызында жолдаған мәліметтерінен: *"Биылғы қыста бағаналылар Кенесарыға 30 ту бие сыйлады, сұлтанмен оңаша әңгімелерінде неге келіскендіктерін нақты айта алмаймыз"* (127).

Жоғарыдағы өзіміз алға тартқан құжаттардағы нақты мәліметтер төмендегідей түбегейлі тұжырымдар жасауға толық негіз бола алады:

1. Ұлытау төңірегін жайлаған балталы, бағаналы болыстары Кенесары қозғалысына барынша қолдау көрсетіп, оған бастан-аяқ қатысқан.

2. Бұл болыстар көтерісшілердің қиынқыстау кезеңдерде сенімді тірегіне, табан тірер берік тылына айналған.

3. Кенесары бағаналы болыстарының басшыларымен, елге сыйлы қадірменді азаматтарымен сыйластық қатынаста болған.

4. Бағаналы рубасылары көтерісшілерге қолдан келген көмектерін (жігіттерден сарбаз жинап беру, азық-түлікпен қамтамасыз ету, патша әскерлерінің қозғалысын, іс-әрекеттерін тұрақты хабарлап отыру және т.б.) мүмкіндіктерінен көрсетіп отырған. Өзінің ел ортасындағы сенімді тіректеріне айналған рубасыларды Кенесары хан патша үкіметі тарапынан қудалауға түсірмеу мақсатында дұшпанмен ашық бетпе-бет айқастарға қатыстырмаған.

5. Аманқарағай дуанына (округіне) тіркелген 4 болыс бағаналы, 1 болыс балталы рулары Кенесары қозғалысы тұсында сол дуанның аға сұлтаны Шыңғыс Уәлихановтың құзырынан шығып, көтерілісшілермен бірігіп кеткен. Қашқын батыр Жанқарин басқарған балталы болысының адамдарының түгелге жуығы Кенесары хан онтүстік өңірге ойысқанда онымен бірге

көшкен. Бұдан кейін Ұлытау төңірегінде балталы болысы қайта құрылған жоқ.

Киелі таудың етегіне орналасқан аудан орталығы Ұлытау селосы бастапқыда әскери бекініс ретінде Кенесары хан көтерілісін тұншықтыру мақсатында салынған. Көтерілісті басып-жаншу үшін патша үкіметінің Омбы мен Орынбордан мұздай қаруланған казак әскерлерін казак даласына, оның ішінде Ұлытау аймағына үсті-үстіне толассыз тоғытып жіберіп тұрғандығы белгілі. Алайда бұл шаралар нақты нәтижеге жеткізбеді. Халқы қолдаған Кенесары жазалаушы отрядтардың басқан ізінің барлығына қанық болатын, ұрымтал сәттерді қалт жібермей, соққы беріп отыратын. Жапан далада сағым қуғандай сабылып, сілікпелері шығып, азып-тозған казактар бастарының амандықтарына шүкіршілік етіп, қауіпсіз бекініс-қамалдарына қайта жеткенше асығатын.

Патша үкіметі бекініске бір полк казак әскерін орналастырғанмен, партизандық әдіске көшкен, қалың бұқараның шынайы қолдауына ие Кенесары күрес туын қолынан шығарған жоқ. Киелі Ұлытау оның сенімді тірегіне айналды. Орск мен Ұлытау арасына Ырғыз және Торғай бекіністері салынып, Сарыарқада жазда жайлау, қыста қыстау болатын қауіпсіз жер қалмаған соң, сегіз жыл бой өзіне сенімді қамал болған Ұлытау шатқалдарымен, Жезқазған жоталарымен кимай қоштасқан Кенесары 1845-1846 жылдарда Сарысу өзенінің төменгі ағысындағы Телікөл алқабында балталы-бағаналылар арасында соңғы рет қыстап шықты. Бұл жайлы патша үкіметінің жансыздары Құлжан Құлтенев пен Жиенбай Именовтің Орынбор генерал-губернаторына жазған хабарламасы архивте сақталған (108.200-201).



Қорқамын істеп жүрген ісімізден,
Тас сынған шайнағанда тісімізден.
Кешегі Шегір, Уәйіс, Ерден батыр,
Айырылды сол секілді күшімізден.
Уәлі, Ырсай, Бекпау, Абайділда,
Айрылды солар кетіп кісімізден...

Қожабай Тоқсанбайұлы



ТОПЖАРҒАН ТҰЛҒАЛАР


The image features a collage of handwritten signatures and stamps. The signatures are written in various languages, including Cyrillic, Latin, and Arabic. Some of the legible signatures include:

- ... 22 g.
- ... 46 g.
- ... 40 g.
- ... 55 g.
- ... 32 g.

There are also several circular stamps or seals scattered throughout the collage, some of which appear to be official or commemorative. The background consists of stylized, high-contrast portraits of men's faces, rendered in a graphic, almost woodcut-like style.

Karabonnan 28 guemanyin Common Kapamban? Tumbayarak
 Pajpaga kapangin? Manamant Caruak
 Em? Mochangin Man mapabr
 Karabonnan 40 guemanyin jaypaga kapangin? Lpamutaha Tichamula
 Minutuan? Karabonnan 30 guemanyin Kapangin? Lpamutaha
 Karabonnan 53 guemanyin Kapangin? Lpamutaha
 11000 Cytman? Kapangin? Lpamutaha
 Tugabun? Kapangin? Lpamutaha
 Bawakabai? Kapangin? Lpamutaha
 Noumangin? Kapangin? Lpamutaha
 Karabonnan 27 guemanyin Kapangin? Lpamutaha
 Em? Kapangin? Lpamutaha
 Karabonnan 30 guemanyin Kapangin? Lpamutaha
 Karabonnan 40 guemanyin Kapangin? Lpamutaha
 Karabonnan 40 guemanyin Kapangin? Lpamutaha
 Karabonnan 53 guemanyin Kapangin? Lpamutaha
 Tugabun? Kapangin? Lpamutaha
 Kapangin? Lpamutaha
 Karabonnan 30 guemanyin Kapangin? Lpamutaha
 Karabonnan 30 guemanyin Kapangin? Lpamutaha
 Karabonnan 30 guemanyin Kapangin? Lpamutaha





Атбасар дуанының аға сұлтаны

Қазақ мемлекетінің іргетасын қалап кеткен, елім деп еңіреген небір қайраткер бабаларымызға кешегі кеңес дәуірінде тарих сахнасының ең болмаса босағасынан орын тиген жоқ. Әсіресе еліміздің Ресей боданында болған кезеңіндегі дара тұлғалар шеттерінен сұмпайы, сұркия, алаяқ, арамза етіп көрсетілді. Солардың бірі – 1862 жылы Атбасар дуанына аға сұлтан болып бекітілген, Ұлытау өңіріндегі бағаналы найманнан шыққан белгілі қайраткер – Ерден Сандыбайұлы (1808-1863 ж.ж.).


Ерденнің тарихи тұлғасы тек қана оның өз заманында белгілі рубасы, аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермеген би, тіпті Атбасар дуанына аға сұлтан болғандығымен айқындалмайды. Бұл ретте айрықша назар аударарлық мәселе – оның арғы ата-тегінің тұлпар мініп, ту толқытып шыққан, халқым деп қабырғасы қайысқан ерлер екендігі. Ерденнің де өз кезегінде тарих сахнасына көтерілуінің басты себебі – осы терең тамырластықта, саналы сабақтастықта, далалық дәстүр жалғастығының жүйелі жөн-жосығында жатыр. Оның билік басына ұмтылысының негізгі қозғаушы тетігі де осылар. Тіпті, біле білсек, Ерден көтерілген биік – дүйім қазақтың сүйіспеншілігіне бөленген атасы белгілі қолбасшы Төлепен есімі Арқадағы азулы тайпа – бағаналының жеке-дара ұранына айналған өз әкесі Сандыбайлар шыққан шыңдардың қасында жай бір төбешік қана. Қазақ басынан бақ тайып, орыс жемсауына түскен тұста Ерден әуелі болыс, кейіннен бағаналы руларына басшы (старшина) болды, Атбасар дуанына аға сұлтандыққа бекіп, қарадан шыққан хан атанды.

Төлек, Сандыбай сынды тұлпар мініп, ту толқытып, барлық күш-қуаттарын ел мен жерін қорғауға, ұлт бірлігін сақтауға

жұмсаған есіл ерлердің артындағы асылдың сынығы – Ерден де өз ортасынан суырылып шығып, есімі жалпақ қазақ даласына танылды. Елі үшін атқарған ерен еңбегімен, кара сөзді камшы қылған шешендігімен, көреген көсемдігімен, өзі өмір сүрген заманның ағымына орайлы айлакер-әдіскерлігімен көзге ілінді.

Ерден Сандыбайұлының есімінің кешегі кеңес дәуірінде ауызға алынбауы, алына калса, қоғамға жат, құбыжық дәрежесінде аталуы – біріншіден, таптық көзқарастың кесірі десек, екіншіден, оның Шокан Уәлиханов сынды халқымыздың бетке ұстар ұлымен бірге аға сұлтандыққа балама кандидат болып, сайлауға түсуіне байланысты. Ерденнің аға сұлтандыққа бекігендігін ғалымдарымыз бен тарихшыларымыздың қалай сипаттағаны баршамызға мәлім. Оған айрықша тоқталып жатудың қажеті шамалы. Алайда бұл оқиғаны басқа қырынан түсінуге негіз боларлықтай ел жадында сақталған талай әңгіме бар. Ерденнің сайлауға шығуына Шоканның әкесі, Көкшетау дуанының аға сұлтаны Шокан Уәлихановтың өзінің қарамағындағы бағаналыларға жер дауында қорған бола алмағандығы және осындайлардан туындайтын әртүрлі кикілжіндер мен келіспеушіліктер әсер еткен. Бұған қатысты әңгіменің жалпақ желісін бүгінгі ұрпаққа баяндап өтейік.

Төлек, Сандыбай сияқты асылдардың тұяғы Ерден ержүректілігімен, шешендігімен аяқтыға жол, ауыздыға сөз бере қоймаған. Төрт болыстан тұратын бағаналы тайпасы Шыңғыс басқарған Көкшетау дуанының құрамында жүрген жылдардың бірінде, екі қошқардың басы бір қазанға сыя ма, Шыңғыспен әжептәуір сөзге келісіп қалды. Абылайдың немересі, текті төре екен-



дігін алға тартып, Шыңғыс Ерденге: "Сен қанша компайсаң да, қайда барамын дейсін, тегін кара казак емес пе?!" — деп қалыпты бір отырыста. Бұл кемсітуге қорланған Ердекен: "Шыңғысеке! Аспа-таспа! Мен кара казак болсам, Абылайды Абылай еткен біз. Осы кара халық болмаса, Төле бабамның түйесін бағып жүре берер ме еді, кім білсін. Бұқардай бабаларым — тірегі, Қабанбай, Бөгенбай, Есет, Жаулыбай, Төлек сияқты менің бабаларымның білегі болмағанда, кімнің тағына отырар еді? Абылай әруағын сыйласаң, төремін

уысынан шығып кеткенін Шыңғыстың ұната қоймағаны белгілі. Сондықтан Петербургтен ауруы асқынып оралған Шоканның 1862 жылы осы дуанның аға сұлтандығына сайлауға түсуінің бір ұшығы осында жатыр...

Ерден бұл сайлауда аға сұлтандық лауазымға Омбыдағы шенеуніктерге пара беру арқылы жетті деп, айтылып та, жазылып та келеді, бірақ мұны дәлелдейтін ресми құжат осы уақытқа дейін ешкімнің қолына түскен жоқ. Данғаза дақырттың, жалған жорамалдың алып қашпа аңыздың же-




Оң жақтан екінші отырған Атбасар дуанының аға сұлтаны Ерден Сандыбайұлы

деп тасынба, өз басыңды сыйласаң, бейпіл сөйлеп басынба казакты! Абылайдың енбегі сенің енбегің емес, ол қазағым деп, басын тауға да, таска да ұрды, жанын да, қанын да аяған жоқ. Иығына орыстың оқасын жамылғаннан басқа немді бітіріп отырсың? Қазакка қай енбегің сінді?" — деп бастырмалатып, жалы күдірейіп шыға келіпті. Бұдан кейін аралары мүлдем жараспаған көрінеді.

1859 жылы карамағындағы тұтас 7 бөліс ел бөлініп, Атбасар дуанына қарап, өз

тігінен шыға алмай жүрміз. Сол тұстағы саясат тұғырынан пайымдасақ, сайлауда көп дауыс ала тұрып, Шоканның (Шокан — 25, Ерден — 14 дауыс алған) аға сұлтандыққа бекімей қалуында басқаша күрделі себеп бар. Ормандай Орта жүзді 8 бөлікке бөлшектеп, бұдан әрі тікелей орыс әкімдерінің басқаруына көшіруге онтайлы жағдайды күтіп отырған патша үкіметі бұл мақсаттарына арада алты-ақ жылдан кейін, 1868 жылдың 21 қазанында Ресей императоры Александр II қол қойған "Дала-



лық облыстарды басқару туралы уақытша Ережені" шығару және жүзеге асыру арқылы жетті. Хан билігін жойып, енді сол хандардың ұрпақтарының (төрелердің) казак арасындағы ықпалын бірте-бірте әлсіретіп келе жатқан орыс отарлаушылары айбарлы Абылай хан тұқымынан тарайтын әкелі-балалы Шыңғыс пен Шоканның қолдарына бакандай екі дуанның билігін беріп қоюға мүдделі емес еді, тіпті бұған жол беру – казакты одан әрі отарлаудағы ұстанған түпкілікті саясат-мақсаттарына мүлдем кереғар шаруа болатын.

Сондықтан Ерденді аға сұлтандыққа пара да, қарсыласының ауру-сырқаулығы да емес, сол тұстағы патша үкіметінің онайлықпен сырын аштырмайтын сұркия саясаты жеткізді. Пара берді-мыс деген алып қашпа өсек-аяң – Ердекеннің сайлауда жеңіліп тұрып, ойламаған жерден аға сұлтан болып кеткендігінің тұңғық сырын түсінбей, губернатордың ойламаған жерден шығарған шешіміне бастары айналып қалғандардың көңіліндегі күдіктен туған.

Ал Шоканның дімкәстығы – генерал-губернатор Дюгамельге сайлау барысында екі кесапаттың қолайлылауын тандап, тірелген тығырықтан шығып кетуге таптырмас сылтау, тілге тиек етуге әбден жарамды, тиянақты негіз болған. Омбы Мемлекеттік архивінің кітапханасында сақталған 1862 жылдың 10 қарашасында Батыс Сібірдің генерал-губернаторы А.И.Дюгамель қол қойған 54 санды бұйрықтың мазмұны мынандай: *"Сібір қазақтары облысы бойынша Атбасар дуанының аға сұлтаны болып сайлауда көпшілік дауыс алған, алайда ауруына байланысты бұл қызметтен бастартқан штабс-ротмистр Шоқан Уәлихановтың орнына 1862 жылдан бастап үш жылдық мерзімге хорунжий Ерден Сандыбаев және оған кандидат болып сұлтан Көшек Жадаев бекітіледі"* (128).


Жалпы, архив айғақтарынан түйілер түйін – Ердекен патша үкіметіне онша қолайлы адам бола қоймаған. Бірақ Шокан сияқты ұстанған саясаттарына қайшы кандидат емес. Басқаларын былай қойған-

да, ол аға сұлтанның орындығына енді отыра бергенде, 1962 жылдың 29 желтоқсанында, Сібір казактары облысының әскери губернаторы Густав фон-Фридрихс Батыс Сібір генерал-губернаторына 41 санды қатынас жолдап, Орынбор мен Сібір казактары арасындағы барымта оқиғалары жайлы мәлімдей келіп, аға сұлтан Ерденді Омбыға шақыртып, оның туған інісі Байұлы Сандыбаев бастаған бағаналының барлық болыс басқарушыларын Атбасардағы түрмеге екі аптаға қамауға ұсыныс жасайды (129).

Ерденнен пара алды деп Шокан күдік білдірген адамның ен лауазымдысы – осы генерал-лейтенант Фридрихс. Оның қай кезде де бағаналының шаруаларына (негізінен жер дауына катысты) бүйрегі бұрмағандығын архивтегі іс қағаздарынан анық сезуге болады. Ал, Ердекенмен әмпәй-жәмпәй болып, одан пара алса, казактың даласында екі күннің бірінде болып жататын, әншейінде назар аударылмайтын барымта-сарымталарға осыншама шұқшия кадалып, бағаналының барлық болыстарын, Ерденнің туған інісі Байұлымен қоса түрмеге тықтыра ма? Бұл жана аға сұлтанға қызметтегі және қоғамдағы орнын нұсқап, оны әп дегеннен тұқыртып қоюдың амалы екендігіне ешкім дау айта қоймас...

Тағдыр Ерден Сандыбайұлына аға сұлтандық қызметте ұзақ отыруға жазбады. Ол 1863 жылдың жаз айының бірінде 54 жасты енсеріп барып қайтыс болды. Байтақ казак қауымына аспандап аты шығып, әр қырынан танылған, бүкіл саналы ғұмырын туған халқының бірлігі мен тірлігі жолына бағыштаған топжарған тұлғаның кемел шақта жеткен ажалы туған елінің, өкпеге қиса да, өлімге қимас замандас-үзеңгілестерінің қабырғаларын қайыстырып кетті. Қарт Ұлытау күңіреніп, жасын жаңбыр етіп төкті. "Ой бауырымдап", үш жүздің игі жақсылары көңіл айтуға ат басын Сары Торғайдағы Ерден жайлауына бұрды...

Ерден Сандыбайұлы – көзінің тірісінде-ақ батыр атанған адам. Белгілі тарихшы Мұрат Әбдіров кезінде Қарқаралы дуаны-



рай жеделдетіп жүріп, мамырдың 29-да Қаражарға (Жезказғаннан 35 шақырым жердегі) жетеді.

Бағаналы жасағының сарбаздары осы ерліктері үшін 10 Георгий кресімен наградталады. Оның біреуі жасак басшысы Ерден батырдың омырауына тағылады. Сондай-ақ, бұл құжатта көрсетілмеген сол дәуірдің калыптасқан қағидасы бойынша осындай шайқасқа қатыскандарға берілетін тағы бір награда болған. Ол — "За походы в Средней Азии" атты күміс медаль. Бұл медальмен 1853-1895 жылдар аралығында Орта Азия аймағында ұрыс қимылдарына ен

болмаса бір рет қатыскандардың барлығы наградталуға тиіс болған. Сондықтан Ерден Сандыбайұлы осы жорық үшін екі бірдей марапатқа ие болды деп айтуға толық негіз бар.

Коканға екінші жорық, ілешала, яғни сол жылдың тамыз айында үлкен күшпен жасалған. Бұл жолы коқандардан олар бұрын барымталап кеткен барлық малдың (40 мың қой, 700 жылқы, 50 түйе) қазақтарға қайтарылғандығы айтылады. Арттан қуып жеткен коқан ханының үлкен жасағымен 6 қыркүйек күні Бейіркөл деген жерде 12 сағатқа созылған қырғын соғыс өтеді. Осы шайқаста көрсеткен ерлігі үшін Ерденнің екінші рет Георгий кресімен наградталғаны туралы мәлімет Омбы архивінде сақтаулы.

Коканмен өткен шайқастардың көне куәсындай, ерлікке қойылған ескерткіштей болып, бүгінгі Қызылорда облысының жеріндегі Айнакөлдін жағасында "Ерден шыққан" төбесі мұнартады. Осы жорық төнірегінде атакты ғалым Г.Н.Потаниннің 1860 жылы Ресейдің Географиялық қоғамында баяндама жасағаны туралы да қолымызда нақты дерек бар (131).

Ерден Сандыбайұлының Кенесары ханмен достық қарымқатынасын жалғыз-ақ қана мысалдан көруге болады. Архивтегі бір құжатта Кенесары Ерденді қонақ қылып, оған бүркіт сыйлағаны айтылады (124).

Қазақ дәстүрінде ел ағалары бүркітті өзіне тең санаған адамға ғана сыйлаған. Осы болмашы мәліметтен-ақ Кенесары мен Ерден арасындағы шынайы сыйластық пен сырластықты аңғаруға болады...

Жоғарыда баяндалған деректерден Ерден Сандыбайұлының


*позволяет? ахмодъ бакурмедъ нахъ си
Оуандуриншеъ Митамшеъ неподвернушеъ себе
оубенъ сватности еке шилешеъ вестъ до вестеи
ахшеъ до востодитъ Вашио Превосудителю шва
покартвойше просишеъ Вашио разпорядителю дур
мийи нахъ шилешеъ Оуъ Анисоллениахъ Курше
уия свободнаго перепада нахъ свавоетности
св митамшеъ нахшеиъ стайбешуи -*

Баюна Сандыбайұлы

Бабақұрғұл Балақұшев


Айрашбай Қурышқұлов

Ахмет Байқұлышев



*св прощание жинала 2^е Мауарыно пенне
6^е Антон Армазский Анавоице.*

А.И. Октябрь 1857 года.



батыр деген атағы кейінгі кезде кім көрінгенге жамала салып жүрген жосықсыз жорамалдардың сарыны емес, өз заманында жұртының жоғын жоқтап, намысын таптатпағаны, қанды қырғандарда қол бастап, жан аямай ерлік көрсетіп, ата дәстүрін жалғастырғандығы үшін халқының көрсеткен махаббаты мен қошеметі екендігін байқаймыз.

Ердекеннің қадір-қасиетін, ақыл-парасатын сол заманда-ақ қазақтың үш жүзінің түкірігімен өрт сөндірген шешендері, аспандағы аққуды алдындағы айдынға қондырған күйшілері мен көмекейінен маржан тамған ақын-жыраулары бағалай да, саралай да білген. Солардың арттарында қалған асыл мұра арқылы Ерден тұлғасы сан алмасқан саясат ағымы қанша тұқыртып, тұншықтырса да, бүгінгі күнге өшпей жетіп отыр. Атығай-Қарауылдың тұяғы жерге тимеген тұлпары Орынбай Бертағыұлы сыйлас замандасы Ерденнің тұлғасын мәңгі өшпестей, өшірілместей етіп өлеңмен сомдап кеткен. Ордекеннің осы жыры арқылы Ердекеннің бедерлі бейнесін көз алдымыздан тағы бір өткізіп алғанның ар-

тықтығы жоқ. Шабытынан шаң көтерілген шайыр Бертағыұлы былай көсіледі:


*"Ассалаумағалейкум, батыр Ерден,
Кетінті бақ-дәулеттің асып елден.
Ішінде көп қарғаның бір бүркіттей,
Көзіме көрінесің келген жерден.*

*Сұңқардың екі мұртың жебесіндей,
Ақылың оман-дария кемесіндей.
Сұрасаң биіктігің мен айтайын,
Күн шалған Алатаудың төбесіндей.*

*Илмес қарағайдай терегімсің,
Ақылдың көз жеткісіз зерегісің.
Қазақтың қазақ иісі бар шағында,
Алаштың баласына керегімсің.*

*Есілдің ұзын бойын келдің жайлап,
Жібектей шалғынына бие байлап.
Керек бай, керек жарлы келсе мейман,
Алдына шығушы едің қойың байлап.*

*Елге кек, жұртқа намыс іс келгенде,
Жақұттай жанушы елдің көзің жайнап.
Уа, Ерден, енді тумас сендей көзел,
Ішінен Бағаналы селдей қайнап".*



Сол заманның біртуар дарын иелері, асқан өнерпаздары – Сегіз сері, Ықылас, Сайдалы Сары Тока, Тәттімбет, Шөжелермен де Ерденнің сыйлас, сырлас-көңілдес болғандығы жайлы көл-көсір мәлімет бар. Қылқобыздың Қорқыт, Қойлыбайлардан соңғы шашағына шаң шұқпаған жүйрігі Ықылас Дүкенұлы "Ерден" күйін оған жағынғандықтан, бағынғандықтан емес, оның бейнесін сағынғандықтан, кемел ақыл-парасатына табынғандықтан шығарған. Аралас-құралас, қоныстас-жорықтас жатқан елдің азаматының алып тұлғасына деген қимастық, сыйластық сезімнің самалы еседі бұл күйден.

Сондай-ақ Тәттімбет Қазанғапұлының "Бес төре" күйі де осы тұста қарадан шыққан хандар атанған аға сұлтандар Жайықбайдың Ыбырайына, Шорманның Мұсасына, Өскенбайдың Құнанбайына, Естеместің Есенейіне, Сандыбайдың Ерденіне арналған...


Ердекеннен қалған шешендік сөздер де аз емес. Ақылға кемел азамат тек қана өз ұрпақтарына емес, айналасындағы қауымға да заман ағымына сай тәрбие-тәлім, үлгі-өнеге, жөн-жосық көрсеткен. Осыған байланысты 1862 жылдың тамыз айында Петербургтен келіп, Ұлытау-Сарысу арасында әскери стратегиялық зерттеулер жүргізген Бас штабтың офицері М.Красовскийдің "Материалы для географии и статистики России. Область Сибирских киргизов" атты кітабында (С.-П., 1868 ж.) Ердекеннің үй тұрмысы жайлы баяндауы – сол дәуірдегі қазақ өмірінен жан-жақты мағлұмат береді. М.Красовский өзінің хо-рунжий Ерден мен оның інісі болыс басқарушысы Байұлының үйлерінде қонақта болып, қазақтардың сапалы, сәнді үйлерде тұратындығына таңдана отырып, осы жайында былай деп жазыпты: "Оба дома стоят на левом берегу реки Кара-Кенгир:

один (Сандыбаева) верстах в 4-х южнее могилы Жансеит, другой – у самого устья впадающей в Кенгир речки Караганды. Здесь живет Ирден с первою женою. Дом сложен из дикого камня, стены 4-х комнат оштукатурены, оклеены обоями, в окнах рамы со стеклами, при дворе есть баня, хорошие крытые загоны и проч... Немного южнее только что описанного дома виднеется почти совершенно такой же дом 2-ой жены Ирдена... Во время пребывания в кочевьях Атбасарского округа, в 1862 году, нам пришлось насчитать в одном каракенгирском бассейне, по крайней мере, 100 казахских домов, сложенных из дикого камня, или землебитного кирпича".

Бұл деректерден біраз жайды аңғаруға болады. Жабайы өмір сүрді деген бабаларымыздың сол кездегі тұрмысы да, тазалық деңгейі де басқа халықтардан кемшін түсе қоймағанға ұқсайды. Жалпы, Ерден манайының озық өнер үлгілеріне көзқарасы, мәдени деңгейі, қалыптасқан үрдісі ұзақ уақыттар бойы жалғасып, сабақтасып келгенін тағы бір ресми құжаттың мазмұнынан байқаймыз. 1876 жылы Парижде өтетін Шығыстанушылар конгресінде ашылатын көрмеге қазақ елінен жәдігерлер (экспонаттар) іздестірілгенде орыс ғалымы К.Лазарев Петербургтен ояз бастығына арнайы хат жолдап, онда Ұлытау өніріндегі Бименде Ерденевте аса бағалы ат әбзелдері және әсем ұлттық киімдер бар екендігін, соларды сұрап алып, көрмеге қою үшін жедел жеткізуді өтінеді. Ғалымға бұл мәліметті Петербургте біреулер берген (132).

...Ерден Сандыбайұлы сынды аса күрделі тұлғаның күрескерлік, азаматтық кескін-келбеті уақыт өткен сайын айқында-ла, ашыла түсері сөзсіз... Өйткені шынайы тарихымызды жаңа танып, жаңа тауып жатырмыз.






Бағаналының тұңғыш болысы

Ұлытау өңіріндегі бағаналы найманнан шыққан тұңғыш болыс басқарушысы Уәйіс Байжанұлы осы қызметте табаны күректей отыз жыл болып, қандастары алдында үлкен беделге, абыройға ие болды. 1835-1836 жылдарда "Орынбор мен Омбы арасында шекара сызығын белгілегенде Орынбор жақта қалған бағаналы наймандардың ежелден жайлаған жерлері үшін және 1843 жылы Ұлытау бекінісі салынғанда казактарға өтіп кеткен Атбасар мен Ұлытау арасындағы мекендері үшін ширек ғасырдан астам уақытқа созылған дауда Ерден Сандыбаев екеуі ерекше көзге түсті. Бұл жайлы Омбы архивінде 1012 беттен тұратын үш томға бөлінген аса қомақты істе көптеген құжаттар бар (129).


Болыс деген ол кезде казак құлағына тосын сөз. Волость бүгінгі орыс тіліндегі власть (билік, үкімет) деген ұғымды білдіреді. Орыстармен арадағы катынасты ен-

дігі жерде осы қызметті атқаратын адам реттеп отыруға тиіс. Бұл 1796 жылы туған жігіт ағасы жастағы Уәйістің дауласқан ағайын арасын бітістіріп, ел аузында күні бүгінге дейін айтылатын "Қайыс созылса да, Уәйіс созылмайды", "Уәйіс дегенше, барыс десеңші" сияқты бейнелі тіркестерге негіз болған әділ билік, ақыл-ой, қайрат-қажыр, парасат-пайымымен тұстас аткамінерлерден оқ бойы озып, атағы аспандап алысқа кеткен кезі еді. Орыс боданындағы алдағы күні не боларын әлі де онша болжай қоймаған азаматтар араларынан әйтеуір біреуі болыс болуы қажет екендігін түсінген сон, елінің мұн-мұқтажын өз мүддесінен биік ұстайтын Уәйіс Байжанұлын осы қызметті атқаруға көндіреді. Бұл жағдайдан өткен ғасырда осы өңірде өмір сүрген халық ақыны Баржаксы Жансүгірұлының бай-болыстардың тұқымын түгел қудалауға түсірген кенестік заманның шолақ белсенділері шокпар ұстаған кезеңде жоғалып кеткен ұзақ дастанынан бізге аман есен жеткен төрт шумағының өзінен-ақ мол мағлұмат табамыз.

Обалыдағы Шегір би мазары



*Ақтаздың Уәйіс, Шегір босағасы,
Біртума алыс емес екі арасы.
Орыстар әуелі есеп алғанында
Үш жүзге тола алмапты үй шамасы.
Кәпірдің телімінде кетеміз деп,
Шегір би жасын төгіп көп жылапты.
Аз күнге мәулет алып елін жиып,
Алла деп атқа мініп бақ сынапты.
Балықшы, қармақшы мен әжем, жұмық
Сай-сайдан тоз-тоз болған әрең тапты.
Уәйіс ер қара қылды қақ жарғандай
Болыс боп жиырма бес жыл елге жақты.
Шен-шекпен, пара алуды мақсұт етпей,
Еліне басшы болды парасатты.
Билік те, батырлық та бір басында,
Таң қылды топқа түссе адамзатты.*



Бұл өленде есімі аталатын Шегір дала-лық ауызша тарихнамада бағаналы тайпасының төрт босаға – төрт тірегінің бірі болып келеді. Балықшы, қармақшы, әжем, жұмық – бағаналы ішіндегі ақтаз руының тармақтары. Осы тұста, әңгіме желісінен сәл ауытқып, бүгінгі ұрпақ үшін таным-тәрбиелік мән-маңызы зор болғандықтан, осы "төрт тірек – төрт босаға" деген ұғымның нені білдіретінін баяндай кеткен жөн секілді.

Ол заманда бір-бірінен шалғайда тұратын бейтаныс жандар ел ішінде күнделікті өмірде болып тұратын дау-шардың жағдайымен кездескен кезде: "Әуелі төрт босағанды айт!", – дейді екен. Онысы: "Ауыл-еліннің, жұртынның пірі кім, биі кім, батыры кім, мырзасы кім?" – деген сұрақ. Бұған жөнді жауап берілмесе, немесе аталған есімдерге әлдеқалай себептермен көңіл толмаса, әңгімелері онша жараса қоймағанға ұқсайды (133.173).

Осыған орайластыра ойлансақ, бағаналының төрт босағасы деп айтылатындардың ішіндегі Қадірі – пірі, Шегірі – биі, Сандыбайы – батыры, Бабыры – мырзасы болып шығады. Бұл жердегі "мырза" ұғымы – жомарт, дархан деген мағынада емес, келешегі мол жеткіншек ұрпақ деген мәнде айтылып отыр. Төрт босағаның ішіндегі жасы кіші мырзасы – Бабыр Бөкеншіұлы. Оның өмірі мен қызметі жайлы кейінгі жылдарда архив құжаттары арқылы анықталған деректер мол.

Уәйіс Байжанұлының ордасын Ұлытауға тіккен халқымыздың соңғы ханы Кенесарының алдында да беделі биік болған. Ел аузында сақталған көптеген әңгімелер бұл сөзімізді жандандыра түседі. Солардың бірі мынандай:



Қалың қыпшақ Кенесарыға келіп қосылғанда атақты Балғожа бидің орыстан іргемді ажыратпаймын деп, елден бөлініп қалғандығы тарихтан белгілі. Жазаламақ болғанда Кенесарының қолына түспей, жүйрік атының арқасында құтылып кеткен Балғожаны сырттай өлім жазасына кескен хан: "Оны кім өлтірсе, астындағы Кертайлақ атты жүйрігін сол иемденсін", – деп

Ө Л К Е Т А Н У Ө Р І С І



**Мәкен
Төрегелдин**

Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері көлемінде теңдесі жоқ Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайын ұйымдастырған белгілі өлкетанушы. Тарихи-танымдық тақырыптарға жазылған бірнеше кітаптың, жүзден аса мақалалардың авторы.



хабар таратыпты. Замандасын өкпеге киса да, өлімге кимаған Уәйіс тұлпарға қызыққан біреу-міреудің қолынан Балғожа мерт болар деп, шаруанын алдын алып, оны Қостанай жағынан іздеп табады. Мәнжайды түсіндіріп: "Мен өзінді өлтіріп, атыңды алдым дейін, Кертайлақты маған бере тұр, ханның ашуы басылғанша бой

тасала, сонда басың аман қалады", — деп бидін жүйрік атын жетелеп қайтыпты.

Арада біраз уақыт өткеннен кейін Кенесарыға жақын төленгіттердің біреуі Кертайлақты ұрлап кетеді. Атақты тұлпарды орда манында көрсе де, хан белгілі аттың бұл жерге қалай келу себебіне терең бойлай қоймайды. Ұрлықтың қай төленгіттен

Атадан қалған асыл сөз

ҚОҢЫРАУЛЫ ҚАРАДОС БИДІҢ УӘЙІС ТУРАЛЫ АЙТҚАНЫ

Уәйіс бірде мал дауымен Кіші жүздегі бір ауылға барады. Бұл ауылдағылар оның Кіші жүздің атақты бір батырының қызынан туған жиен екенін білмейді. Ауыл атқамінерлері дауға түсіріп, Уәйіспен белдестіруге атақты Қоңыраулы Қарадос биді алдыртады.

– Бағаналыдан маған қарсы шығатын кім екен? – деп сұрайды ол.

– Уәйіс деген болыс келді, – дейді оған.

Сонда Қоңыраулы Қарадос би:

“Болыс дегенше, Уәйіс десеңші,

Толқыны тарпаң ағыс десеңші.

Атағы Сырға, Қырға да мәлім

Серпіні жойқын барыс десеңші.

Уәйіс буынсыз жерге пышақ ұрмайды,

Шаруаның түбі нойыс десеңші.


Бұл ауылдың тентектерінікі теріс,

Маған сайыс дегенше, майыс десеңші.

Жиен ел болмаса да, бел болады,

Одан да Уәйіске барып көріс десеңші”, –


деп Уәйістің кім екендігін ауыл атқамінерлеріне тарата таныстырып айтып беріпті.



келгенін анықтап алған Уәйіс ханға жүгінбекке ордаға кіреді. Кенесары бір топ уәзірлерімен, ішінде Шегір де бар, ерте туған марқаның уылжып піскен етін жеп отырған екен. "Ассалаумалейкум, таксыр", — деп шарт жүгініп сәлемдескен Уәйіске оның бет пішінінен келген шаруасын шамалаған Кенесары: "Кел, Уәйіс", — деп, жас козының еті алынбаған омыртқасын күйрық-бауырмен араластырып, қос алақанын толтырып асатып жіберіпті. Шамасы, бұл қай шаруада да сенімінен шығып жүрген Уәйісті ел алдында тағы бір сынақтан өткізудің әдісі болар.

Уәйіс болса, хан колынан берілген асты аузынан алып тастамай, омыртқаны азу

Уәйіс Байжанұлының мүрдесі Түркістанға жеткізілгенге дейін аманатқа қойылған төбе басындағы белгі



тістерімен күтірлете шайнап жұтып жіберген. Кенесары күліп жіберіп, оны өз табағына қосып, тамақтан соң Кертайлақты ұрлаған төлеңгітті таптыртып алып, оған он шыбық дүре соққызып, бір тоғыз айып төлетіп, Кертайлақты Уәйіске қайтарыпты.

Бұл әңгіменің ел аузында сақталған түрлі нұсқалары бар. Алайда мәселе Уәйістің омыртқа шайнауында емес, түсінген адамға бұнын астарында елінің азаттығы үшін жанын жалынға, кеудесін оққа тосып жүрген Кенесарыға деген құрмет те, төре-төлеңгіт демейі, өз намысын табанға таптатпайтын қасиет те байқалады.

Омбы мен Орынбор әскерлері ізіне шам алып түсіп, қос өкпеден қысқанда Кенесарының Алатау асуға бел байлағаны белгілі. "Кенесары соңынан барлық рулар ілесе алмады, көпшілігі көшіп-қонатын мекендерінде қалуға мәжбүр болды... Бірақ бұған қарап, біз, олар Кенесарыдан толық қол үзіп, көтерісшілер қонысын бүтіндей тастап кетті дей алмаймыз. Керсінше, өзінің таянышы ретінде қарап, арқа сүйеген Кенесарыға деген олардың іш тартуы бәсеңсіген жоқ", — деп тұжырым жасайды белгілі тарихшы Е.Бекмаханов (134.177).

Кенесары ордасын Ұлытауға тіккеннен бері онымен бірге болған бағаналылардың басым бөлігі ата жұртында қалғанмен, осы өңірдің талай жігіттері хан жасағында ақырына дейін шайкасты. Кейіннен көтеріліске қатыскандар қатаң жазаланды. Атылды, асылды, итжеккенге айдалды. Мысалы, Ресейдің Орталық тарихи архивінде Батыс Оралға жер аударылған бағаналы руынан шыққан Кенесары сарбазы Тұрлыбек Темағыновты тергеудің құжаттары сақтаулы түр (123).

Қыспаққа түскен бағаналылардың жерге байланысты шағымдары сөзбұйдаға салынып, талай рет қаралса да, нақты шешімін тапқан жоқ. Өйткені бұнын түп-төркіні Ұлытау бекінісіне және Атбасармен екі ортадағы шұрайлы алқаптарға орналас-тырылған 1000-ға тарта казактардың шаруашылықтарын шайқалтпауға барып тірелетін еді. Омбы архивінде сақталған сол кезеңнің құжаттары бағаналылардың

Ұлытау

Сөзі Жұмағали Наурызбайдікі

Әні Несіпкүл Бекенқызынікі



Ұлытау,
ұлтымның ұяты Ұлытау,
Ұлытау,
ұлтымның қуаты Ұлытау.
Ұлытау,
үш жүздің бірлігі Ұлытау,
Ұлытау,
үш жүздің кіндігі Ұлытау.
Ұлытау,
қазақтың намысы Ұлытау,
Ұлытау,
қазақтың ар-ісі Ұлытау.
Ұлытау,
жерімнің құйқасы Ұлытау,
Ұлытау,
әнұран ұйқасы Ұлытау.
Ұлытау,
елімнің мақтаны Ұлытау,
Ұлытау,
елімнің ақ таны Ұлытау.
Ұлытау,
халқымның айбаты Ұлытау,
Ұлытау,
халқымның қайраты Ұлытау.
Ұлытау,
жұртымның өрісі Ұлытау,
Ұлытау,
жұртымның өр ісі Ұлытау.
Ұлытау,
туған жер, ұларым Ұлытау,
Ұлытау,
кіші отан, шынарым Ұлытау.
Ұлытау,
бұлт аунар шыңында Ұлытау,
Ұлытау,
бұл таулар шыңында ұлы тау.




НЕСІПКҮЛ БЕКЕНҚЫЗЫ

(1959 ж.т.) – ақын, сазгер,
екі жыр жинағының, көптеген
әндердің авторы. Өнер байқауларының
лауреаты.



ЖҰМАҒАЛИ НАУРЫЗБАЙ

(1949 ж.т.) – Педагогика
ғылымдарының докторы, профессор.
Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған
университетінің ректоры. Ақын,
бірнеше жыр жинақтарының авторы.




ежелгі жайлау-қыстауларынан айырылып, нәубетке ұрынған тұсында Ерден Сандыбаев пен Уәйіс Байжановтардың қарымды қайраткерлік, талмас табандылық көрсеткендіктерінен толық мағлұмат береді. Олар ата-бабалары ғасырлар бойы немденіп келген қоныстарын даулап, аға сұлтандардан ақ патшаға дейінгі аралықты үзбей мазалаған да отырған.

Патша үкіметі де Ерден мен Уәйістің ел ішінде сыйлы, беделді, парасат-пайымы мол адамдар екенін, олардың қатысуынсыз көтеріліп отырған мәселенің түпкілікті шешілмейтіндігін амалсыздан мойындаған. Дауды қарауға құрылған кезекті бір комиссияның жұмысына бұл екі адамның келмей қалғаны туралы (1857 ж.) губернаторға берілген рапортта: "Бағаналылар жағынан әуелде белгіленген депутаттар хо-рунжий Ерден Сандыбаев пен болыс басқарушысы Уәйіс Байжанов жиынға аурулықтарына байланысты қатыспай, орындарына бедел-салмақтары төмен адамдарды (менее значительные люди) жіберді", —

деп жазған (129). Бұл біріншіден, жер дауын жылдар бойы індете қуып, патша үкіметінен мәселенің қанағаттанарлық дәрежедегі шешімін табуды табандылықпен талап етіп жүргендер осы азаматтар екендігін көрсетсе, екіншіден, орыс шенеуніктерінің оларды басқа болыс басқарушыларынан анағұрлым жоғары қойып отырғандығынан да хабардар ететін дерек.

Халқының қамын жеп, оның мүддесін мансапқа сатпаған Уәйіс Байжанұлы 1875 жылы 80 жасында онша көп ауырмай-сыр-камай қайтыс болған. Асылын ардақтаған елі оның сүйегін Сарыарқадан Түркістанға жеткізген. Қожа Ахмет Иассауи кесенесіне жерлеген. Бұл қабірханадан қай заманда болмасын, бүкіл халықтың қадір-құрметіне бөленген біртуар тұлғаларға ғана орын берілгендігі белгілі. Ол мұндай құрметке байлығымен, болыстығымен емес, халқына жасаған қалтықсыз қызметімен, шешуші сәттерде табандылық пен тапқырлық көрсетіп, ел туын нық көтеріп шығатын адамгершілік қасиетімен ие болған.





Азаттық үшін алысқан

Көнекөз қариялардың аузында өткен ғасырда Ұлытау жерінде өмір сүрген Бабыр әулие, Бабыр батыр жайлы әңгімелер көп сақталған. Солардың ішінде Кіші жүздің атақты биі Киікбай шешеннің керей Жабай бидің әкеден қалған байлықты бөлісе алмаған екі ұлының үлкені Сексеннің інісі Токсанға өкпелеп, Ұлытау жактағы нағашысы бағаналы Бабырға көшіп бара жатқанда, көштің алдынан шығып айтқан мынандай сөзі бар:

*Бұдан барсаң барарсың
Бағаналы Бабырға.
Барған жылы сай қылып,
Хан көтеріп, би қылып,
Қос-қосынан алдыңа
Тартар семіз қабырға.
Қадірің жүрер шашылып,
Ыстық лебің басылып.
Бірте-бірте айтқаның
Алынбай қалар қабылға.
Келесі жылы болғанда
Кіре алмассың сабырға.
Жатқа сұлтан болғанша,
Өз еліңде ұлтан бол
Деген нақыл бұрынғы
Бар ма, батыр, жадында?..
Қағынан құлан жерісе,
Су таба алмай шөлде өлер,
Әлі де тоқта, сабырла!
Елге керек батыр бол,
Жау тигенде бастап қол.
Аға-інілер жаныңда,
Отыр алтын тағыңда!
Енді көп сөз айтпаймын,
Тілімді ал да, кейін қайт,
Адаспа да, жаңылма!
Тілімді егер алмасаң,
Бетің білсін жарқыным,
Жолдан қалмай адымда —
Бағаналы Бабырға.*

Ел аузында осыған ұқсас тағы бір әңгіме бар. Сұлтанмахмұт ақынның арғы аталары болып келетін Ертіс-Баянауыл өңірінің белгілі адамдары Торайғыр мен Шоң бір-бірімен қатты араздасып, Шоң ешкімнің айтқанына көнбей, замандасы Бабырға көшіп кетуге бекінеді. Тайға мініп қозылақ қайырып жүрген бір бала шұбаған көштің алдынан шығып, Шоңға сәлем береді. Аталап алдынан шыққан баланы елеп Шоң жөнін айтады. Сонда бала:

*Е-е, мұнан барсаң барарсың
Бағаналы Бабырға.
Өзіңде жейтін бас болса,
Сыбағаға енді тартылар
Бір сыдырғы қабырға.
Ат пен жігіттің сай болса,
Барымтасына жарарсың.
Қызың сұлу, тазың алғыр болса,
Бозбаласына жағарсың.
Әркімнің қас-қабағына қарарсың,
Мұндағы Торайғыр, Шоң деген
Аттан бір айырылып қаларсың, —*

депті Осыдан соң Шоң ұзақ ойланып қалып, көшін кері бұрған екен.

Бабыр Бөкеншіұлы 1770 жылы дүниеге келген. Қызылтаз-Ибеске-Жұртшы болысын ант беріп Ресей қарамағына кірген күннен бастап (1832 ж.), 1958 жылға, Қосбол Қуандықов болыс болып сайланғанға дейінгі уақытта үздіксіз басқарған. Кенесары көтерілісінің мәні мен мақсатын жан-тәнімен түсініп, одан қолдау-көмегін аямаған адам ретінде белгілі. Бабырдың бақандай он ұлы мен балауса он екі немересінің Кенесары ханның жасағында бастан-аяк болғандығының өзі оның туған елінің азаттығы мен дербестігін аңсаған дара тұлғалардың бірегейі екендігін аңғартады.

Письмо от Кенесары

Султану Кенесары сыну Касымову.
Высокопочтеннейшему сыну Кенесары сыну, а также и Есауду приветствие; наша наша повеле-
нием султана отозваны: Вы удостоили послать к нам письмо, через султана Джанал Аячувакова
и бия Бабьра Бокончина, в котором просили нас возвратить лошадей, отогнанных у Чингиса Валлева,
тогда для Вас было принято решение, а также и Есауду, и мы также, я изъявил Вам свое доброе
намерение и послал серого скакуна; относительно же остальных лошадей, приказано ли будет
возвратить их, или все прошлое между нами предать взаимному забвению, предоставил совершенно
воле вашей. Будучи доволен письмом вашим, я ожидал от Вас ответа. Между тем подведомственные
Вам Киргизы, желая у нас выслужиться, объявили нам, что Кенесары собрал отряд с намерением
разбить их, таким образом клеветами своими разстроили нас с Вами. По этой то причине, я собрал
отряд и выступил для собственного ограждения. В это время Таналы-Темешевцы, прибыв ко мне
сами предложили мне взять у них продовольствия, а потом выдали Вам посланного мною Толангута
Кожабекана. С этого поводу, почитая нас врагами, Вы разбили наши аулы, поразили жен и детей и
взяли в плен старшую мою ханшу. Какое же мы сделали преступление, чтобы заставить Вас поступить
таким образом. Но я не сердусь на это и не за женою теперь приехал, а для окончания тех переговоров,
которые я с Вами начал. Я верю, что Вы храбрый и прямодушный человек и что Вы можете примирить
меня с Вашими Начальниками, Справедливы или ложны были обещания Ваши. Если справедливы, то отдайте
нам назад взятых Вами в плен женщин и примиритесь с нами. За утление слез этих бедных и в этом и
в будущем веке - получите спасение. Если нет, то пусть весь грех и все пролитые ими слезы останутся
на душе Вашей. Чтобы Вами по этому сделано не было - отвечайте.

Кенесары хан жазған хаттардың орыс тіліне аударылған көшірмелері (Омбы облыстық Мемлекеттік архивынан алынған)

стараю иже к вам; наша наша повеле-
нием султана отозваны: Вы удостоили послать к нам письмо, через султана Джанал Аячувакова
и бия Бабьра Бокончина, в котором просили нас возвратить лошадей, отогнанных у Чингиса Валлева,
тогда для Вас было принято решение, а также и Есауду, и мы также, я изъявил Вам свое доброе
намерение и послал серого скакуна; относительно же остальных лошадей, приказано ли будет
возвратить их, или все прошлое между нами предать взаимному забвению, предоставил совершенно
воле вашей. Будучи доволен письмом вашим, я ожидал от Вас ответа. Между тем подведомственные
Вам Киргизы, желая у нас выслужиться, объявили нам, что Кенесары собрал отряд с намерением
разбить их, таким образом клеветами своими разстроили нас с Вами. По этой то причине, я собрал
отряд и выступил для собственного ограждения. В это время Таналы-Темешевцы, прибыв ко мне
сами предложили мне взять у них продовольствия, а потом выдали Вам посланного мною Толангута
Кожабекана. С этого поводу, почитая нас врагами, Вы разбили наши аулы, поразили жен и детей и
взяли в плен старшую мою ханшу. Какое же мы сделали преступление, чтобы заставить Вас поступить
таким образом. Но я не сердусь на это и не за женою теперь приехал, а для окончания тех переговоров,
которые я с Вами начал. Я верю, что Вы храбрый и прямодушный человек и что Вы можете примирить
меня с Вашими Начальниками, Справедливы или ложны были обещания Ваши. Если справедливы, то отдайте
нам назад взятых Вами в плен женщин и примиритесь с нами. За утление слез этих бедных и в этом и
в будущем веке - получите спасение. Если нет, то пусть весь грех и все пролитые ими слезы останутся
на душе Вашей. Чтобы Вами по этому сделано не было - отвечайте.

Закрето: Старший адъютант штаб-капитан Путинцев /подпись/

ПИСЬМО КЕНЕСАРЫ КАСЫМОВА Перевод с татарского

От султана Кенесары сына Касымова. Высокопочтеннейшему закончи
Сотникову сыну, а также и Есауду приветствие. После того слова наши
суть следующие: Вы удостоили послать к нам письмо, через султана Джанал
Аячувакова и бия Бабьра Бокончина, в котором просили нас возвратить
лошадей, отогнанных у Чингиса Валлева, что для Вас было бы приятно.
Отвечая на это письмо, я изъявил Вам свое доброе намерение и послал
серого скакуна; Относительно же остальных лошадей, приказано ли будет
возвратить их, или все прошлое между нами предать взаимному забвению,
предоставил совершенно воле вашей. Будучи доволен письмом вашим, я
ожидал от Вас ответа. Между тем подведомственные Вам Киргизы, желая
у нас выслужиться, объявили нам, что Кенесары собрал отряд с намерен-
ием разбить их, таким образом клеветами своими разстроили нас с Вами.
По этой то причине, я собрал отряд и выступил для собственного огражде-
ния. В это время Таналы-Темешевцы, прибыв ко мне сами предложили мне
взять у них продовольствия, а потом выдали Вам посланного мною Толан-
гута Кожабекана. С этого поводу, почитая нас врагами, Вы разбили наши
аулы, поразили жен и детей и взяли в плен старшую мою ханшу. Какое же
мы сделали преступление, чтобы заставить Вас поступить таким образом.
Но я не сердусь на это и не за женою теперь приехал, а для окончания
тех переговоров, которые я с Вами начал. Я верю, что Вы храбрый и пря-
модушный человек и что Вы можете примирить меня с Вашими Начальниками,
Справедливы или ложны были обещания Ваши. Если справедливы, то отдайте
нам назад взятых Вами в плен женщин и примиритесь с нами. За утление
слез этих бедных и в этом и в будущем веке - получите спасение. Если
нет, то пусть весь грех и все пролитые ими слезы останутся на душе Ва-
шей. Чтобы Вами по этому сделано не было - отвечайте.

В справедливости всего вышесказанного Султан Кенесары Касымов прило-
жил печать.

С подлинного переводил находящийся при отряде толмач Бееверков.
Копию скрепил состоящий в должности Пограничного Начальника пол-
ковник Билневский.

Верно: Старший адъютант штаб-капитан Путинцев /подпись/

Архивная копия

Надпись в начале документа
Михаилович Кенесаров.

«На победоносном Хан Кенесары:
желаем здоровья Бабур-батырю,
Бектурбану Бию, Косбулу Бию, Джанчуваку Бию и Джаманмурзе. Что ка-
сается до нас, то мы здоровы и пребываем в счастье. Если же вы при-
знаете нас Ханом своим то отдавайте дани и дары ваши, тем и
окажете преданность вашу. Послали мы к вам вместе с Пенчебашею
т. е. с пятидесятником Есаула Байтулека и все что сообщит он
вам словесно,* вы примите за достоверное.
Переводил переводчик Коллежский Секретарь Курбанакон.
Секретарь Курбанакон.»

Начальник Штаба Генерал-Майор Жемчужников.

«Кенесарову внушения эти будут не в пользу нашу.»

ПЕРЕВОД
С ПИСЬМА ПИСАННОГО
КЕНЕСАРЫ КАСЫМОВ

АРХИВНАЯ КОПИЯ
МАШБЮРО


Мы, победоносный Хан Кенесары, желаем здоровья Бабур-батырю, Бектурбану Бию, Косбулу Бию, Джанчуваку Бию и Джаманмурзе. Что касается до нас, то мы здоровы и пребываем в счастье. Если же вы признаете нас Ханом своим то отдавайте дани и дары ваши, тем и окажете преданность вашу. Послали мы к вам вместе с Пенчебашею т. е. с пятидесятником Есаула Байтулека и все что сообщит он вам словесно,* вы примите за достоверное.

На подлинном приложена печать Кенесары.

Переводил переводчик Коллежский Секретарь Курбанакон.

Начальник Штаба Генерал-Майор Жемчужников.

(**) Безсомнения внушения эти будут не в пользу нашу.



Омбы Мемлекеттік архивінде Кенесары ханның 1844 жылдың аяқ тұсында Бабырға жолдаған хатының орысшаға аударылған көшірмесі сақтаулы тұр. Түпнұсқасын генерал-губернатор, князь П.Д.Горчаков 1845 жылдың ақпанында 257 санды қатынаспен Санкт-Петербургке жіберген. Бұл хатта Кенесары Бабырға сәлем жолдап, денсаулық тілеп, оған өзінің елубасы Байтөлекті жіберіп отырғанын, барлық шаруаны Байтөлектің ауызба-ауыз айтатындығын жазған (117).

Ханның құпиялап арнайы хат жолдауының өзі кезінде бағаналының төрт босағасының бірі атанған Бабырдың ағайын арасында ғана емес, қалың казак ішінде де беделі биік болғандығын көрсетеді. Оған жоғарыда ұзын-ырғасы ғана баяндалған Сексен мен Шоң сияқты белгілі тұлғаларға қатысты әңгімелер де нақты дәлел.


Бабыр Бөкеншіұлы қазақтардың егіншілік кәсіппен айналысуына үлкен мән

берген алғашқы азаматтардың бірі. Бабыр ауылы дәнді дақылдар еккен танаптардағы атыздардың іздері Жетіқыз жағаларында да, Сарлық сағаларында да күні бүгінге дейін өшпей сақталған.

Бабыр есімі Ұлытау өңіріндегі Жанай, Есқұла және Жезқазған кен орындарының игерілуімен де тікелей байланысты. Ол кәсіпкер-алпауыт Никон Ушаковқа әрқайсысын 100 сом күміс ақшаға балап, алты өте бай мыс кенін жалға берген (135).

Өз заманының қабырғалы қайраткері Бабыр Бөкеншіұлы 1864 жылы қайтыс болған. Өмірдің ыстық-суығын бірге көрген замандасы Уәйіс Байжанұлымен бақида да бірге, Аркадағы бағаналы найманнан жерленген санаулы санлақтардың бірі болып, қасиетті Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесіндегі қабірханада мәңгі тыныстап жатыр.





"Сәлем де Ырсай қажы ағамызға..."

Омбы облыстық Мемлекеттік архивінде Атбасар дуанының аға сұлтанының орынбасары Ырсай Жаншуақовтың есімі аталған құжаттар баршылық. Солардың бірінде оның Ұлытау өңіріндегі бағаналы руының қазағы екендігі айтылған. 1864 жылы 28 тамызда Батыс Сібір генерал-губернаторы А.И.Дюгмельдің казактардың облыстық басқармасының төрағасына жазған 942 санды нұсқауында алдағы күзде бағаналылықтардың Орынборға қараған жерлер арқылы қыстақтарға көшіп-қонуын ұйымдастыру сөз болады.

Осыған орай Ырсай Жаншуақовты бағаналы болыстарының көшін ың-шынсыз, ешқандай дау-дамайсыз ұйымдастыру үшін Атбасардан қырға іссапарға жіберу қажеттілігі және аға сұлтанның бұл орынбасарының өз руластарының арасындағы биік бедел-ықпалы мәселенің тиянақты орындалуына игі әсер ететіндігі атап көрсетілген (129).

Ырсай Жаншуақұлының атқа мініп, атағы шыққан шағы Кенесары көтерілісінен кейінгі кезеңмен тұспа-тұс келеді. Орта жүздегі Ұлытаудан ашылады деген дуан 1859 жылдың 8 қыркүйегінде Атбасарда құрылды. Ресей үкіметінің 1822 жылы "Сібір казактары туралы Ережесіне" сәйкес аға сұлтан қызметіне Әбілқайыр хан ұрпағы Жантөре Жанайұлы сайланды. Екі орыс орынбасар (заседатель) генерал-губернатордың бұйрығымен тағайындалып (Безверхов пен Чикуннов), екі казак орынбасардың есімдері аталған Ереженің 36 тармағына сай билер, рубасылар, болыстардың дауыс беруі нәтижесінде анықталды. Бұл сайлауда Ырсай Жаншуақұлы мен Аққошқар Кішкентайұлы жеңіп шыққан. Сондай-ақ осы жолы Атбасар дуанының төбе биі қызметіне бағаналының тұңғыш


болыс басқарушыларының бірі Байтемір Қозыбаевтың немересі Жоламан Жарқанатов сайланды.

Шоқан Уәлиханов пен Ерден Сандыбаевтар аға сұлтандыққа таласатын 1862 жылы өткен сайлауда да хорунжий Аққошқар Кішкентаев пен би Ырсай Жаншуақовтар Атбасар сыртқы округі аға сұлтанының орынбасарлары (заседательдері) болып екінші мерзімге бекітілгендігі жайлы генерал-губернатордың бұйрығы Омбы архивінде сақтаулы тұр (136).

Сол кездегі іс қағаздарынан осы екі атқамінердің бұл қызметтерін үшінші мерзімде де, яғни 1868 жылдың 21 қазанында императордың жарлығымен дуандық әкімшілік жүйе жойылғанға дейін атқарғандығын көреміз.

Ұзақ жылдар осындай аса ірі лауазымды қызмет атқарған Ырсай Жаншуақұлы жайлы ұрпақтары жадында сақталған деректерден оның туған және өлген жылдары анық белгілі. Ол туған ағасы Бектұрғанмен бірге Меккеге 1856 жылы қажылыққа барып қайтқан, Ұлытау өңірінен қажы атанған алғашқы азаматтардың бірі. Ырсай 1898 жылы 73 жасында қайтыс болған. Өз өсиеті бойынша табиғи тастан салдырған зираты Жезқазған кенішінен Қарсақпайға баратын ескі жолдың оң жақ бетінде, бұрынғы әктас /известь/ қазылған карьерден екі шақырымдай жерде тұр. Әкесі Жаншуақ – Ибеске руының белгілі биі, аса беделді рубасы ақсақалы. Кенесары хан 1845 жылдың басында Қызылтаз-Ибеске-Жұртшы болысының белгілі, ықпалды кісілеріне жолдаған хатында "Жаншуақ биге", "Бектұрған биге" деп, әкелі-балалы ел ағаларының есімдерін қатар атаған...

Халық ақыны Қожабай Тоқсанбайұлының бір өлеңінде:



*Корқамын істеп жүрген ісімізден,
Тас сынған шайнағанда тісімізден.
Кешегі Шегір, Уәйіс, Ерден батыр,
Айрылдық сол секілді күшімізден.
Уәлі, Ырсай, Бекпау, Абайділда,
Айрылдық солар кетіп кісімізден.
Үлгілі жол көрсеткен ерлер кетіп,
Кейіннен бунақ шықты ішімізден,
Ояу жүріп көргеннің бәрі қорлық,
Ұйқыда қуанбасақ түсімізден, —*

деген жолдар бар.

Осында аттары аталғандар — өз заманында халқының камын жеп, ықылас-ілт-ипатына бөленген танымал тұлғалар. Солардың арасында Ырсайдың еске алынуы — тек қана оның ресми қызметіне көрсетілген марапат-мадақ емес, осы қызметті жамияттың жоғын жоқтап, мұнын мұндап атқарғандығының, осылайша туған елінде бедел-абыройға ие болғандығының шынайы көрінісі.

Ерден Сандыбайұлының болыс баласы Бименде өзінің парасат-пайымымен, ел

камын жеген еңбегімен Ұлытаудан алыс аймақтарға да белгілі болғаны жайлы дана бабамыз Мәшһүр-Жүсіп Көпесевтің "Шонтыбай қажы" атты дастанында кеңінен баяндалады. Бименде осы сапардан қайтпаған. Меккеде ауырып, сүйегі сонда қалған. Халық арасында кең тараған "Бименденің Меккеден жолдаған қоштасу өлеңі" деген жырда:

*"Сәлем де Ырсай қажы ағамызға,
Білімді, ақылы кемел данамызға.
Әуелі хақ жар болсын, екіншіден,
Халайық қалды сіздің панаңызда.
Ырсекең ақсақал ғой бір шамшырақ,
Жол көрген бәрімізден бұрынырақ.
Баласы Орта жүздің азбассыңдар,
Тұрсаңдар Ырсекеңнен ақыл сұрап" —*


деп аманат айтылыпты.

Осы мәліметке қарағанда Ырсай Жаншуақовтың XIX-XX ғасырлар тоғысқан тұсқа дейін ел камқоры болғандығын көреміз. Сондай-ақ ол — Ұлытау өңірінен



**Өмірхан
Аймағамбетұлы
Байқоңыров
(1912-1980)**

Кішітау төңірегінде туған. Техника ғылымдарының докторы. Қазақстан ҰҒА-ның академигі. Қазақстанның еңбек сіңірген жоғары мектеп қызметкері. 1952-1962 жылдарда Қазақ кен-металлургия институтының ректоры, 1962-1964 жылдарда Қазақстан ҰҒА-ның академик-хатшысы қызметтерін атқарды. Ө.Байқоңыров ғалым-педагог ретінде де Қазақстанда инженер мамандарды дайындауға айрықша үлес қосты. Ол Ленин және басқа да ордендермен марапатталған.



"Егеулі найза өңгерген..."

Ұлытау төңірегін жайлаған ел ішінен өз заманында суырылып шыққан қолбасшы батырлардың бірегейі – Аманбай Токанұлы. Әрине, халқының сүйіспеншілігіне бөленіп, батыр деген әрі қасиетті, әрі құрметті атаққа ие болу – ондай азаматтың кім үшін қан төгіп, кімдердің мүддесін қорғағандығына, қандай мақсатпен шыбын жанын шүберекке түйіп, ат үстінен түспегендігіне барып тіреледі.

Ел аузындағы бүгінгі күнге дейін үзілмей жеткен әңгімелерге қарағанда, Аманбай Токанұлы Ұлытау аймағының Қокан мен Қиуа беттегі қалпасы саналатын қос Кенгірдің Сарысуға құяр тұсын жайлап, ормандай Орта жүздің халқына сыртқы жаулардан қорған болған XIX ғасырдағы айбарлы батырларымыздың ең атактыларының бірі.


Ел аузында сақталған "Аманбай батырды жоқтау" атты авторы беймәлім жырдың шағын ғана үзіндісінің өзі көкірегінде санылауы бар адамға батыр тұлғасынан құнды мәлімет береді.

*"Егеулі найза өңгерген,
Олжасын елге тең бөлген.
Астындағы тұлпарға
Жалын тарап, жем берген.
Ақыл-айла иесін
Өзіменен тең көрген.
Пошымына сүйсінген
Кенесары бір көргеннен.
Қоканменен соғыста
Сұрапыл күшін ел көрген.
Жау жасағын жапырған,
Өткізіп найза өңменен.
Шәлтекенің баласын
Тайпалы жұртқа теңгерген.
"Қамал бұзған" атағың
Қалды артыңда өлгенмен".*

XIX ғасырдан ұмтылмай жеткен асылдың сынығындай бұл өлеңнен Аманбайдың батырлық келбет-бейнесін аша түсетін оған Кенесары хан берген баға, Қокан хандығы қарақшыларымен шайқастардағы ерен ерлігі, "қамал бұзған батыр" атанып, көзінің тірісінде ел мақтанына айналғаны жайлы маңызды мағлұматтар табымыз. Олар ел аузында айтылатын және архивтерде кездесетін деректермен сәйкестік тауып, Аманбай Токанұлы төңірегіндегі бұрыннан белгілі әңгімелерді толықтыра, нақтыландыра түсті.

Кенесары көтерілісі басталған тұстағы әлеуметтік, саяси және қоғамдық жағдайлар тұғырынан көз тастап, күрес туын батырлар көтеретіндігін ескерсек, балталы-бағаналы жігіттерін (сарбаздарын) балталы Қашқын Жанқарин, шәлке Аманбай Токанов, мамы Дүтбай Әділбаев сияқты белгілі, беделді батырлар басқарғандығына күмән келтіру қиын.

Ал Аманбайдың Қокан хандығы қарақшыларының озбырлығына қарсы шайқастарда ерекше көзге түсуі – бұрыннан белгілі тарихи шындық. Оның ерлік істері туралы ел аузындағы әңгімелердің барлығы осы қокандықтармен арадағы соғыстарға қатысты айтылады. Өзіміз Омбы архивінен тауып, көшірмелерін алған кейбір құжаттар көптеген ауызша деректерде айтылатын әңгімелерге байланысты нақты тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Қокан хандығы әскерлерінің тек өз иелігіндегі қазақтарды ғана емес, бағаналылар сияқты шекара шебіне жақындау орналасқан тайпа-руларды реті келсе тонап, оларға ауық-ауық қарақшылық шабуыл жасап, озбырлық көрсетіп отырғаны мәлім. Біздің қолымыздағы құжаттардың ең құндысы –



Қаражарда тұрған орыс отрядының бастығы есаул Катыбаевтың 1856 жылы Қокан хандығына жасаған екі жорық жайлы өз қолымен жазған әңгімесі (131).

Аманбай Токанұлының жайлау-қыстауы сол Орта Азия мен Сібір арасындағы сауда керуендерінің қауіпсіз өтуін, жалпы,

Соловцевтің басқаруымен жасалады. Оған Қаражардағы есауыл Катыбаевтың, Қулы-Мұңлыдағы сотник Бородин мен хорунжий Герасимовтың екі отряды (барлығы 210 казак) және сұлтан Нұралы Әбілқайыров, тама Бердіқожа батырдың баласы Нұрмақан Бердіқожин, бағаналы Ерден ба-




Қокан хандығының Орта жүз казактарының шекаралық шебіндегі кимыл-қозғалыстарын бақылау үшін арнайы қойылған Қаражардағы орыс отрядына (75 казак) таяу орналасқан. Аманбайдың бұл тұрағы 1946-1947 жылдарда академик Ә.Марғұлан зерттеген кезде ұзындығы – 56, ені – 50, биіктігі – 4, іргесінің қалыңдығы – 7 метрлік және жоғарыға қарай бірте-бірте жұқара беретін (бір метрге дейін) кішігірім бекініс болған (52.333).

Қокан хандығына екінші жорық Сібір казактары облысының әскери губернаторының аға адъютанты штабс-капитан

тырлар басқарған 400 казак руларының сарбаздары қатысады. Жорықтың мақсаты – осының алдында ғана бейқам жатқан казак ауылдарынан қокандықтар барымталап кеткен 45 мың бас малды қайтару болатын.

Тамыз айының 21-де шекарадан өтіп, Саудақент қамалына келіп қонған қосын (ел аузындағы тама Бердіқожаның, Ерденнің және Аманбайдың Саудақентті шапқаны жайлы әңгімелерге осы оқиға арқау болған тәрізді, бірақ бұл жолы архив құжаттары бойынша қол бастаған Бердіқожаның өзі емес, оның баласы Нұрмақан)




дұшпаннан 40 мың кой, 700 жылқы, 50 түіе малдарын қайтарып, елге қарай қозғалады. Қокан хандығының шекарасынан ұзап, 5-ші қыркүйекте Шу өзенінен өтіп, Көк-мұрын, Бейіркөл деген жерлерге қонады. Осы арада қуғынға шыққан сан жағынан 5-6 есе күші басым Қокан әскерімен 12 сағатқа созылған жойқын ұрыс болып, Соловцев және оның қасындағы бірнеше солдат қоршаудан шыға алмай, қаза табады. Жасақты басқаруды өз қолына алған Қатыбаевтың шешуші қимылдарының нәтижесінде қырғын соғыс жеңіспен аяқталып, қазақтар малдарын айдап, елге жетеді. Осы шайқастарда Аманбай жорық жолдарында мол тәжірибе жинақтаған батыр ретінде ерекше көзге түседі. Алғашқы жорықта түн ішінде тұтқиылдан тиіскен жау жасағы Айнакөл маңында Қостанкелді Қазыбаевтың баласы жас сарбаз Лепесбайды және бірнеше адамды қылышпен шауып өлтіріп кетеді. Аманбай батыр болмағанда, шығын мұнымен бітпес, әрі шайқас жеңіспен аяқталмас еді. Өйткені, жорықтарда атын аяғына байлап арқандап, ертоқы-

мын жастанып сақ жататын батыр түн ортасында таяп қалған жау жасағының дүбірінен оянып, сарбаздар мен казактарды дер кезінде атып тұрып, жайылып жүрген мініс аттарын жедел қуып келіп, әскерді атқа қондырып үлгерген.

Аманбай батырды Ерден Сандыбайұлынан 2-3 жас кіші еді дейді. Сонда ол шамамен 1810-1811 жылдары дүниеге келген болып шығады. Нақты қай жылы қайтыс болғаны белгісіз, алайда, 1864 жылы өткен Кіші жүз бен Орта жүздің игі жақсылары мен жайсаңдарының Сарыторғайдағы құрылтайына қатысқан. Сонда қабылданған құжатқа жеке мөрін басқан. Осы белгіден Аманбай Тоқанұлының бұдан кейінірек көз жұмғанын байқауға болады.

Батырдың зираты өзі қорған салып, мекен еткен Сарысу мен Кеңгір өзендерінің қосылған жері – Қаражарда тұр. Ұрпақтары Жезқазған, Сәтбаев және Ұлытау өңірлерінде шаруашылықтың әр саласында абыроймен еңбек етіп келеді. Жезқазған қаласындағы бір көшеге Аманбай батырдың есімі берілген.





"Халқына болған сая бұл бір шынар..."

Бойына туа біткен дарыны мен қарымы, шешендігі мен көсемдігі, қайраты мен айбаты есімін бүкіл қазақ даласына танытып, далалық демократия тарихына аты алтын әріппен жазылып қалған ХІХ ғасырда өмір сүрген алып тұлғалардың бірі – Досбол Қорлыбайұлы. Ауыздаға жол, атақтыға сөз бермеген шарапатты шешен, дауылпаз дана Досболдың бедерлі бейнесін Сыр сүлейі, Нартай ақынның ағасы, белгілі шайыр Мәнсүр Бекежанов:

*"Төртінші – Доспол датқа бұл белгілі,
Шықпаған сөйлегенде сөзден міні.
Үш жүздің баласына үлгі берген
Оқымай, көрмей білген ілгеріні.
Алашқа бұл кісінің үлгісі бар,
Халқына болған сая бұл бір шынар.
Адамда бұдан артық туа бермес,
Әм түйғын, әм бұлбұл, әм дүлдүл шығар", —*

деп келістіре жырлап, майыстыра мадақтаған.

Ұлытау төңірегін жайлаған қалың қыпшақтың торы тармағының көзей аталығынан тараған Досболдың туған атасы Қарабек бұғанасы бекімей жатып, әке-шешесі қайтыс болған соң Кіші жүздегі нағашысы Сырым Датұлы батырдың қолында өседі, тәрбиесін көреді. Оның шешесі Шолпан – Кіші жүз қазақтарының патша отаршылдығына қарсы ұзаққа созылған күресін ұйымдастырған қолбасшы көсемі, атакты бии Сырымның туған қарындасы. Досболдың әкесі Қорлыбай 1790 жылы сол Еділ-Жайық аралығында туып, 1852 жылы қазіргі Қызылорда облысының Шиелі өңірінде, Сыр бойында қайтыс болған. Досболдың өзі 1816 жылы Ұлытау аймағында дүниеге келіп, Сарысу бойында бағаналы Барлыбай ханның ауылында өскен.

Досбол шыққан әулеттің Ұлытау төңірегіне қайта оралуының да, кейін Сыр


бойы Шиелі маңына көшуінің де себептері батыстағы Сырым Датұлы бастаған көтеріліс пен Сарыарқадағы Кенесары ұлт-азаттық қозғалысының тікелей әсерінен болған.

Артына аталы сөздің асыл қазынасын қалдырған, дүйім қазаққа ардақты тұлға Досбол Қорлыбайұлының тал бесікте тербетіліп өскен, бойы да, ойы да толысып айрықша ақыл-парасатқа ие болып, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеген шешен ретінде қалыптасқан ортасы ежелгі Ұлытау өңірі екендігін бұл аймақтың тұрғындары әрқашанда мақтаныш етіп келеді.

Тайпалған жорғадай шешендігі, қара қылды қак жарған билігі өз алдына, халық әсіресе, Сыр бойындағы ел, Досболды датқа ретінде аса қадірлейді. Датқа сөзі Қазақ хандығының ел билеу, ел басқару жүйесінен тыс тұрған ұғым. Датқа деп Қокан, Қиуа, Бұқар сияқты Орта Азия хандықтарында ел басқарушы, рубасы адамдарды атаған. Досболды неге датқа дейді, енді осыған тоқталайық.

Орталығы Ұлытауда болған Кенесары көтерілісінің аясы тарылып, 1845 жылы оны қолдаған көптеген рулар қазақтың соңғы ханымен бірге оңтүстікке қарай ойысканы тарихтан белгілі. Ежелден Ұлытау төңірегін жайлап келе жатқан қалың қыпшақтың басым бөлігінің осы көрініске бастан-аяқ белсене қатысқандығы жайлы мәліметтер мол.

Жалғыз қыпшақ руының ғана емес, азаттықты аңсаған қалың қазақтың қанын қоздырған бұл көтеріліске ел-жұртына беделді Досболдың қатыспай қалуы мүмкін емес. Түйсік таразысына салып қарасақ, Досболдың, жалпы көптеген қыпшақ ауылдарының, сол кезде Қокан хандығына қараған Сырдарияның орталық ағы-



сындағы жерге қоныс аударуының өзі осы Кене ханның көтерілісімен тікелей байланысты. Оның ең негізгі себебі — көтеріліске қатысқандарды патша үкіметі тарапынан аяусыз жазалаудан бой тасалау, орыс құрығынан уақытша болса да құтылып, өздеріне ерген, сөздеріне сенген елді аман сақтап қалу. Мысалы, халқымыздың кемеңгер ұлы Мұстафа Шоқайдың атасы Торғай датқа да, есімінің өзі көрсетіп тұрғандай, осы Ұлытаудан бастау алатын Торғай өзенінің бойында туған. Қыпшақтың шашты аталығынан. Ол да сол Кенесары қозғалысы кезеңіндегі жаппай үдере көшу тұсында Сыр бойына қоныс аударған елді бастаушы-басқарушылардың бірі.

Досболдың Кенесары ханға да, ханға жақын адамдарға да сыйлы, беделді болғандығын ел аузында жатталып қалған мына әңгімеден анық байқауға болады. Кенесарының кенже қарындасы Кенжебикеге үйленген Қызылжар төңірегін жайлаған уақ руынан шыққан Қожық Мақашұлы жайлы халық арасына тараған аңыз аз емес. Әсіресе, кешегі Кене ханды біріміздің аузымызға біріміз түкіріп қойғандай, саясат сарынымен сап түзеп алып жаппай қаралап жатқан кезімізде қол бастаған Қожық батырды көркем әдебиетте қанішер қарақшы, қорқау құбыжық бейнесінде сомдадық. Тарихи мәліметтер бойынша ол — патша жазалаушыларына ұстап беріліп, сүйегі итжеккенде қалған көтеріліс қолбасшыларының бірі. Әрине, сол кездегі казак қоғамына тән барымта-сарымта сияқты келенсіз үрдістерді Қожық та аттап өтпеуі мүмкін.

Кенесары қырғыз жерінде қаза тапқан соң Мақаштың Қожығы аман қалған сарбаздарымен бірге артта қалған ауылдарын жинап, Сыр бойындағы қыпшақтарға аялдап жүріп, Қокан хандығының бекіністерінен көптеген малды олжалап алады. Оның ішінде бошай қыпшақ елге сыйлы Әжібай мырзаның да үш үйір жылқысы бірге кеткен.

Батыс Сібір генерал-губернаторлығы мен Қокан хандығының шекарасы ол кезде Шу өзені арқылы өткендігі белгілі.

Қожық батыр туған жеріндегі жағдайдың аңысын аңдап, шекарадан өтіп, Шудың Бетпақдала жақ бетін бірнеше жыл жайлап отырады. Жылқысынан айрылған Әжібай мән-жайды білген соң Досболға келіп мұның шағады. Досбол көп ойланбай, қасына мырзаны ертіп алып, Қожықтың аулына келеді. Қожық шешенді құшақ жая қарсы алып, екі-үш күн қонақ етіп, қайтар кездерінде келген бұйымтай-шаруаларын сұрайды. Сонда Досбол шешен:

*"Хан мен патша қамалын еттің ойран,
Кене мен Науанға еріп салдың сайран.
Ішінде Орта жүздің жақын едік,
Туысқа тимей тұр-ау, інім, пайдаң.
Әкең — Мақаш, өз атың — батыр Қожық,
Құрбыңнан дара шықтың болып озық.
Ас пен той, шаһарлардың базарында
Бәйге алдың, тұтқарларың келіп озып.
Сен жүрсің жау қамалын талай бұзып,
Душпаның тас-талқан боп кетті тозып.
Әрқашан көшелілік көрсеткейсің,
Ағайын жәрдем күтсе, қолын созып.
Осындай даңқың шығып тұрған шақта,
Кенеліп тұрғаныңда дәулет-баққа,
Алдыңа келгендерге көмек көрсет,
Барарын білмей тұрса қай тарапқа", —*

депті. Мәселенің мән-жайын ұғып, шаруаның төркінін түсінген Қожық: "Жауға деген жұдырық, байқамай досқа тиген екен. Жігіттер! Мына кісілердің жылқысын жылдам қайтарыңдар", — деген екен. Осы оқиғаның өзі-ақ Қожықтың кеңес кезіндегі жазушылар сомдағандай сойқан-содыр, сөзге тоқтамайтын тұрпайы-топас емес екендігін көрсетеді.

Әжібай көтеріліс зардабынан Арқадан Сырға ауып барған қыпшақтың азаматы. Кейін ол да Досбол секілді датқа болған, әділ би атанған, есімі елге белгілі тұлға (52.643). Жұдырығым досқа тиді деген сөзде де үлкен мән жатыр. Оның түп-төркіні Досболдың да, Әжібайдың да Қожықтың өзі сияқты кешегі Кенесары ханды қолдаушылардың бел ортасында жүргендігін көрсетеді.


Бұндай тұжырым жасауға негіз боларлық ресми мәліметтер де табылып отыр.

Үтадан қалған асыл сөз

ДОСБОЛ БИ:

“Көп шанды құлан көтерер,
Боранды тұман көтерер,
Екі оқты бұлан көтерер.
Арғымақтың белгісі,
Арығанын білдірмес.
Асылзаттың белгісі,
Қайғырса да бүтілмес.
Асыл нардың белгісі,
Бүйірінен қақ жарып,
Бүйрегін алса бақырмас.
Арыстанның белгісі,
Айналып артқа ақырмас.
Қас батырдың белгісі,
Қақ жүректен оқ тисе,
Демеуге досын шақырмас.
Әуелден-ақ белгілі,

Өлмей адам қалмасы,
Өлмей көрге бармасы.
Көңіліңнен кетер ме
Өлімнің салған таңбасы.
Нәубәтімен дөңгелер
Ажалдың жеккен арбасы.
Дүние деген опасыз
Әркімдерден өтеді.
Өлшеп берген демің бар
Бірте-бірте бітеді.
Аты жүйрік ажалың
Аяндап-ақ жетеді.
Алтын тақты патша да
“Ах, дариға жалған” деп
О да арманда кетеді”.



Мысалы, еліміздің Орталық Мемлекеттік архивінде сақтаулы тұрған 1845 жылдың 9 қарашасында жазылған Кенесары қонысына патша үкіметі ендірген жансыздар Құлжан Күлтенов пен Жиенбай Именовтің Кенесарының Шымқорған және Жанакорған бекіністерін ойрандауы туралы хабарламасында мынандай жолдар бар: "... Кенесары қыркүйектің орта кезінде өзінің жігіттерін жинап және бұрыннан Сыр бойын жайлап жүрген қокан бекіністерінен қысым көріп келген Досбол би мен Бала билерге қарайтын казактарды қосып алып, сондай-ақ биыл Қаратауды жайлаған жаппастардың бір бөлігінің көмегімен Сырдария жағасындағы қоканның онша мықты емес екі бекінісінің тас-талқанын шығарды. Олардың бірі – Шымқорған, екіншісі – Жанакорған деп аталады... Кенесары бұл жорықты қокандықтарға тәуелді болмау, олардан Сыр бойындағы қоныстарды босату және өз ауылдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ұйымдастырды" (137).


Досбол Қорлыбайұлының Кенесары көтерілісінен кейінгі ғұмыры Сыр бойындағы Шиелі манында өтсе де, ол Ұлытау өңіріндегі ағайын-туыскандарымен, сыйлас замандастарымен қарым-қатынасын еле-өлгенше үзбеген. Шамасы жеткенше араласып-құраласып, олардың қайғы-қу-

аныштарына ортақтасып отырған. Бұл жайлы да ел аузында сақталған талай-талай әңгімелер бар. Оның Атбасар дуанының аға сұлтаны Сандыбайдың Ерденінің кенже ұлы қайтыс болғанда алыстағы Сырдан Ұлытауға арнайы келіп көңіл айтып, заңғар замандасының қасіретін бөліскені, ондағы қайғыдан басын көтере алмай жатқан Ерденге айтқан сөзі шешендік өнердің шұрайлы нұсқалардың бірі ретінде талайларды тамсандырып, мерзімді баспасөз беттерінен де, әртүрлі жинақтардан да үзбей орын алып келе жатыр...

Сондай-ақ Ұлытаудың батыс бөктеріндегі Торғай бойын жайлаған әрі туысы, әрі замандасы Балқожа сынды беделі биік бидің (Ыбырай Алтынсариннің атасы) үйіне сәлемдесе соққанда болған оқиға, ондағы Досболдың аузынан шыққан әрі назды, әрі сазды сөзі тапқырлықтың тұғыры, шешендіктің шыңы тәрізді.

Әрі көсем, әрі шешен, әрі батыр Досбол Қорлыбайұлы 1896 жылы сексен жасында Сыр бойында қайтыс болып, топырағы қазіргі Қызылорда облысы Шиелі ауданындағы "Оқшы ата әулие" қорымынан бұйырған. Асылын ардақтаған халқы оның туғанына 180 жыл толуы қарсаңында кесенесін қайта көтеріп, оның рухына бағыштап құран оқытып, ас берді.





Кенесары көтерілісінің қаһармандары

Ұлытау өңірінде кіндік қаны тамған батырлардың ең көрнектілерінің бірі – Ағыбай Қоңырбайұлы. 1802 жылы туған Ағыбай батыр – Кенесары ханның бас батыры дәрежесіне көтерілген қолбасшы. Ол патша әскерімен шайқастарда ұтымды әдіс-айла, тосын тапқырлық қолдану арқасында әрдайым жеңіске жетіп отырғандықтан "Ақжолтай Ағыбай" атанған. Халық арасында оны руын көрсетіп, шұбыртпалы Ағыбай деп те атайды. Батырдың сарбаздары дұшпанға "Ағыбайлап" шабатын болған. Ағыбай батыр Кенесары көтерілісі тұсында орыс бекіністеріне үзбей шабуылдар ұйымдастырып отырған. Оның қолының Қарқаралы, Ақтау, Ақмола және т.б. орыс қамалдарына жойқын шабуылдарға қатысканы белгілі.

Кенесары хан қырғыз жерінде қаза тапқаннан кейін де ол бастаған сарбаздар бірнеше рет қырғыз манаптарына қарсы кек алу жорықтарын жасаған. Ресей үкіметіне қарсылығын тоқтатпай, ханның ұлы Сыздық сұлтанмен тізе қосып, империя әскерімен шайқасқаны да мәлім. Қартайған шағында Бетбақдала шөлі мен Балқаш өңірі аралағындағы Тайатқан-Шұнақ атты жерде егіншілікпен, балықшылықпен айналысқан. 1885 жылы Ағыбай батыр қайтыс болғанда патша әкімшілігі оның денесін Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесіне жерлеуге рұқсат бермеген. Батыр өзі өмірінің соңғы кезінде мекендеген сол Тайатқан-Шұнақтағы Босаға өзенінің алқабына жерленген. Даңқты батырдың туғанына 200 жыл толуын республика халқы ауқымды шаралармен атап өтті.


Жанайдар Орынбайұлы – Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық көтерілісі кезінде айрықша көзге түскен айтулы батырлар-



Ағыбай батыр




Тайатқан-Шұнақтағы Ағыбай батыр мазары



дың бірі. 1818 жылы шамасында Ұлытаудың Қорғалжын жақ бетіндегі Терісаққан өзені бойында туған. 1837 жылы осы өңірдегі арғынның төртуыл, қалқаман, қуандық, сүйіндік, тінәлі, темеш, қозған, қасал тармақтарының жігіттерін жинап, Кенесары жасағына қосылған ол, көтерілістің соңына дейін ханмен бірге болады. Жанайдар, әсіресе Ақмола бекінісіне шабуыл кезінде айрықша көзге түседі, ханның сенімді серіктерінің біріне айналады.

Кенесары көтерілісіне Жанайдармен бірге оның аға-інілері Бектұрған, Жанатай, Өтебай да қатысқан. Жанатай осы жорықта мерт болады. Кенесары көтерілісі жеңіліс тапқаннан кейін, патша үкіметі тарапынан кешірімге ие болған Жанайдар батыр бұрынғы ата қонысына оралып, қазық шаруашылықпен айналысады. Қазактың айтулы атқамінерлері қатарында 1868 жылы ақ патша Александр II-шінің мұрагері ұлы князь Владимирдің Омбы қаласына келген құрметіне орай ұйымдастырылған салтанатқа қатысады.

Сарыторғайдағы Жәуке батыр мазары




Жанайдар батыр



Жанайдар Меккеге барған қажылық сапарынан қайтып келе жатқанда 1870 жылы жол үстінде қайтыс болған. Атақты батырдан тараған әулеттен қазак тарихынан ойып орын алған тұлғалар шықты. Жезқазған қаласының бір көшесіне Жанайдар батырдың есімі берілген.

Ұлытаудан бастау алатын алпыс төрт салалы Торғайдың Терісбұтақ атты арнасының бойында 1822 жылы дүниеге келген арғын руының төлек тармағынан шыққан Жәуке Назарғұлұлы да Кенесары хан жасағының сапында қол бастап, өшпес данққа бөленді. Ол хан әскерінің қатарына 16 жасында қосылған. Жастайынан жорық жолында шыныққан Жәуке батыр 1840-1844 жылдардағы Өлкейек өзені бойындағы, Ор қамалы беттегі Толыбай, Ордақонған жақтағы және Екатеринбург станицасына шабуыл кезіндегі шайқастарда батыл қимылдап, айрықша көзге түскен.

1864 жылғы патша үкіметі тарапынан жасалған кешірімге іліккен төлек Жәуке батыр өз атаконысында 1904 жылы қайтыс



болған. Оның 175 жасқа толуына орай сол кездегі Сарыторғай аулында салтанатты шаралар өтіп, батырдын аруағына ас берілді. Жәуке Назарғұлұлының басына көркем кесене салынып, ауыл орталығында оған ескерткіш қойылды.

Кенесары хан жасағы сапында ерен ерлігімен айрықша көзге түскен батырлардың ішінде Жекебатыр (шын аты – Тілеміс) Сарыбасұлының есімін естен шыға-

руға болмайды. Кенесары небір қиын тапсырмаларға жұмсағанда оларды мүлтіксіз орындап, жекедара көрсеткен батырлығына орай Жекебатыр атанған атақты батырдың Кенесары көтерілісі тарихында өзіндік орны бар. Тілеміс 1805 жылдар шамасында Ұлытау төңірегінде туған. Хан Кененің сәтсіз жорығынан соң, оңтүстіктен оралған ол, елімен Көкше өңіріндегі Қылды-Ноғай болысына қоныс аударады. Сол болыста би болады. Қайтыс болған жылы белгісіз.



*Өнер, білім бар жұрттар,
Тастан сарай салғызған.
Айшылық алыс жерлерден
Жылдам хабар алғызған...*


Ыбырай Алтынсарин



ӨМІР
ӨРІСІМЕН,
ЗАМАН АҒЫСЫМЕН







Сарыторғайдағы съезд

Он жыл бойы Орынбор-Омбы-Түркістан арасын толассыз соғыс жағдайында ұстаған Кенесарыдан патша үкіметі құтылғанымен, оның жасағының негізгі тірегі болған Ұлытау төңірегіндегі елдің ішінде тұрақты тыныштық, мамыражай тіршілік орнай қойды деп кесіп айту қиын. Көтеріліс қарсаңында ғана заңдастырылған Орынбор мен Омбы арасындағы шекара сызығының мәні Кенесары қозғалысы тұсында тек қағаз бетінде қалып, орыс әкімшілігі біртұтас казак даласын одан әрі бөлшектеп басқару мақсатын бастапқыда ойлағандарындай жүзеге асыра алмаған болса, казактың соңғы ханының көзі жойылғаннан кейін бұл шаруаны түбегейлі шешуге қолайлы кезең туғандай еді.

Кенесары жасағына қыс айларында қауіпсіз камал болған Ұлытау бөктеріне 1843 жылы Сібір казактарының 2-ші полкі орналастырылып, әскери бекініс салу қолға алынды. Көтерісшілердің адымын тарылту үшін алдын ала терең ойлануға мұршалары келмей, шарасыздықтан атқарылған шаруа болғандықтан бұл әрекеттерінен де патша үкіметі айтарлықтай басымдық ала алмады.

Омбы архивінде сақталған мәліметтерге қарағанда қиелі Ұлытаудың тура етегінде орналасқан бекіністің қай жағынан болмасын шаруасы оңға баспаған деп кесіп айтуға болады. Осындағы 2-ші казак полкі (6 жүздіктен тұрады) мен Атбасар станциясы арасында 25-30 шақырым сайын бекеттер салынып, тұрақты қатынас орнатпақ болған әрекеттен мардымды ештеңе шықпаған.

Оның басты себебі — Ұлытаудың қыс айларындағы үйренбеген жанға айрықша қолайсыз ауа райы. Осы төңірекке қалың түсетін қар мен бір басталса бірнеше тәу-


лікке созылатын сұрапыл боранынан камал тұрғындары Атбасармен қатынаспақ түгіл, караша-желтоқсаннан бастап бастарын бекіністен шығара алмай қалатын болған.

Дала жағдайын жетік білетін Кенесарының, керісінше казак әскерлері қыс тұтқынына камалған сәтте, бұрынғысынша Ұлытау төңірегіне көшіп келіп, оның айналасында қыстап шығып, көктем түсер-түспестен Қарақұм-Ырғыз-Торғай алқаптарына қарай жылыстап кетіп отырғаны тарихтан мәлім.

Бекіністі нығайту, ондағы тұрғындар санын көбейтіп, казак жерін отарлаудағы маңызы зор іргелі орталыққа айналдыру үшін үкімет ешқандай шығыннан тартынған жоқ. Жалғыз Ұлытау емес, осы тұста Кенесарымен күрес барысында тұрғызылған басқа да мекендерді игеру мақсатында патша әкімшілігі казак даласына Ресейдің түкпір-түкпірінен славян тектілерді тоғыта көшіріп әкеліп жатты.

Қоныс аударушыларға қомақты ақшалай көмектер көрсетіліп, толып жатқан елеулі жеңілдіктер жасалды. Олардың бастыларын атап өтсек, бұл аймақтардағы бекіністерге тұруға келген әрбір отбасына 65 рубльден шаруашылық жүргізуге қайтарымсыз ақша бөлініп, бүкіл отбасы мүшелері алғашқы екі жыл бойына тегін азық-түлікпен қамтамасыз етілген. Ересек еркектер 8 жыл мерзімге барлық әскери міндеттерінен босатылған. Баспана тұрғызып алуларына көмекке 20 рубль және 100 бөрене тегін берілген. Сондай-ақ егін, бау-бақша өсіруге қажетті тұқым қорымен қамтамасыз етілген. Құжаттарға зер салсақ, бұлардан да басқа толып жатқан жеңілдіктер бар (138).

Әңгімеміз Ұлытау бекінісі төңірегінде өрбіп отырғандықтан, енді осында бастап-



Қырдағы құрылтайға қатысушылар

қы тұста орналастырылған тұрғындар жайына келейік. 1846 жылы 19 шілдеде жазылған құжатта Ұлытау бекінісіне 2-ші казак полкі әскерлерінен баска 1057 адамның көшіріліп әкелгені көрсетілген (139). Ал, кейіннен, Ұлытау бекінісі таратылғанда, бұлардан камалды коныс қылған бірде-бір отбасы калмағандығын көреміз. Омбы архивіндегі осы мәселе жайлы істе 1861 жылы Ұлытауда әскери қызметтегі казактардың 239 отбасынан баска тұрғындар жоқтығы айтылған (140).


Көрсетілген жылдар арасындағы көзімізге түскен құжаттарда Ұлытауға орналастырылған коныс аударушылардың малдары қырылып, егіндері шықпай, азық-түліксіз қалып жатқандықтары жайлы ғана емес, оларда жөнді жұмыс құралдары (балта, шалғы-орақ, аркан, күрек және т.б.) мен ыдыс-аяқтың жоқтығы және тұрғындардың бұл бекіністен қайда да болса кеткісі келетіндігі бірнеше рет атап көрсетілген (141).

Үкімет тарапынан барлық қолайлы жағдай жасалынса да, шаруаға қырсыз, икемсіз көшіп келушілер кімдер еді деген сұрақ осындайда өзінен-өзі туындайды. Оның жанама жауабын Ресей үкіметі Қиыр Шығысты отарлаған кезде сол жаққа коныс аударған тұрғындардың жағдайы жайлы жазған орыстың белгілі тыңшы-саяхатшысы Николай Михайлович Пржевальскийдің еңбегінен табуға болады.

Онда жаулап алынған жана жерлерге қалада күнін көре алмай жүрген, рухани азғындыққа ұшыраған немесе қызметінде қылмыс жасаған ешқандай іске ебі жоқ селтенбайлар мен маскүнемдер жіберіліп жатқаны, мұнан Ресейдің көсегесі көгермейтіндігі баяндалады (142.222).

Қазак даласын отарлауға әкелінгендердің осындай онан қашқан, мынан қашқандардың тобыры болғандығы ешқандай дау тудырмаса керек...

1852 жылы патша әкімшілігі Орта жүзден ашылатын соңғы 8-ші дуанның орта-



лығы Ұлытау станицасында болады деп белгілесе де, уақыт өте келе бұл ойларынан айнып, дәл жеме-жем тұста, яғни 1859 жылы, бұрын Көкшетау округіне, оның аға сұлтаны Шынғыс Уәлихановтың құзырына қараған 7 болыс елді бөлек шығарып, солардың негізінде ашылған жана әкімшілік құрылымды Атбасардан басқарған қолайлы деп тапты.

Ұлытау станицасы жабылып, ондағы казак әскерлері 1861 жылы Сандықтау станицасына көшіріліп, содан соң, Ұлытау мен Атбасар арасындағы босаған жерлерді бағаналы болыстарының иелігіне беру туралы мәселе әртүрлі деңгейде толассыз қозғалып отырды.

Бұл шаруаның түбірі тым әріде жатқан болатын. XIX ғасырдың 30-шы жылдарындағы Орынбор мен Омбы арасындағы шекара сызығын жүргізген кезде ежелден қойлары коралас, ауылдары аралас келе жатқан қыпшақтар Орынборға, бағаналы наймандар Омбы әкімшіліктеріне қаратылды. Бұрыннан ата қонысымыз деп белгілеп, иеленіп жүрген жерлерінен олардың енді шекарадан асып көшіп-қонуы ақырзаман шаруаға айналды. Бұны бір десек, екіншіден, Ұлытау бекінісі орнаған соң бағаналылардың жайлауға, қыстауға пайдаланып келген ежелгі қонысы одан әрі тарылды. Кенесары көтерілісі тұсында Көкшетау дуаны құрамындағы балталы-бағаналылардың аға сұлтан Шынғыс Уәлихановтың билігін мойындауы тек қағаз жүзінде ғана еді (121).


Ұлытау көтеріліс орталығына айналғанда, бұл аймақты жайлаған елдің Кенесарыны жақтаушылар және оған қарсылар болып бөлінгені де архивтердегі құжаттар арқылы мәлім. Қазақ қауымы арасындағы осылар сияқты себептерден бастау алған дау-дамайлар Хан Кене қозғалысы жеңіліс тапса да басылмай, қайта бірте-бірте өрши түскен сыңайлы. Сондағы бәрінің шағынатын жерлері — Орынбор мен Омбының генерал-губернаторлары.

Архивтерде осы екі әкімшіліктің арасындағы сол тұстағы қазақтардың әртүрлі даулы шаруаларына қатысты жазылған қа-

тынас қағаздары том-том болып жинақталған. Олардың мазмұнынан ұзақ жылдарға созылып, әбден ушыққан осындай істерді губернаторлар кеңсесі деңгейіндегі орыс әкімшілігінің қанағаттанарлық дәрежеде шеше алмағандығы байқалады. Қайта Орынбор мен Омбы губернаторлары біріне-бірі сілтеп, ақыры олардың өздерінің арасында бақастық, ала ауыздық туғандығын көреміз. Мұндай жағдайда қазақтар да табандылық көрсетіп, көздеген мақсаттарынан қайтпай, өз талаптарын император ағзамға дейін жеткізген.

Осындай іс-қимылдардың нәтижесі болуы керек, ақыры қордаланған дау-дамайларды түбегейлі шешуге 1863 жылы 29 қарашада Орынбор және Омбы өңіріндегі қазақтардың арасындағы келіспеушіліктерді дәстүрлі қазақы жол-жосықпен (по народным обычаем) реттеп, оларды бітістіру мақсатында арнаулы құрылтай (съезд)





№ 146
Министерство
Внутренних дел

7 декабря 1861.

Господину Генерал-губернатору Западной Сибири

Вспомогательный
Подпись Исповителем

По части киргизов
17 декабря 1861.

По Высочайшему
повелению

При сем прише-
ла карта

Государь Император

государь, по повелению Вашей
государь, в живом виде, в
смыслы представленные
сего по делу о раздоре
владимирских претензий Орен-
бургских и Сибирских кир-
гизов, в 29 день сентября
того года, Высочайшим
Вашим повелением на
созда сир киргизов для
исполнения их претензий по
нарушению обещаний, Вы
скаким повелением

1. Пунктом для обща-
го сведения и расчета сир
претензий назначить в
Оренбургской Стену Учили-
ще Сары-Тургай.

2. Изъ штемпеля Орен-
бургской власти по отношению
сир назначить в Оренбургской
//

сторони Сурстана Правительна Во-
сточнои части Области Оренбург-
ских киргизов Военнаго Старши-
ну Александрова, Сурстана Прави-
тельна Средней части Области По-
ковника Сурстана Войскашевскаго
и Управляющаго Училищеским по-
домом Подполковника Сурстана Ко-
мова, а съ Сибирской стороны Стар-
шию Сурстана Коптевскаго и Ап-
бассарскаго Старцовъ.

3. Для присутствованія при
отомъ разбирательствѣ команди-
ровать съ Оренбургской стороны По-
мощника Управляющаго Областию
Оренбургских киргизов, или одного
изъ Сотскихъ Областинаго Прав-
ительства, съ киргизскимъ Училищеским,
по усмотрѣнію Оренбургскаго Гене-
рала Губернатора, а съ Сибирской сто-
роны: Товарища Военнаго Губерна-
тора Области Сибирских кир-
гизов, или одного изъ Сотскихъ Об-
ластинаго Правителя, съ необходимыми
Училищеским, по усмотрѣнію Гене-
рала Губернатора Западной Сибири.

өткізуге Ресейдің ішкі істер министрлігі императордан тапсырма алады (129).

Сол жылдың 17 желтоқсанында жазылған 146 санды "Ұлы мәртебелінің жарлығы бойынша" деген белгі соғылған ішкі істер министрінің Орынбор мен Батыс Сібір (Омбы) генерал-губернаторларына жазған катынасынан ак патшаның бұйрығы алты тармақтан тұратындығын көреміз.


Онда қазақтардың құрылтайын Орынбор әкімшілігіне қарасты Сарыторғай жайлауында өткізу, оның шығынын Орынбор қазақтарының түгін салығы есебінен жабу, оған шақырылатын ел басшылары және орыстар жағынан қатысатын лауазымды қызметкерлер жайлы нақты айтылады.

Бұрын-сонды ғылыми айналысқа түспеген бұл құжаттағы 5-ші және 6-ші тармақтардың, әсіресе Ұлытау тарихы үшін маңызы зор. Бесінші тармақта даулар талқыландырылғаннан кейін, алдағы уақытта мұндай келенсіздіктерге жол берілмеуін қатаң ескертіп, ұлы мәртебелі патша ағзамның тарапынан өткен кезеңде қылмыс жаса-

ғандардың барлығына, тіпті кісі өліміне кінәлілерге де, осы құрылтайға орай арнайы кешірім (амнистія) жарияландығын қазақтарға салтанатты түрде хабарлау қажеттілігі қадап айтылған.

Алтыншы тармақ бағаналы болыстарына тікелей қатысты. Одан бағаналы атқамінерлерінің жер үшін 20-25 жылға созылған ұзақ күресінің дабылы Омбы мен Орынбордан асып, император ағзамның тікелей өзіне жеткендігін көреміз. Тармақтың мазмұны мынандай: "Құрылтайға екі әкімшілік жағынан баратын шенеуніктерге, басқа даулар талқыланып біткеннен кейін, бағаналы болыстары қазақтарының қыстақтан жайлауға және керісінше көшетін жолдарын белгілеу ісін мұқият зерттеп қарап, ол туралы жергілікті жағдайларға негізделген пікірлерін бұл шаруаға байланысты өзара келісілген шешім шығару үшін генерал-губернаторларға тапсыру міндеттелсін".

Әрине, патша үкіметі бұл құрылтайды қыр қазақтарына жақсылық жасайын, жа-



Архивная копия

И, Вась издержками посылку денег принимать ни следит. Кийбытотыча сь Оренбургскыи киргизь сьбрак.

Б, По окончаний разбирательства, объявить Всесмиостивыймше прошение гачий киргизий, которые живинаются вь убийствях, вызваныхи настоящим посыланием думавь проселеннымь влущениемь на отпустить сего на будущее время, и

в, Поручить чиновникамь, которые будутъ командированы на предстоящий съездъ отъ обоеихь вьдочинь, по окончаний сего разбирательства, рассмотреть во всей подробности, гдемо сьбь устроить пути для перекопача киргизь вь багатамашинской воеводи вь зимний иль коновок на летний и обратно, и заключение свое по оному, основанное на сильствыхь сьбрак жетияхь, представить Генералу Цибернаторамь для окончательнаго сь иль стироты направленья по взаимному соглашению.

Ю. таковыи, Высочайшимь повелениемь известия. Витомля сь сивь.

Архивная копия

В Оренбургскыи и Самарскыи Генерал Цибернатора, а ижемо сьбьбь и вьашнуу Высочайшеосудителю сь послыдательнень отпущения вьашего отъ Я. прашала Августа годъ 1804, покорный иль прось принять сь исполнениемь сего наделеннаго сь вьашей, Высочайшей воцудари, стироты рассмотрение и о послыдующимь погитить сь сьбьбьбь.

Клименть Витутренний Дель,

Ротавель-Секретарь

Директорь

11


рылкап тастайын деген ниетпен өткізген жоқ. Негізгі мақсат мүлдем басқа еді. Тура сол қарсаңда империя ұлықтарының салтанатты да сәнді кенселерінде Түркістан аймағын әрі қарай жаулауды жалғастыру жоспарының соңғы сызықтарына дейін сызылып қойған болатын. Дәл осы уақытта Перовскіден (Ақмешіттен) шыққан полковник Веревкин мен Қокан хандығымен шекара шебінде тұрған Омбы губернаторының құзырындағы полковник Черняевтың армиялары күш біріктіріп, Әулиеатаны (қазіргі Тараз) басып алып, енді Түркістан қаласына жорыққа дайындық жүргізіп жатқан еді.

Осындай басты мақсатқа жетуге мүдделілік Орынбор мен Омбы (Кіші жүз бен Орта жүз) арасындағы шекара шебіне орналасқан рулар мен тайпаларды тыныштандыру қажеттігіне келіп тірелді. Сарыторғайдағы съездің ресейлік сүркия саясатын шеберлері мемлекет қалтасынан соқыр тиын да шығармай, ақ патшаның өзіне қараған жұртқа кешірімшіл, рақым-қай-

ырымы мол екендігін қыр қазықтарына іс жүзінде көрсеткендей әсер қалдырғанын (как знак особенной Монаршей милости к киргизскому народу) құрылтай қабылдаған құжат мазмұнынан анық байқауға болады.

Негізгі саясат осындай болғанымен бұл құрылтайдың Омбы мен Орынборға қараған қандастарымыз арасында әбден ушығып кеткен көптеген даулы мәселелерді қазақы жолмен шешіп, ежелгі бірлік пен туыскандық дәстүрін қалпына келтіруге он ықпал еткендігін де атап айтуға тиіспіз.

Сондай-ақ Сарыторғайдағы съезд XIX ғасырда қазақ даласында империя әкімшілігі өткізген ресми жиындардың ең ауқымдысы. Оған Кіші жүз бен Орта жүзден қазақтың 189 өңкей ығайы мен сығайы шақырылған. Құрылтайда қабылданған үндеуге жиынға қатысқан аға сұлтандардың, болыстар мен билердің, батырлар мен құрметті азаматтардың (почетные ордынды) сауаттылары қолдарын қойып, сауатсыздары бар болса, мөрлерін басып, жоқ болса, рулық таңбаларын салған.



Құжатқа 8 казак қолдарын орысша қойыпты. Олардың арасындағы Көкшетау дуанының аға сұлтаны полковник Шыңғыс Уәлиханов, Орынбор казактарының Шығыс бөлігін басқарушы подполковник Мұхамед Жантөрин, Орынбор казактарының Орталық бөлігін басқарушы полковник Баймұхамедов (Айшуак ханның немересі), Орынбор генерал-губернаторының төтенше істер жөніндегі шенеунігі штабс-капитан Әлмұхамед Сейдалин (Мұхиттың "Зәуреш" атты әнінде айтылатын Зәурештің күйеуі, Зәуреш ол Ырғыз оязында қызметте жүргенде қайтыс болған, Ырғыздағы қорымда Зәуреш пен Әлмұхамедтің басына қойылған құлпытас осы күнге дейін сак-

ның (шамамен қазіргі аудан көлеміндегі аймақ) бастығы подполковник Сүлеймен Жәңгіровтың (Жәңгір ханның ұлы) қолы жазуының әсемдігімен ерекше көз тартарды. Бұл топта кейінгі ұрпақтары арасынан еліміздің ғылымының өркендеуіне үлкен үлес қосқан ғалымдар шоғыры шыққан торғайлық Дәуренбек Бірімжановтың да қолы бар. Әкесі – 37 дистанцияның бастығы Бірімжан Шегенов және оның ағасы жоғарғы шекті руының басқарушысы войсковой старшина Қазыбек Шегеновтер мөрлерін басқан.

Мөр басқандардың арасынан XIX ғасырдағы атақты казак атқамінерлерінің біразының есімдерін кездестіреміз. Атбасар




Қазақ даласына қоныстанушылар салған қыстау

талған) сияқты төре тұқымынан шыққан тарихи тұлғалар бар.

Жалпы саны 17 казак атқамінерлері қолдарын арапша қойыпты. Бұл осы кісілердің сауатты болғандығынан хабардар етсе керек. Олардың арасында бағаналы найманнан екі адам бар. Біріншісі – Ырсай Жаншуаков – Атбасар округінің аға сұлтанының орынбасары (заседателі). Ол бұл қызметті дуан ашылған күннен жабылғанға дейінгі аралықта үзбей атқарған. Екіншісі – Қарабала-Төртқара-Сарғалдақ болысының биі Сансызбай Шыныбаев. Бұл кісі кешегі Әбілқайыр ханды бағаналы сұлтаны Барак өлтіргенде билік айтқан есімі казак тарихында қалған Өтебай биден туған төрт босағанын бірі Қалдыр бидің бел баласы Шыныбайдың ұлы.

Арапша қолтанба қалдырғандар ішінде Орынбор әкімшілігінің 53 дистанциясы-

округінің аға сұлтанының міндетін атқарушы (Ерден Сандыбаев қайтыс болғаннан кейін) Көшек Жадаев, оның орынбасары Аккошкар Кішкентаев (Аккошкар Сайдалы), бағаналының төрт босағасының бірі атанған Шегірдің ұлы, болыс Абайдолла Шегіров, Кенесары ханның ағасының баласы Қошқарбай Саржанов, Қокан хандығымен қактығысарда ерлік көрсетіп батыр атанған бағаналы найман Аманбай Тоқанов, қыпшақтың белгілі биі, Кенесарымен бірге Сыр бойына көшкен елдің бір бөлігіне Ақмешіт бекінісі құлағанға (1853 ж.) дейін датқа болған Әжібай Қарпыков, шөмекей тайпасының басшысы (кейде хан деп те аталады) подполковник Елкей Қасымов, 54 дистанцияның бастығы, кезінде Кенесарының әйелі Күнімжан ханымды Орск бекінісінен Ұлытау төңірегіне жеткізген отрядтың жолбасшысы болған зауряд-хо-



рунжий Алмат Тобабергенов сиякты ірі тұлғалардың үлкен шоғыры осы топта.

Сондай-ақ мөр басқандардың арасынан Кенесарының бітіспес дұшпаны болған, есімі тарихи еңбектерден белгілі Ырғыз бойындағы алтын-жаппас руының басшысы Жанғабыл Төлегеновтің атын-жөнін көреміз. Үндеудегі онын аты мен фамилиясының тұсына 46 дистанцияның бастығы, хорунжий деп жазылыпты. Бұл мәлімет Жанғабылдың Кенесарыға қарсы күрестегі еңбегі патша әкімшілігі тарапынан ескерусіз қалмағандығынан хабардар етеді.

Құрылтай өткізуге дайындық барысында екі әкімшілік тарапынан да барлық болыстардың басшыларына алдын-ала хабар беріліп, ел арасындағы көптен шешілмей келе жатқан дау-дамайлар жайлы толық мәліметтер жинақталып, бұрыннан қордаланып қалған істерге қосылады. Архивте сақталған тізімге (ведомость взаимных претензий между Сибирскими и Оренбургскими киргизами) қарағанда, онда 200-ге тарта даулы мәселелер талқыланып, қазақы жөн-жосықпен қанағаттанарлық шешімдер қабылданған. Тек екі іс қана (екеуі де бағаналы болыстарына қатысты №151 және №28/181 істер) мәселенің күрделілі-


гіне байланысты бөлек қаралыпты.

Ұзақ жылдарға созылған жер үшін табанды күресіне патша ағзам тарапынан тікелей мән берілгеніне орай бұл құрылтайға бағаналы болыстарынан шақырылған делегацияның құрамы аса ауқымды, жиынға қатысқандардың адам саны жағынан ең көбі деуге болады. Әнгімеміз Едігеттау етегіндегі ел жайлы болып отырғандықтан осы ретте кейбір тұстарда қайталуға ұрынатымызды елемей, Сарыторғайдағы съезге бағаналы болыстарынан қатысқан жақсылар мен жайсаңдардың толық тізімін (барлығы 33 адам) келтіре кеткен жөн.

Ел мен жер тағдыры үшін шама-шарқынша бойларындағы қабілет-қарымын, қажыр-күшін аямай жұмсаған бабалардың аты-жөндерін бүгінгі ұрпақ білуге тиісті. Олар: аға сұлтанның орынбасары Ырсай Жаншуақов, Ақтаз-Бадана-Сейіт болысының басқарушысы Абайдолла Шегіров, Қарабала-Төртқара-Сарғалдақ болысының билері Жолдаяқ Қадыров, Сансызбай Шыныбаев, Өте Таймасов, Жоламан Жарғанатов, Түбек Құлшықов, Ақтаз-Бадана-Сейіт болысының билері Пішкек Мырзабаев, Айғыржан Жанкісин, Итқара Келдібаев, Ағатай Әжмәмбетов, Қоқан-Жырық-



Жаңа қоныс жайсыз емес...



Байназар болысын басқарушы Байұлы Сандыбаев, сол болыстың билері Шалкыбай Түйтебаев, Өткелбай Ақмырзин, Құдайменді Есенбаев, Тілеубай Басығарин, Ибескі-Жұртшы болысының билері Әшен Қосболов, Жиенбай Қожанов, Бектұрған Сарыкөтов, Токсейіт Бабыров, Бөстекбай Құрманбаев, Жаныс Әжімов, Наурызбай Шәлтіков, құрметті азаматтар (почетные ордынцы) Житоры Таймасов, Тілеукабыл Байтеміров, Шопан Қоңыратбаев, Құлыбек Алданазаров, Пішкек Жаңабаев, Бармак Төменбаев, Құлажан Рашев, Құрлыбай Ерлепесов, Жансүгір Бектеміров және батыр Аманбай Тоқановтар.

Қырдағы құрылтайдың жұмысы тура он бір күнге созылды. Ол 1864 жылдың 15 маусымында басталып, 25 маусымында аяқталды. Бұл алқалы жиынның қазақ қауымы үшін маңыз-мағынасы өте зор еді. Шекара белгіленбей тұрған кезде жайлауға қатар шығып, қыстауға іргелесе қонып, етене араласып келген рулардың игі жақсылары мен жайсаңдары осындай мүмкіншілік туып, билікті өздеріне берген тұста арадағы өршіген дау-дамайдың барлығын ағайыншылық жолмен әділетті шешті.

Бұл кезеңде, арада жылдар жылжып, Кенесары қозғалысы кезінде соғыс жағдайында ел арасына түскен кейбір сызаттар жамалып-жазылардай мерзім өткен еді. Ентелеп еніп, даланы сансыз камалбекіністермен қоршап тастаған мұздай қаруланған отаршылдармен ашық күресуге


қауқар жоқтығын сезінген атқамінер азаматтар ендігі жерде патша үкіметі орнатқан алауыздықтың отын одан әрі өршіте бермей, халықтың береке-бірлікке көшуін басты мақсаттарына айналдырды.

Ең бастысы, Сарыторғайда өткен съезде ұзақ жылдарға созылған жер дауы бағаналылардың пайдасына шешілді. Осының нәтижесінде ұлытаулық наймандар бұрынғы кездердегідей Есіл, Нұра, Сарыторғай, Жыланшық, Терісаққан бойларын жайлап, Қаракенгір, Сарыкенгір, Сарысу, Шу өзендері жағалауларында қыстайтын болды.

Омбы архивінен табылған Сарыторғай съезі жайлы құжаттар тарихымыз үшін қай жағынан да аса құнды жәдігер. Бұл, біріншіден, ХІХ ғасырдың ортасындағы Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарының ең үлкен жиыны барысынан нақты мағлұмат берсе, екіншіден, сол уақыттағы ел басқарған 189 бетке ұстар бабаларымыздың қолтаңбалары және мөр бедерлерімен бүгінгі ұрпақты таныстырып отыр. Өркениетті елдерде мұндай белгілер ерекше зерттелінеді, аса құнды мұра ретінде көздің қарашығындай сақталынады. Қысқаша айтқанда тарих ғылымының күрделі салаларының бірі болып табылады.

Осыншама кесек тұлғалардың тізімі көрсетіліп, қолтаңбалары түскен құжат Қазақстан тарихында аса сирек. Бұл тұрғыдан да Сарыторғайдағы съездің маңызы орасан зор.





Билік пен білім

Ресей императорының 1868 жылдың 21 қазандағы жарлығымен "Далалық облыстарды басқару туралы уақытша Ереже" күшіне енді. Осыған сәйкес аға сұлтандардың билігі жойылып, қазақ халқы өзін-өзі басқарудағы болмашы мүмкіндіктен бір-жолата айырылды. Қазақтың барлық жері Ресей меншігі болып жарияланып, байтақ далаға орыстарды жаппай көшіру заңдастырылды. Жергілікті халыққа бұратана деген намысқа тиетін ат таңылды. Дуандар орнына облыстар құрылып, оларды патша тағайындаған соғыс губернаторлары басқарды. Облыстар – ояздарға, ояздар – болыстарға бөлінді. Қазақтың ендігі жерде болыстықтан жоғары қызметке қолы жетпейтін болды. Осы Ереже қазақтың бір ауылдан екінші ауылға ауысу, өз болысының жерінен тысқары жерді жайлауға еркін жойды. Жер үшін төленетін түтін салығы 1 сом 50 тиыннан 3 сом 50 тиынға көтерілді. 1868 жылғы осы реформа халқымызды Ресейдің отарына толық айналдырды деуге болады.


Ұлытау төңірегін жайлаған ел енді Ақмола облысының (орталығы – Омбы) Атбасар оязына қаратылды. 1836 жылдан 1864 жылға дейін толассыз жүргізілген жер үшін күрес "Ұлы мәртебелінің жарлығы бойынша" оң нәтижеге қол жеткізді. Кенесары көтерілісіне қатыскандардың барлығына, тіпті кісі өліміне кінәлілерге де кешірім (амнистия) жасалынды. Ұлытау-Жезқазған өңірінен Кенесары ханмен бірге Сыр асып, Қоқан, Қиуа секілді Орта Азия хандықтарының қарамағына амалсыздан кірген ауылдардың біразының туған жерге қайта оралуына мүмкіндік туды. Бұл үрдістің қалай жүргендігін төменде келтірілген архив құжаттары негізінде құрастырылған кестеден көруге болады.

Тұңғыш болыстар құрылып жатқан 1830-1832 жылдардағы алғашқы санақ нәтижелері-ақ бағаналының төрт болысында орта есеппен 2200-3500 шамасында шаңырақ, 11-16 мың мұғдарында адам болғандығын көрсетеді. 1852 жылғы Ұлытау дуанын құруға дайындыққа байланысты жүргізілген есепте оларда бар болғаны 1439 шаңырақ пен 6495 адам ғана бар. Үкімет есебіндегі көзге ұрып тұрған орасан зор алшақтық – бағаналы болыстарының Кенесары көтерілісі тұсында шеккен зардабын соқырға таяқ ұстатқандай нақпа-нақ көрсетіп отыр.

Арада он бір жыл өткеннен кейінгі 1863 жылғы мәліметтер ел жағдайының онала бастағанынан хабардар етеді. Шаңырақ саны 70, адам саны 64 пайызға өскен. Әрине, бар болғаны он бір жылдың ішінде табиғи өсім деңгейінің осыншама көтерілуі мүмкін емес. Оның басты себебі – көтеріліс кезінде оңтүстік өңірге ойысқан елдің ата-бабларының жұртына кері оралу қарқынының үдеуінде жатыр.

1868 жылға дейін ірі рулардың аттарымен аталған болыстар ендігі жерде олар жайлайтын жер-су атауларын иемденді. Ұлытау-Жезқазған жеріндегі бағаналы наймандар қазан революциясы қарсаңында 12 болыстық құрылымға бөлінді.

Осы кезеңде қазақтың қолы жететін ең жоғары қызмет – болыстыққа қызығушылық тым асқынып кетті. Сол үшін ұлықтарға пара беру, дауыс жинау үшін бостанбос мал шашу, мансапқа жету үшін ағайын арасына іріткі салу сияқты жаман қасиеттер ел ішіне ендеп кіре бастады. Мысалы, бір ғана Сарысу болысында өткен 8 сайлауда болыстықтан үміткерлер 36150 жылқы, 4000 түйе, 120750 қой шығындаған екен (143. 294-295).




Рет саны	Болыстар	Шаңырақ және адам саны		
		1832*	1852**	1863**
	Ақтаз-Бадана-Сейіт болысы	300 (1446)	386 (1714)	563 (2226)
	Қоқан-Жырық-Байназар болысы	- -	316 (1645)	481 (2259)
	Ибеске-Жұртшы болысы	- -	363 (1465)	542 (2593)
	Қарабала-Төртқара-Сарғалдақ болысы	1300 -	374 (1671)	878 (3566)
Ескерту: * ООМА. 3 қор, 12 тізім, 17673 іс, 22-27 беттер; ** ООМА. 3 қор, 1 тізім, 3134 іс, 10 бет; *** ООМА. 3 қор, 3 тізім, 3542 іс, 336-339 беттер.				

Мұндай қызметке сайланарда, әсіресе, орыс ұлықтарымен тілдесе алатын оқығандықтары мол, тіл білетіндердің тасы өрге домалап тұрғаны шындық. Бұл құбылыс, бір жағынан, бостан-бос мал шашуға, паракорлыққа үйретсе, екінші жағынан, халықтың білім алуға деген ынта-ықыласын күшейтті.

Орысша білім алған Ұлытау-Жезказған өңірінің алғашқы қазақтарының арасында Кенесары ханның атақты батырларының бірі Жанайдардың ұлы Мейрамды алдымен ауызға алған жөн. Мейрам Жанайдарұлы 1844 жылы туған. 1921 жылы Терісаққан болысында қайтыс болған. Жас кезінде Атбасардағы екі жылдық мектепті бітіріп, орысша еркін сөйлеп, оқи және жаза білетін білім алған. Зерделі жас осы білімін өздігінен жетілдіріп, есейе келе Атбасар оязы бастығының көмекшісі болған. Одан соң ұзақ уақыт Терісаққан болысын басқарған. Мейрамның аты халық жадында өзінің байлығы немесе атқарған қызметі арқылы емес, оның хал-

қымыздың төл өнер үлгілерін жинақтау және насихаттаудағы баға жетпес еңбегі арқылы қалды. Қазақ жылқыларын асылдандырудағы еңбегі де орасан зор. Тарихи құжаттарда Мейрам Жанайдарұлының 1868 жылдан 1913 жылға дейін Ресейде, Еуропада өткен айтулы көрмелерге қазақ халқының колөнер үлгілерін, ұлт тұрмысын көрсететін жәдігерлерді ұдайы ұсынып отырғаны жайлы деректер өте көп. Мейрамның бәйге аттары да, көрмеге қойған озық үлгідегі дүние-мүліктері де талай медальға, талай марапат-мақтауға ие болған.

Ол империяның темір шенгелінен енді қайта босанудың жуық арада қиын екендігін болжап, қайсыбір ұлттық астамшылық пиғылдағы шенеуніктер айтқандай қазақ халқының жабайы, мәдениеттен мақұрым ел еместігіне әлем жұртшылығының көзін жеткізуге күш салған, сол мақсатқа жетудің жолдарын, онтайлы тәсілдерін іздестірген. Қазақтың да әлемдік өркениет тарихында өзіне тиесілі орны бар екендігін басқаларға ұғындыру, көрсету, дәлелдеу оның саналы ғұмырының мәні мен мақсатына айналған.




Мейрам кажы өз ұрпақтарын орысша оқытуға көп күш жұмсаған. Оның ұлдары Рахымбек пен Омарбек орысшаға жетік, сауатты болыстар болған. Ал, 1884 жылы туған ұлы Сейілбек Мейрамұлы Жанайдаров 1913 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітірген. Біздіңше ол – Ұлытау өңірінен барып, империя астанасында жоғары білім алған тұңғыш казак.

Қаракенгір өзені бойында 1860 жылы дүниеге келген Айбас Байтабынов та казактан шыққан тұңғыш жоғары білімді дәрігерлердің бірі. Ол 1885 жылы Омбыдағы жоғары медициналық курсты бітірген соң Атбасарда тәжірибе жинақтап, кейіннен Бағаналы болыстарының халқын емдейтін аумақтық дәрігер қызметін атқарды.



Аңшылар. Шайбай Айманов және Бірмұхамед Айбасов. 1932 ж.



Онын 1895 жылы туған ұлы Бірмұхамед Айбасов 1910 жылы ұйымдастырылған Омбыдағы орта дәрежелі ауылшаруашылық училищесіне 1914 жылы оқуға түскен. Білікті мамандар дайындаған осы училищенің негізінде 1920 жылы Омбы ауылшаруашылық институты ашылған. Осында оқыған кезінде ол басқа да студент жастармен бірге (С. Сейфуллин, К. Кемеңгеров, М. Жұмабаев, Н. Нұрмақов және т.б.) "Бірлік" атты мәдени-ағарту қоғамын құруға қатысқан. Революциядан кейін Атбасарда, Қызылжарда, Семейде әртүрлі лауазымды қызметтер атқарған Бірмұхамед (Біркей) 1933 жылы Мәскеудегі Қызыл профессура институтын бітіріп шығады.

1931-1933 жылдардағы жаппай ашаршылықтан қырылып жатқан халқына жаны ашып, бастарын бәйгеге тіккен әріптестері Бірмұхамед Айбасов, Ғарифолла Ысқаков, Ілияс Қабылов, Жүсіпбек Арыстанов, Ғаббас Тоғжанов және Оразәлі Жандосовтар 1933 жылдың 24 ақпанында елдегі жағдайды баяндап, Сталинге хат жазады. Қазіргі казак тарихнамасында бұл хат "Алтаудың хаты" деген атпен мәлім. Елім деп қабырғасы қайысқан есіл ер, белгілі қоғам қайраткері Бірмұхамед Айбасов 1938 жылдың 28 ақпанында Алматыда "халық жауы" деген жаламен атылды.

Жезказған-Ұлытау өңірінен шыққан тұңғыш дәрігерлердің бірі - Жанабай Ниязбеков. Ол да Омбыдағы жоғары медициналық курсты 1895 жылдары бітірген. Әуелі Атбасарда, содан соң Ұлытау-Кішітау өңіріндегі болыстарда аумақтық дәрігер қызметінде болған. Жанабай Ниязбеков 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысында қол бастаған халық батырларының бірі (143.24-34). Сол жылы патша үкіметінің жазалаушы отрядымен Жезказған қаласынан оңтүстікке қарай елу шақырым жердегі Қаражарда өткен шайқаста Жанабай бастаған сарбаздар жанқиярлық ерлік көрсетіп, жөңкіле көшкен казак ауылдарына Жетіқоныр құмдарына кіріп кетуге




Екінші қатарда оң жақтан бірінші Жанабай Ниязбеков. Атбасар қаласы, 1905 ж.

мүмкіндік тудырған (18.162-166). Сөйтіп, бейбіт халықты жазалаушы отрядтың қыруынан аман алып қалған. Ұлт-азаттық көтерілісінің белгілі батыры Жанабай Ниязбеков 1920 жылы Жезді жерінде ұзаққа созылған ауыр науқастан қайтыс болған.

Қазан төңкерісіне дейін Ұлытау-Жезказған өңірінен шыққан қайраткер тұлғалар қатарынан Асан (Хасан қожа) Беккожин да өз орнын алуға тиіс. 1859 жылы орта шаруа, діндар, мұсылманша терең сауатты азаматтың отбасында дүниеге келген қабілетті бозбала өз үйінде арабша жақсы білім алғаннан кейін орысша оқуға айрықша құштарлық білдіреді. Әуелі Атбасарда екі жылдық орыс мектебін бітіріп, содан соң Омбыда тілмаштар дайындайтын мектепте оқиды. Жазу-сызуға қабілетті жігіт "Дала уалаятының газетінде" казак тұрмысынан мақалалар да жариялап тұрған. 1885 жылы "Таңбалы тасқа" Ақмола қаласының әскери дәрігері Л.И.Кузнецовпен бірге барып, тастағы жазуларды оқып, бұл жайлы танымдық еңбек жазған.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде қай жағынан да сауатты Асан Беккожин қалың елге жол көрсетіп, жазалаушы отрядтардан аман құтылуға көмегін тигізеді. "Бағаналы хандығы" құрылғанда ханның сыртқы істерге жауапты уәзірі болып сайланады. Ел құрметіне бөленген ардагер



Асан Бекхожин

азамат Асан Бекхожин 1921 жылы Сарыкөңгір өзені бойында қайтыс болған.

Жезказған өңіріндегі Жезді болысының жерінде 1894 жылы туған Ахмет Баржаксинның казак әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесі орасан зор. Ол Атбасардағы екі сыныптық орыс-казак мектебін, 1918 жылы Омбының мұғалімдер семинариясын, 1922 жылы сол қаладағы ауыл шаруашылық институтын бітірген. Жерлесі Бірмұхамед Айбасовпен бірге "Бірлік" ұйымын (Омбы) құруға белсене қатысқан.



Ахмет Баржаксин


Оқу-ағарту, мәдениет мәселелері жайлы көптеген мақалалары мен әңгімелері өз заманындағы "Қазақ", "Алаш", "Сарыарқа", "Үш жүз" газеттерінде басылды.

Ол аудармашылықпен, ауыз әдебиетін жинаумен тиянақты түрде айналысты. Л.Н.Толстойдың бірнеше әңгімесін қазақшаға аударып, "Айқап" журналында жариялады. Ел тұрмысы, салт-дәстүр туралы еңбектері Орыс географиялық қоғамының Хабаршыларында жарық көрді.

Әдебиет саласындағы жұмысын мемлекеттік басқару саласындағы қызметімен ұштастыра білген Ахмет Баржаксин 1923-1924 жылдарда Қазақ тұтынушылар одағының төрағасы, 1925 жылы Атырау комитетінің Ұлт бюросының нұсқаушысы (Мәскеу), 1926 жылдан Центрсоюздың Берлиндегі меңгерушісі болды. Көзі ашық азамат кеңес үкіметі мен большевиктер партиясының ұлт мәселесіндегі әділетсіздігін ашық айтып, 1928 жылы желтоқсанда өз еркімен партия қатарынан шықты.

Сол жылы А.Баржаксинге "троцкийшіл" деген айып тағылып, Батыс Сібірге жер аударылды. Жазасын өтегеннен кейін 1934 жылы Омбы ауылшаруашылық институтында мұғалім болды. 1935 жылы ОГПУ үштігінің үкімімен атылды. А.Баржаксин өзінің қысқа ғұмырында артына орасан мол әдеби, ғылыми мұра қалдырған адам. Өкінішке орай, оның еңбектері өз зерттеушілерін осы күнге дейін күтіп жатыр.

Жиырмамыншы ғасырдың бас кезінде Жезказған-Ұлытау өңірі өрендерінің оқуға айрықша ұмтылысы болғаны байқалады. Осы ретте мына бір деректі келтіре кеткеннің артықшылығы жоқ. Омбыдағы орта дәрежелі ауылшаруашылық училищесінде 1916 оқу жылында оқыған 10 қазақтың үшеуі бағаналы болыстарынан екен. Училищеде Ұлытау болысынан Бірмұхамед Айбасұлы, Жезді болысынан Смағұл Сүлейменұлы Қазбеков және Сарысу болысынан Рахымбек Аухауұлы Толысбаев



Смағұл Қазбеков және Елизавета Әлімханқызы Бөкейханова. Мәскеу, 1923 ж.

оқыпты. Бірмұхамед Айбасұлы жөнінде айтып өттік.


Жезді өнірінде 1897 жылы дүниеге келген Смағұл Қазбеков Омбыда алған орта білімін әрі қарай жалғастырып, 1922 жылы

Мәскеудегі Тимирязов атындағы ауылшаруашылық академиясын бітірген. 1929 жылы академик Н. И. Вавилов ұйымдастырған ғылыми экспедиция құрамында Солтүстік және Оңтүстік Америкада іссапарда болды. Ол 1925-1926 жылдарда Қазақстанның жер шаруашылығы Халық комиссары болған. Қазақстанда ауыл шаруашылығын ғылыми негіздеудің жоспарын жасаған. Қазақстаннан шыққан алғашқы ғалым-агроном ВАСХНИЛ-дің Орта Азиядағы бөлімшесін басқарған. Білімді азамат 1937 жылғы құғын-сүргінге ілініп, тұтқынға алынып, 1938 жылы ату жазасына кесілген. Оның атында Жезқазған қаласында көше бар.

Омбы архивінде Рахымбек Аухауұлы жайлы әжептәуір деректер сақталған екен. Ол 1889 жылдың 10 желтоқсанында туған. Әкесі – атакты бай. Оқуын енді бітіргелі тұрғанда алыстан білім алуға ұмтылып келіп, екі жыл дайындалып барып оқуға түскен арыстай азамат ауруға шалдығып, қымызбен емделу үшін еліне қайтып кетеді. Бірақ, асқынған ауруы бой бермей, 1918 жылдың қараша айында Сарысу бойында



Омбы ауылшаруашылық училищесінің оқушылары. Бірінші қатарда оң жақтан үшінші отырған Рахымбек Аухауұлы Толысбаев. 1916 ж.



кайтас болады. Рахымбектің бірге оқыған жолдастары Көшке Кемеңгеров, Смағұл Садуақасов, Мұхтар Саматов, Жүніс Баба-таевтар қол қойған қалың елге көңіл айтқан қазанама 1919 жылдың 27 қаңтарында "Жас азамат" газетінде жарияланады.

Бүгінгі күн биігінен ойлап қарасак, Жез-қазған-Ұлытау аймағын жайлаған елдің арасынан білімге, оның ішінде ауыл шаруашылығы саласының білікті маманы болуға қызығушылық сол кезеңде бұл өлкеде мал шаруашылығының жедел қарқынмен өріс-тегенімен сабақтасып жатқан сияқты. Белгілі жазушы Сабыр Шарипов 1924 жылы жарық көрген "Бағаналы елінің жайы" атты мақаласында (143.289-299): "Бағаналы елінің жеті мың төрт жүз отыз бес шанырағына қарасты қырық мың жан болатын. Найманға қараған бай ру еді. Орта есеппен, уақ жандықтарын ірі малға шакқанда, әр шаныраққа отыз төрт қарадан келетін..."

Бұл ел жері жайлы, оты мол, суы жеткілікті болған себепті өткен мешін жылғы және ілгергі жұттарға бой бермей келген.

...Мал өз аяғымен күн көретін болған соң шөп шаппайтын...

1915 жылы қазынаның бидайы Атбасар, Балкашин дейтін жерлерден Қызылжарға тартылғанда Бағаналыдан жиырма төрт мың түйе жиналған... Кіреге айдалған түйенің жартысы жолда қырылып, жартысы елге арықтап келіп қырылған. Бағаналы мұны да елемеген", — деп жазыпты.

Осы бір деректерден ненің де болса құнарлы жерге түссе, өсетінін ескерсек, бүгінгі нарық заманына орай салмақты тұжырым жасауға болады. Ол — Ұлытау-Жезқазған өңірінің ежелден мал өсіруге де аса қолайлы аймақ екендігінде жатыр. Шындығында да бұл өлкеде сол тұста, бір ірі қарамыз он қой десек, 2,5 миллион бастан астам уақ жандық өсіп-өрген деуге болады. Ал, патша үкіметі есепке алмаған түйе малының пәленбай мыңға жеткенін көзге елестетудің өзі қиын.

Бұдан шығатын қорытынды: бүгінгідей мемлекет тарапынан қолдау болып отырған кезеңде осы өңір үшін дәстүрлі мал шаруашылығын өркендетуге күш салу қажет.




Жезқазған,
Жездінің бұл қатпарынан,
Еліме иен ырыс ақтарылған.
Осында жүр жастары, қарттары да,
Қанышынан үйреніп, хат таныған.
Хат таныған,
Басына бақ дарыған...

Мұқағали Мақатаев

ҚАРСАҚБАЙДАН
БАСТАЛҒАН
ҚАДАМ







Кәсіпкерлер қызыққан қазына

Қазақ жерінің, әсіресе, ежелгі металлургия мекені Ұлытау-Жезқазған өңірінің қазына байлығы Ресей мемлекетін қызықтырмаған кезі жоқ. 1627 жылы жасалған "Үлкен сызық кітабында" тыңшы-саяхатшылардың, елшілердің және т.б. жинаған мәліметтері негізінде Қазақ хандығының батыс және орталық бөлігінің геологиялық және географиялық сипаттамасы келтірілген. Онда Ұлытаудағы және Жыланшық өзені бойындағы пайдалы қазбалар жайлы айтылады (103.158-159).

Қазақ хандығының жер ауқымы, табиғаты мен қазба байлықтары жайлы мәлімет жинақтау Петр I патшаның кезінде қатты күшейді. Қазақ жерін Азия елдеріне кірудің қақпасы санаған Петр I бұл аймаққа экспедициялар жіберуді көбейтті. Жер байлығын анықтау, зерттеу жұмыстары Қазақ хандығы Ресей империясының құрамына кіргеннен кейін әбден жолға қойылып, отарлау саясатының басты құралдарының біріне айналды.


Қатарынан төрт ғасырдай уақыт бойы қазақ жеріне жіберілген елшілер қазынаға бай өлкені әбден зерттеді. Патша үкіметінің тапсырмасымен осы өңірді басып өткен Д.Губин (1534 ж.), С.Мальцев (1569 ж.), В.Степанов (1594 ж.), А.Неприпасов пен В.Кобяков (1692 ж.), Ф.Скибин мен М.Трошин (1694 ж.), С.Ремезов (1707 ж.), Даниил Готлиб Мессершмидт (1720-1725 жж.), И.Фальк пен П.Паллас (1768-1774 жж.), Н.П.Рычков (1771 ж.), Т.С.Бурнашев пен А.С.Безносиков (1794 ж.), Д.Телятников (1796 ж.), М.С.Поспелов (1800 ж.), Ф.П.Назаров (1813 ж.), Ф.К.Набоков (1814 ж.), И.П.Шангин (1816 ж.), М.И.Иванин (1835-1836 жж.), А.И.Шренк (1840 ж.) және тағы да басқа елші, тыңшы, барлаушылардың еңбектері негізінде қазақ даласы,

оның жер асты байлығы жайлы орасан зор мәлімет жиналды.

Осылардың ішінен нақты нәтижелілігі жағынан Троицк камалының коменданты подполковник И.Феофилачев және кен инженері штабс-капитан Генс пен маркшейдер Герман басқарған экспедицияның жұмыс сапары жемісті болды. Бұл сапарға олар Орынбордың әскери губернаторы князь Г.С.Волконскийдің нұсқауымен 1814 жылы шыққан болатын. Себебі, губернатор Ұлытау өңіріндегі Караторғай өзенінің жағасында қорғасын шығатын Қорғасынтау деген жер бар екенін, оның кенінен қазақтар үй бұйымдарын, мылтыққа оқ дайындайтынын және Троицк базарына металл құймаларын әкеліп сататынын ұзынқұлақтан есіткен еді. Экспедиция мұның шындық екендігін анықтады. Подполковник Феофилачев: "Инженер Генстің анықтауы бойынша қорғасын кені биіктігі 42, ұзындығы 500 сажень таудан шығады, ол Троицкіден 689 верста (1 верста = 1,06 км) жерде тұр" деп Орынборға хабар береді.



XIX ғасырдың 70 жылдарында кәсіпкер көпес Железновтың иелігінде болған Қорғасын зауыты



Келесі 1815 жылы жасакталған 1600 адамнан тұратын үлкен экспедиция Троицкіге жүздеген пұт кен казып апарды. Олардан Миасс заводында аса сапалы қорғасын, күміс, мыс және таза алтын балкытып алынды. Осы экспедиция бір аптаның ішінде Ұлытау өңірінен пайдалы казбалардың 47 түрін тапты. Бұл оқиғаға байланысты Санкт-Петербуркте Александр I-ші патшаның әмірімен күмістен ескерткіш медаль кұйылды. Оның бетіне таудан асып көтеріліп келе жатқан күн, басына екі басты самұрық қонған және пальма гүлтәжі көлденең оралған салтанат бағаны, сондай-ақ төгіліп жатқан алтын ақшалар, соған масаттанып, Ұлытау жаққа карап тұрған аттылы-жаяу орыс солдаттары мен түйеге мінген бір казак бейнеленген. Медальдің үстінгі жиегіне: "Еуропа Ресейді данкымен құрметтейді, Азия оған өзінің байлығын ашады" деген, төменгі жағына "Қырғыз даласында 1814 жылы ашылған Благославленный кеніші" деген сөздер жазылған (144.11-12).

Маркшейдер И.П.Шангин басқарған экспедиция 1816 жылы 5 ай бойы Ұлытау өңіріндегі Терісаккан, Каракеңгір өзендерінің бойында зерттеу-барлау жұмыстарын жүргізді. Көне кен орындарынан алынған үлгілерді тексергенде орта есеппен бұл жерлердің 1 пұт кенінде 2 фунт (1 фунт = 409,5 грамм) мыс бары анықталды.

Қазак даласында пайдалы казбалардың мол қоры жатқанын байқаған патшалық Ресей оны игеру үшін орыс кәсіпкерлеріне барынша мүмкіндік жасауға тырысты. 1838 жылдың 30 сәуірінде қабылданған Сібір мен Қазак даласындағы жеке алтын өндірісі жөніндегі Ережеге сәйкес алтын мен баска да металдар өндіруге дворян тектілерге, құрметті азаматтарға, 1 және 2 гильдиялы көпестерге, сондай-ақ кен мамандарына шектеусіз рұқсат етілді (94.49).


Бұл өңірдің кен байлығын игеруге талаптану тарихы петропавлдық (әрі екатеринбургтік) 2 гильдиялы көпес, орыстанып кеткен еврей кәсіпкері Никон Аврамович Ушаковтың есімімен тығыз байланысты. Атбасар округі бағаналы болыста-



Ұлытау жерінен алынған кеннен 1814 жылы құйылған ескерткіш күміс медаль

рына сауда жұмысымен (казак даласынан мал жинап, оны Ресейдің орталық губернияларына қымбатына сату) келіп жүргенде өзіне жолбасшылық жасағандар көрсеткен кентас үлгілерінен бұл өңірде мыстың, тағы да баска құнды металдардың мол қоры барын байқаған ол, Кенесары хан тарапынан қауіп сейілген бойдан, көздеген мақсатына жетуге құлшына кіріседі. Оның өз әріптес-бәсекелестері, Баянауыл-Қарқаралы-Балқаш аралығында мыс, күміс, қорғасын, алтын өндірістерін ашып, керемет байыған ағайынды Поповтардан қалғысы келмеді.

Н.Ушаков кәсіпкерлікке алғашқы қадамын 1846 жылдың 29 сәуірінде Алтай зауыттары бастығынан Батыс Сібірдің сыртқы аймағына (казак даласына) барлау жасап, кен орындарын ашуға рұқсат алудан бастады. Ол сол жылдың қараша айында генерал-губернатор П.Д.Горчаковқа жазған өтінішінде Ұлытаудан оңтүстік-шығысқа қарай 100 шақырым жердегі Жезқазған тауларынан мыс кенін ашқандығын




хабарлайды. Арада бір жыл өткенде, 21 қыркүйекте, жазылған екінші өтінішінде осы мандағы Жанай тауынан 2 жерден (Жанай мен Есқұла) мыс кенінің табылғандығын жазады (145). Ал, қарашаның 11 күні Көкшетау дуанының аға сұлтанына өтініш білдіріп, оған Жезказған жеріндегі өзі шартты түрде Покровск, Златоустовск, Никольск, Крестодвиженск, Спасск, Петропавловск деп ат қойған бай мыс кендерінің құжаттарын тапсырады. Әр кен орнына ашылған журналдарда оның аумағы, қай рудын иелігіне жататыны болыстар мен билердің, ауыл ақсақалдарының (старшиналар) қол, мөр, танбаларымен бекітіледі. Кен көзіне арнаулы темірден құйылған белгілер орнатылып, оларға П.П.П.П. 2Г. К.Н.А.У. (Починный пункт прииска Петропавловского 2-ой гильдии купца Никола Аврамовича Ушакова) әріптері және

кен ашылған мерзімі (күн, ай, жыл) ойып жазылады (146).

Ушаков осындай әдіспен 1852 жылға дейін Жезказған, Ақмола, Көкшетау, Ұлытау, Ақтау, Ортау, Тоқырауын, Баянауыл, Қарқаралы өңірлерінен 30-ға тарта кен орнын өзі басқарған серіктестік атына бекітіріп шықты. Оның 23-і мыс кені болатын. Дегенмен Ушаков серіктестігінің осы кен орындарының бәрін игеруге мүмкіндігі болмады. Олар алдарына мұндай мақсат қойған да жоқ. XIX ғасырдың 2-ші жартысында серіктестік иелігіндегі кен көздерінің Спасск және Қызыл-Еспе (Ақшатау) маңына таяу, тасымалға көп шығын қажет етпейтіндері ғана іске қосылды. Осы себеппен әрқайсысы Ибескі-Жұртшы-Қожас болысының басқарушысы Бабыр Бөкеншіұлынан 100 сом ақшаға жалға алынған Ұлытау-Жезказған өңіріндегі алты кен





орнынан XX ғасырдың басында қазақ жеріне шетел капиталы кіргенге дейін бір мысқал металл өндірілген жоқ.

Кен орындарын арзан алып, қымбат сатуды көздеген алпауыттардың қазақ даласында Н.Ушаков, А.Рязанов, Н.Севостьянов, Т.Зотов сияқтылар кірген серіктестігі құрылды. Осы Рязанов бастаған серіктестік акыры 1908 жылдың 24 қыркүйегінде Жезқазған жеріндегі алты мыс, Байқоңырдағы көмір кен орындарын 1906 жылы Лондонда құрылған "Атбасар мыс кен орындарының акционерлік қоғамының" сенімді өкілі фон-Штейнге 260 000 сомға сатып жіберді.

Сол тұста Орталық Қазақстанда ағылшын және француз кәсіпкерлері 1904 жылы құрған аса ірі "Спасск мыс кеніштерінің акционерлік қоғамы" жұмыс істеп тұрды. Оның басқарма төрағасы болып ағылшын парламентінің мүшесі Артур Фелль, орынбасары болып аса ірі француз капиталисі Франция президентінің ұлы Клод Эрнест Жан Карно сайланған болатын. Жезқазғанның бай кені үшін тартыс акыры осы қоғамның жеңісімен аяқталып, 1913 жылы Жезқазғанның мыс, Байқоңырдың таскөмір кен орындары мен құрылысы жана басталған Қарсақбай мыс зауыты спасскіліктердің меншігіне, оның қаржы және өндіріс алпауыты Лесли Уркварттың иелігіне өтіп кетті (147.10-22).

Жезқазғанға 1908-1911 жылдар аралығында келіп қайтқан ағылшын инженері

Н.А.Ушаков Ұлытау өңірінде





Гарвейдің, америкалық мамандар Титкомб, Саймон және Боллдың хабарларынан кейін сен бұзылып, геологиялық зерттеулер жанданып, 1913-1915 жылдар аралығында тереңдігі 60-80 метрлік 18 шахтаның окпаны қазылды. Кен өндіру жұмыстарында жалданған қазақтар ғана болды. 1913 жылы бірінші орталық шахта дайын болды, алайда байыту және мыс балқыту кәсіпорындары болмаған соң ол іске қосылған жоқ. Шетелдіктер 1124 пұт Жезқазған кенін 1916 жылы 400 шақырымдай жердегі Сарысу фабрикасына кіремен жеткізіп, сынақтан өткізді. Кен құрамында мыстың өте мол екендігі тағы да дәлелденді (144.68-77).

Шетел алпауыттары 1913 жылы мыс қорыту зауыты мен байыту фабрикасының құрылысын салуға кірісті. Құрылыс мамандарын сырттан жалдау қажет болды (148.15). Сол жылы Қарсақбайға ағылшындарға жалданған ресейлік 300 жұмысшы әкелінді. 1916 жылға дейін олардың саны екі есе өсіп, Ұлытау өңіріндегі Қарсақбай, Жезқазған, Байқоңыр кәсіпорындарында орыс жұмысшы табы қалыптасты (27.315).

Салынып жатқан зауытқа қажетті материалдар мен құрал-жабдықтар Орынбор-Ташкент темір жолының бойындағы Қарсақбайдан 315 шақырым жердегі Жосалы станциясынан жеткізілді. Жүк қазақтардан жалға алынған 1 мыңнан астам түйемен тасылды. Бірақ бірте-бірте салмағы бірнеше тоннаға жететін ауыр машиналар мен құрал-саймандар келе бастағанда, оларды бөлшектеп түйемен тасу мүмкін еместігі байқалды.

Ауыр құрал-жабдықтарды Қарсақбайға жеткізуге ағылшындарға бақандай үш жыл уақыт қажет болды. Техниканы олар 5 паровоз сүйреткен 278 вагоннан тұратын теміржол "керуенімен" әкелді. Ол үшін Жосалыдан Қарсақбайға қарай 13 шақырымдық рельс төселді. Состав осы жолдың басына жеткенде, оның артқы жағы жиналып алынып, алдыңғы жаққа әкелініп, жолды ұзартып отырды. Шетелдік алпауыттар шөл далада тұрақты жол салып,




артық шығынға батқысы келген жоқ. Шамасы, ерте ме, кеш пе, бірібір түбі кететіндерін білген болулары керек.

1914 жылдың 10 карашасында басталған "керуеннің" сапары 1917 жылдың 8 қазанында әзер аяқталды. "Керуен" Қарсақбайға сол күні жетті. Ресейдегі революциялық дүмпу зауыт кожаларын қатты алаңдатып, көңілдеріне қобалжу туғызды. Олар жеткізілген құрал-жабдықтарды жедел орнатуға тырысты, біразы қондырылып та үлгерілді. Ағылшындар өндіріске қажет 16 негізгі және қосалқы объектіні салып бітірді. Әділін айтсақ, олар әлеуметтік саланы да назардан тыс қалдырған жоқ. Акционерлік қоғам 17212 шаршы метр болатын 128 тұрғын үй және 17 қазарма (жатақхана) салды (149). Алайда арзан жұмыс күшін барынша пайдаланған шетелдік қожайындар төлейтін еңбекақы мөлшері тым төмен еді.

Жезқазған кеніштері мен Қарсақбай зауытының құрылысындағы жұмысшылардың еңбекақысы да мардымсыз болды. Мысалы, завод құрылысына қажетті саз балшықтан құйылған 1 мың кірпішті дайындауға 6 сом 26 тиын, әктастың әрбір пұтына 25-30 тиын, ал қалаған кірпіштің әрбір шаршы сажынына 6 сом төлемақы берілді. Салыстыру үшін азық-түліктің баға-

лары жөніндегі кейбір мәліметтерді келтірейік: ұнның 1 пұты — 1 сом 30 тиын, кант — 11 сом 20 тиын, ет — 6 сом, шайдың бір фунты — 2 сом 88 тиын болды. Бұл баға соғыс басталғаннан кейін 2-3 есе өсіп кетті (144.88).


Кәсіпорындағы қазақ жұмысшыларының басқа ұлт өкілдерімен бірге ұдайы бой көрсетіп отырған наразылықтары 1916 жылдың шілде айындағы патшаның қазақтарды майдандағы қара жұмысқа алу туралы жарлығынан кейін қарулы көтеріліске ұласты. Олардың көпшілігі жұмыс орындарын тастап, Аманкелді Имановтың сарбаздарына қосылды. 1916 жылдың жазында Спасск акционерлік қоғамының Ақмола облысының әскери губернаторына жіберген хабарламасында: "Бізге қарасты Ақмола уезіндегі Спасск мыс зауытында, Өспен, Қарағанды кеніштерінде және Атбасар уезіндегі Қарсақбай зауытында, Жезқазған кенішінде қара жұмыстарды, әрі кеніштер мен заводтардың, темір жол станцияларының арасындағы тасымалдау жұмыстарының барлығын қазақтар атқаратын. Кейінгі кезде олардың көбі жұмыстарын тастап, қашып кетті. Сол себепті мемлекеттің қорғаныс ісіне өте қажетті жұмыстарымызды жалғастыруға мүмкіндігіміз жоқ", — деп жазды.



Қарулы көтеріліске шыққан казактар жұмысты ғана тоқтатып қойған жоқ. Кәсіпорын иелеріне материалдық зиян да шектірді. Мысалы, Байқоныр-Қарсақбай-Жезқазған тар табанды темір жол желісін салумен айналысқан М.Литвиновтың құрылыс кенсесі казактардың жұмысты тоқтатқанынан 39799 сом зиян шексе, көтерісшілердің қолында кеткен мүліктер мен еңбек құралдарынан көрген шығыны 27679 сом болды (144.89).

Жатжерлік алпауыттардың еңбектерін қанап, байлығын сорған озбырлықтарына казактар осылай қарсылық көрсетті. 1917 жылы бүкіл Ресей империясында басталған саяси төңкеріс өлкенің саяси-әлеуметтік және экономикалық өміріне де түбегейлі өзгеріс әкелді. Алдымен Ресей, одан кейін шетелдік кәсіпкерлердің меншігі болған кәсіпорындар енді кенес өкіметінің қарауына көшті. Ежелгі Ұлытау жерінде өнеркәсіп тарихының жаңа кезеңі басталды.





Үлкен Жезқазғанның бастауында


РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесі 1918 жылы 11 және 17 мамырда Қазақстанның барлық тау-кен өндірісі кәсіпорындарын, оның ішінде Қарсақбай мыс балқыту зауытын, Жезқазған және Байқоңыр кеніштерін ұлттық меншікке өткізу туралы Қаулы қабылдады. Алайда бұл шараны жүзеге асыруға азамат соғысы бөгет жасап, кәсіпорындар қаруланған ерікті жасақтардың күзетіне алынды.

Осы ретте Қарсақбай зауытының негізгі құрал-жабдықтарын бүлдіртпей, 1925 жылға дейін сақтап қалған А.Комиссаров, И.Деев, П.Холмецкий, Н.Саусаков, Ж.Жанбосынов және солар секілді ондаған жұмысшылар мен мамандарды ризашылық сезіммен еске алуымыз керек. Олар бұл шаруаны мемлекет тарапынан болмашы ғана ақы алып атқарды (150).


Ағылшындарды Жезқазған мысының қызықтырғаны соншалық, олар жиырма-сыншы жылдарда бірнеше мәрте Қарсақбайға ие болып қалуға талпыныс жасады. Бұл тұрғыда олар кез келген шартты орындауға: жұмысшыларға кенестік жалақы жүйесімен айлық төлеуге, әлеуметтік сақтандыру шараларын ұйымдастыруға дайын екендіктерін көрсетті. Қысқа мерзімде геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізіп, Жезқазған кенішіне дейін теміржол салатындықтарын білдірді. Алайда ағылшын алпауыттарының ұсынысы үзілді-кесілді қабылданбады. Түптің-түбінде мәскеудегілер Жезқазған мысының елдің өзіне қажет екендігін ұқты. Онда 1925 жылдың 10 маусымында бүкілодақтық "Атбасартүстіметалл" тресін құру туралы шешім қабылданды. Қарсақбай мыс балқыту зауытын және кеніштерді іске қосу міндеті осы мекемеге жүктелді.

Тресті басқарушылар құрамына қажырлы инженер Степан Степанович Дыбец та-

ғайындалды. Басқарма мүшелері болып инженер Игнатий Игнатьевич Логин, металлург Константин Иванович Бронзос, геолог Қаныш Имантайұлы Сәтбаев және 1905 жылғы Мәскеудегі қарулы көтеріліске қатысканы үшін Байқоңырға жер аударылған фельдшер Иван Васильевич Деев кірді. Мемлекеттік (ұлттық) меншікке алынды деген аты болмаса, темір жол да, мыс пен көмір кеніштері де, мыс зауыты мен байыту фабрикасы да жұмыс істемейтін, олар түгіл А.Комиссаров бастаған 90 күзетшіден басқа жұмысшы да жоқ еді. "Атбасартүстіметалл" тресі ашылған кезде Қарсақбайда бар болғаны бұрын әкелінген құрылысшылардан 29 маман орыс қана қалған болатын. Бұл жағдайды қалжыңға айналдырған Степан Степанович Дыбец:



Ағылшындар тұсында Жезқазғанда салынған шахта



"Бір жағымызда – арқандалған бүрге, екінші жағымызда – шынжырланған тарақаннан басқа дымымыз жоқ", – деп күледі екен.

Шынында да еңбек жеңістеріне апарар жол әлі ұзақ еді; күнделікті атқарылар қалын шаруа бас көтертпейтін. Кен орындарын барлау, оны жер қойнауынан алып шығу, сосын алтын түсті металға – мысқа айналдыру қол жетпейтін армандай еді. Шешім бойынша қысқа мерзімде мыс балқыту зауытын, байыту фабрикасын, су қоймасын салып, Жезказған мен Байқоңырдағы ағылшындар суға толтырып кеткен шахталарды аршып алып, 120 шақырымдық тар табанды теміржолды іске қосу керек.

Неден бастаған жөн? Қазақта: "Сусыз өмір жоқ", – деген аталы сөз бар. Мыс бұлағын ағытпақшы болғандар барлық күшжігерлерін алдымен Қумола өзеніне бөгет салуға жұмсады. Жана құрылысқа манайдағы ауылдардан көп жұмысшы келді. Бөгет салуды бас инженер Михаил Федорович Наумов пен шебер құрылысшы Жүсіп Жанбосынов басқарды.

Қысқарта айтқанда алға қойылған ізгі мақсаттар өте жылдам атқарылды. Мыс кені, зауыт және көмір шахталары аралығына тар табанды теміржол тарту аяқталды. Жаңадан келген жұмысшыларға арнап 85 тұрғын үй салынды.


Бөгет жөндеуден өтіп, ауызсу қоймасы қайтадан тазартылды. Электр станциясының құрылысы 1926 жылы аяқталып, қарсақбайлықтардың үйлеріне электр жарығы барды.

Құрылыстардың бірінен соң бірі пайдалануға беріліп жатты. Комбинат ұжымының жанқиярлық еңбегі 1927-1928 жылдың қатал қысында да толастаған жоқ. Ұн және басқа да негізгі азық-түлік Атбасардан тасылды. Сол қыстағы қарлы борандар, көктайғақ мұз кәсіпорынды сыртқы дүниеден бөліп тастады. Азық-түлік тапшы болса да, адамдар жұмысты жалғастырып жатты.


Тек 1928 жылдың көктеміне қарай, автокөлік пен күш көлігін пайдалануға мүмкіндік туғанда ғана, бүкіл құрал-жабдық комбинатқа жеткізілді. Содан күзге дейін оларды қондыру және тексеру жұмыстары жүргізілді.



Қарсақбайға маман жұмысшылар, құрал-жабдықтар және құрылыс материалдары Жосалыдан жеткізілетін. 1926 ж.



Қарсақбай мыс зауыты, Жезқазған кеніші және Байқоңыр көмір өндірісінде қолданылған құрал-жабдықтар (Жезді мұражайы)



Қыркүйектің 16 күні ұзақ уақыт қыздыруды қажет ететін шағылу пеші жұмысқа қосылды. 10 қазанда ондағы қызу 1400 градусқа жеткенде, пешке шихта салынды. Сол 1928 жылдың 19 қазанында 23 сағатта тұнғыш Қарсақбай мысының құймасы алынды (148.64). Бұл біздің әкелеріміздің үлкен ерлігі еді. Осылайша қасиетті Ұлытау жерінде мысты өлкенің қазына байлығын әлемге әйгілеген алып комбинат дүниеге келді.

Алғашқы балқымаға арналған салтанатты жиналысқа қатысушылар М.И.Калининге жолдаған жеделхатында былай деп жазды: "Жұмысшылар мен әкімшілік-техникалық қызметкерлерінің қажырлы еңбегінің арқасында Қарсақбай комбинатының бас мыс балқыту зауыты үкімет межелеген мезгілде іске қосылды... Жезқазған мыс кеніші мен Байқоныр көмір шахталары зауытты шикізат және отынмен қамтамасыз ету мақсатында жұмыла жұмыс істеуде. Қарсақбай металлургтері теміржолсыз, Бетпақдаланың бір қиырындағы өте мөте ауыр жағдайға қарамай, тосқауылдың бәрінен абыроймен өтті... Үш мың жұмысшы және әкімшілік-техникалық құрамның атынан БОАК сессиясына пролетарлық сәлем жолдаймыз және өзімізге үкімет қойған тапсырманы алдымызда қандай қиындықтар тұрса да орындап шығатынымызға сендіреміз" (151).


Шындығында да бұл үлкен тарихи оқиға болды. Қарсақбай комбинаты кенес дәуіріндегі тек Қазақстандағы ғана емес, бұрынғы КСРО-дағы салынған мыс өндіретін ең тұнғыш кәсіпорын болатын. Көптеген металлургтер мемлекеттік наградаға ие болды. Әрине олардың ішінде Қарсақбайдағы алғашқы мыс балқымасын алғандардың бәрі бар. Ұлытау өнірінде бүгінгі күнге дейін Қарсақбайдың тұнғыш металлургі Қозыкен Жампейісовтің есімін құрметпен атайды. Ол Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. Алғашқы балқыманы ол жұмысшылар А.К.Комиссаров, М.Жүсіпов, М.Көккөзов және металлургия цехының бастығы И.А.Стригиндермен бірге құйған болатын.

Қозыкен Жампейісов секілді металлургтер Қарсақбайда аз болған жоқ. Зияда Ысқақов, Батырбек Дәуітбаев, Алмағамбет Наурызбаев, Рахымбек Байтасов сияқты қазақ мыс қорытушыларының үлкен шоғыры осы кәсіпорында өсіп жетілді.

Ұлытау-Жезқазған қойнауындағы байлықты ашуда, түсті металлургия өндірісі мен Қарсақбайдың өркендеу тарихында Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтан қалған із ешқашан өшпейді. Томскідегі технологиялық институтты сәтті бітірген қазақтан шыққан тұнғыш инженер-геолог Қ.Сәтбаев "Атбасартүстіметалл" тресіне қызметке жіберіледі. Ол 1926-1929 жылдарда трестің геологиялық тобының жетекшісі, содан трест Қарсақбайға көшірілген 1929 жылдан комбинаттың геологиялық бөлімінің бас геологы, бастығы, кейіннен, 1941 жылдың шілде айына дейін Жезқазған геологиялық-барлау партиясының бастығы болды. Қарсақбайда еңбек еткен алғашқы жылдарында-ақ Сәтбаев Ұлытау-Жезқазған өнірін "геологиядағы Эльдorado" деп атады. Қ.И.Сәтбаев Жезқазған қойнауында жүз мыңдаған емес, жүз миллиондаған тонна кен жатыр және бұл жерден осы кезге дейін Еуропаның да, Американың да түсіне кірмеген көлемде мыс өндіруге болады деп есептеді.

Сәтбаев өзінің бұл тұжырымын ғылыми тұрғыдан да, іс жүзінде де дәлелдеп шықты. Әсіресе, мәскеулік ғалымдар, мамандар тарапынан қаншама мықты қарсылыққа ұшыраса да, ол Үлкен Жезқазған жайлы жүрегіндегі жоспарын табандылықпен іске асырды.

Жезқазған біртіндеп болашағы мол, ең үлкен мысты аймаққа айналды. Геологиялық барлау жұмыстарының көлемі ұлғайған сайын, кеннің жана бай желілері де көбірек табылды. "Қарсақбай ауданы және оның болашағы" деген мақаласында Қ.Сәтбаев: "Жезқазған мүмкіндігі жағынан дүние жүзінің бай мыс аймақтарына жатады және болашақта Американың бел-



гілі мыс орындарын басып озады", — деп жазды (144.132).

Сәтбаев бастаған Жезқазған геологтарының тынымсыз еңбектерінің арқасында өлкенің кен қорының көлемі жана мәліметтермен толыға түсті. Егер де 1935 жылы оның жалпы барланған мөлшері 3 млн. тонна деп бағаланса, 1938 жылы ол 4 млн. тоннадан асып кетті.

Алып комбинат құрылысының басталуына субъективті көзқарастар қанша бөгет болғанымен, оны енді тоқтату мүмкін емес еді.

Салынуға тиісті Жезқазған комбинатының құрамына Жезқазған мыс кеніштері, байыту фабрикасы, мыс балқыту зауыты, жылу-электр орталығы, жөндеу-механикалық зауыты және басқа қосымша кәсіпорындар, екі қала кіруі тиіс болды.

Сарыкөңгір және Қаракөңгір өзендерінің су қоры негізінде кәсіпорын үшін аса қажетті Кеңгір су қоймасын салу да 1940 жылдың қантарында басталып, көктемгі су тасқынының жылдағыдан ерте басталғанына қарамай, сол жылдың мамырында сумен толтырылып, сынақтан өткізілді.

Сонымен, 1940 жылдың аяғында Үлкен Жезқазған құрылысын кең ауқымда жүргізуге негізгі алғы шарттардың барлығы қалыптасты...

1940 жылдан бастап Үлкен Жезқазған құрылысының КСРО Ішкі істер халкомының ГУЛАГ жүйесіне берілуі оны мыңдаған тұтқындардың еріксіз еңбегіне негізделген әскери-казармалық кешенге айналдырды.

Негізінен қуғын-сүргінге ұшыраған 70 мыңдай адам жұмысқа жегілген Қарағанды лагері (КарЛАГ) 1930 жылы құрылған болса, 1940 жылы оның Кеңгірде (қазіргі Жезқазған қаласы тұрған жер) орналасқан үлкен бөлімшесінің негізінде Дала лагері (СтепЛАГ) ашылып, Ұлытау өңірінің Қарсақпай, Байқоңыр, Жезді, Жезқазған сияқты өндіріс орталықтарынан басты-басты бөлімшелері ұйымдастырылды. Жезқазғандағы мыс өндіретін кәсіпорын 1943 жылдан бастап, "НКВД Жезқазған еңбекпен түзеу лагерь-комбинаты" деп аталды.

Ө Л К Е Т А Н У

ӨРІСІ



**Шайқысылам
Аймышев
(1920-2004)**

Қазақ шежіресінің тамаша білгірі. Ел аузындағы әңгімелерді жинақтаушы. Ұлытау өңірінің ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі тарихы тақырыбына жазған көптеген мақалалары баспасөз беттерінде жарық көрген.



Орыстарға Кремль қандай қадірменді болса, менінше казак елі үшін Ұлытау да соншалықты қастерлі...

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев





Менің өмірімнің ең жарқын жылдары Ұлытау-Жезказған өңірімен тығыз байланысты. Осы өлкеде жүргізген зерттеулерім, мені, қатардағы инженер-геологты, академик қылып шығарды...

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев







*Жүрсін деп қатар өсіп, қатар өніп,
Кетінті Қаныш өзі бата беріп...
Қос қала. Сәтбаевы — тарлан кенші,
Жезқазғаны — майталман металлург.*

*Тербетсе аясында алтын мекен,
Үлесі Ұлы істерде айтулы екен.
Сәтбаев қаласының көкшіл тасы —
Жез болып Жезқазғанда балқиды екен...*

Қуаныш Ахметов







*Қ.И. Сәтбаевтің
қыздары әке
мұражайында.
Қарсақбай, 1971 ж.*

СтепЛАГ тұтқындарының 90 пайызға жуығы КСРО Қылмыстық Кодексінің 58 бабымен сотталғандар, яғни "отанын сатқандар" немесе "халық жауы" деп айып тағылғандар болатын. Лагерь бөлімшелерінде 30-ға жуық ұлттардың 25 мыңдай өкілдері тозақтан өтті деуге болады. Тұтқындардың басым бөлігін орыстар, немістер, жапондықтар, украиндықтар, венгрлер, румындар, казактар, татарлар, австриялықтар, поляктар құрады.

ГУЛАГ жүйесінде ең ұзаққа — 40 күнге созылған 5200 тұтқын қатысқан көтеріліс 1954 жылы осы СтепЛАГ-тың Кенгір бөлімшесінде болды. Ол танкілер секілді соғыс құралдарын қолдану және мұздай қаруланған 2 полкқа жуық әскердің күшімен басып-жаншылды. Осы көтеріліс талай мың адамға азап шектірген СтепЛАГ-тың күйреуінің басы еді...


Тұтқиылдан басталған Ұлы Отан соғысына байланысты алып комбинат құрылысына тежеу көп болса да, жұмысшы-қызметкерлердің жанқиярлық еңбегі арқасында Қарсақбай, Жезқазған кәсіпорындарында еңбек өнімділігі 4-5 есеге артты. Ал Жездідегі марганец кенішінің ашылуы — Қ.И.Сәтбаевтың тағы бір үлкен ерлігі деуге болады.

Марганец — майдан үшін стратегиялық маңызы зор шикізат. Бұл металл танкілерді

қорғайтын қалқан (броня) жасауға пайдаланылады. Никополь марганеці жау қолында қалып, Чнатураға баратын жол кесілген кезде, танк өнеркәсібінің жағдайы қыл үстінде тұрды. Қ.И.Сәтбаев сонау 1928 жылы-ақ Жезді өзенінің бойынан марганец кенінің мол қорын тапқан еді. Осындай қысылтаян тұста ол 1942 жылы Мемлекеттік Қорғаныс Комитетіне Жездіде марганец кенішін ашу туралы ұсыныс жасайды. Сол бір ауыр күндерде Жезді кеніші небары 38 тәулікте іске қосылып, алғашқы кенін беруге кірісті.

Ғұлама ғалым 1942 жылдың желтоқсан айында майдангер қазақстандықтарға хат жолдап, оның әлкиссасын Қарсақбай мысы, Жезді марганеці, Ұлытау колхоздарындағы ерлік еңбектен бастапты. Ол: "Қазақстанда өндірілетін молибден, вольфрам сияқты сирек металдар Сіздерге қызмет етіп жатыр; олар танктер мен әскери кемелердің қалқанында, артиллериялық қарулардың окпанында, пулеметтер мен винтовкалардың тетіктерінде қолданылуда. Өздерің фашистерге "сыйлап" жатқан әрбір он октың тоғызы Қазақстан қорғасынынан құйылған", — депті хатында.

Бұл хат нағыз патриоттық үндеумен аяқталады: "Туған жерді азғын фашистерден тазартыңдар! Қазақстан жеңімпаз ұлдарын асыға күтеді!"



Сәтбаев – кеншілер қаласы



...Ұлытауға апарар қакпаның қос босағасындай болып тұрған бүгінгі Сәтбаев және Жезқазған қалалары – Қаныш Имантайұлы дүниеге әкелген перзенттер. Ұлығалым өзінің беріректе жарық көрген мақалаларының бірінде: "Менің өмірімнің ен

жарқын жылдары Ұлытау-Жезқазған өңірімен тығыз байланысты. Осы өлкеде жүргізген зерттеулерім, мені, қатардағы инженер-геологты, академик қылып шығарды", – деп жазыпты.




Арқаның арғымақ төс Ұлытауын,
Қасында жүріп қалай ұмытамын.
Көз тойып,
Еңсем өсіп ұлы жерде,
Жырға орай жүрегімді жылытамын.


Айнала көк теңізге ұқсайды екен,
Тау-кеме,
Толқын көші қыспайды екен.
Өзі де ұлылығын ұққандай боп,
Кеудесін көтеріңкі ұстайды екен...

Кәкімбек Салықов

ШЫҒАРМАШЫЛЫК ШЫРАҒЫ СӨНБЕЙДІ







Мұражайлар — жадтың қоймасы, мәдениет ордасы


Ұлытау өңірінің аса бай тарихи-мәдени ескерткіштерін, қайталанбас табиғат байлықтарын қорғау мақсатында Үкіметтің 1990 жылғы 29 қарашадағы қаулысымен "Ұлытау" ұлттық тарихи-мәдени және табиғат қорық-мұражайы құрылды. Бұл мемлекеттік мекеме осы аймақтағы 700-ге тарта тарихи, археологиялық және сәулеттік ескерткіштерді зерттеу, жөндеу-жанғырту және қалпына келтіру жұмыстарымен айналысады. Олардың 30-ы республикалық, 160-ы облыстық және 490-ы жергілікті маңызға ие деп танылған. Ескерткіштердің барлығын құжаттау және өңір тұрғындарына насихаттау жұмыстары үзбей жүргізіліп келеді. Бұл тұрғыдан алғанда қорық-мұражай мамандары тұрақты түрде ғылыми-тәжірибелік семинарлар, экскурсия-

лар, тақырыптық көрмелер өткізіп, лекциялар оқиды. Сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары беттерінде тарихи-танымдық және зерттеу материалдарын жариялап тұрады.

"Ұлытау" қорық-мұражайының жұмысы елімізде Президентіміздің бастамасымен "Мәдени мұра" бағдарламасы қабылданғаннан бері анағұрлым жандана түсті. Осынау кен-байтақ өлкені аспан астындағы ашық мұражай деуге болады. Тарихи ескерткіштерге оның қай қиыры да бай. Сондықтан аудан аумағы бірнеше аймаққа бөлініп, сол манайдағы тарихи жәдігерлерді қорғау, қадағалау үшін жергілікті жерлерден бакылаушылар қабылданған.

Қорық-мұражайды жәдігерлермен жабдықтауға белгілі өлкетанушы Кенжал Бал-





кенов көп еңбек сіңірді. Аудан орталығында орналасқан қорық-мұражайда өлке тарихына, этнографиясына, имандылыққа, қазақ хандығына, Ұлытау өңірінің зиялы қауымына, табиғатына, минералдық қазынасына және сирек жан-жануарлары мен жәндіктеріне арналған сегіз көрме бөлмелері бар. Қорық-мұражай көрермендерге сонымен бірге аудан аумағының қиыр түкпірлерінде орналасқан тарихи жәдігерлер түсірілген 20-дан астам бейнетаспа ұсынады.

Жезказған тарихи-археологиялық мұражайы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1978 жылғы 10 мамырдағы қаулысына сәйкес өмірге келді. Сол кездегі облыс орталығына орналасқан мұражай үшін қажетті жәдігерлерді жинастыру жұмыстары ұзаққа созылып, ақыры ол көрермендер үшін есігін 1988 жылы ғана ашты. Бастапқыда оған тарихи-өлкетану мұражайы деген ат берілді де, бертінде облыс жабылғаннан кейін, 1997 жылдан бастап тарихи-археологиялық мұражай деп аталды. Қорында 22 мыңға тарта жәдігер бар.


Мұражайға қор жинауға, оның ашылуына Ұлытау өңірінің білгір өлкетанушысы Сүтемген Бүкіров көп еңбек сіңірді. Бұл мұражайда Ұлытау-Жезказған аймағы та-



рихына қатысты мол мұра сақталып отыр. Оның жұмысын жолға қоюға Қайырбек Сәдуақасов, Бактияр Қожахметов, Шолпан Төлегенова сияқты өлкетану ісіне шын берілген мамандар үлкен үлес қосты. Бұл кешенде қор сақтау, экспозиция, археология, танымдық-бұқаралық бөлімдер жұмыс істейді. Жалпы ауданы 1000 шаршы метрге таяу.

Мұражай Ресей саяхатшылар қауымдастығымен, Мажарстан қыпшақтар Одағымен, Челябині облыстық "Арқаим" мұражай-қорығымен, Орынбордағы "Дала институтымен" тығыз байланыс орнатқан. Оның ұжымы Астана, Қарағанды, Теміртау, Түркістан, Лисаковск қалаларында Ұлытау-Жезказған өңірінің тарихи, мәдени және археологиялық жәдігерлері негізінде көшпелі фотокөрмелер ұйымдастырды. Жезказған тарихи-археологиялық мұражайының қатысуымен 1991 жылы "Отырар-Ұлытау" Кіші Жібек жолы, 1999-2002 жылдары "Алтай-Дунай" халықаралық архео-этнологиялық сапарлары ұйым-






*«Ұлтай» экспедициясына қатысушылар
Есіл өзені үстіндегі көпірден өтіп барады*

дастырылды. Мұражай қызметкерлері Ұлытау өңірінің тарихын, ежелгі мәдени мұраларын насихаттауға елеулі үлес қосып келеді. Мұражайды 2006 жылдан бері Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Зулпа Чумакова басқарады.

Ұлытаудың ежелгі металлургтер қоныстанған, кен қазып, металл балқытқан Ұлы Даллада теңдесі жоқ орталық болғандығын құнды жәдігерлері арқылы айғақтап тұрған Жезді кентіндегі тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1988 жылдың 21 желтоқсанындағы шешімімен ұйымдастырылды. Жәдігерлер жинақталып, 1994 жылдың 15 шілдесінде ресми ашылды. Бұл мұражай туған өлке тарихының нағыз жанашыры, елге

*Мұхамбет Көпей және Бахтияр Қожахметов
баспасөз конференциясында*





*Жезді кентіндегі тау-
кен және балқыту ісі
мұражайы*

зарбаев көне әдіспен осы пеште қорытылған металдан өз қолымен құйған балғаға дейінгі 13 мыңнан астам жәдігері бар бұл мұражайға ұқсас орын бұрынғы одактас республикалардың ешқайсысында жоқ.

Мұражайда қоладан құйылған жебенін ұшынан, бүгінгі ғарыш зымырандарында пайдаланылатын сирек металдарға дейін қамтылып, ежелгі металлургия орталығы – Ұлытау-Жезказған өнірінің сан ғасырлық тарихы көрерменнің көз алдынан өтеді. Оның құрамына К.И.Сәтбаевтың 1969 жылы Қарсақбайда ашылған мұражай-үйі де кіреді.


Мұражай ұжымының ғылыми ізденістеріне Ұлыбританияның "Британиялық Кенес" қоғамдық ұйымы үлкен қызығушылық білдіріп, мұражаймен тығыз байланыс орнатып, оның жұмысын және мән-маңызын халықаралық деңгейде насихаттай бастады. Сондай-ақ Ресей Ғылым академиясының Орал бөлімшесі (директоры Халықаралық түркі академиясының академигі С. Боталов) кейбір зерттеу жұмыста-

рын Жезді мұражайы жәдігерлері негізінде жүргізіп отыр.

Қазірде бұл мұражай кешеніне қарайтын аумақтың көлемі 4,1 гектарға жетіп отыр. Оның 815 шаршы метрі жабық көрме залдарын, 875 шаршы метрі ашық аспан астындағы жәдігерлер қойылған алаңдарды қамтиды. Мұражайды ашылған күннен бастап соғыс және еңбек ардагері, белгілі өлкетанушы Мәкен Төрегелдин басқарып келеді.

Бұл мұражайлардағы кесек-кесек жәдігерлер Ұлы Даланың кіндігі – Ұлытаудың ұланғайыр тарихымен таныстыра алады, оның жерінің астының да, үстінің де байлығын көзімізге елестетеді, мұражайлар – ұрпақ пен ұрпақты жалғастыратын ұлы арна, жадтың қоймасы, мәдениет ордасы. Олардың ұрпақты тарих арқылы тәрбиелеудегі маңызына баға жоқ. Қолда барда алтынның қадірін білуіміз керек, мұндай жан-жақты, мұндай бай мәдени кешендер бір аудан түгіл, кейбір облыстардың өздеріне қол жетпес арман ғана...





Ел іші — өнер кеніші

Халқымыздың болмысы оның өзін қоршаған Ұлы Далаға сәйкестелген өмір салтымен ерекшеленіп қана қоймайды, сол дәстүрмен сабақтасып жатқан төлтума мәдениетімен де дараланады. Тәуелсіздікке қол жеткізгенге дейін қазақ халқының шаршағанда жұбанышы, мұнайғанда қуанышы өнердің қандай түрлері еді десек, тіліміздің ұшында алдымен сөз өнері, саз өнері және қол өнері деген жауаптар тұрады ақиқат. Қазақ үшін өнер тек қана рухани-эстетикалық ләззат беріп қоймаған, сонымен бірге ол ел қамы, ұлт тағдырына қатысты істерге ықпалын тигізіп, саяси-әлеуметтік мәселелерді шешудің құралы да бола білген (А.Сейдімбеков). "Өнер алды — қызыл тіл" деген ата-бабаларымыз ретті жерде ердің құнын екі-ақ ауыз сөзбен шешіп тастап, бүкіл қазақ даласын ән мен күйге бөлеп қойған.

Ежелгі Ұлытау өңірі болса — сонау Кетбұғының күйшілік, жыраулық дәстүрінен бастау алған сан ғасырлық тарихы бар, сол бағзы замандардан бері желісі үзілмей келе жатқан киелі өнердің алтын бесігі. Қазақ хандығы дербес шаңырақ көтеріп жатқан кезеңде Керей мен Жәнібекке ақылшы аға болған, тіпті қазіргі тілмен айтқанда, мемлекеттің бас идеологі қызметін атқарған аса көрнекті мемлекет қайраткері, ойшыл ақын, жорға жырау, дәулескер күйші, әділ би, данышпан философ Асанқайғы Сәбитұлы (Ұлытау төңірегіндегі ел оны Ақмешіт әулие деп атайды) осы хандықтың туы тігілген Ұлытаудағы ең биік шыңның басына жерленген (186). Елі мен жерінің болашағын ойлап, үнемі толғаныста, қайғыда жүретін ұлы абыздың есіміне халық "қайғы" деген сөзді тіркеп Асанқайғы атаған.

Жыраудың толғауларының ішінде "Жерұйық" оның туған халқына мамыра-


жай тіршілік, бейбіт өмір сүруге жайлы, "адамы жүзге келмей өлмейтін, қойы екі төлдейтін" қонысты іздеп, алты атанға жүк артып, алты жыл жер кезіп, қазақ даласын түгел шолып шыққанда айтқан жыр жолдарынан тұрады. Оның әр мекенге берген бағасы осы күнге дейін ұмытылмай, ел аузында сақталып келеді.

Асанқайғы толғауларының бір тобы Әз Жәнібек ханға қарата айтылған. Абыз ақын, ақылгөй дана ханды халық қамын ойлауды, көрші алып елдерден сақтануды әрқашан ескертіп отырады.

*"Қымыз ішіп қызарып,
Мастанып неге терлейсің?
Өзіңнен басқа хан жоқтай,
Елеуреп неге сөйлейсің?" —*



Кетбұғы



Асанқайғы



деп ханды бейғамдыктан сақтандырса, енді бірде:

*"Ол күнде қарындастан қайыр кетер,
Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер.
Ұл мен қызың орысқа бодан болып,
Қайран ел, есіл жұртым, сонда не етер?"* –

деп орыс патшасының отарлау мақсатын алдын-ала болжап, көрегендік танытады. Ұлт болашағының бағдаршысы болады.

Ықылас Дүкенұлы




Біздің заманымызға Асанқайғының "Ел айрылған", "Асанқайғы", "Желмаяның желісі", "Зар" атты санаулы күйлері ғана жетті (7.154-158).

Кетбұғы мен Асанқайғы секілді көрнекті мемлекет қайраткерлерінің шығармаларынан бүгінгі күнге тілге тиек етер жұрнақ жеткен болса, Ұлытау етегінде кара кобызын күніренткен Қойлыбайдан жыр да, күй де жоқ, ол тек баксылық құдыретімен ғана тарихта қалды. Рухани мұрамыздың біразын бірнеше ғасырға созылған жоңғармен арадағы жойқын соғыс тұсында жоғалтып алдық, өнеріміз өрістеу орнына тоқырауға ұшырады.

Бірақ орнында бар дүние оналды. XVIII-XIX ғасырлар тоғысар тұста Ұлытау өңірінде жанданған жыраулық, арнасын қайта тапқан ақындық бағаналы тайпасының Қарабала тармағынан арқалы ақын Жанкісі Басыбайұлын (1772-1849) жыр көгіне шығарды. Амал нешік, оның да көптеген шығармалары сақталмаған, бүгінгі күнге жеткендері: "Макпал-Сегіз" дастанының үзіндісі, "Қокан ханына айтқаны", "Қожыққа айтқаны" толғаулары.

Жанкісінің "Қокан ханына айтқаны" 1830 жылы орысшаға аударылып, Орынборда жарық көрген (187). Ақынның Қокан ханын, оның озбыр бектерін өткір сы-



ӨЛКЕТАНУ ӨРІСІ



Иманжан Жылқайдаров

наған осы толғауы "Ай, заман-ай, заман-ай" жинағына енген.


Ұлытау-Жезказған өнірінде Жанкісідей төкпе жыраудан кейін акындық дәстүр ғана жалғасын тауып қойған жоқ, сонымен бірге сал-серілік, әнші-күйшілік өнердің өрісі де кени түсті. Күні бүгінге дейін Ұлытау төңірегін ән мен күйге, күлкі-думанға бөлеген Жаңқа сал, Бәшен салдың өнерпаздығы, Ықылас Дүкенұлының асқан күйшілігі ел аузында ертегідей есіліп, аңыздай ақтарылады.

Акындық дәстүрдің бұл өңірде айтулы мектебі қалыптасты. Досбол Қорабайұлы, Қожабай Тоқсанбайұлы, Мұқан Балтекейұлы (Молда Мұқан), Тайжан Қалмағанбетұлы, Болман Қожабайұлы, Нияз Ожанұлы, Иманжан Жылқайдарұлы, Мейрам Жанайдарұлы, Баржаксы Жансүгірұлы, Ыбыраһим Баймолдаұлы, Омар Қунақұлы, Ахмет Баржаксыұлы, Қалманбай Байдәулетұлы, Нұрғали Итембайұлы, Қалыбай Назарұлы, Балмағанбет Балқыбайұлы (Сарымолда) – осы мектептің тандаулы шәкірттері. Олардың ізбасарлары қатарына Тәжібай Әлмұхамедов, Нұрәсила Бәрменбаева, Әбілхасен Әміралин, Әжиакпар Бал-



Шолпан Төлегенқызы

Жезқазған тарихи-археологиялық мұражайының ғылыми жетекшісі. Белгілі өлкетанушы, мұражай жұмысын ұйымдастырушы. Туған өлке тарихы тақырыбына жазған көптеген еңбектері ғылыми жинақтарға енген.



Нияз Ожанұлы

қановтарды да жатқызуға болады. Осы алдыңғы толқын ағалардың көпшілігі бүкіл қазақ еліне танылып, халық ақыны атағын алды. Арттарына мол әдеби мұра қалдырды. Олардың шығармаларына өздері өмір сүрген заман тынысы өзек болды. Ел қорғаған батырлардың ерлігі, ұлт-азаттық көтеріліс қаһармандарының, еңбек озаттарының ерен істері, өндіріс орындары мен ауыл шаруашылық мекемелерінің тыныстіршілігі ұлытаулық ақындардың туындыларының алтын арқауына айналды.

Бір ғажабы, олардың дарындары көп қырлы еді. Мысалы, Мейрам, Қалманбай, Баржақсылар ақындығын былай қойғанда, болыс болып, би болып, басқаша айтсақ, ел басқаруға қабілеті мол қайраткер тұлғалар ретінде де кенінен танылған. Ата-тары аталғандардың кез келгені ретті тұста

айтыса кетуден ешқашан тартынбаған. Шеттерінен суырып салма ақындар. Ал Тайжан ақындық пен айтыскерлікке қоса әншілік өнерімен де талайларды тамсандырған тұлға. Нұрәсила апай зергерлікке және ұлттық қол өнерге келгенде алдына жан салмайтын.

Ұлытаудың қос ұланы Баубек Бұлқышев пен Мұқан Иманжановтардың есімдері қазақ әдебиеті тарихына алтын әріптермен жазылды. Баубек Бұлқышевтың соғыс жылдарындағы публицистикалық шығармалары тылдағы еңбеккерлер мен майдандағы жауынгерлерге жалынды ұрандай



әсер етіп, әскери публицистикадағы жана, озық үлгі болып танылды.

Ұлытаудағы Сарлық ауылында туған Камал Сейтжанұлы Смайылов жазушылықпен қоса жауапты қызметтер тізгінін абыроймен ұстай жүріп, қоғам және мемлекет қайраткері дәрежесіне көтерілді. Деректі проза саласының ғылыми-техникалық өркендеу кезеңіндегі негізін қалаған жазушы көп жылдар бойы Қазақстан Журналистер одағын басқарды.

Жүйрік ақындығымен, сұңғыла сыншылығымен қатар, ұлтымыздың айтыс




Омар Қунақұлы

Үтадан Қалған асыл сөз

ӨТЖАН БИ:

“Көп қорқытады, терең батырады. Тұлпардың төрт тұяғындай бірлігің бұзылмай, берекелі болғаныңа еш нәрсе жетпейді. Қилы-қилы заман болар. Сыйласаң жекжат та туыс. Жекжатты сырттан ізде. Тілектес көбейер, тынысың кеңейер. Туыстық тұтастығың нығайып, жекжаттығың жалпақ елге жайылып жатса, елдігіңнің үстем болғаны”.



өнерін жандандыруға бойындағы қайрат-қажырын сарқа жұмсап келе жатқан Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қайраткер Жүрсін Ермановтың есімін ұлытаулықтар әрқашанда ілтисипатпен еске алады, орынды мақтаныш етеді.


Кіндік қандары қасиетті Ұлытау жеріне тамған ақын-жазушылардың қатарында Апбаз Қаражігітовтің, Әбулақап Райымбековтің және ғалым-фантаст қаламгер Шамшидин Әбдіраманнның, шешен қызы Зулпа Чумакованың шығармашылық табыстарын жерлестері әрдайым қуана қарсы алады.

Алдыңғы толқын ағалар дәстүрін бүгінгі таңда жергілікті қаламгерлер Көбейсін Еңсебаев, Мағзұмбек Машайықов және Ба-

тырбек Мырзабековтер абыроймен жалғастырып келеді.

Ұлытау өңірінде өткен ғасырдың 80-ші жылдарының соңына қарай ұлтымыздың төл өнері – айтыс соны серпінмен, канатты қарқынмен дамыды. Жезқазған облысының айтыскерлері Қазақстанның қай облысының болмасын ақындарына мықты қарсылық көрсетіп, тойтарыс бере алатын деңгейге көтеріліп, республика бойынша тандаулы 3-4 команданың бірі болды. Сол тұста Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, жыршы, термеші Шынболат Ділдебаевтың айтыскерлік қыры да жарқырай ашылды.

Ұлытау түлегі Мұқанбетқали Сейітқазинов көптеген халықаралық, республика-



Сарлық аулында туған. Жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері. 1962-1964 жылдарда Қазақстан ЛКЖО Орталық комитетінің хатшысы, 1964-1971 жылдарда “Қазақфильм” киностудиясының директоры, Киноматография жөніндегі мемлекеттік комитет төрағасының 1-ші орынбасары қызметтерін атқарды. 1980-1983 және 1988-1991 жылдар аралығында ҚР Телевизия және радио хабары жөніндегі мемлекеттік комитет төрағасының орынбасары, төрағасы болды. ҚР Министрлер Кеңесінің істер басқармасын, Қазақстан Компартиясы ОК-інің мәдениет бөлімдерін басқарды. Дарынды қайраткер журналист әр жылдарда “Зерде”, “Парасат” және “Ақиқат” журналдарын басқарды. Ұзақ уақыт бойы Қазақстан Журналистер одағының бірінші хатшысы, төрағасы болып сайланды.



**Камал
Сейтжанұлы
Смайылов
(1932-2003)**

Ұлытау

Ауасы дерттің дауасы,
Ұлытау деген тау осы.
Қазақтың осы Адамы,
Қазақтың осы Хауасы.

Кетбұғы төгіп отты өлең,
Көсегем мұнда көктеген.
Әмірлер, Ақсақ Темірлер,
Бұл тауға соқпай өтпеген.

Шежіре сырға қанық ек,
Едіге жырға жанып ек...
Алаштың туын ең алғаш
Тіккен жер Керей, Жәнібек.

Жұлдыздың бөлек жарығы,
Ұл-қыздың ерек дарыны,
Тамсантқан Асанқайғыны,
Ансатқан Кенесарыны.

Тірліктің нұрын күткенде ел,
Бірліктің туын тіккен жер,
Қазаққа садақ кезенген
Талай жау тізе бүккен жер.


Төріне еркін төрлерсің,
Көгіне құстай көлберсің.
Бұл таудың қызын қызыл гүл,
Жігітін жойқын сел дерсің.

Елтідік ерке назына,
Ықылас күйдің сазына.
Ғұлама Қаныш ақтарған
Қойнауы толы... қазына.


Сақтаған ханның ордасың,
Баптаған қалжың жорғасың,
Жеңгейдің назы қылыштай,
Ерлердің сөзі қорғасың.

Ақталған жұрттың тірлігі,
Сакталған ұлттың бірлігі,
Қазаққа тұңғыш астана
Даламның осы кіндігі.

Ұққанға тарих жетеді,
Жүректі тербеп кетеді.
Ұлтымның бұл тау ұясы,
Үш жүздің ортақ мекені.



ҚУАНЫШ АХМЕТОВ
(1946 ж.т.) – ақын, аудармашы, журналист.
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.
Көптеген жыр жинақтары мен
тарихи-танымдық және публицистикалық
кітаптардың авторы. Ұлытау ауданының
құрметті азаматы.



Нұрғали Итембайұлы

лық айтыстарда шашасына шан жұкпас жүйрік екенін дәлелдеп, сан мәрте жеңіс биігінен көрінді. Дәл осындай табыстарға халық ақыны Омар Қунақұлының немересі Әнуар Омаров та қол жеткізді. Ұлытау өніріндегі айтыскерлік өнердің жандануына кезінде "бала Тайжан" атанған Бағдат Байжантаев та елеулі үлес қосты.

Аға буын айтыскерлер салған жолды қазіргі кезде жана буын жастар табыспен жалғастырып келеді. Жезқазған қаласында дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан аймақ өнерпаздарының басын қосатын "Байқоңыр дауысы" және "Ұлытау үні" фестивалдарының аясында өтетін айтыстарда ұлытаулықтар талай мәрте бас бәйгеге ие болып, талай рет жүлдегерлер қатарынан көрінді.

Бұл өнірде сазгерлік, әншілік, күйшілік сияқты төл өнеріміздің түрлері жоғары саатыға көтерілді. Өкінішке орай, ел аузында айтылатын Досымжан, Сәмет сияқты дәулескер күйшілердің кейбір шығармаларының аттарын ғана білеміз. Туған өнірі тарихи-географиялық жағынан Ұлытау аймағына кіретін Ықылас Дүкенұлынан ғана мол музыкалық мұра бар. Ол күй арнаған Атбасар дуанының аға сұлтаны Ерден Сандыбайұлы да кобыздан сарын сауған керемет күйші болған деген деректер бар. Амал нешік, кешегі сұлтандарымызды шеттерінен сұмырай дегізіп сайратқан кеңестік дәуірдің зардабынан Ерденнің күйлерінен де қалай айрылғанымызды білмей қалдық...


Атақты сазгер, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Жаксыкелді Сейіловтің өнердегі өрісі қасиетті Ұлытау өнірінде ашылды. Оның көптеген әндерін танымал әншілер орындап жүр. Ж.Сейіловтің "Ана туралы баллада", "Жезкиік", "Ұлытау" сияқты халық сүйіп тындайтын отыздан астам әні бар. Сейілов тек сазгер ғана емес, тамаша орындаушы да еді.

Танымал сазгер ҚР Сазгерлер одағының мүшесі Марат Түсіпбеков те шығармашылығы шыңдалған кемел шағында. Ол 1991 жылы Бішкекте өткен ТМД елдері театрларының фестивалында қойылымға жазған музыкасы үшін ең үздік сазгер атанды. Ол – ән, романс, күй және аспаптық жанрларға жазылған 200-дей шығарманың авторы.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында Ұлытау жерінде бірнеше көркемөнерпаздар ұжымдары кәсіби шеберліктің биі-



Баубек Бұқышев пен Мұқан Иманжановқа Ұлытау селосында қойылған ескерткіш



*Ұлытау ауданының
«Тау гүлі» халықтық
хоры. 1978 ж.*

гіне көтеріліп, үлкен сахналарда өнер көрсете алатын дәрежеге жетті. "Амангелді", "Каракенгір" кеңшарларының өнерпаздары айтарлықтай табысқа жетіп, халық театры атағын жеңіп алды. Оларға белгілі режиссер, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Жанбау Бірманов жетекшілік етті.

Ұлытау ауданының "Тау гүлі" хоры сол жылдарда небір үлкен сахналарда өнер көрсетіп, республикамыздан тыс жерлерге де танылған еді. Хорды ұйымдастыруға, оның орындау шеберлігін арттырып, халықтық хор деген атақты алуына Мәскеу мәдениет институтының түлегі Марат Шоктаевтың еңбегі зор болды.

Өткен ғасырдың соңғы ширегінде саз маманы Тұрсынбек Қайсынов жетекшілік еткен "Жезді жұлдыздары" халықтық әнби ансамблі республикамыздан тысқары жерлерге де жақсы танылды. Оның 1976 жылғы Бүкілодақтық халық шаруашылығы көрмесінің (БХШК) үлкен сахнасында қойған концертті жайлы сол кездегі


орталық газеттер тамсана да, таңдана да жазды. Ансамбль бірегей өнерімен кеңестер одағының жүзге жуық таңдаулы халықтық шығармашылық ұжымдары арасынан жекедара жарып шығып, БХШК-нің Алтын медалімен марапатталды. Оның бұл табысына Катя Нұғманова, Сара Өмірзақова, Э. Н. Казбан, Т. Рахымбеков, Б. Сүлкеев, К. Ғазизов, Т. Қазитов сияқты халық арасынан шыққан нағыз дарындар үлес қосты.

Қазіргі кезде Ұлытау ауданы тұрғындарына екі мәдениет үйі, сегіз ауыл клубы, орталықтандырылған балалар кітапханасы, ауылдық округтердегі кітапханалар қызмет көрсетіп отыр. Ауданда бірнеше шығармашылық ұжым табысты жұмыс істеп келеді. "Ұлытау" фольклорлық ансамблі мен "Қызғалдақ" бишілер тобының өнерлерін көркемөнерпаздар әрқашанда қызыға тамашалайды. Ежелден өнері өрісті болған өлкеде шығармашылық шырағы ешқашанда сәнбек емес.




*Койылған ескерткіштей нұр күніме,
Ұқсайтын туған жердің кіндігіне
Арқада бір өлке бар Ұлытау атты,
Түтіккен тірлігіме, бірлігіме.*


Фариза Оңғарсынова



ЕДИГЕТАУ ЕТЕГІНДЕГІ ЕЛ







Даладағы дауыл

Ресей секілді алып империяның тас-талқанын шығарған большевиктер салған дүрбелең қазақ даласының дәл кіндік тұсында жатқан Ұлытау өңіріндегі халықтың өміріне де көптеген өзгерістер әкелді. Патшаның қазақтан майдандағы кара жұмысқа жігіт жинау туралы жарлығынан бүркеткен 1916 жылғы қозғалыс жер-жерде соны серпінге ие болып, ұлт-азаттық сипаттағы көтеріліске ұласты.

Ұлытаудың Орынбор әкімшілігіне қараған бетінде көтерілген дауыл оның айналасын түгел қамтыды. Аманкелді көтерілісі, Әбдіғаппардың қазақы салтпен такка отырғызылуы бағаналыларға да тән құбылысқа айналып, бұл өңірдің халқы Төлек-Сандыбай-Ердендерді дүниеге әкелген текті әулеттен шыққан Қаскабайдың Хасенін ақ киізге көтеріп, хан сайлады. Бұл хандық тарихқа "Бағаналы хандығы" деген атпен еніп, сол тұстағы аумалы-төкпелі заман ырғағына сай 1919 жылдың қараша-желтоқсан айларына дейін өмір сүрді. Хандықтың жұмысында Асанқожа Бекқожин ("Таңбалы тасты" зерттеген), Ахмет ишан Оразаев, Жыңғылбай, Арыстанбек, Мырзамсейіт Бабырұлы, Өтжан Күржин және т.б. азаматтар биік парасат-пайыммен көзге түсті (152).

Бағаналы хандығы Батыс Сібірде Колчак, оңтүстік өңірде қызылдар билік құрып жатқан кезеңде Ұлытау төңірегіндегі елді аздырмай-тоздырмай ұстауға он ықпал етті. Басқасын былай қойғанда, орталықпен байланысы үзіліп, окшауланып қалған Қарсақбай, Байқоңыр, Жезқазғандағы ағылшындарға қараған зауыт басшылары Хасен ханның айтқанынан шыға алған жоқ (153).


Кеңес үкіметі күшейіп, барлық аймақтарда берік орныққан тұста Хасен Қаска-

байұлы қуғынға ұшырап, 1928 жылы алғашқылардың бірі болып тәркіленіп, жер аударылды. Аса көрнекті қазақ ғалымы, академик Айтмұхаммед Абдулин осы Хасен ханның бел баласы болып келеді. Хасеннің өзі Ерденнің орнына болыс басқарушысы болған Байұлы Сандыбайұлынан туған ұл...

Майданға кара жұмысқа жігіт бермеуге бел буған қазақ ауылдары жедел қаруланып, жергілікті болыс басқарушылардың билігін мойындаудан бас тартты. Патша үкіметі оларға қарсы мұздай қаруланған отрядтар шығарып, көтерілісті күшпен басуды көздеді. Бағаналы жігіттерінің жасағын халық батыры Жанабай Ниязбеков басқарды. Ұлытау елінің патша әскерінің құрығынан құтылып кетуіне Жанабайдың жазалаушы отрядпен Қаражардағы шайқаста қолданған тактикасының дұрыстығы зор әсер етті.

Большевиктер тарапынан танылмаған "Бағаналы хандығы" бейбіт жолмен таратылды. Ұлытау төңірегін жайлаған елді Байқоңыр революциялық комитеті (төрағасы И.В.Деев) басқарады деп есептелді. Ол кезде бұл өңірдің халқы 15 болысқа (Сарысу, Құмқоңыр, Айнакөл, Ұлытау, Кеңгір, Қайдауыл, Қызылжыңғыл, Жезді, Айыртау, Терісакқан және т.б.) бөлінген болатын. 1920 жылдың 23 маусымында Атбасарда ояздық кенесте "Бағаналы болыстарының аудандық атқару комитетін құру туралы" қаулы қабылданды. Оның орталығы болып Қарсақбай зауыты белгіленді (154).

Ұлытау өңіріндегі алғашқы ресми кеңестік құрылымда жұмыс істеген тұңғыш қызметкерлердің кейбіреулерінің есімдері сол кездегі іс қағаздарынан кездесіп қалады. Олар: Ахмет Оразаев, Ибраһым Төлеу-



баев, А. Жылқайдаров, В.Х.Масгутов және т.б. Бір құжатта Сарыторғай съезіне қатысқан белгілі би Шопан Қоңыратбаевтың баласы Мизамбай Шопановтың Айыртау болысын абыроймен басқарғаны атап өтілген...

Бұлардың арасынан Ұлытау өңірінен шыққан топжарған тұлғалардың бірі Ахмет Оразаев (1861-1927) жайлы толығырақ мағлұмат бере кеткеніміз жөн. Ол көзінің тірісінде-ақ атағы казак жеріне кенінен жайылған адам. Бұқарадағы діни медресені бітіргеннен кейін ол Ұлытау мен Телікөл арасын жайлаған болыстарда мұсылмандық ілім мен пәндік білім беретін мешіттер мен мектептер ашып, халықтың рухани сана-сезімін көтеруге бойындағы барлық қабілет-қарымын сарқа жұмсаған.

Ахмет ишан тек қана діни оқудың аясында шектеліп қалмай, заман ағымын болжап, соған сай өздігінен тынбай ізденіп, оқу-тоқудың арқасында бойына жан-жақ-


ты білім жинақтаған ғұлама. Бұл жайлы "Ұлттық энциклопедияда" берілген екі мақалада қысқа болса да, нақты айтылған (52.575).

Озық ойлы азамат сол кездерде мұсылман халықтарының тілдерінде шығып тұрған "Уақыт", "Тәржіман", "Юлдуз", "Ай-кап", "Қазақ" сияқты газет-журналдармен қатар, орыс тілін де жақсы білгендіктен, Ресей астанасынан да түрлі саяси және ғылыми басылымдарды үзбей алдыртып оқып, оларда жарияланған мәнді әңгіме-хабарларды айналасындағы халыққа уағыздап, ұғындырып отырған. Әсіресе, ғылыми медицина саласындағы еңбектерді зердемен зерттеп оқып, ол мағлұматтарды өзі терең игерген халықтық ем-дом әдістерімен ұштастыра отырып, қалың елге дәрігерлік көмек көрсеткендігі, бұл шаруаларға қызы Бибісараны да (академик Мұхамеджан Қаратаевтың анасы) баулығандығы және Ахмет ишанды бүкіл бағаналы



**Мұхамбет
Жұманазарұлы
Көпеев**

Жезқазған кенішінде 1949 жылы туған. Қазақстанның белгілі қоғам және мемлекет қайраткері. Жезді ауданында, Сәтбаев, Қаражал, Жезқазған қалаларында, Жәйрем-Атасу еркін экономикалық аймағында басшылық қызметтер атқарды. 1995 жылдан ҚР Парламентіне бірнеше рет депутат болып сайланды. Парламент Мәжілісі Төрағасының орынбасары (2000-2004 ж.ж.). ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі министрі (2004-2005 ж.ж.). 2005 жылдан бері ҚР Парламенті Сенаты Төрағасының орынбасары. Көптеген орден-медальдарымен марапатталған.



Ахмет ишан Оразайұлы

тайпасының адамдары тегіс ұстаз тұтатындығы жайлы "Қазақ" газетінде жан-жақты баяндалған (155).

Сондай-ақ Ахмет ишан елді отырықшылыққа, егін егуге, тазалық ұстауға, барымта мен ауыл арасындағы берекесіз даудамаларды тоқтатуға, имандылыққа тәрбиелеген. Бұл шаруаларда оларға өз манайын үлгі етіп көрсеткен. Сарысу бойындағы оның қыстағы төңірегінде ишан қаздырған егін суаратын арықтың ізі осы күнге дейін сайрап жатыр.

Қолы жеңіл емші, ақыл-парасаты мол әділ қазы сол кезеңдердегі саяси-қоғамдық, әлеуметтік шараларға да белсене араласқан. Ол "Қазақ" газетіне ақшалай жәрдем көрсетіп қана қоймай, оның ел ішіндегі тілшісі, әрі насихатшысы болған. Осы газет арқылы қазақ балаларына арналған мектеп оқулығына бәйге жариялаған (156).


Ахмет ишан Ұлытау етегіндегі өзінің атамекені Қорғантас деген көрікті жерде бастауыш мектеп ашып, онда география,

тарих, арифметика, орыс тілі пәндерін оқытады. Бұл мектептен төңкерістен кейінгі жылдарда ел басқарған ұлытаулық азаматтардың үлкен тобы сауатын ашты (157.8).

Туған халқына осылайша сан қырлы қызмет көрсеткен ғұлама дінбасы, ғалым-дәрігер, алғашқы білім шырағын жағушылардың бірі Ахмет ишан Оразайұлы бабамыз ақ пен қызылдың берекесіз сапырылысы тұсында да бойындағы білімі мен абыройын әуелі Бағаналы хандығының дін басшысы, кейін ревком мүшесі, ауатком төрағасы ретінде еліне мүмкіндігінше мол пайда тигізу үшін жұмсаған. Кезінде халық ақыны Баржақсы Жансүгірұлы: "Ортаға болып еді белгілі ұран", – деп жоқтаған Ұлытаудың елі қадірлеген біртуар азаматы Ахмет ишан Оразайұлының есімі ескірмей, халық жадында қайта жанғырып, жылдар өткен сайын асқақтай беретіні сөзсіз.

Атбасар оязына қараған Ұлытау төңірегіндегі болыстық құрылымдар 1926 жылы осы өңірде алғашқы толыққанды әкімшілік құрылым – Қарсақбай ауданы ұйымдасқанға дейін өмір сүрді. Бұл аудан Оңтүстік Қазақстан облысының Қызылорда округіне бағынатын болды. Қарсақбай ауданының құрамына сол жылдары 3 поселкелік, 18 ауылдық кенестер қарады. Аудандық партия комитетінің тұңғыш бірінші хатшысы болып Қайсар Тәштитов сайланды (158). Ауатком төрағасы болып осы Ұлытау өңірінің түлегі, бұрынғы ревком мүшесі Шенеу Далабаев бекітілді. Жоғары білімі болмаса да, көзі ашық, көкірегі ояу Ш.Далабаев сол бір аумалы-төкпелі қиын кезеңдерде тапсырылған жұмысты үлкен жауапкершілікпен атқарып, ұлытаулықтар сенімінен шыға білді. Оның жарқын бейнесі М.Қаратаевтың "Даладағы дабыл", Ә.Тәжібаевтың "Жылдар, ойлар" атты кітаптарында көркем тілмен кестеленген.





Аудан аты – Ұлытау!

Өткен ғасырдың 20-шы жылдарының соңы мен 30-шы жылдардың басы еліміздің тарихында ең бір зобалаңға толы кезең болды. Сол 1925 жылдан бастап Қазақстанды басқарған Шая Исаакович Ицковтың (Голощекин) "кіші қазан" саясатының зардабын Ұлытау өңіріндегі халық та аз тартқан жоқ.

Байлардың мал-мүлкін тәркілеп, оларды тап ретінде жою жұмыстары Қарсақбай ауданында қызу жүргізілді. Елді отырықшыландыру, ұжымдастыру, ауыл шаруашылығы серіктестерін құру жұмыстарын ғасырлар бойы сайын далада жекеменшік малмен көзін ашқан казактың әбден қалыптасқан психологиясы салған жерден қабылдай қоймады. Оның үстіне бұл шаралар шұғыл науқан мен даңғаза ұран арқылы ешқандай дайындықсыз және сауатсыз жүргізілгені баршаға мәлім.

Тарихқа "Лак көтерілісі" (лак – қыпшақ руының бір тармағы) деген атпен енген Ұлытау өңірінде болған бір қанды қырғын жайлы қысқа ғана баяндап өтейік. Қияқты

өзенінің бойындағы Жаркөң деген жерде жайлауда отырған Қарсақбай ауданының № 10 ауылына келген Қарсақбайдағы ОГПУ-дың Галкин Иван басқарған 25 адамнан тұратын, басқа атыс қаруларын былай қойғанда, пулеметпен қаруланған отряды 1931 жылдың маусым айының бас кезінде осы ауылдың ақсақалы Досмағанбет қажының бар малын Байқоңырдағы көмір шахтасының жұмысшыларына таратып береміз деген сылтаумен айдап әкетпек болды.


Ауыл жігіттері қарулы қарсылық көрсетіп, Галкинді, пулеметші Стасенконы және комиссар Лаптевты оққа ұшырады. Мұздай қаруланған әскер ауылдың 17 жігітін сол жерде атып тастап, 16 жастан 70-ке дейінгі 34 ер адамды Қарсақбайға айдап әкетеді. Олардың барлығы үштіктің шешімімен сотталып, Сібірге, Беломор-Балтық каналына, лагерлерге айдалады. Жаркөңде шейіт кеткендердің жаназасын шығаратын ересек еркек қалмайды. Әскер ауылда тігерге тұяқ қалдырмай, тышқак лаққа дейін айдап әкетеді. Үйлердегі барлық бағалы мүліктерді, алтын-күмістен жасалған әшекей бұйымдарды сыпырып алады.

Міне, казак даласында Ш.И.Ицков (Голощекин) жүргізген қанды қасаптың бір көрінісі осындай. Осы Жаркөңдегі ойран жайлы кейінгі кезде табылған архив құжатынан (159) бұл оқиғаны өз көзімен көрген, атыс кезінде өз әкесі – Досмағанбет қажының ұлы – Қожахметтің қалай оққа ұшқанына куә карт ұстаз Қабирә Қожахметова апайдың естелігінде ешқандай айырмашылық жоқ.

Осы жылдардың нәубетінен мағлұмат беретін Ұлытау өңірін жайлаған елге қа-

Қ.И.Сәтбаев Ұлытау бауырайында отбасымен демалыста. 1934 ж.





тысты тағы бір дерек келтірейік. 1933 жылдың I маусымында Қарсақбай аудандық партия комитетіне жолданған катынастан (160):

"Қарсақбай ауданы аумағынан көршілес Атбасар және Есіл аудандарына кеткен босқындар арасында болып, әнгімелестік. Бүгінде бұл аудандарда біздің жақтын 1650 адамы бар. Оларда бар болғаны ірілі-уақты 195 бас мал қалған. Жағдайлары өте ауыр. Елге қарай қайта көшуге үгіт жүргізіп жатырмыз. Алайда олардың бұған шамасы келмейді. Өйткені орындарынан әрең қозғалады, аш, әлдері жоқ. Әзірге жылы орындарында қала тұрғаны жөн. Босқындарды жұмысқа орналастыру, оларды азық-түлікпен қамтамасыз ету жайлы екі ауданның басшыларымен келісімге келдік".

Бұл құжаттан да қазақ даласын жайлаған жаппай ашаршылықтың ауыртпалығы Ұлытау еліне де оңай соқпағандығын көреміз. Осының көрінісіндей болып 1933 жылы Қарсақбайда осы өңірдегі тұңғыш балалар үйі ашылып, онда ата-аналары аштықтан өлген 455 бала тәрбиеленіпті. Оның үстіне 1500-дей жетім бала губерния орталығы Қызылордадағы және басқа да Оңтүстік Қазақстан облысы көлеміндегі балалар үйлеріне жіберіліпті...

Қарағанды облысы БОАК-тың қаулысымен 1932 жылдың 20 наурызында құрылды. Қарсақбай ауданы 1936 жылдың 29 шілдесінде осы облыстың құрамына енді.

Өндірісті өлкеде өткен ғасырдың 30-шы жылдарының соңында көптеген маңызды істер атқарылды. Үлкен Жезқазғанның құ-


Оң жақтан үшінші — академик Ә.Х.Марғұлан



рылысы ерекше екпінімен жүріп жатты. Сәкен (Жарық) — Жезқазған теміржолы іске қосылып, Ұлытау өңірі облыс орталығы Қарағандымен ғана емес, ұлан-байтақ КСРО-ның кез келген жерімен қатынаса алатын болды. Ауыл шаруашылығы да қарқынды дами бастады. Қазіргі Ұлы-



М.Қаратаев пен С. Мәуленов Шенеу Далабаевпен кездесуге келді. 1965 ж.



*Ұлытау бауырайында.
Солдан оңға қарай:
Мейрам Абақанов,
Кәкімбек Салықов,
Сабыр Ниязбеков,
Сұлтан
Досмағанбетов,
Сабыржан Досанов
және Әбсат Омаров.
1972 ж.*



тау селосы тұрған жерде Қарсақпай мыс комбинатының жұмысшы-қызметкерлерді азық-түлікпен жабдықтайтын қосалқы шаруашылығы құрылып, тоған салынып, бау-бақша егілді. Бұл өңірде колхоздар көптеп ұйымдастырылып, олардың жалпы саны 46-ға жетті.

Осылардың барлығы байтақ аумаққа орналасқан, барлық салада да жедел дамып келе жатқан Қарсақбай ауданын ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп салаларына икемдеп екіге бөлу мәселесін тудырды. 1939 жылдың 11 маусымында Қарсақбай аупарткомының бюросы мен ауаткомының президиумының бірлескен мәжілісінде "Қарсақбай ауданын бөлу туралы" қаулы қабылданды. Онда мынандай жолдар бар:

"Қарсақбай ауданының аумағы 80 мың шаршы километрден артық, оңтүстіктен солтүстікке қарай 350, батыстан шығысқа 250 километрге созылады...

...Аудан әкімшілік тұрғыдан 11 ауылдық, 4 поселкелік (Байқоңыр, Қарсақбай, Жезқазған және Ұлытау) кенестерге бөлінеді. Ауданның халқы 1939 жылы Бүкілодақтық санақ мәліметтері бойынша 29026 адамнан тұрады. Олардың 10974-і ауылдық жерлердің тұрғындары. Өндіріс — аудан экономикасының негізгі тірегі. Ауданда одақтық манызға ие кәсіпорындар: Қарсақбай мыс комбинаты, Жезқазған кеніші

және Байқоңыр таскөмір ошағы орналасқан.

Колхоздарға 10,5 мың адамы бар 2749 шаруашылық біріктірілген. Ауыл шаруашылығында мал өсіру негізгі сала болып табылады. 1939 жылдың маусым айында ауданда 89,7 мың мал басы бар...

Таяу жылдарда өндіріс қарқынының одан әрі өсуі және колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайту мәселесінің өткірлігі Қарсақбай ауданын осы үстіміздегі жылы-ақ екіге бөлуді қажет етеді...


Осыларға байланысты аупартком бюросы мен ауатком президиумы қаулы етеді:

1. Қарағанды облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитетінен Қарсақбай ауданын

а) өндіріске бейімделген Жезқазған ауданына (орталығы — Қарсақбай поселкесі) және

б) ауыл шаруашылығына бейімделген Ұлытау ауданына (орталығы — Ұлытау поселкесі) бөлу сұралсын..."

Төменнен көтерілген осы мәселе жоғарғы жақтардан қолдау тауып, 1939 жылдың 28 тамызында Қазақстан Компартиясы ОК-нің бюросы Ұлытау аудандық партия комитетін құру туралы шешім қабылдады. Осыдан соң жаңа аудандардың шекараларын, оларға қандай ауылдық кенестердің, шаруашылықтардың кіретінін мұқият



анықтаған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы сол жылдың 16 қазанында өзінің Жарлығымен Ұлытау ауданын ашты. Жарлықта Қарсақбайдан бөлініп шыққан Ұлытау ауданының құрамына № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 ауылдық және Ұлытау селолық кеңестері кіретіндігі атап көрсетілген. Аудандық атқару комитетінің тұңғыш төрағасы болып Әділ Рахымов және аудандық партия комитетінің тұңғыш бірінші хатшысы болып Аманжол Нұрманов атты азаматтар сайланған (161).

Қарсақбай ауданының құрамында өндіріс орындарына жақын әрі соларды ауылшаруашылық өнімдерімен жабдықтауға ынғайлы орналасқан "Лениншіл", "Октябрь", "Комсомол" және "Жігерлі" колхоздары ғана қалды. Тағы бір ескеретін жайт, бұл колхоздар аумағында Қарсақбай мен Жезқазған кен өндірісіне қажетті өнімдер шығаратын (әктас, флюс) қосалқы шаруашылықтар бар еді.


Ұлы Отан соғысы басталып, жана ғана ашылған жас аудан еңбеккерлерінің иығына үлкен жүк түсті. "Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!" деген ұранмен еңбек еткен ұлытаулықтар бұл сыннан сүрінбей өтті. Ауданда ет пен жүн, сүт пен май тапсыру жоспары орындалмай қалған жыл болған жоқ.

Тылға көшірілген сан мыңдаған адамдар: орыстар, украиндар, белорустар, еврейлер осы қонақжай жұрттың төрінен пана тапты. Соғыс біткен соң өз отандарына оралған сол адамдардың есінде қарт Ұлытау мәңгіге қалды. Сондай-ақ бұл өлкеде Сталин геноцидінің нәубеті бастарына түскен немістер мен шешендер, ингуштар мен балтық бойы елдерінің өкілдері өздерінің екінші отандарын тапты...

Соғыстан кейінгі жылдары Ұлытау ауданында, әсіресе қой шаруашылығы жедел дамыды. Көптеген шопандар орден-медальдармен марапатталды. 1948-1949

Еңбекшілер тау етегінде демалғанды ұнатады





жылдары аға шопандар Мендібаев Тұрсынбек (Калинин атындағы колхоз), Жұмыртқанов Абайділдә ("Бірлестік" колхозы), Тіккөзов Әзімбай ("Жетіқоңыр" колхозы), Ахметов Токберген ("Ұлытау" колхозы), Сыздықов Әбілқас ("Байқоңыр" колхозы), Тұржанбаев Керімбек ("Жетіқоңыр" колхозы), Баймағанбетов Балаби ("Өрнек" колхозы), Смайылов Мұқан (Сталин атындағы колхоз) Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды.

К.И.Сәтбаев 1946 жылы осы Ұлытау ауданынан КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. Ол халық қалаулысы ретінде сол кезде қалыптасқан тәртіп-талапқа сай аудан орталығында орта мектеп үйін, Кеңестер үйін және тағы да басқа бірнеше нысандарды салу мәселесін шешіп берді...

Тын және тынайған жерлер игеріле бастаған жылдарда Қазақстанда бұрынғы ұсақ колхоздар біріктіріліп, олардың орнына кеншарлар ұйымдастырылды. Ұлытау ауданында да осындай жолмен 1957 жылы алты кеншар (Ұлытау, Аманкелді, Шеңбер, Каракенгір, Сарыкенгір, Алғабас) құрылды.

Колхоздар таратылып, кеншарлар құрылған кезеңде Еңбек Ерлерінің қатарын




М.Қаратаев, А.Сейдімбек, Қ.Ахметов Ұлытау ауданында. 1986 ж.

Мышанов Бәкен ("Каракенгір" кеншары), Айтуаров Жарылғап ("Жетіқоңыр" кеншары) және Берденов Мынбайлар ("Сарыкенгір" кеншары) толықтырды.

Ауданда мал шаруашылығы өнімдерін өндіру айтарлықтай жолға қойылып, еңбектің ерен үлгісін көрсеткен жүздеген азаматтардың есімдері республика көлеміне танылды. Олардың қатарында Ленин және Кос Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері Өмірхан Өксікбаев, Ленин және Октябрь революциясы ордендерінің иегері, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Уәлішер Тынымбаев, Еңбек Қызыл Ту орденді Тұрмағамбет Әжібеков, Әуез Кара-



Жезқазған жерінде өткен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Комиссиясының көшпелі мәжілісіне қатысушылар. 1993 ж.



*Қойшығара Салғара,
Әбіш Кекілбайұлы,
Уәлихан Қалижан,
Ақселеу Сейдімбек,
Оралбай Әбдікәрімов,
Жұмамәді Ибаділдин,
Қуаныш Ахметов,
Баттал Мұқышев,
Төлеш Асанов
Орда-Базар жұртында.
2002 ж.*

баев, Мейрам Жақаев сияқты шопандарды, Ленин орденді Зада Сәрсембин, Енбек Қызыл Ту, III дәрежелі Енбек Данқы ордендерінің иегері, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты Алпыспай Бөлішбаев секілді механизаторларды, Ленин орденді байланысшы Қабылда Құлжановтардай енбек ардагерлерін атап өтуге болады.

Қазақстанда жүргізілген кезекті бір әкімшілік-аумақтық реформа кезінде 1963 жылдың 2 қаңтарында Ұлытау ауданы жабылып, оның жері мен шаруашылықтары Қарсақбай мен Ұлытау аудандарының негізінде жаңадан құрылған Жезді ауданына қаратылды. Жезді қалашығы оның орталығы болып белгіленді.


Алайда жаңа әкімшілік реформа нәтижесінде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1972 жылғы 10 наурыздағы Жарлығымен Жезді ауданынан Жезқазған ауданы бөлініп шықты. Аудан орталығы болып бастапқыда Никольский поселкесі белгіленді. Арада бір жарым ай өткенде мамыр айынан бастап ауданның әкімшілік орталығы Ұлытау селосына көшірілді. Екі жарым жылдай уақыт өткенде, 1974 жылдың қараша айында Жезқазған ауданына халқымыздың киелі мекені — Ұлытаудың

аты берілді. Осылайша Қазақстан картасында Ұлытау ауданы қайта пайда болды.

Жезқазған облысы ашылған бойдан 1973 жылы Ұлытау өңірінің солтүстік жағындағы топырағы құнарлы жерлерден "Терісаккан", "Егінді" атты астық өндіретін кеңшарлар ашылды. Бұл шаруашылықтар кеңес заманындағы озық техникамен қамтамасыз етіліп, мемлекетке облыс көлемінде өндірілетін астықтың басым бөлігін тапсырып отырды. Егін егілетін алқап аумағы бірте-бірте ұлғайтылып, кеңшарлар тарар алдында 60 мың гектарға дейін жеткен болатын.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 25 мамырдағы Жарлығымен Жезді ауданы таратылып, оның жері мен шаруашылықтары Ұлытау ауданының құрамына кірді. Сөйтіп, қазіргі Ұлытау ауданының аумағы бір кездегі өзі енші алып шыққан Қарсақбай ауданының көлеміне тенеліп, 122,9 мың шаршы километрді құрады (162.545). Қазіргі уақытта ауданда үш кенттік округ (Ақтас, Қарсақбай, Жезді) және он екі ауылдық округ (Ұлытау, Алғабас, Борсенгір, Егінді, Жанкелдин, Аманкелді, Қорғасын, Қоскөл, Мибұлақ, Қаракенгір, Сарысу, Терісаккан) жұмыс істейді.





Бірліктің, елдіктің, ерліктің бесігі

Ұлытаулықтар ел экономикасының қарқынды дамуына, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының жақсаруына барлық кезеңдерде сүбелі үлес қосып келеді. Дала төсін төрт түлік мал мен егінге толтырып, еңбек қазанын қайнатып жатқан, ауыл шаруашылығының тынымсыз тірлігімен ер жеткен тау тарландары мен қырқырандарының халық игілігін молайту жолында қол жеткізген жетістіктері аз емес.

Аудан бойынша 2006 жылдың 1 қаңтарына дейін 787 шаруа қожалықтары жұмыс істеп, оларда 4474 адам еңбекпен қамтылды. Осы кезеңде бұл шаруашылықтарда 30 мыңға тарта мүйізді ірі қара, 150 мыңдай қой-ешкі, 11,5 мың жылқы, 360 бас түйе және 14 мыңдай құс өсірілді. Шаруа қожалықтары 2005 жылы өздерінің қажеттерінен тысқары 8916 тонна ет, 14590 тонна сүт, 240 центнер жүн және т.б. ауыл шаруашылығы өнімдерін шығарды.

Ауданда егіншілікпен 99 шаруа қожалықтары айналысады, олардың егін егуге жарамды жері 48 мың гектардан астам.

Дихандар жыл сайын егіннен мол өнім алып, аймақ халқын нан өнімдерімен толығынан қамтамасыз етіп отыр.

Аудан аумағының орта тұсына орналасқан Жезказған және Сәтбаев сияқты қалалардағы өндіріс орындарынан басқа Жездіде кен байыту фабрикасы, Ақтаста жоғары сапалы кварц өндіру акционерлік қоғамы және Қарсақбайда металлургиялық зауыт бар. Бұл кәсіпорындар қазіргі нарық талаптарына сәйкес бірқалыпты жұмыс істеп келеді.

Аудан халқына дәрігерлік және мәдени қызмет көрсету, жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру мәселелері жақсы жолға қойылған. Ауданда 14 орта, 2 толық емес орта, 1 бастауыш, 1 мектеп-интернат, 1 арнаулы кәсіби мектеп жұмыс істейді. Ұлытау селосында 35 төсектік, Жезді кентінде 20 орындық емхана орналасқан.

Ұлытау өңірі сонау Қарсақбай мыс зауыты ашылған кезеңнен бері қарай халыққа дәрігерлік көмек көрсету саласында білікті мамандарға кенде болмады. Мұнда әр




Қазақстан Республикасының
еңбек сіңірген ауылшаруашылық
қызметкері Дәліпбек Бекетаев



Қазақстан Республикасының
еңбек сіңірген дәрігері
Антонина Андреевна Брылина



Қазақстан Республикасының
еңбек сіңірген мұғалімі
Нәпсиса Шенеуова



ӨЛКЕТАНУ ӨРІСІ

жылдарда Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген дәрігерлері А.А.Брылина, Ө.М.Мұқанов, І.Сәбитов, Д.Ахметов, Қ.Құрманбаев, Н.Р.Рановтар, сондай-ақ А.И.Иванова, Г.Т.Майш, А.Нұрмағанбетов, Н.А.Иванова, К.Исатаева, А.И.Куприянова, З.А.Жанысбаев және т.б. ондаған жоғары санатты мамандар еңбек етті. Бүгінгі таңда аудан халқына Ж.Б.Бекмағанбетова, Т.О.Бегаев, Т.Ж.Еділбаева сияқты медицина қызметкерлері сапалы қызмет көрсетіп келеді.

Ұлытаулықтар Жезказғандағы аймақтық көп салалы аурухананың да қызметін пайдаланады. Осы ұжымның білікті дәрігерлері Е.Мұсағұлов, Т.А.Агамова, З.Т.Әбенова, А.Ескендіров және т.б., сондай-ақ өңірдегі денсаулық сақтау саласының басшысы, медицина ғылымдарының кандидаты К.Қабыкенов ұлытаулықтардың орынды құрметіне бөленген.

Ауданның мәдени өмірін жандандыруға қомақты үлес қосып, халық өнері мен мәдениетін кеңінен насихаттауда келелі істер аткарып жүрген "Ұлытау" фольклор ансамблінің әншісі Г.К.Бекназарованың, аудандық Мәдениет үйінің директоры А.К.Байзақованың, Сарлық аулының кітапханшысы Ж.Б.Жұқабаеваның есімдерін айрықша атап өткен жөн.

Жас ұрпаққа білім беру саласында кешегі халық мұғалімдері Дәулеткелді Сүйінбаев, Сейтжан Смайылов, Жорабек Ыбыраевтардың және қарсақбайлық Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген мұғалімдері Сираж Әбдірахманов пен Валентина Матвеевна Черкасовалардың айрықша істерін абыроймен жалғастырып келе жатқан ұлытаулық ұстаздар қатарына аудан орталығындағы мектептің директоры, биология ғылымдарының кандидаты Ш.Сағадиева, сарысулық мұғалім А.Құсайынова сияқты таңдаулы тәлімгерлерді жатқызуға болады.

Былтыр Ұлытауда Қазақстан мемлекеттің тұтастығы мен халықтары бірлігінің нышаны — Бірлік монументі ашылды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев осы салтанатқа байланысты құттықтауында: "Ұлытау — қазақтың көне ғасырлық тарихында ұлан-асыр оқиғаларды бастан өткерген, ел ба-




**Кенжал
Балкенов**

Белгілі өлкетанушы, "Ұлытау" ұлттық тарихи-мәдени және табиғат қорық-мұражайының директоры. Аймақтағы ескерткіштерді қорғау мен зерттеу, насихаттау жұмыстарының ұйымдастырушысы.




Ұлытау — қазақтың көне ғасырлық тарихында ұлан-асыр оқиғаларды бастан өткерген, ел басына күн туған шақтарда халқымызға пана болған, хандарымыз өз ордаларын тіккен, билеріміз бен батырларымыз бастарын қосып, елдік мәселелерді шешкен, киелі де құнарлы әрі қазыналы өлке.

Н.Ә.Назарбаев







сына күн туған шақтарда халқымызға пана болған, хандарымыз өз ордаларын тіккен, билеріміз бен батырларымыз бастарын қосып, елдік мәселелерді шешкен, киелі де құнарлы әрі қазыналы өлке", – деп Ұлытау ұлағатын ұрпақ санасына терең ұғындыра жеткізген болатын.


Ұлытаулық ұландар арасынан есімдері кең-байтақ елімізге белгілі қоғам қайраткерлері, белді басшылар, өндірісті ұйымдастырушылар аз шыққан жоқ. Кезінде республикалық деңгейдегі үлкен қызметтердің тізгінін абыроймен ұстаған Оразай Батырбеков, Жәлел Қалмағанбетов, Темеш Садуақасов, Атабак Арыстанов, Тұяқ Тұрсынмұратов, Қазкен Базылов, Жәңгір Жанасов, Әділхан Шаматов, Шеризадан Әбішев, Жүсіп Машанов, Тұрмұханбет Ысмағұлов сияқты біртуар ұлдарын жерлестері мактан етеді.

Осы ретте он жыл бойы Жезқазған қаласының әкімі қызметін абыроймен атқарған Жұмамәді Ибаділдиннің кенді өлкенің экономикасын, өнері мен мәдениетін өркендетуге қосқан елеулі үлесін айрықша

атап өткен жөн. Ол Алаша хан және Жошы хан мазарларын қайта жаңғыртып жөндеуге, облыс жабылған тұста Жезқазғандағы кәсіби өнер ордалары – С.Кожамқұлов атындағы сазды драма театры мен Т.Қаламағанбетов атындағы филармонияны бұрынғы калпында сақтап қалуға орасан зор еңбек сіңірді.

Киелі Ұлытау топырағынан түлеп ұшқан ұландар қазіргі кезде де кең-байтақ Қазақстанның әр киырында шаруашылықтың әр саласында табысты еңбек етіп жүр. Олардың арасында тәуелсіз еліміздің іргетасының нығая беруі жолында тер төгіп жүрген танымал тұлғалар да баршылық. Бүгінде жауапты жұмыстарда болсын, саясатта болсын, белсенділік көрсетіп жүрген Мұхамбет Көпей, Мұхтар Алтынбаев, Әлихан Бәйменов, Байдалы Дәрімбетов, Райымбек Аяшев сияқты азаматтар туған халқына қалтықсыз қызмет етіп келеді.


Қоғам өзгергенмен, заман өзгергенмен Едігеттау етегіндегі елдің шежіресі өзгермейді. Талай жабылып, талай ашылған Ұлытау ауданының да қилы-қилы тарихы



Қаракенгір аулында туған. Белгілі өндіріс басшысы, академик Қ.И.Сәтбаевтың шәкірті. Ұзақ жылдар бойы Жезқазған шахтапроходкалау тресін басқарды. Социалистік Еңбек Ері. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Қазақстанның еңбек сіңірген кеншісі. Қазақ КСР Жоғары Кеңесіне депутат болып сайланған. Екі рет Ленин және Қазан революциясы, Еңбек Қызыл Ту, "Құрмет" ордендерімен марапатталған.



**Ғазиз
Омаров
(1925-2002)**



Ақын З.С. Чумакова

бар, осы өңірдің өркендеуіне жан-тәнімен үлес қосқан, еліне еңбегімен танылған ұлқыздары бар. Ұлытау топырағына маңдай терлері тамған осындай бірқатар абзал азаматтардың есімдерін алфавит ретімен атап өткенді жөн көрдік. Көптеген жылдарды камтитын толық тізім жасап шығу онай шаруа емес, сондықтан кейбір осы тізімге кіруге әбден лайықты есімдер одан табылмай жатса, осындай жандардың өздерінен немесе ұрпақтарынан басымызды жерге жеткізе ііп, алдын ала кешірім өтінеміз.

Қасиетті Ұлытау жерінде еңбек етіп, аудан өмірінің алуан салаларында айшықты із қалдырған айтулы азаматтар қатарында Абақанов Мейрам, Абданбеков

Әбдірауық, Агеева Лидия Алексеевна, Аймағанбетов Түсіпәлі, Ақпанбетова Баршагүл, Ақылбеков Байболсын, Алпысбаев Майтон, Алтайбеков Тұрсынбай, Аныкбаева Дариға, Арынғазин Сәтбек, Асансейітов Шахман, Асатов Садық, Асылбаев Жолдыбай, Ахметбеков Мәжит, Ахметов Макпұл, Әбдікерев Рысқали, Әбдірахманов Қаражігіт, Әбілдаев Жамалиден, Әбілдин Зейнолла, Әбішева Үміт, Әділханов Зәкірбай, Әжбеков Танат, Әжібеков Жәнібек, Әжібеков Танаш, Әлмағанбетов Сайлау, Әлібеков Сәбет, Әлібаев Арыстанбай, Әлімбеков Біләл, Әменов Сұлтан, Әміралин Әбілхасен, Әшірбеков Жола-




*Режиссер
Жанбау
Бірманов*

ман, Әубәкірова Сәуле, Бабатаев Ағайынбек, Байбосынов Мырзағали, Байғожинов Мұқан, Баймағанбетов Ермағанбет, Баймаханова Мария, Бәйменов Мұхтар, Байтасов Рахымбек, Бакбергенов Мейірбек, Балмағанбетов Арынғазы, Бейсенбеков Қонысбек, Бекетаев Әліпбек, Бекетов Рүстем, Бекмағанбетова Жамал, Бекмағанбетов Бітімбай, Бердалин Зекен, Бижанов Қуанышбай, Богданчиков Николай Иосифович, Болатбеков Сарқыт, Болатов Мәди, Боранбаев Иса, Бөкенбаев Нұртаза, Бөлендин Жарқынбек, Далабаев Шенеу, Дәрімбетов Нұртай, Дәукенов Аманжол, Дәуренбекова Клара, Деева Тамара Ивановна, Домбаев Мәрден, Досанов Сабыржан, Досанова Шайжамал, Дүйсетов Қойшағара, Дүйсенбаев Дүйсебек, Егізекова Бибігүл, Ерғалиев Баракбай, Ерзаков Қа-




Сагдәу Түсіпбеков



дірбек, Ескендіров Мұхамедия, Жанаев Танатар, Жанұзақов Заман, Жарасбаев Балымша, Жармағанбетов Мұкатай, Жарылғапов Түсіп, Жаукасынов Жетпісбай, Жауыртаев Ишанбек, Жәутіков Көкше, Жолдыбаев Рахымбек, Жолаев Ибалілде, Жөкеева Дариға, Жүгінісов Болат, Жүкенов Ниязбай, Жүнісова Далапыраз, Жүсіпов Төлеген, Жүсіпова Жамал, Жұмағұлов Сәрсенбек, Жұмабекова Әния, Зейнуллин Әбдіжәлел, Зуб Григорий Павлович, Исаев Ордабай, Кенжеғұлов Аяш, Князев Николай Сергеевич, Көбеева Нүрия, Кузнецов Николай Алексеевич, Күнеділов Сәдібек, Казанғапов Орынбек, Қайкұлова Нұрлыкыз, Қалмағанбетов Садан, Қалтаев Зайт, Қапанов Белгібай, Қапаров Құрмаш, Қаратеміров Сауытбек, Қарасартов Бекет, Қожабергенов Хамит, Қожасова Ұлмекен, Қоңыркұлжинов Әбдіхамит, Қонысбаев Шопан, Қошқарбаев Дана, Құдабаева Зада, Құлахметова Вера, Құлжабаев Сәндібек, Құрманбаев Елемес, Құсайынов Илияс, Құсманова Сәния, Құттыбаев Қуаныш, Құтымбетов Есболған, Қыдыртпатшаев Орзанбай, Қылышбеков Ибадат, Лапина Н. М., Левин Е. А., Маханов Нығмет, Махатов Қожамжар, Мәмбетов Байкас, Мәткенов Қадір, Медиев Қасембек, Михайлов Ни-

колай Федорович, Мұқышев Баттал, Молдабаев Тәжікен, Молдабеков Дауымбай, Мұратбаев Мөрлібек, Мұсабаев Әуесхан, Мұханов Тонболат, Мыңқаев Мінажат, Мырзатов Сапабек, Нарбаева Несібелді, Наурызбаев Әбілқасым, Наурызбаева Ақзейнеп, Нәшкенов Қуаныш, Ниязалин Серікбай, Нұрғалиева Күлбан, Нұржанов Серік, Нұрмағанбетов Қайырбек, Нұршабаев Бөкен, Обайдулин Сайлау, Омаров Әбсат, Омаров Сабыр, Оспанбеков Шокан, Оспанов Сейітжаппар, Оспанов Сәрсенбай, Өмірбаев Сейтжан, Өтенов Бамар, Өткелбаев Серік, Өткелбаева Күләш, Райымбеков Ахат, Рахымбеков Сырлыбай, Рысмағанбетов Өтепбай, Садықов Жақия, Сапарбеков Сәдібек, Саринев Әшім, Саркеев Хамит, Сатаева Күлан, Сәбитов Инжіл, Сәуленбеков Мұрат, Сейітжанов Талғат, Сейтенов Кәмен, Сейткенов Ниязбек, Серкебаева Майра, Смағұлов Жақия, Смайылов Шабаз, Спанов Самат, Сүйінжанов Караторғай, Сүлейменов Әбілжан, Сүлейменова Гүлбану, Сыздыкова Гүлдарифа, Тасбергенев Жанаберген, Таштитов Қайсар, Тәлкенов Аллаяр, Тәжібаев Әбділла, Темірбеков Сейтжан, Тойшыбекова Бикен, Токболатов Есенғали, Токпанбетова Қазинаш, Токтыбаев Әбдірахман,



*«Нұртай» шаруа қожалығының жетекшесі
Құдайберген Ділдабаев*

Топаев Көшекәлі, Төлегенова Роза, Трипель Федор Егорович, Тұңғышбаев Мырзабек, Тілеубаев Серік, Уатаев Таңатар, Уахитов Сұлтан, Уалинов Қабен, Улаева Тамара Дмитриевна, Ушакова Анна Васильевна, Үсенов Дәуренбек, Үсенов Сапар, Хамитов Әбулайыс, Шамбұлов Қадірбек, Шамбұлов Тағанбай, Шантуов Нығметулла, Шенеуов Нариман, Шошақова Хадиша, Шошақова Залипа, Шпак Василий, Ыдырысова Рақыштар бар. Олардың аудан экономикасын нығайтуға қосқан үлестері ешқашан ұмытылмақ емес.

Ұлтымыздың ұясы, ұлт бірлігінің куәсі болған ежелгі киелі орын – Ұлытау өңірі жайлы әңгімемізді тұжырымдайтын тұсқа

таянғандаймыз. Бұл өлкедегі әкімшілік құрылымның, тіпті беріден, Қарсақбай ауданы құрылғаннан бастағанның өзінде сексен жылдық аса бай тарихы бар екен. Осы еңбекті жазуды қолға алғандағы біздің мақсат – осынау қомақты тарихты талдап-таразылап шығу емес, ондай істі орындауға бір адамның ғұмырының жетпеуі де мүмкін. Біз өзіміздің сүйікті Отанымыз – Қазақстанның ашық аспан астындағы мұражайдай киелі өңірінің, қасиетті тауының тек қана ұлытаулықтар ғана емес, иісі қазақ мақтаныш ететін бедерлі бейнесімен, толағай тұлғасымен бүгінгі замандастарымызды, соның ішінде жас ұрпақты таныстырып, табыстырып өтуді басты нысана қылдық. Бұл шаруа қалай орындалды, оған сыншы өздеріңізсіздер, қадірлі оқырмандар.



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Гумилев Л.Н. Ритмы Евразии. — Москва, 1993.
2. Геродот. История. — Москва, 2001.
3. История древнего мира. — Т.3. — Москва, 1966.
4. Гумилев Л.Н. От Руси до России. — Москва, 1995.
5. Рашид-ад-дин. Сборник летописей. — Т.2. — М.-Л., 1960.
6. Грумм-Гржимайло Г.Е. Джучиды. Золотая Орда. — Москва, 1994.
7. Тарақты А. Күй шежіре. — Алматы, 1992.
8. Бартольд В.В. Сочинения. — Т.5. — Москва, 1968.
9. Маргулан А.Х. Джекказган — древний город металлургии. — Алматы, 1973.
10. Кляшторный С., Султанов Т. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. — Алматы, 1992.
11. Сатпаев К.И. Избранные труды. — Т.5. — Алматы, 1970.
12. Маргулан А.Х. Древние караванные пути через пустыню Бетпак-Дала. Вестник АН Каз ССР. — №1, 1949.
13. Ахинжанов С.М. Кипчаки в истории средневекового Казахстана. — Алматы, 1995.
14. Материалы по истории туркмен и Туркмении. — Т.1. — М.-Л., 1938.
15. Археологические памятники Казахстана. — Алматы, 1978.
16. Әбілғазы. Түрік шежіресі. — Алматы, 1992.
17. Маргулан А.Х. Остатки оседлых поселений в Центральном Казахстане. — Алматы, 1978.
18. Төрегелдин М. Мәңгілік мұра. — Қарағанды, 1998.
19. Валукинский Н.Г. Древнее производство меди в районе Джекказгана. Известия АН КазССР (серия археологическая). Выпуск 1, 1948.
20. Валукинский Н.Г. Раскопки в урочище Милыкудук в южной части рудника Джекказгана. Известия АН КазССР (серия археологическая). — Выпуск 1, 1949.
21. Маргулан А.Х. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. — Алматы, 1979.
22. Құрманқұлов Ж. Көне кезең куәсі. "Парасат" журналы. — №12, 1995.
23. Сейдімбеков А. Күнгір-күнгір күмбездер. — Алматы, 1981.
24. Смирнова О.И. Каталог монет с городища Пенджикента. — Москва, 1963.
25. Қазақ мемлекеті мен ұлт тұтастығының калыптасуындағы Ұлытаудың тарихи орны. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. — Астана, 2006.
26. Ибаділдин Ж. Жер кіндігі Жезказған. — Астана, 2004.
27. Бекмұхамедов Е.Б. Цветная металлургия и горное дело дореволюционного Казахстана. — Алматы, 1964.
28. Большой энциклопедический словарь. — Москва, 1998.
29. Конигов Б.А. Тайны древних курганов. — Омск, 1990.
30. Руденко С.И. Сибирская коллекция Петра I. — М.-Л., 1966.




31. Рычков Н.П. Капитан жазбалары. — Астана, 2002.
32. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. — Москва, 1993.
33. Жолдасбеков М. Орхон ескерткіштері. — Астана, 2001 .
34. Бартольд В.В. Томсон и история Средней Азии. — Ленинград, 1928.
35. Сатпаев К.И. Избранные статьи. — Алматы, 1989.
36. Гумилев Л.Н. "Меня называют евразийцем..." Журнал "Наш современник". — №1, 1991.
37. Кожин В.В. Поиски будущего. Журнал "Наш современник". — №3, 1991.
38. Ахметов К. Мыс көмбе. "Халык кенесі" газеті. 03.08.1995.
39. Темерева Ф.М. Ұлытау-Жезқазған табиғаты — көне өркениет кепілі. "Марғұлан оқулары" жинағы. — Жезқазған, 1998.
40. Маргулан А.Х. Горное дело в Центральном Казахстане в древние и средние века. — Алматы, 1972.
41. Бартольд В.В. Сочинения. — Т. 1-9. — Москва, 1963-1977.
42. Әуезов М.О. Шығармалар жинағы. 18 т. — Алматы, 1985.
43. Гумилев Л.Н. Из истории Евразии. — Москва, 1993.
44. Вернадский Г.В. Монгольское иго в русской истории. — Москва, 1996.
45. Савицкий П.Н. Континент Евразия. — Москва, 1997.
46. Ахметов К. Ұлы Даланың Ұлытауы. 1 кітап. — Омбы, 1999.
47. Казахский фольклор в собрании Г.Н.Потанина. — Алматы, 1972.
48. Утемиш-хаджи. Чингиз-наме. — Алматы, 1992.
49. Кабышұлы И. Шынғысхан. "Егемен Қазақстан" газеті. 18.07.1992.
50. Хенниг Р. Неведомые земли. — Москва, 1995.
51. Сю Ю Цзи, или описание путешествия на запад даосского монаха Чань Чуня. — Москва, 1995.
52. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 1 том. — Алматы, 1998.
53. Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. — М., 1965.
54. Ақтаев С., Ахметов К. Тастар — тұнған тарих. "Халык кенесі" газеті. 16.07.1993.
55. Хидояттов Г.А. Моя родная история. — Ташкент, 1990.
56. Ахмедов Б.А. Историко-географическая литература Средней Азии XVI-XVIII вв. — Ташкент, 1985.
57. Есмагамбетов К.Л. Что писали о нас на Западе. — Алматы, 1992.
58. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. — Алматы, 1997.
59. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. — Алматы, 1985.
60. Құнанбаев Абай. Шығармалары. — 2 том. — Алматы, 1977.
61. Құдайбердіұлы Шәкәрім. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. — Алматы, 1991.
62. Бабырнама. — Алматы, 1990.
63. Салғарин К. Қазақтың қилы тарихы. — Алматы, 1992.




64. Құрбанғали Халид. Тауарих хамса. — Алматы, 1992.
65. Сыздыкова Р. Сөздер сөйлейді. — Алматы, 1980.
66. Жұбанов А.К. Ғасырлар пернесі. — Алматы, 1975.
67. Ысқақов Н. Хан Кененін жорықты жолдарымен. — Астана, 2003.
68. Ахметов Қ. Алаша хан. "Егемен Қазақстан" газеті. 14.09.2001.
69. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды; Извлечения из персидских источников. — Т.2. — М.-Л., 1941.
70. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 4 том. — Алматы, 2002.
71. Гумилев Л.Н. "Тайная" и "явная" история монголов XII-XIII вв. — Москва, 1994.
72. Монғолдын құпия шежіресі. — Алматы, 1998.
73. Д-р Эренжен Хара Даван. Чингис-хан как полководец и его наследие. — Алматы, 1992.
74. Синхронические таблицы хиджры и европейского летоисчисления. — М.-Л., 1961.
75. Астайкин А.А. Дети и внуки Чингисхана. — Москва, 1995.
76. Генерал-лейтенант Иванин М.И. О военном искусстве и завоеваниях монголо-татар и средне-азиатских народов при Чингисхане и Тамерлане. — Москва, 2003.
77. Путешествия в восточные страны Платона Карпини и Гильома де Рубрука. — Алматы, 1993.
78. Данияров К. История отечества. — Алматы, 2000.
79. Астайкин А.А. Опыт составительного исследования. Военные действия монголов. — Москва, 1995.
80. Каратеев М.Д. Русь и татары. Княжеские роды. Династические таблицы. — Москва, 1994.
81. Соловьев С.М. Собрание сочинений в 30 томах. — Т.3. — Москва, 1988.
82. Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая Степь. — Т.2. — Москва, 1977.
83. Гумилев Л.Н. Происхождения событий. — Москва, 1994.
84. Гумилев Л.Н. Черная легенда. — Москва, 2003.
85. Гумилев Л.Н. Ритмы Евразии. — Москва, 1993.
86. Мағауин М. Кобыз сарыны. — Алматы, 1968.
87. Жұртбаев Т. Дулыға. 2 том. — Алматы, 1994.
88. Сәки К. Сұлтан Байбарыс. — Астана, 2000.
89. Лувсанданзан. Алтын шежіре. — Алматы, 1998.
90. Гумилев Л.Н. Конец и вновь начало. — Москва, 1994.
91. Ахметов Қ. Кербалак атты Ер Шоштан. "Түркістан" газеті. 31.01.2002.
92. Иордан. О происхождении и деяниях готы. — Москва, 1960.
93. Валиханов Ч. Избранные произведения. — Алматы, 1959.
94. Тынышбаев М. История казахского народа. — Алматы, 1993.
95. Тарақты Акселеу. Балталы, Бағаналы ел аман бол. — Алматы, 1993.



- 
96. Жәнібек Тархан. — Алматы, 1994.
97. Мағауин М. Қазак тарихынын әліппесі. — Алматы, 1995.
98. Аймышев Ш., Қожамсейітов С. Бородиномен бірдей Бұланты. "Егемен Қазакстан" газеті. 22.03.2003.
99. Абылай хан. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар. — Астана, 2005.
100. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. — Алматы, 1961.
101. Абылай хан. Тарихи-танымдық жинақ. — Алматы, 1993.
102. Басин В.Я. Россия и казахские ханства в XVI-XVIII вв. — Алматы, 1971.
103. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. — Алматы, 1996.
104. Джон Кэстль. 1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапары туралы. — Алматы, 1996.
105. Нұралыұлы Олжабай. Шығармалары. — Алматы, 1995.
106. Жапаров М. Ханымбике әулие. "Сарыарка" газеті. 05.04.2003.
107. Қазак тарихынан. Ғылыми мақалалар. — Алматы, 1997.
108. Ахметов К. Ұлы Даланың Ұлытауы. 2 кітап. — Омбы, 2001.
109. Қазак совет энциклопедиясы. 9 том. — Алматы, 1976.
110. Рычков П.И. Орынбор тарихы. — Астана, 2002.
111. Ерофеева И.В. Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик. — Алматы, 1999.
112. Толыбеков С.Е. Общественно-экономический строй казахов в XVII-XIX веках. — Алматы, 1959.
113. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. — Санкт-Петербург, 1865.
114. Омбы облыстық мемлекеттік архиві (ООМА). 3 қор, 12 тізім, 17673 іс.
115. ҚР Орталық Мемлекеттік архиві (ҚР ОМА). 4 қор, 1 тізім, 1896 іс.
116. ҚР ОМА. 806 қор, 1 тізім, 245 іс.
117. ООМА. 366 қор, 1 тізім, 170 іс.
118. Кенесарыұлы Ахмет. Кенесары және Сыздық сұлтандар. — Алматы, 1992.
119. ҚР ОМА. 338 қор, 1 тізім, 66 іс.
120. Орынбор Облыстық Мем. архиві. 6 қор, 5584 іс.
121. ҚР ОМА. 806 қор, 1 тізім, 245 іс.
122. ҚР ОМА. 374 қор, 1 тізім, 609 іс.
123. Ресейдің Орталық тарихи архиві (РОТА). 1-9 Бас архив қоры, 1 іс.
124. ҚР ОМА. 374 қор, 1 тізім, 1290 іс.
125. ҚР ОМА. 374 қор, 1 тізім, 3994 іс.
126. ҚР ОМА. 4 қор, 1 тізім, 4345 іс.
127. ҚР ОМА 4 қор, 1 тізім, 2328 іс.
128. "Томские губернские ведомости" газеті. — №47, 30.11.1862.
129. ООМА. 3 қор, 3 тізім, 3542 іс.

130. Әбдіров М. Шенді шекпен. "Ақиқат". — №3, 1997.
131. ООМА. 366 қор, 1 тізім, 255 іс.
132. ҚР ОМА. 369 қор, 1 тізім, 6934 іс.
133. Әйтеке би. — Алматы, 1998.
134. Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. — Алматы, 1994.
135. ҚР ОМА. 209 қор, 1 тізім, 118 іс.
136. ООМА. 3 қор, 5326 іс.
137. ҚР ОМА. 4 қор, 1 тізім, 2333 іс.
138. ООМА. 366 қор, 1 тізім, 232 іс.
139. ООМА. 6 қор, 1 тізім, 141 іс.
140. ООМА. 3 қор, 3 тізім, 4955 іс.
141. ООМА. 6 қор, 1 тізім, 197, 209 және 196 істер.
142. Пржевальский Н.М. Путешествие в Уссурийском крае. — Москва, 1947.
143. Шарипов С. Шығармалар жинағы. — 2 том. — Алматы, 1982.
144. Садықұлы Т. Сарыарканың мыс алыбы. — Қарағанды, 1998.
145. ООМА. 3 қор, 2478-2479 істер.
146. Ахметов К. Әулиелердің есімдері ескіреп емес. "Ана тілі" газеті. 14.03.1996.
147. Фридман Ц. Иностраный капитал в дореволюционном Казахстане. — Алматы, 1960.
148. Пинегина Л., Федюкин С. Джезказган — город меди. — Алматы, 1966.
149. ҚР ОМА. 2057 қор, 1 тізім, 39 іс.
150. ҚР ОМА. 2057 қор, 1 тізім, 60 іс.
151. ҚР ОМА. 30 қор, 897 іс.
152. Ахмет Зәки Уәлиди Тоған. 1916 жылғы көтеріліс. "Қазақ елі" газеті. 11.10.1996.
153. Бекмағанбетов Ө. Хан сайланған Қаскабайдың Хасені. "Сарыарқа" газеті. 15.11.2002.
154. Демин В. У истоков. "Джезказганская правда" газеті. 24.07.1987.
155. Ғайсин З. Бағаналы. "Қазақ" газеті. 22.08.1915.
156. Оразаев А. Бәйге тігемін. "Қазақ" газеті. 16.07.1913.
157. Бүкіров С. Жезказған мешіттері. — Жезказған, 1993.
158. Аймышев Ш. Қарсақбай ауданы. "Сарыарқа" газеті. 21.10.2001.
159. Жезказған қалалық ішкі істер басқармасының архиві. 1 қор, 5117 іс.
160. Жезказған аумақтық Мемлекеттік архиві. 4 қор, 167 іс.
161. Демин В. Новые документы о создании Улытауского района. "Жезказганская газета". 20.10.1999.
162. Досмағамбетов С.К. Центральный Казахстан. — Алматы, 2003.
163. Абдулин А. Геология Казахстана. — Алматы, 1987.
164. Темереева Ф.М. Природа Жезказганского края. — Жезказған, 2002.






165. Лезин В.А. Озера Центрального Казахстана. — Алматы, 1989.
166. Темереева Ф., Нұрсейітов С. Жезқазған облысының географиясы. — Алматы, 1994.
167. Бейсекова А.С. История исследования природы Казахстана. — Алматы, 1990.
168. Темереева Ф.М. Об охране природы Улытауского горно-сопочного массива. Межвузовский сборник научных трудов. — Москва, 1985.
169. Редкие животные пустынь. — Алматы, 1991.
170. Формозов А.Н. Животный мир Казахстана. — Алматы, 1972.
171. Балкенов К. Ұлытау – айбарымыз, ардағымыз... "Мысты өңір" газеті. 16.09.2005.
172. Казак ССР тарихы. Бес томдық. — 1 том. — Алматы, 1980.
173. Клапчук М.Н. Галечные орудия местонахождения Музбель 1-2 в Центральном Казахстане. Сборник "По следам древних культур Казахстана". — Алматы, 1970.
174. Ахметов К. "Дайын тарихты" кашанғы насихаттаймыз? "Казак әдебиеті" газеті. 03.09.2004.
175. Юдин В.П. Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая. — Алматы, 1983.
176. Смаилов Ж. Памятники археологии Западной Сары-Арки. — Балхаш, 1997.
177. Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии в IX-XII вв. — Москва, 1969.
178. Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. — Алматы, 1993.
179. Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. — Алматы, 1950.
180. Жолдасбаев С. Типы оседлых поселений казахов по данным археологических исследований Южного и Центрального Казахстана. — Алматы, 1976.
181. Казак совет энциклопедиясы. — 2 том. — Алматы, 1973.
182. Жезқазған. Энциклопедиялық анықтама. — Алматы, 2005.
183. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. — Т.3. — Алматы, 1967.
184. Маргулан А.Х. Архитектурные памятники в долине р. Кенгир. Вестник АН КазССР. — №11, 1947.
185. Герасимов Г.Г. Памятники архитектуры долины реки Кара-Кенгир в Центральном Казахстане. — Алматы, 1957.
186. Хамит Г. Текті тарихымызбен неге мақтанбасқа? "Мысты өңір" газеті, 02.12.2005.
187. Образцы киргизской поэзии в песнях эпического и лирического содержания, переложенных в русские стихи. Сборник. — Оренбург, 1885.
188. Ұлытау ауданының әлеуметтік-экономикалық төлқұжаты. — Ұлытау селосы, 2006.

МАЗМҰНЫ

Ұлытау – этнос кіндігі, ұлт ұясы.....	8
Қазақтың аға тауы, даланың ақ отауы.....	38
Ескерткіштер – ел тарихы.....	62
"Алаш-алаш болғанда...".....	96
Жошы ұлысының жұрты.....	126
Аттары аңызға айналғандар.....	166
"Он бесінде қыз ұлан, он үшінде ұл ұлан...".....	176
Хан Кенеге сенімді камал болған.....	194
Топжарған тұлғалар.....	212
Өмір өрісімен, заман ағысымен.....	250
Қарсақбайдан басталған қадам.....	270
Шығармашылық шырағы сөнбейді.....	290
Едігетәу етегіндегі ел.....	308
<i>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....</i>	<i>334</i>



АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ



Куаныш Ахметов
«Менің Отаным – Қазақстан»
сериясының бас редакторы



Рысқали Әбдікерев
Ұлытау ауданының әкімі



Нұрлан Исабеков
«Фоллиант» баспасының
директоры



Жұмағали Наурызбай
Ө.А.Байқоңыров атындағы
ЖезУ ректоры



Тұрсын Жұртбай
«Отырар кітапханасы»
Ғылыми орталығының
директоры



Раушан Тұрлынова
«Фоллиант» баспасының
бас редакторы




Женіс Қазанқапов
«Фоллиант» баспасының
жетекші дизайнері

Бұл еңбек Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Отырар кітапханасы» Ғылыми орталығының ғылыми кеңесінде талқыланған және мақұлданған.

Басылымды безендіруге «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғат қорық-мұражайы, Жезқазған тарихи-археологиялық мұражайы, Жезді кентіндегі тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайы қорларынан, Мәскеудегі «Л. Н. Гумилев әлемі» қорынан алынған және фотосуретшілер Жеңіс Қазанқаров, Жандос Отызбаев, Тынышбек Молдағұловтар арнайы түсірген, сондай-ақ «Ұлытау» («Өнер» баспасы, 1998 ж.), «Жезқазған» («Үш қиян» баспасы, 2004 ж.) сурет альбомдарында, «Қазақстанның қызыл кітабында» («Қонжық» баспасы, 1996 ж.) жарияланған және автордың өзі әртүрлі дерек көздерінен жинаған фотоматериалдар мен архив құжаттары пайдаланылды.





ББК 63.3 (5 Қаз)

А 94

АХМЕТОВ ҚУАНЫШ.

А 94

ҰЛЫТАУ. Астана: «Фолиант» баспасы, 2006. – 344 бет.
«Менің Отаным – Қазақстан» сериясы.

ISBN 9955-35-081-7

Даласы дархан, койнауы казына, тарихы телегей теңіз ашық аспан астындағы айшықты да асқақ ескерткіштей Ұлытау ауданының өткені мен бүгіні жайлы жазылған бұл еңбек – автордың осынау казак елінің киелі кіндігі, ұлтымыздың ұясы болған касиетті өнiрдiн шиыр-шиыр шежіресін перзенттік пайым-парасат тұнығына және туған өлкеге деген мөлдір махаббат шуағына шомылдыра баяндауымен ерекшеленеді.

Сананды сан тарапка шарлатып, киялынды кияға қондыратын тарихи-танымдық толғаныстардан тұратын кітап елі мен жерінің, туған Отанының тарихы қызықтыратын калын оқырманға арналады.

А 0503020905
00(05)-06

ББК 63.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-35-081-7
ISBN 9965-35-082-5

© Ахметов Қуаныш, 2006
© «Фолиант» баспасы, 2006



«Менің Отаным – Қазақстан» сериясы

№ 1 шығарылым

ҚУАНЫШ АХМЕТОВ

Ұлытау

Редакторы *Раушан Тұрлынова*

Суретші-дизайнері *Жеңіс Қазанқанов*

Техникалық редакторы *Гүлжаһан Бектібаева*

Корректоры *Шолпан Ахметова*

Компьютерде тергендер *Саягүл Жарылқасын және Айгүл Талпақова*

Басуға 25.09.2006 қол қойылды. Пішімі 60x84 $\frac{1}{8}$. Офсеттік басылым.
Есептік баспа табағы 43,0. Тапсырыс № 165. Таралымы 4500 дана.

«Фолиант» баспасы

010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 87/1,


тел./факс: 8 (3172) 39-60-70, 39-72-49, 39-54-59

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды

ISBN 9965-35-081-7



9 789965 350818





ҰЛЫТАУ

